



АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

Таңдамалы шығармалары

Астана, 2022

ӘӘЖ 80/81
КБЖ 81.2
А94

**Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Тіл саясаты комитеті**

**Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық
ғылыми-практикалық орталығы**

Пікір жазғандар:

М.Қойгелдиев — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА
академигі

А.Салқынбай — филология ғылымдарының докторы, профессор

А94 Ахмет Байтұрсынұлы. Таңдамалы шығармалары. / *Құраст.:* Е.Тілешов,
Н.Аитова (*жауапты редактор*), О.Жұбай, А.Қадырхан. Астана, 2022.

— 240 бет

ISBN 978-601-7504-60-1

А.Байтұрсынұлының таңдамалы шығармалар жинағына «Оқу құралы»,
«Тіл-құрал», «Әдебиет танытқыш» сияқты тілтану, әдебиеттану саласындағы
оқулықтары және олардан үзінділер, таңдаулы мақалалары, баяндамалары
енгізілді. Таңдамалы шығармалары алғаш рет ағылшын, орыс және түрік тілдеріне
аударылып, оқырмандарға ұсынылып отыр.

Жинақ білім алушыларға, оқытушыларға, зерттеушілерге, қазақ руханияты
қызықтыратын барша оқырмандарға арналған.

ӘӘЖ 80/81
КБЖ 81.2

ISBN 978-601-7504-60-1

© Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрлігі
© Тіл саясаты комитеті
© Шайсұлтан Шаяхметов атындағы
«Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы

ҰЛТТЫҚ РУХАНИЯТ РЕФОРМАТОРЫ

Қазақ тарихының сан ғасырлық дамуында ұлттық руханияттың көшбасшысы ретінде Ахмет Байтұрсынұлының орны айрықша. Мұғалімдік жолын ХІХ ғасырдың аяғында бастаған ол екі онжылдық ішінде ұлттың рухани ұстазына, Алаш қайраткеріне, дәуірдің көрнекті ақынына айналды. Шығармашылық иесі және қайраткерлік тұлғасын ХХ ғасыр басындағы қайшылықты оқиғалар, төңкерістер жағдайындағы туған халқының тағдыры қалыптастырды.

Осы кезеңде отаршылдықтағы қазақ халқының өміріне үлкен рухани және саяси-әлеуметтік өзгерістер қажет болды. Осындай тарихи себеп ұлттық реформаға апарды. Мұсылман әлеміндегі және Батыс Еуропадағы Ренессанс кезеңі аса көрнекті дәуірлік тұлғаларды тудырғаны сияқты қазақ қоғамының сұранысы да Ахмет Байтұрсынұлын реформатор тұлға ретінде танытты.

«Алаш қозғалысы» деген атаумен тарихқа енген ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі және сол кезеңдегі қазақ руханиятының көсемі болған ол Қазақ Ұлттық Ренессансының орталық тұлғасына айналды. Саяси қайраткер ретінде 1905 жылдан басталып 1920 жылдың көктеміне дейін жалғасқан Алаш қозғалысының идеологиясын қалыптастыруға белсенді араласқан адам ретінде ұлттың сана-сезімін көтеруге, намысын оятуға айрықша атсалысты. Халықтың саяси, діни, азаматтық бостандықтарын сақтауға арналған алғашқы құзырхаттар, шерулер, ұлтты ұйыстыруға бағытталған алғашқы сиез Ахмет Байтұрсынұлының тікелей қатысуымен ұйымдастырылды.

Қалыптасқан саяси-қоғамдық жағдайларда ұлт-азаттық қозғалысы көсемдерінің бірі ретінде халқын сақтап қалу үшін дұрыс және дәуірлік шешімдер қабылдады. Сөйтіп, ол 1919 жылы төңкерістер, азамат соғысы кезінде кеңестік билікті мойындауға мәжбүр болды. Бұл шешімі Қазақстанның шекарасын межелеуге, кеңестік формада болса да Қазақ автономиясын жариялауға тікелей ықпал етті. Ахмет Байтұрсынұлының және Әлихан Бөкейханның, Әлімхан Ермековтың, Уәлихан Танашевтің т.б. Алаш қайраткерлерінің белсенді қатысуының нәтижесінде 1920 жылғы 26 тамызда Қырғыз (Қазақ) Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасы құрылды. Сөйтіп, Алаш зиялылары өзінің шекарасы, астанасы, басқару органдары бар мемлекеттік құрылымға қол жеткізді. Осы автономияның негізінде 1936 жылғы 5 желтоқсанда Қазақ Советтік

Социалистік Республикасы құрылды. Бұл одақтас республика кеңес мемлекеті тарағанда 1991 жылы 16 желтоқсанда тәуелсіздігін жариялады. Тарихи логикаға, объективті шындыққа қарасақ, онда «Қазақстан Республикасы» атты бүгінгі тәуелсіз мемлекеттің негізінде Ахмет Байтұрсынұлы сияқты Алаш көсемдерінің күресі мен саяси жігері жатқанын анық аңғарамыз.

Кеңес үкіметінің алғашқы жылдары Ахмет Байтұрсынұлы Қазақ автономиясының тұңғыш оқу-ағарту комиссиары болды. Осы кезде Қазақстанда жаппай білім беруді ұйымдастыруды, мектептерді оқу құралдарымен қамтамасыз етуді, Академиялық орталық сияқты ғылыми мекемелерді құрумен белсенді түрде айналысты. Осының нәтижесінде, Қазақстанның түкпір-түкпірінде көптеген мектептер ашылды, білім беру салалары бойынша оқулықтар жазылды. Бұл оқулықтарды жазуға Әлихан Бөкейхан, Халел Досмұхамедұлы, Міржақып Дулатұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Қошке Кемеңгерұлы, Телжан Шонанұлы, Мұхтар Әуезұлы сияқты Алаш зиялыларын тартты. Осы оқулықтар мазмұны, ғылыми және әдіснамалық жағынан қазірге дейін өзектілігін сақтап келеді.

Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық, ғылыми және әдеби мектебі Қазақстанның тәуелсіздігі тұсында қайтадан жаңғырды, өзінің шәкірттерін тәрбиелей бастады. Сондықтан да оның қайраткерлік тұлғасы ұлт-азаттық күрестегі жарқын үлгі болса, рухани тұлғасы бүгінгі білім мен ғылымның үлкен өміршең мектебі.

Педагогикалық мол тәжірибесі және айрықша ғылыми дарыны арқасында тұңғыш рет қазақтың ұлттық әліпбиін, емле ережелерін, тіл білімінің негізгі салаларының ғылыми іргетасын қалады. Оның ұлттық тіл білімін қалыптастыруы тікелей қайраткерлігімен байланысты болып қазақ халқын тілі арқылы сақтауға барша күшін салды. Яғни, бұл тұста оның қайраткерлігі мен ғалымдығы сабақтасып, ұлттың болмысын өз заманы үшін де, болашақ үшін де сақтауға жұмсады. Сондықтан ол: *«Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп нәрсенің ең қуаттысы тіл»* деп жазды.

Қайраткер ғалымның ұлттық тіл білімін қалыптастырудағы еңбегі және дәстүрі осы күнге дейін өзектілігін сақтап, қазақ лингвистикасы сол бағытта дамып келеді. Тілдің фонетикалық, лексикалық және грамматикалық заңдылықтарын дәл түсінуі және оларға нақты дұрыс анықтама беруі арқасында қазақ тілінің табиғаты объективті түрде ашы-

лып, негізделді. Сонымен бірге ғылым терминологиясын қалыптастыру миссиясы да Ахмет Байтұрсынұлына жүктелді. Қазірге дейін оның терминдері тіл білімі, әдебиеттану және әдістеме салаларында қолданылуда.

Тіл біліміндегі ең негізгі еңбегі — әліпби және емле ережелері. Ахмет Байтұрсынұлының бұл бағыттағы өміршең дәстүрі XX ғасырда бірнеше рет әліпби ауыстырған кезеңдерде тілдің табиғи қалпын сақтауға, дыбыстық жүйесін тануға және дұрыс таңбалау ретін қалыптастыруға ерекше ықпал еткенін айтуға тиіспіз. Оның фонетикалық, грамматикалық ғылыми принциптері қазірге дейін негізгі ғылыми ұстанымдар ретінде қабылданады.

Өзінің саяси бостандығы сақталмаған халықтың қоғамдық трибунасы оның әдебиеті болатыны белгілі. Отаршылдық жағдайында халықтың барлық саяси, қоғамдық және әлеуметтік мәселелері әдеби шығармалар арқылы жарыққа шығады. Осы орайдан келгенде, Ахмет Байтұрсынұлы XX ғасыр басындағы әдебиеттің көрнекті өкілі. Оның «Қырық мысал» және «Маса» сияқты поэтикалық жинақтары ұлт-азаттық қозғалысының ұранына айналды. Ұлттың саяси азаттыққа ұмтылуы, өзінің рухани болмысының, яғни дәстүр мен мәдениетінің сақталуы үшін күресі, ана тілінде білім алуы, діни еркіндігі оның көркем шығармаларынан көрініс тапты.

Ахмет Байтұрсынұлы ұлттық әдебиеттану ғылымының да негізін салды. «Әдебиет танытқыш» оқулығы мазмұны жағынан әдебиеттің теориялық, тарихи, оған қоса фольклорлық мазмұнын саралаған еңбек болды. Сондықтан оны теориялық және тарихи поэтикалық ғылыми жанрдағы еңбек деп бағалаймыз. Еңбектегі негізгі әдеби категориялар және терминдер жүйесі осы уақытқа дейін қолданылып, өзектілігін сақтауда. Сондай-ақ, ол «Қазақтың бас ақыны» мақаласында Абайдың шығармашылық өмірбаянына алғаш рет толымды ғылыми баға берді. Ол аударма саласына да көп еңбек сіңірді. Вольтер, Вагнер, И.А.Крылов, А.С.Пушкин, Л.Н.Толстой және т.б. еңбектерін қазақ тіліне аударды. Олардың ішінде көркем шығармалармен бірге ғылыми, танымдық, публицистикалық еңбектері де бар.

Ұлттық тіл білімі және әдебиеттанудың негізін салумен бірге, ол қазақ қоғамы үшін мүлдем жаңа бағыт оқыту әдістемесінің де ізашары болды. Қазақ тіліне, әдебиетіне және әдістемесіне арналған оқулықтары арқылы пәнді меңгертудің әдістерін кеңінен қолданды. Сонымен бірге

Ахмет Байтұрсынұлы ғылым әлеміне өзінің осындай пәндік еңбектері арқылы келгенін айтсақ, оның әдіскерлік тұлғасы да кеңінен көрінеді. Сондай-ақ, тіл үйрету мәселесіне арналған жаңашыл мақалаларын да жазды. Осы реттен келгенде, оны тұңғыш рет жүйелі түрде қазақ тілін ана тілі және екінші тіл ретінде меңгертудің әдістемелік негізін жасаған тұлға деп танымыз.

Қайраткер ретінде оның шығармашылық мұрасында публицистикалық еңбектерінің де орны айрықша. Алғашқы ұлттық басылым — «Қазақ» газетінің шығарушы және редакторы бола жүріп, ол қазақ баспасөзін ұйымдастырушы ғана емес, сонымен бірге аса үлкен публицист ретінде көрінді. Оқу-ағарту жұмыстарынан бастап, саяси тақырыптарға дейін үлкен қоғамдық мәселелерді көтерді. Соның нәтижесінде, ұлттық публицистиканың негізін салушылардың бірі болды.

Ірі оқымысты, көрнекті ғалым Ахмет Байтұрсынұлы өз кезеңіндегі ғылыми кеңістікке де танымал болды. Оның халықаралық деңгейдегі осындай танымалдылығы Баку қаласында өткізілген I Түркологиялық сиезде жан-жақты көрінді. Осы халықаралық ғылыми жиында әліпби, емле ережелері және терминология мәселелері туралы бірнеше баяндама жасап, оның ғылыми тұжырымдарын көптеген мемлекеттерден келген ғалымдар қызу қолдады. Оның араб графикасына негізделген әліпбиінің фонетикалық мәні және таңбалық құрылымы Ресейдің академиялық ғылымында мойындалды. А.Н.Самойлович, А.Н.Кононов, Е.Д.Поливанов, Н.Ф.Васильев сияқты ірі ғалымдар, сонымен бірге түркі халықтарының да лингвистері ғылыми принциптерін үлкен жаңалық ретінде қабылдады. Қазіргі кезеңде де Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми-теориялық көзқарастары түркітану ғылымында қолданыс тауып, оның есімі Анкарада, Ыстамбұлда, Бакуде, Ташкентте, Мәскеуде, Санкт-Петербургте, Қазанда, Уфада өткізілген халықаралық конференцияларда жиі аталып жүр. Сол себепті де ЮНЕСКО ұлт ұстазының 150 жылдық мерейтойын ХХІ ғасырда кең көлемде, халықаралық деңгейде өткізуде.

Қазақ тарихында тұңғыш рет мерейтойы аталған тұлға да — Ахмет Байтұрсынұлы. Алдымен 1922 жылы Ташкентте Түркістан зиялылары, 1923 жылы Орынборда қазақ зиялылары 50 жылдық мерейтойына байланысты шаралар ұйымдастырды. Осы мерейтойлық жиында Мұхтар Әуезовтің: «Ахаңа біздің айтатын сөзіміз: Ахаң — еңбегі жанған

жанның бірі. Істеген ісінің жемісі — артынан келе жатқан жастар. Оның арты Ахаң мектебіне тізіліп, кіріп жатқан жас буын, жаңа өсіп келе жатқан қазақ әдебиеті Ахаңды өзінің басшысы деп санайды» деп баға беруі Ахмет Байтұрсынұлының тұтас ұлттың ұстазы болғанын айғақтайды.

Ұлт тарихындағы ірі реформатор тұлға ретінде Ахмет Байтұрсынұлы ХХ ғасырдағы қазақ тарихының өрістеу бағытын айқындаған тұлғалардың бірі болды. Аса ірі мемлекет қайраткері және ұлт ұстазы, ғалым ретіндегі зор тарихи еңбегі қазіргі тәуелсіз Қазақстанның ең маңызды құндылықтарымен терең сабақтасады.

Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына арналған жинаққа әр саладағы таңдамалы еңбектері толық немесе үзінді күйінде енгізілді.

Мерейтойлық жинақ түпнұсқа қазақ тілінде және ағылшын, орыс, түрік тілдеріне арнайы аударылып, әрқайсысы жеке том ретінде жарық көрді. Жинаққа өмірінің хронологиясы, фотосуреттері де қоса берілді.

Құрастырушылардан

1. بايقار سولاي

494-342
8-20
6404

~~494-342~~
6404

copy K. O. 1972

494.342
6 20
PK

اوقوف قورالى

C. X.

ex 73
VI-1972

اصول صوفيه جولى مېن تارتيب اېتىلگەن
قازاقچا الفبا

FOR BUREAUCRACY
KCCP No. 1000000000

تورجى كىتاب



بۇ كىتابتا 1000 دىن كۆپىنچە
قىزىقارلىق مەلۇمات بار.
بۇ كىتابنىڭ نىسبىتى 1000
دېگەندەك بولۇپ، بۇ كىتابنىڭ
مەزمۇنى ئىنتايىن كەڭ.
بۇ كىتابنىڭ نىسبىتى 1000
دېگەندەك بولۇپ، بۇ كىتابنىڭ
مەزمۇنى ئىنتايىن كەڭ.

FOR BUREAUCRACY
KCCP No. 1000000000

1000000000

Копировальный
№ 18
Тираж 10000 экз

1972

А.БАЙТҰРСҰНФ

ОҚУУ ҚҰРАЛЫ

Усул сотие жолымен тәртіп етілген

ҚАЗАҚША ӘЛІФБА

Бірінші кітап

Балалар! Бұл жол басы даналыққа.
Келіңдер, түсіп, байқап қаралық та!
Бұл жолмен бара жатқан өзіңдей көп,
Соларды көре тұра қалалық па?
Даналық — өшпес жарық, кетпес байлық,
Жүріңдер іздеп тауып алалық та!
Б.

Оренбург. 1921.
Тираж 50 000 экз.

Бұл әліфбадағы қай харіф қандай дыбыстың белгісі, олар қай орында қалай жазылмақшы нәм балалар әліфбаға түспей тұрып, дыбыспен қалай жаттықпақшы — бұлар жайын «Байаншы» деген кітапшадан қараңыз.

Бұрынғы 1 інші нәм 2 інші әліфба бір қосылып басылды.

а ا ρ ر з ز*

| | | | | |
|----|----|-----|-----|------|
| А | а | а | а | |
| ρ | з | ρ | з | зар |
| | | а | а | азар |
| ар | аз | ара | аза | араз |

Ар, ара, араз, аз, аза, азар, зар

л ل*

| | | | | |
|----|-----|------|-------|--------|
| А | а | алар | ар | зар |
| л | ла | ара | арла | зарла |
| ал | ала | арал | арлар | зарлар |

Ал, ала, алар, ар, ара, арал, арла,
арлар, аз, аза, азар, зар, зарла, зарлар.

с س

| | | |
|------|------|-------|
| Ас | ал | саз |
| аса | ала | сазар |
| асар | алас | рас |

*Бұл үш харіфті балаларға үйрету үшін әуелі нәрбірін бөлек-бөлек бір-бір жапырақ қағазға үлкен етіп жазу. Сонан соң «А»-дан бастап нәрбірін балаларға бөлек-бөлек көрсету. Балалар нәрбірін жаңылмайтын болып білген соң, әліфбаға қаратып оқыту. Бормен жазатын үлкен тақтай болса, нәрбірін бөлек-бөлек тақтайға жазып көрсетсе де болады.

*Бұл жерде айту керек: кей харіфлар келесі харіфлармен жалғасады, кей харіфлар жалғаспайды. «А», «ρ», «з» — жалғаспайтын харіфлар, «л» — жалғасатын харіф. Бұған харіф жалғарда құйрығын кесіп қысқартамыз. Мұнан басқа кейінгі жалғасатын харіфлар турасында да осыны айтарға.

| | | |
|-------|-------|-------|
| сал | сас | сара |
| сала | саса | арлар |
| салар | сасар | арлас |

Ас, аса, асар, ал, ала, алар, алас,
аласа, алса, саз, сазар, салар, салса, азар, азса.
Саз аз. Ас асар. Алса алар. Салса салар. Азса азар.

т ٲ

| | | |
|-------|-------|--------|
| Ат | тар | тат |
| ата | тара | татар |
| атар | тарал | сат |
| таз | тас | сатар |
| таза | таса | артар |
| тазар | тасар | тартар |

Тал, тала, талар, талас, тас, таса, тасала.
Арт, тарт, сарт, асыт, аста, астар, таста, тастар, тазар, тазарса.
Ат сат. Тал тарт. Ас асат.
Ат ала. Тас таза. Арал тар.
Татар ат сатар. Сарт алар.

о ۋ *

| | | |
|------|--------|--------|
| Ор | сор | ол |
| ора | сора | олар |
| орал | сорар | орлар |
| от | зор | тор |
| ота | зорла | торла |
| отар | зорлар | торлар |

* «О» сөз басында келсе алдына тайақ қойылады: бұл тайақ оқылмайды, сүйеу болу үшін қойылады демек керек.



Ор, орта, тор, торта, от, отас.
Тол, толас, ор, орлас, осал.
Ораз, орар, орас, солар, толар, тозар.
Ат озар. Тор тозар. Орта толар. Олар артар. Ол тартар. Ораз осал.
Орал орар.

н ң

| | | |
|------|-------|--------|
| Он | нан | сона |
| тон | нар | сонар |
| зон | нанар | онан |
| ана | сан | оннан |
| тана | сана | тонар |
| сана | санар | тоннан |

Асан, аран, нас, нар, арна, орна, ора, атан, отан, арлан, арзан, тарлан, зарлан, зорлан, сазан, тана, Татан, тарлан, тазалан.

Нан аз. Нар зор. Атан арзан. Он тана. Ат азар. Тон тозар. Асан атар. Атаннан нар зор. Асаннан Осан озар.

қ қ

| | | |
|-------|-------|--------|
| Ақ | сақ | қол |
| оқ | сақа | қола |
| оқа | сақал | қолқа |
| тақ | қат | қала |
| тақа | қатал | қалқа |
| тақал | қатар | қалқан |

Қаз, қаза, қазан, қазақ, қос, қосар, қосақ, қарал, қатал, қатар, қарас, қарта, қасқа, тасқа, асқан, тасқан, тоқта, ноқта, соқ, соқта, тақта, тарақ, талақ, қалақ.

Қар ақ. Қарт сақ. Қазан қара. Қазақ тоқ. Қос аласа. Қонақ қонар. Ақ қара аралас. Қазақ, татар қаралас.

б б

| | | |
|---------|-------|--------|
| Об | сап | бар |
| оба | саба | албар |
| обал | сабан | азбар |
| бал | бор | қан |
| бала | бора | қанба |
| балалар | боран | қанбас |

Қаб, қабар, қабан, арба, балта, бата, бота, болат, боран, бас, базар, қазар, басқа, босқа, батқан, баққан, табқан, атқан, аққан, сатқан, қаққан.

Ат албар. Нар бота. Болат балта. Нан қалта. Қар борар. Боран болар. Боқан бақан алар. Қоқал сабан салар.

ү ұ*

| | | |
|-------------------|--------|-------|
| Біру ¹ | қорқу | сұр |
| азу | қотару | сұра |
| алу | тарату | сұран |
| табу | ұр | құл |
| тану | ұл | құла |
| тасу | ұн | құлан |

Тұр, тұра, тұрақ, құр, құрақ, құлақ, ұлтан, құлат, ұзақ, тұзақ, құнан, сұлу, тұру, ұру, ұлу, бұру.

Ат ару. Тон тозу. Қазан асу. Ас салу. Ат құла. Бақан құлар. Құнан аттан арзан. Қар бораса бұрқақ болар.

ж ж

| | | |
|-------|-------|-------|
| Жан | жол | таж |
| жаңа | жола | жат |
| жанар | жолақ | жатақ |

* «О» турасында айтқанды мұнда да айтарға керек. Яғни, «ү» алдында тайақ сүйеу үшін қойылады деп.

¹ Түпнұсқа бойынша берілді. — ред.

| | | |
|-------|--------|-------|
| жар | жұл | алжу |
| ажар | жұлқу | олжа |
| қажар | жұлқар | болжа |

Жаз, жаза, жазу, жұт, жұрт, жорт, жас, жаса, жасақ, жол, жота, жоба, жосбар, жанжақ, жантақ, жар жақ, жалтақ, жұнар², жұлқар.

От жанар. Ат жатар. Қар жоқ. Қанжар қару. Жатқан жатақ. Жатақ атақ. Жұрт жатқан. Жанжақта³ от жоқ.

ш ҫ

| | | |
|-------|-------|--------|
| Аш | Алаш | ашу |
| аша | алаша | ұшу |
| ашар | араша | шашу |
| шал | қаш | шортан |
| шала | қашу | шолақ |
| шалаш | қашан | шошақ |

Жақ, шақ, жоқ, шоқ, жана, шана, жолақ, шолақ, жала, шала, ақша, бақша, арша, шоқша, құлаш, қошқар, шошқа, ошақ, шашақ, құшақ.

Ашу бас. Шашу шаш. Шолақ шаш. Жолақ алаша. Шал шаршар. Шабан ат. Қара шана. Он құлаш арқан. Он құшақ арша. Бұл ақ шабақ, ол шортан.

ы ҫ *

| | | |
|------------------|--------|------|
| Ары | алты | ық |
| арық | алтын | ыс |
| азы ⁴ | салқы | ырыс |
| азық | салқын | қын |

² Осы нұсқада ғана «жұнар», 1922, 1923, 1925 жылғы нұсқаларда «жұтар» болып келген. — ред.

³ Түпнұсқа бойынша берілді. — ред.

* «Ы» сөздің басқы буынында жазылмайды, оның сүйеніш тайағы ғана жазылады. Тайақ «ы» жазылмаса да оның барлығын көрсетеді деп балаларға түсіндіру.

⁴ «Оқу құралының» 1923 жылдан кейін жарық көрген нұсқаларында «ы» әрпіне берілген мысалдар да өзгеше. Басқа әріптерге берілген мысалдар да ұқсамайды. Осы тұрғыдан алғанда, «Оқу құралының» 1923 жылдан кейін жарық көрген нұсқаларын біршама кемелденген нұсқа деп қарап, ғылыми басылымдарда арнайы түсініктер беріп отырған жөн. — ред.

| | | |
|-------|--------|------|
| қаны | жырт | қына |
| қанық | жыртық | қыны |

Балшы, балшық, табы, табын, жыл, жылы, құл, құлы, жалқы, балы, балық, қызы, қызық, жақсы, бақсы.

Ол балшы. Бал асық алшы. Жылқы арық. От жақ. Балшы бал ашар. Балықшы балық алар. Қатын қабық аршыр. Қыс жақсы, астық арзан.

М Ә

| | | |
|--------|-------|-------------------|
| Там | мас | алма |
| тама | маса | алмас |
| тамақ | масақ | алмақ |
| шам | мол | мық |
| шама | молы | мұз |
| шамалы | молық | мұрт ⁵ |

Мал, малы, малшы, тамыр, тамыз, құм, құман, құмақ, марқа, малта, мақта, мақбал, марал, жұмсақ, мыс, мысты, мысқыл, мысық, қамыс, таныс.

Мал аман. Мас жаман. Тамшы тamar. Малта ашшы. Алтын салмақты. Мамық жұмсақ. Сырмақ қатты. Балық қармақ қабар.

Ғ Ғ⁶

| | | |
|-------|--------|--------|
| аға | шағым | алғыр |
| ағар | сағым | шалғыр |
| ағаш | сағақ | жалғыз |
| таға | ағын | алған |
| тағар | арғын | қалған |
| таған | тарғыл | жалған |

⁵ «Оқу құралының» 1923 жылдан кейін жарық көрген нұсқаларында «м» әрпінің әліпби тәртібіндегі орны 1921 жылғы осы нұсқамен (1921, Орынбор) ұқсамайды. Және «м» әрпіне берілген мысалдарында да айырмашылықтар бар. — ред.

⁶ Ахмет Байтұрсынұлының төте жазуында 1924 жылға дейін «ғ» әрпінің орнына «ғ̣» (нүктелі) қолданылып келді. 1924 жылдан кейін «ғ» әрпінің орнына «ғ» (нүктесіз) қолданылды. — ред.



Ырғу, қарғу, алғырт, салғырт, қарғыт, таған, тарғақ, қарға, шағала, қызғыш, қарағұс⁷, тағы, тамағы, жабағы, тоғыз, нығыз, нағыз.

Ат тағалат! Жорға жорғалат! Оған қарама! Маған қара! Оған он жас, бұған тоғыз. Ол олақ, бұл жазғыш.

д ɔ

| | | |
|------|--------|--------|
| ада | доға | алды |
| адам | доғар | қалды |
| адал | доғала | барды |
| адас | жылда | балдақ |
| адым | жылдар | балдыр |
| адыр | жылдам | сандық |

Дақ, дала, дара, дана, дабыс, дыбыс, ыдыс.

Қадам, қадақ, одақ, қарындас, қарындаш, құда, құдаша, құрдас, құндақ, құмдақ.

Ер адам. Дабыл жол. Жылдам жазу. Олар адас. Бұлар құрдас. Малды малшы бағады. Бала қармақ салды, алты балық алды.

п ɸ

| | | |
|-------|-------|---------|
| ап | арпа | пұл |
| апа | пара | 16 пұд |
| апан | тапал | тарпу |
| оп | доп | ақпан |
| опа | топ | қақпан |
| опала | топыр | балапан |

Алап, далап, шалап, қап, қапшық, шап, шапан, шапыраш, жапырақ, сопақ, соқпақ, сорпа, аспан, жалпақ, қалпақ, аппақ, топас, торпақ, ұрпақ.

Аққу аппақ. Шапан шапшақ. Аспан ашық. Қора батпақ. Жас жапырақ. Қара топырақ. Аспан зор. Қапаш аласа. Арпа астық. Сорпа тамақ.

⁷ Қарағұс - түпнұсқа бойынша берілді. — ред.

Ң

| | | |
|-------|-------|--------|
| аң | оң | шаң |
| аңы | оңы | шаңы |
| аңға | оңды | шаңдақ |
| таң | соң | мұң |
| таңы | соңы | мұнды |
| таңда | соңғы | мұндас |

Ың-жың, мың, жаңа, жаңар, оңғақ, тоңғақ, шың, шыңы, шыңда, тың, тыңы, тыңда, қаңбақ, жаңғақ, қоң, қоңыр, қоңыз, доңыз, шаңырақ.

Қасқыр аң. Дала шаң. Бала тоңды, мата оңды⁸. Ат маңқа. Асық оңқа. Шапан жаңа. Оның аты Оңғар. Мұның аты Мыңжасар.

Й

| | | |
|------------------|-------|-------|
| ай | ой | айу |
| айа ⁹ | ойла | байу |
| айаз | ойлан | тайу |
| тай | бой | қи |
| тайа | бойа | қисық |
| тайар | бойақ | қиын |

Бай, май, шай, жай, байқа, шайқа, айқай, қайқы, ойан, ойна, ойнар, жи, жина, жиын, жимақ, қимақ, қайсы, қайшы, айту, айтақ, аймақ, тайлақ, тайғақ.

Ай жарық. Айаз мықты. Шай сұйық. Қайшы құрал. Тоғай толған жылқы. Сай малға сайа болады. Құм жыйылып тас болмас. Айу ағаш сайалайды¹⁰.

у*11 12 ұ

⁸ 1914 жылғы «Оқу құралында» осы сөздерден кейін «Жер тоң. Жел оң» деген сөздер бар. Осы (1921, Орынбор) нұсқадан бастап кейінгі нұсқаларында ол тіркестер жоқ. — ред.

⁹ Түпнұсқа бойынша берілді. — ред.

¹⁰ Түпнұсқа бойынша берілді. — ред.

¹¹ «Оқу құралының» 1923 жылдан кейін жарық көрген нұсқаларында «у» әрпі оқулықтың басқы бөлімдерінде берілген. Яғни «б» әрпінен кейін, оқулықтың 11 бетінде берілген. Сондай-ақ «у» әрпіне берілген мысалдар да өзгеше. — ред.

¹² «ү» мен «у» дыбыстары үшін, бір ғана «ј» әрпі берілген. 1924 жылдан бастап «ү» үшін осындағы «ј», «у» үшін «ј» (үш нүктелі) әрпі қолданылған. — ред.

¹³ Дауысты дыбыстардың соңында «у» жарты дауысты болады. Мысалы: саула деген сөзде үш буын емес, екі буын.

| | | |
|-------|---------------------|------|
| ау | ауған | суыр |
| ауыз | жауған | суық |
| бау | айау | жуық |
| бауыр | тайау ¹³ | уық |
| жау | буаз | уыз |
| жауын | уақ | уыс |

Ау сал. Балық аула. Қой сау. Қар жауар. Қолың жу. Ақ жаулық. Қоңыр саулық.

Асау тай. Жуан қарағай. Асқар тау. Жауын жауып тұр. Таудан бұлақ ағады. Саулық сауын болады. Қалауын тапса, қар жанар.

Ө ӨҰ *

| | | |
|----|-----|-----|
| ор | тон | боз |
| өр | төн | бөз |
| он | жон | тоз |
| өн | жөн | төз |
| оң | соз | тор |
| өң | сөз | төр |

Тос — төс; тол — төл; бол — бөл;

Қамыс ор. Қамшы өр. Тайыз ор. Өр суат. Он асық¹⁴. Өс-өн. Оң айақ. Жақсы өң. Құба жон. Барар жөн. Қолың соз. Рас сөз. Боз ат. Ақ бөз. Қалың тоз. Шығынға төз. Тор басқа, төр басқа.

Ү ҮӘ

| | | |
|----|-----|------|
| ҮР | тҮР | жүру |
| үр | түр | жүзу |
| үн | түс | өсу |

¹³ Түпнұсқа бойынша берілді. — ред.

* «ө» Бұл жіңішкелік белгісі — дәйекші. Сөз алдында дәйекші тұрса, ол сөздің харіфлері жіңішке айтылады деп балаларға түсіндірерге керек.

¹⁴ 1914 жылы «Оқу құралында» бұл екі сөз берілмеген. — ред.

| | | |
|-----|-----|------|
| үн | түс | өну |
| түз | бұр | сүт |
| түз | бұр | сүрт |

Бұру – бұру; тұру – тұру; үру – үру.

Допты үр. Отты үр. Ақ үн. Ашық үн. Түз басқа, түз басқа. Қараңғы түн. Тал түс. Ұнамсыз түр. Төрт түп ағаш.

Малшы мал бағып жүр. Он-он жүз болады. Маған жүру оңай, жүзу қиын.

і ы

| | | |
|------|------|-------|
| торы | жүн | түрлі |
| төрі | жүні | бүрлі |
| бозы | сүт | жүнді |
| бөзі | сүті | сүтті |
| жоны | түр | түсті |
| жөні | түрі | түрпі |

Ін. Іні. Іс. Ісі. Тіс. Тісі¹⁵.

Атың торы. Үйдің төрі. Аттың бозы. Матаның бөзі. Жоны сұлу. Жөні түзу. Жүн қымбат. Сүт арзан. Бойау түрлі болады. Түрпі бүрлі болады. Ін тайыз. Ол аға, бұл іні болады. Тоғаның тілі болады.

ә ӛ

| | | |
|------|---------|---------|
| ән | тән | сән |
| әнім | тәнім | сәнім |
| әнің | тәнің | сәнің |
| әл | тәні | сәні |
| әлім | тәніміз | сәніміз |
| әлің | тәніңіз | сәніңіз |

¹⁵ «Оқу құралының» 1923 жылдан кейін жарық көрген нұсқаларында бұл мысалдар басқаша берілген.



Дән, дәм, мән, дәл, дәнім, дәмім, мәнім, дәнің, дәмің, мәнің, мәс, мәсім, мәсің. Дәрі, дәрім, дәрің, дәрісі, мәніс, мәнісім, мәнісі, бәрі, бәріміз, бәріңіз. Әнді, тәнді, сәнді, дәнді, дәмді, әлді, әбдән, әрмән.

е ғ ө

| | | |
|-----|-------|-------|
| ел | елек | менде |
| ер | ерте | сеңде |
| ез | езбе | терек |
| зер | зерле | жерде |
| бер | берме | әуе |
| жем | жеме | әуре |

Мен, менде, менше, өре, төре, ес, есер, шеш, шеше, шешен, дем, демеу, бет, бес, еб, теб, төбет, бөтен, төмен, тебін, жебір, мес, месел, мешел, есеп, есен, семсер.

Дем ал. Атыңа жем ал. Жерде қар жұқа. Терезе терлеп тұр. Үш жеті — жиырма бір. Алты бес — отыз. Төрт жерде төртеу — нешеу болады?

к ң

| | | |
|-------|-----|-------|
| ек | кел | керек |
| екі | кер | кезек |
| бек | кез | терек |
| бекін | кек | бекер |
| тік | кет | тірке |
| тіке | кем | күрке |

Елек, есек, тезек, көрік, көлік, кәрі.

Екі теке. Жеті ешкі. Шелек ыдыс. Терек ағаш. Есек көлік. Шешек ауруы.

Күн шықты. Тұман сырылды. Әкем кентке кетті, кешке келер. Серке секіреді. Келіншек тезек тереді. Киік орғиды. Теке қарғиды. Кеме жүзеді. Күйкентай ұшады. Кесірткі жорғалайды.

г گ

| | | |
|------|------|-------|
| көк | жік | еге |
| көгі | жігі | егер |
| түк | тік | егін |
| түгі | тігі | жігер |
| тек | ек | жегін |
| тегі | егу | жегу |

Көп жүрген білмес, көп көрген білер. Түбі бірге түтпейді. Ексең егін, ішерсің тегін. Бұлген¹⁶ елден бұлдірге алма. Жүрген аяққа жөргем ілінеді. Бір көрген біліс, екі көрген таныс. Көрдім деген көп сөз, көрмедім деген бір сөз. Төсегіңе қарап аяғыңды көсіл¹⁷.

¹⁶ Түпнұсқа бойынша берілді. — ред.

¹⁷ Түпнұсқаға сәйкес берілді. — ред.



Қазақ тіліндегі дыбыстардың таңбасы¹⁸ :

ا а, ب б, پ پ, ت ت, ج ж, چ ш, د д, ر р, ز з, س с, غ ғ, ق қ, ك к, گ г, كك
ң, ل л, م м, ن н, و о, ұ Ұ, ى ы, ي й, ه Һ, ە Է¹⁹, ا ә, ء дәйекші

Дауысты дыбыстардың таңбалары: ا а, و о, ұ Ұ, ى ы, ە Է е.

Дауыссыз дыбыстардың таңбалары: ب б, پ پ, ت ت, ج ж, چ ш, د д, ر
р, ز з, س с, غ ғ, ق қ, ك к, گ г, كك ң, ل л, م м, ن н.

Дыбыссыз таңбалар: ا ء («ә» жіңішкелік дәйекшісі аталады)

ғ, қ, — ылғи жуан айтылады.

к, г, е — ылғи жіңішке айтылады.

Басқалары жұмсақ белгі тұрмаса жуан айтылып, жұмсақ белгі тұрғанда жіңішке айтылады.

ТУЫСҚАН-ТУҒАН, ІЛКТЕС.

Ата, баба, әке, ана, әже, шеше, аға, іні, апа, қарындас, жеңге, келін, қайын
ата, қайын ене, қайын аға, қайын іні, қайын бике, балдыз, жезде, күйеу, бажа.

КИІМДЕР.

Шапан, ішік, тон, шекпен, бешпент, тымақ, жалбағай, құлақшын, бөрік,
тақия, жаулық, орамал, бөкебай, қамзол, шалбар, көйлек, ыстан, етік, мәс,
кебіс, байпақ, шұлғау.

ОЙЫН-ОЙЫНШЫҚТАР.

Жалақ, соқыр теке, жасырынбақ, балтам-тап, мәликә-тотай, табақ,
атбақыл, қақбақыл, доп, асық, топай, лек, жақ, ағызбақ, жылмаң, ақ-сүйек,
зырылдауық, шатыраш, ортеке, қуыршақ.

¹⁸ 1923 жылға дейінгі төте жазуда қазақ тіліндегі дыбыстардың таңбасы осылай берілгенімен, 1923-1924 жылдан кейінгі таңбаларда айқын өзгешеліктер болды. Сондықтан, «Төте жазу» туралы зерттеушілер негізінен 1924 жылғы төте жазу емлесі толықтай қалыптасып болғаннан кейінгі нұсқаларын пайдаланғаны жөн. Себебі оған дейін қазақ тілінде бар дыбыстар және дыбыстарға арналған әріптер толықтай зерттеліп, тұрақтанып болмаған. А.Байтұрсынұлы аталған әліпбиді 12 жыл бойы жетілдіріп отырған. — ред.

¹⁹ 1923 жылға дейінгі төте жазуда «е»-ні сөз басында, ортасында, соңында белгілеу үшін мына « ە Է » үш түрлі әріп бірдей қолданыста болды. 1923 жылғы «Оқу құралынан» кейін «е» әрпі тек «ә» арқылы берілді. — ред.

ТАМАҚТАР-СУСЫНДАР.

Нан, ет, тары, сөк, құймақ, бөртпе, құрт, ірімшік, жент, малта, бауырсақ, жалпақ нан, қуырдақ, сорпа, көже, қатық, айран, сүт, қымыз, саумал, шай, қант, шалап, томыртқа.

ДЕНЕ МҮШЕЛЕРІ.

Бас, мойын, кеуде, қол, аяқ, көз, құлақ, мұрын, ауыз, маңдай, иек, тіл, тіс, көкірек, өкпе, бауыр, жүрек, қолқа, қарын, ішек, ұл-табар, бүйен, сан, жанбас, сирақ, бақай, иін, қар, білек, саусақ, бармақ.

Құлақ екеу, ауыз бір,
Ол не үшін бұлай?
Көп тыңдап, аз сөйлеуге
Жаратқаны ол солай.

Ауыз біреу, қол екеу,
Ол не үшін бұлай?
Көп көріп, аз айтуға
Жаратқаны ол солай.

Ауыз біреу, қол екеу,
Ол не үшін бұлай?
Көп жұмысшы, аз жеуші
Жаратқаны ол солай.

ҮЙ САЙМАНДАРЫ.

Шаңырақ, уық, кереге, есік, босаға, таяныш, маңдайша, сықырлауық, табалдырық, түндік, үзік, дөдеге, туырлық, ірге, бақан, бас-құр, таңғыш, желбау, түндік-бау, белдеу.

ЫДЫС-АЯҚ.

Қазан, тегене, шара, табақ, аяқ, тостаған, кесе, шыны-аяқ, тас-табақ,



құман, шәйнек, шелек, күбі, астау, сапты-аяқ, шөміш, ожау, бақыраш, қасық, саба, торсық, мес, сүйретпе, көнек, қауға, қап, аяқ-қап, баспақ, дорба, талыс, қоржын, оқшантай.

МАЛДАР АТЫ.

Түйелер: бура, атан, лөк, нар, қоспақ, інген, құнанша, буыршын, тайлақ, бота.

Жылқылар: айғыр, ат, бие, бесті, дөнен, құнан, тай, құлын, байтал, дөнежін-байтал, құнажын-байтал, сәурік, қулық, бедеу.

Сиырлар: бұқа, өгіз, құнан-өгіз, дөнен-өгіз, дөнежін сиыр, құнажын-сиыр, қашар, тайынша, бұзау, торпақ, баспақ.

Қойлар: қошқар, азбан, саулық, тұсақ, ісек, бойдақ, тоқты, марқа, қозы.

Ешкілер: теке, серке, серкеш, туша, шыбыш, лақ.

Адам сөйлейді. Түйе боздайды. Жылқы кісінейді. Сиыр мөңірейді. Қой мен ешкі маңырайды. Ит үреді. Мысық мияулайды.

МАЛДАН БАСҚА ТӨРТ АЯҚТЫЛАР.

Ит, мысық, тышқан, күзен, тиін, қарсақ, борсық, қос-аяқ, аю, жолбарыс, арыстан, киік, марал, бұғы, құлан, құлжа, бөкен.

ҚҰСТАР.

Бүркіт, түйғын, сұңқар, қаршыға, қырғи, ителгі, лашын, тұрымтай, жағалтай, күйкентай, бөктергі, кез құйрық, құладын, қарға, таған, сауысқан, аққу, қаз, дуадақ, тырна, үйрек, көк-құтан, қырғауыл, қасқалдақ, безгелдек, шіл, бөдене, бұлдырық, торғай, үкі, жапалақ, байғыз, көкек, көгершін, қарлығаш, тарғақ, қызғыш, ұқбақ, бір-қазан, шағала, балшықшы, жылқышы.

БАҚА-ШАЯН.

Жылан, кесірткі, көл-бақа, құр-бақа, тас-бақа.

ҚҰРТ-ҚҰМЫРСҚА.

Қоңыз, бүйі, шаян, көбелек, маса, шыбын, шіркей, сона, бүгелек, өрмекші, шегіртке, құрт, құмырсқа, ара, инелік.

ЖЕР ТҮГІНІҢ АТТАРЫ.

Ағаштар: қарағай, қайың, емен, терек, қара-ағаш, жиде, тал, жыңғыл, мойыл, тобылғы, арша, ырғай, сексеуіл, ұшқат, ит-мұрын, қараған.

Шөп-шөлеңдер: қамыс, қоға, қурай, ала бота, қара-сора, қаңбақ, шағыр, шілік, жоңышқа, бидайық, көде, селеу, тарлау, бетеге, қара-өлең, қияқ, жантақ, ошаған, ши, балдырған, баялыш, сасыр, көкбек, жусан, киік-оты, қымыздық, жуа, буылдық, қырық-буын, қына, қаз оты, қаз қоға, май өлең, ажырық, мия, есек мия.

ЖЕР ЖҮЗІНІҢ АТТАРЫ.

Тау, адыр, қыр, жон, жота, дөң, төбе, төмпе, шоқы, қабақ, жар, ой, жазық, дала, сай, жыра, жылға, шың, томар, жарық. Теңіз, көл, сор, өзен, өзек, қопа, шұңқыр, қара-су, бұлақ.

САН.

Бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он, жиырма, отыз, қырық, елу, алпыс, жетпіс, сексен, тоқсан, жүз, мың.

ЖАҢЫЛТПАШ.

Қосет атам ет асатар, ет асатса бес асатар (үш рет шапшаң айтарға)²⁰.

ЖҰМБАҚ.

Айдалада ақ сандық, аузы, мұрны жоқ сандық. Қатар-қатар тас қойдым, жирен атты бос қойдым.

Үй артында бүкір терек, күресуге кісі керек.

Ерте тұрдым, екі айыр жолға түстім. Жалт-жұлт етеді, жалмай жұтады. Ти десем тимейді, тиме десем тиеді. Ерте тұрдым, алып ұрдым. Қара сиырым қарап тұр, қызыл сиырым жалап тұр. Екі аяғы бар, талдан таяғы бар, арқасында құйрығы бар, төреден бұйрығы бар.

²⁰ 1923 жылдан кейінгі «Оқу құралында» осыған қоса басқа жаңылтпаштар берілген. — ред.

МАҚАЛДАР.

Оқу — білім азығы, білім — ырыс қазығы. Жасыңда қалжың болсаң, өскенде мылжың боларсың.

Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле.

Ақыл — жас ұланнан, жүйрік — тай-құнаннан. Ат болар тай саяққа үйір, адам болар бала қонаққа үйір.

Білім жұғысады, ырыс ауысады.

Білегі толық бірді жығады, білімі толық мыңды жығады. Ашу келсе, ақыл кетер, ашудан ақыл көп болса, ашу не етер?

Ақпа құлаққа айтсаң, ағып кетер, құйма құлаққа айтсаң, құйып алар.

Екпей егін шықпас, үйренбей білім жұқпас.

БІЗДІҢ ҮЙ.

Біздің үйдің адамы бесеу: әкем, әжем, бір апа, бір қарындасым бар, аға-інім жоқ. Мен тоғыздамын. Апам менен төрт жас үлкен. Қарындасым менен екі жас кіші. Әкем түз шаруасын істейді. Әжем менен апам үй шаруасын істейді. Қарындасым мен екеуміз оқу үйреніп жүрміз.

МЕН ҚАЛАЙ ОҚУҒА БАРДЫМ.

Менің Әбіш деген құрдасым бар еді. Әкесі оны оқуға берді. Бір күні ойнайын деп бардым. Әбіш кітап оқып отыр екен. Тыңдасам кітабында жұмбақ, мақал, өлең басқа да жақсы сөздер көп екен. Оқу үйренсем мен де сондай оқыр едім деп ойға қалдым. Үйге қайтып келдім, оқуға барамын дедім, әкем мен әжем бұл ойымды ұнатты, ертеңіне әкем оқуға апарып берді.

ӨТІРІК ӨЛЕҢДЕР.

Беріпті бақа қызын көбелекке,
Жүріпті қара шыбын жеңгелікке,
Бір туын құмырсқаның ұстап сойып,
Той қылып, ат шаптырды төңірекке.

Айдадым жылқы қылып отыз түлкі,
Борсықты ұстап мінсең аттың мүлкі.
Ішінде топ кісінің жығып кетіп,
Қылдың ғой, ойбай, қарсақ, мені күлкі.

Күмістен ақ тышқанға таға қылдым,
Терісінен көр тышқанның жаға қылдым.
Терісін сар масаның жыртпай сойып,
Жыйындық он бес қарыс саба қылдым.
Жыйылып тоғыз жігіт көтере алмай,
Қылмасқа енді саба тоба қылдым.

ШЫН ӨЛЕҢДЕР.

Балалық күй

Жаратқан баршамызды адам қылып,
Туғанда түк білмейтін надан қылып.
Алты айда еңбектеуге шама келіп,
Талпындық жыл толғанда қаз-қаз тұрып.

Қаз тұрып аяқ бастық апыл-тапыл,
Тән нашар, жоқ есепте ес пен ақыл.
Анадан емшек еміп, түсін танып,
Байқадық онан басқа кімдер жақын.

Тіл шықты келген кезде екі жасқа,
Қоса алмай сөзді айта алдық басқа-басқа.
Бір қасық, бір тостаған арнап алып,
Таластық үлкендермен ішер асқа,

Төрт-бесте талап қылдық асық жинап,
Жүгірдім жалаң аяқ жанды қинап,
Боқтасып, көрінгенді боқпен атып,
Ретке кіре алмадық кісі сыйлап²¹.

²¹ «Оқу құралының» 1912, 1913 жылғы нұсқаларының бірінші бөлімі осы мазмұнмен аяқталады. Екінші бөлімі бөлек оқулық ретінде берілген. 1914 жылдан бастап екі бөлімі біріктірілген. — ред.

ӨЗГЕ ТІЛДЕРДЕГІ ДЫБЫСТАРДЫҢ ТАҢБАЛАРЫ.

ش ۛ²² III

| | | |
|---------------------|-------------|---------------|
| كشى = كسى | تابس = تابش | آس = آش |
| اپسك = اپشك | قامس = قامش | باس = باش |
| بپسك = بپشك | قس = قش | تاس = تاش |
| ءپسورۇۇ = ءپشورۇۇ | تس = ت ش | قاس = قاش |
| ءتۇسورۇۇ = ءتۇشورۇۇ | قۇس = قوش | سول = شول |
| بوسقا = بوشقا | ءتۇس = ءتوش | سولاي = شولاي |
| سپكەر = شپكەر | ءاس = ءاش | سورپا = شورپا |

Ас = аш

бас = баш

тас = таш

қас = қаш

сол = шол

солай = шолай

сорпа = шорпа

табыс = табыш

қамыс = қамыш

қыс = қыш

тыс = тыш

құс = құш

түс = түш

іс = іш

кісі = кіші

есік = ешік

бесік = бешік

пісіру = пішіру

түсіру = түшіру


босқа = бошқа

секер = шекер

Қыс суық = Қыш суық. Бала бесікте = Бала бешікте. Қара қас = Қара қаш. Солай сөйле = Шолай сөйле. Табыс көп = Табыш көп. Қамыс аз = Қамыш аз. Құс ұшты = Құш ұшты; Іссіз босқа қыдырма = ішсіз бошқа қыдырма.

²² Бұл жерде А.Байтұрсынұлы қазақтың «с» дыбысы орнына басқа түріктер «ч» деп дыбыстайтынын ескеріп, сол «ч» дыбысы үшін «ش» әрпін алады. Кейін 1924 жылдан бастап қазақтың төл «ш» дыбысы үшін осы «ش» әрпін алады. — ред.

*) ۲۲




Дәрәжә = даража
 әжал = ажал
 сәбәп = сабаб
 сәбақ = сабақ
 сәләм = салам
 сәләмат = саламат
 мәртәбә = мартаба
 сәждә = сажда

зәмзәм = замзам
 шәрбәт = шарбат
 ғәйрат = ғайрат
 сайран = сайран
 заман = заман
 қам = ғам
 қауым = қаум
 кәсіб = касб

Биік даража. Төмен даража. Ажал аямайды. Сабапсыз сабақтан қалма. Мен далада сайран еттім. Салам десе саламат болсын. Осы заман, қандай заман? Саждаға басты екі мартаба қояды. Мен замзам іштім.

* Ғарабшада осы дыбыстардың харыфлары жазылмайды; олардың орнына һәр түрлі белгілер қойылады. Мысалы: «ء» жіңішке, «أ» орнына қойылады; «~» жуан һәм ұзын айтылған «أ» орнына қойылады. «'» дауысты хәріф жоқтығын көрсетеді. — ред.



*)  

имам = имам
 иман = иман
 ишарат = ишарат
 зиада = зиада
 зиарат = зиарат
 Кәлима = калима
 Мәлике = Мәлика
 тажриба = тәжриба

есім = исм
 ислам = ислам
 ықпал = иқбал
 инабат = инабат
 дін = дин
 зиан = зиан
 кітаб = китаб
 қасым = қасим

Имам иман айтып отыр. Ол көзімен ишарат қылды. Көп кісіге зиарат еттім. Еткен тажрибам тура келді. Баласына Қасым деп исм қойды.

* Бұл «ы» орнына қойылатын белгі. — ред.

Оның осы күні ықбалы жүріп тұр. Жел қибла жаққа шықты. Біз ислам дініндеміз. Жақсы кітабды көп оқы, зиян болмас.


| | |
|-----------------------|-------------------------|
| ء مۇبتالا = مَبْتَلَا | قۇربان = قُرْبَان |
| ء مۇبارك = مَبَارِك | قۇمار = قُومَار |
| مۇسلىم = مُسْلِم | قۇدرەت = قُدْرَت |
| مۇشكۈل = مُشْكَل | ء مۇدام = مُدَام |
| شۇغۇل = شُغْل | ء راسۇل = رَسُوْل |
| شۇكر = شُكْر | مۇرسال = مُرْسَال |
| سۇنبۇل = سُنْبُل | مۇمكەن = مُمَكِن |
| سۇنبۇلە = سُنْبُلَه | ء مۇسۇلمان = مُسْلِمَان |

құрбан = құрбан
құмар = құмар
құдірет = құдрат
мүдәм = мұдам
рәсүл = расул
мұрсал = мурсал
мүмкін = мумкин
мүсұлман = муслман

мұбтала = мубтала
мұбәрәк = мубарак
мұслм = муслим
мүшкүл = мушкул
шұғұл = шуғул
шүкір = шукур
сұнбұл = сунбул
сұнбүле = сунбула

Құрбаңдқ қабул болсын. Қумар-пазлқ жақсы емес. Мурсал пайғамбар деген сөз. Муслим, муслман ислам дініндегі кісі. Мубтала болған адамдар көп. Барына шукур ет. Сунбул шашты. Сунбула туса су суыр.

ع ۲۳ Ғ



араб = ғараб
 араби = ғараби
 ақыл = ғақл
 амал = ғамал
 айып = ғайб
 айт = ғайд
 әділ = ғадил
 әдет = ғадат

Әлі = Ғали
 әлім = ғалим
 асық = ғашқ
 ілім = ғилм
 лаж = ғилаж
 өмір = ғумур
 ар = ғар
 дуа = дуға

Қазақ тілінде ғараб сөзі көп. Ғараби сөздер: ғақл, ғамал, ғайп, ғайд, ғадил, ғадат, ғали, ғалм, ғашқ, ғалм, ғилаж, ғумур, ғар, дуға, ғам, ғажап, сағат, шарифат мұнан басқалары бар. Ғараби сөздерді аст, үст үтүр, сәкін қойып жазамыз.

²³ Араб тіліндегі «ғ» дыбысының орнына пайдаланған осы «ع» әрпін алады. Ал, қазақтың «ғ» дыбысына «ع» (нүктелі) әрпін қолданды. Кейін А.Байтұрсынұлы қазақтың төл «ғ» дыбысына осы нүктесіз «ع» әрпін қолданады. Яғни 1924 жылаға дейін қазақтың төл «ғ» дыбысы үшін «ع» (нүктелі) қолданылса, 1924 жылдан кейін «ع» (нүктесіз) қолданылды. — ред.

Ф ф ف

| | |
|-----------------|---------------------|
| پارق = فَرْق | آپات = آفت |
| قورپ = عَرْف | قاب تاوی = قاف تاوی |
| شاپاق = شَفَق | پل = فیل |
| پاقور = فقیر | اوپات = وفات |
| مۇپتی = مَفْتی | قاپل = قافل |
| مۇساپر = مُسافر | ساپار = سفر |
| پارسى = فارسی | کاپر = کافر |
| پارمان = فرمان | پکر = فکر |

апат = афат
 Қап тауы = Қаф тауы
 піл = фил
 опат = уфат
 қапыл = ғафил
 сапар = сафар
 кәпір = кафир
 пікір = фикур

парық = фарқ
 құрып = гурф
 шапақ = шафақ
 пақыр = фақир
 мүпти = муфти
 мүсәпір = мусафир
 парсы = фарси
 пәрмән = фарман

Афат соққандай болды. Қаф тауы ертегіде көп сөйленеді. Аяқтының зоры фил. Офат болды деген өлді деген сөз. Фақирға қарасу керек. Шафақ нұрын шашып тұр. Жаманның фикрі жаман болады. Қазақ тілінде фарсы сөздер де көп.

ص س ص

| | |
|--------------------|------------------|
| مسر = مِصْر | سافی = صَافٍ |
| سوپی = صُوفِي | آسل = اَصْل |
| سپات = صِفَت | سابیی = صَبِي |
| ماقسود = مَقْصُود | سؤورهت = صُورَت |
| ساللوات = صَلَوَات | سابر صَبْر |
| سالسال = صَلَّصَل | ساداқа = صَدَقَه |
| ناسارا = نَصَارَا | ناقس = نَاقِص |
| نوقسان = نَقْصَان | ناساب = نَاصِب |

Саф = саф
 асыл = асл
 сәбий = саби
 сүүрет = сурат
 сабыр = сабр
 садақа = садақа
 нақыс = нақис
 нәсіп = насиб

Мысыр = Миср
 сопы = суфи
 сипат = сифат
 мақсұд = мақсуд
 салауат = салауат
 салсал = салсал
 насара = насара
 нұқсан = нуқсан

Саф алтыннан істелген сақина. Оның аслы жақсы. Сабр түбі сары алтын. Садақанды сауда бер. Ісі жарым нақистау өзі. Сұрай-сұрай Мисрға да барады. Адал софы аз, арам софы көп. Мынаның сифаты сұлу екен. Пайғамбарымызға салауат оқимыз.

X x خ

| | |
|--------------------|---------------|
| قابار = خَبَر | قال = خال |
| بوقارا = بۇقارا | قانم = خانم |
| نۇسقا = نُسَخَه | قاتم = خَتْم |
| قاسته = خَسْتَه | قون = خُون |
| نارق = نَرخ | قودای = خُداى |
| ماقلوق = مَخْلُوق | قاوپ = خَوْف |
| قاراجات = خَرَاجَت | قالق = خَلْق |
| قانجار = خَنْجَر | قولق = خُلُق |

Қал = хал
 қаным = ханм
 қатым = хатм
 құн = хун
 Құдай = Худай
 қауп = хауф
 халық = халқ
 құлық = хулқ

қабар = хабар
 бұқара = бухара
 нұсқа = нусха
 қасте = хаста
 нарық = нарх
 мақлұқ = махлуқ
 қаражат = харажат
 қанжар = ханжар

Тайдың иығында халы бар. Хан, ханым, ханша — бәрін ханзадаларымыз дейміз. Хатм ету — бітіру. Кісі өлтірген құн төлейді. Барша ғаламды Құдай жаратқан. Бұзық адамнан хауф көп. Дүниеде түрлі-түрлі халқ бар.

Х х ح

| | |
|--------------------|------------------|
| قاسرهت = حَسْرَت | آرام = حَرَام |
| قايران = حَيْرَان | ء آل = حَال |
| قامزا = حَمَزَه | ء آ كم = حَاكِم |
| قاميد = حَمِيد | آيوان = حَيْوَان |
| آقمهت = آحْمَد | ء اوت = حُوت |
| راقمهت = رَحْمَت | ء آجهت = حَاجَت |
| سالق = صَالِح | قورهت = حُرْمَت |
| ناسيقات = نَصِيحَت | نافاق = نَافِق |

Арам = харам
 әл = хәл
 әкім = хақим
 айуан = хайуан
 үт = хут
 әжет = хажат
 құрмет = хурмат
 нақақ = нахақ

қасірет = хасрат
 қайран = хайран
 қамза = хамза
 Қамид = Хамид
 Ақмет = Ахмад
 рақмет = рахмат
 салық = салих
 насиқат = насихат

Харам істен сақтан. Хал жақсы ма? Хақим ғадил болса халқа рахат. Үй хайуандары: түйе, жылқы, сиыр, қой, ешкі, есек. Не нәрсе хажат? Өзгені хурматтесең өзіңді де хурматтер. Біреуге нахақ жала жаппа. Хамза, Хамид, Ахмад, Салих — адам аттары.

Т т ط

| | |
|-----------------------|-----------------|
| توپان = طوفان | قات = خَط |
| اوتان = وَطَن | شارت = شَرَط |
| قاتەر = خَاطِر | قاتا = خَطَا |
| باتل = باطِن | قاتار = قَطَار |
| قوتبا = خُطْبَه | تالاب = طَلَب |
| سۇلتان = سُلْطَان | تالاق = طَلَاق |
| سالтанат = سَلْطَنَات | تاғам = طَاغَام |
| شايطان = شَيْطَان | تاراپ = طَرَف |

Қат = хат
 шарт = шарт
 қата = хата
 қатар = қатар
 талаб = талаб
 талақ = талақ
 тағам = та'ам
 тарап = тараф

топан = туфан
 отан = уатан
 қатер = хатир
 батыл = батил
 құтба = хутба
 сұлтан = султан
 салтанат = салтанат
 шайтан = шайтан

Мен хат білемін. Мұның шарты қалай? Бұл сөз хата жазылған. Талап қылсаң табарсың. Тағамға отырыңыз! Бұл тарафта күн жылы болып тұр. Бұрынғы да туфан суы тасып, жер жүзіне жайылған. Ол сөз менің хатирменен шыққан екен.

Һ Һ Һ

| | |
|------------------|--------------|
| مور = مھر | آر = آر |
| زار = زھر | باغا = باھا |
| جاد = جھند | آهوس = ھوس |
| جاغاز = جھاز | آلەك = ھلاك |
| ساباز = شاهباز | اونەر = ھنر |
| مېيرمان = مھربان | آزل = ھزل |
| مېيمان = مھمان | ءشار = شھر |
| دارەت = طھارت | ءشايت = شھيد |
| پاتسا = پادشاھ | آبات = ھيبت |

Әр = һар
 баға = баһа
 әуес = һауас
 әлек = һалак
 өнер = һунар
 әзіл = һазл
 шәр = шаһар
 шәйт = шаһид
 айбат = һайбат

мөр = муһр
 зәр = заһар
 жәд = жаһд
 жағаз = жаһаз
 сабаз = шаһбаз
 мейірбан = миһрбан
 мейман = миһман
 дәрет = таһарат
 патса = падшаһ

Һар іске талаф керек. Кітаптың бағасы не? Жақсы сөзді жаттап алуға һауаспын. Әлін бiлмеген һалак. Һунарлі өрге жүзер. Хамза шаһарға кетті. Мысық һайбат шегіп тұр. Миһман таһарат алып отыр. Би билігіне муһр басты.

ض ز ظ

| | |
|-----------------|-------------|
| زارار = ضور | قازا = قضا |
| قازرهت = حضرت | قازى = قاضى |
| قدر = خضر | آزر = حاضر |
| آغزا = اعضا | آرز = عرض |
| رامازان = رمضان | قارز = قرض |
| آپزال = افضل | پارز = فرض |
| مازمون = مضمون | رزا = رضا |

Қаза = қаза
 қазы = қази
 әзір = хазир
 арыз = 'арз
 қарыз = қарз
 парыз = фарз
 риза = риза

зарар = зарар
 қазірет = хазрат
 Қыдыр = Хизр
 ағза = а'за
 рамазан = рамазан
 апзал = афзал
 мазмұн = мазмун

Жүк ауырын нар көтереді. Қаза ауырын ер көтереді. Дауды қазы бітіреді. Мен хазир оқып отырмын. Ол хакімге фарз қылды. Қарз алсаң қайтар. Адамның мойынында қырық фарз бар. Мен саған бек ризамын. Рамадан ел аты. Рамазан ай аты.

ذ ز

| | |
|--------------|-------------|
| ذوق = ذوق | ذات = ذات |
| ذهن = ذهن | آذان = آذان |
| أوزر = عذر | آزاب = عذاب |
| مازر = معذور | نازر = نازر |
| ذاکر = ذاکر | زکر = ذکر |

Зат = зат

азан = азан

азаб = азаб

нәзір = назр

зікір = зикр

зауық = зауқ

зейін = зийн

үзүр = 'узр

мәзір = ма'зур


зәкір = закир

Бұл қандай зат? Жансыз зат. Анау қандай зат? Анау жанды зат. Азаншы азан айтып тұр. Бұл іс турасында көп азап шектім. Бір ақсарбас назр айт. Закир зикр айтып тұр. Ән мен күй зауқ үшін керек. Жақсы кітап оқысаң, жақсы сөзді тыңдасаң зийн артылады.

Ғұзрлы кісі намазды отырып оқыса да жарайды.

ظ ز

| | |
|---------------|--------------|
| آعظام = اعظام | ظالم = ظالم |
| ايدام = اعظام | نازار = نازر |
| ليپز = لفظ | نيزام = نظام |




Залым = залим
назар = назар
низам = низам
низамнама = низамнама
назым = назм

ағзам = ағзам
имам = ағзам
липз = лафз
тәжім = тағзим
ынтызар = интизар

Залм мен жолдас болма! Мынау хатқа азырақ нэр салшы. Жаңа низам шығып ескі низам қалыпты. Мен низамнама сатып алдым. Менің ағам низам жазып жүр. Біз имам ағзам мазһабындамыз. Бір лафз шығаршы. Дауысыңды естуге ынтызармын.

ث س




Мысал = мисал
мысқал = мисқал
мирас = мирас
сауап = сауап
ысбат = исбат

сәбит = сабит
әсер = асар
қадис = хадис
Оспан = 'Усман
кәусәр = каусар

Тура сөйлемейтін жерде мисалмен сөйлейміз. Ауру батпандап кіріп, мисқалдап шығады. Мираc деп біреуден қалған мал һәм мүлікті айтады. Жақсы іс істеген сауап табады. Сабит исбат айтып һандырды. Қымыздың асары білінді. Ғусман үшінші халифаның иcмі.


ء ء ء



Құран = Қураан
қыйрағат = қираат
сауал = суал
файда = файда
дәйім = даайм
лайық = лаайқ

дайра = дайра
ғайып = ғайб
мүләйім = мулайм
мумин = мумин
йажүж = иажуж
мәжуж = мәжуж

Құранның екінші сүресін оқып жүрмін. Қираат — оқу деген сөз. Сауалыма жауап қайыр. Наһандықтан файда жоқ, зарар көп. Мен дайм ерте жатамын һәм ерте тұрамын. Мухид дариясы жерді айналып жатқан зор теңіз. Иесіне аты лайқ екен.

*
.

Молла = мулла
 үммет = уммт
 зәрре = зарра
 жәннәт = жаннат
 Жаббар = Жаббар
 сүннет = суннат
 әуел = аууал
 қуат = қууат


күллі = кулли
 сүнни = сунни
 иттифақ = иттифақ
 муадин = муадин
 мұғалім = му'аллим
 мұсанниф = мусанниф
 құддүс = құддус
 зумұруд = зумуруд

Ауылға мулла келді. Біз Мухамаддың үмматымыз. Күшті удың зарра-дей түйірі жоқ. Өлгеннің орны жаннатта болсын. Жаббар ием өзің сақта. Суннат пайғамбарымыз қоймай ғадат етіп істеген ісі. Аууал азайтпасам көтеруге қууатым келетін емес. Кулли ғаламды Алла жаратты.

*Бұл қаттылық белгісі. яғни бұл белгінің астындағы харіфті сол жерде екі жазбай бірақ жазуу үшін қойатын белгі.

Ән ин үн²⁴

ن = أن، ن = إن، ن = أن



Әдеп²⁵, ажал, мәселе, парыз, амал, қалама.

Әмір, асыл, ғақыл, аһла, шырға, арыз, жамаға.

Ғалима, Залима, Салима, Салиха, Халида, Жаһила, Хакима, уақиға, ғазаб, ғумума, хусуса, Ғафура, аят, әдет, рахмет, ниғмет, Ғалима, Хакима, Халима, Жаһиға, Қадира, Ғазиза, Хадиша, Улада.

Ар, ажар, ғақыл, нақыл, сарф, сапар, имам, кітап, мақам, азап, шарап, қарар, кәмил, залал, сират, ғалым, әділ, ғарып, әлім, ғылым, хаким, кәрім, Хамит, Мәжит, хафиз, хадис, ғазиз, қадыр, шәріп, айт, қарият, рахмет, ниғмет, садақа, сұлтан.


²⁴ Араб тілінің ерекшелігін түсіндіруге арналған осы беттегі мысалдар 1913 жылғы «Оқу құралындағы» мысалдарға ұқсамайды. — ред.

²⁵ Бұл жердегі мысалдар біршама көп болғандықтан, барынша қазақ тіліндегі дыбысталуына жақын бейнелеп жазуды жөн көрдік. Түпнұсқасын бірге бердік. — ред.

Мал, хәл, нар, дар, нұр.

Әмір, ақыл, асыл, арыз, шарх, жамиғ, қауым, қауіп, ғылым, пиғыл, зікір, майлы, шайх, хайыр, сиыр, хабар.


Ғалым, зәлым, жаһил, шаһид, шәкір, салих, ғарып, жамиғ, имам, мизан, мирас, мысал, имам, заман, азан.



Азап, сырат, ислам, салам, кәләм, камал, жамал, халал, рахим, хамид, мажид, газиз, ғафур, расул, ниғмет, хикмет, хасрет, тағат, сағат, шафағат, қуран, султан.

Рабба, Хаққа, хайһан, сара, шара, куллә, сауһа, қауһа, Ғалиа, Уалиа.

Раб, Хақ, бақ, сыр, күллі, қауи, нәби, ғали, уәли, хақ, қауи, Ғани, шайа, бина, дұға, дуа



Бұлар харекет деп аталады.

Бұлар тануин деп аталады.

Бұл сүкін деп аталады.

Бұл ташдид деп аталады. Ғараб сөзінде харекет, тануин, сүкін, ташдид қойылмаған хәріптер оқылмайды. Сөз басында сүкінді "ф" тұрса, яки ташдитті әріп тұрса ол әріп өткен сөзге жалғанып оқылады²⁶.

²⁶ Бұл түсіндірулер 1913 жылығы «Оқу құралында» жоқ. Ал 1922 жылығы «Оқу құралында» осы мысалдардан кейін кітап авторы бұл мысалдарды «Құран» аяттарымен түсіндіру керек екенін, оны мұғалім өзі қолға алуын талап етеді. 1923-1925 жылығы «Оқу құралдарында» араб дыбыстарына байланысты осы көлемді (20 бет) мазмұндар түгел қысқартылып, қазақ тіліне сіңіп келе жатқан бірнеше әріпке ғана қысқаша тоқталып өткен. — ред.

Бүкіл жер жүзінің жалшылары, бірігіңдер!

БАЙТҰРСЫН ҰЛЫ АХМЕТ.

ТІЛ – ҚҰРАЛ

Дыбыс заңы һәм түрлері.

1-інші жылдық тіл танытқыш кітап

5-басылуы

Грамматика киргизского языка
«Тиль-курал»
Часть 1-я. Фонетика.

Грамматика киргизского языка. «Тиль-курал». Часть 1-я. Фонетика

Киргизское государственное издательство
Оренбург, 1924 г.

СӨЗ БАСЫ.

Тіл²⁷ адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын²⁸ қаруының бірі. Осы дүниядегі адамдар тілінен айрылып, сөйлеуден қалса, қандай қиындық күйге түсер еді. Осы күнгі адамдар жазудан айрылып, жаза алмайтын күйге ұшыраса, ондағы күйі де тілінен айрылғаннан жеңіл болмас еді. Біздің заманымыз жазу заманы: жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман. Алыстан ауызбен сөйлесуге болмайды: жазумен дүнианың бір шетіндегі адам екінші шетіндегі адаммен сөйлеседі. Сондықтан сөйлей білу қандай керек болса, жаза білудің керектігі онанда артық. Сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда-да сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек. Сөздің жүйесін, қисынын келтіріп жаза білуге; қай сөз қандай орында қалай өзгеріліп, қалайша біріне бірі қиындасып, жалғасатын дағдысын білу керек. Халық өмірі бір жылдап, он жылдап, хатта жүз жылдап та емес, мың жылдап саналады. Сондай ұзақ өмірінің ішінде һәм халықтың дағдылы тұтынып келе жатқан сөздері, ол сөздерінің біріне бірі жалғасып тізілетін дағдылы жолы, жүйесі, қисыны болады. Әр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде һәм сондай басқалық болады. Біздің жасынан орысша я ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды, я жазса-да қиындықпен жазады. Себебі жасынан қазақша жазып дағдыланбағандық. Орысша оқығандар орыс сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген, ноғайша оқығандар ноғай сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Қазақ сөздерін алып, орыс я ноғай сөзінің жүйесімен тізсе, әрине, ол нағыз қазақша болып шықпайды. Сондай кемшілік болмас үшін әр жұрт баласын әуелі өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу-сызу үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылмап сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі өз тілімізбен оқытып, сонан соң басқаша оқыту тиіс. Қазақтың бастауыш мектебінде басқа білімдермен қатар қазақ тілінің наху, сарфы-да үйретілерге керек. Үш жылдық бастауыш мектептегі оқуға шамалап қазақ тілінің наху, сарфын бөліп, балаларға оқытуға ыңғайлы түрмен осы «Тіл — құрал» деген кітапшаларды шығарудамыз.

²⁷ Сол кездегі ұстанымдарға сәйкес, бітеу буында «ы», «і» әріптері жазылмаған (тл). Алайда ондай сөздерді таңбалауда қазіргі нормаға сүйендік. Себебі түпнұсқада е(ә) дыбысы ае(ә), о(ә) дыбысы ао(ә) т.с.с. түрде қосар әріптердің таңбасымен берілген. Сол себепті ол кездегі норманы бастан-аяқ ұстану оқырман үшін қиындық тудыратындықтан, «Тіл — құралдың» бұл басылымында көп жағдайда қазіргі нормаға сәйкестендірдік — ред.

²⁸ Түпнұсқадағы **-агүн/-егүн** тұлғалы етістіктер қазіргі нормаға сәйкес **-атын/-етін** түрінде берілді — ред.

«Тіл — құрал» деген аты қандай жат көрінсе, ішкі мазмұны-да әуелгі кезде сондай жат көрінер, үйткені бұл қазақта бұрын болмаған жаңа зат. Халықта бұрын болмаған нәрсе жаңа шыққан кезінде жат көрініп, бірте-бірте бойы үйренген соң қалатын. Арабша һәм орысша наху, сарф үйренгендерге жат көрінгенімен, түсініксіз болмас: араб һәм орыс наху, сарфларында оқылатын заттар мұнда да оқылады. Айырмасы сол ғана: онда арабша я орысша айтылған есімдер мұнда қазақша айтылады. Олай болғанда оқылатын заты бір, аты ғана басқа.

«Тіл — құрал» үш жылға бөлінгенде, бірінші жылда оқытуға ұйғарғанымыз: сөйлеу мен сөйлемді айыру, сөз бен сөздің буынын айыру, буын мен буындағы дыбысты айыру. Қазақ тіліндегі дыбыстар һәм оларға арналған харіфтер, қазақ сөзіне жазылатын харіфтер турасындағы ережелер, қазақ тіліндегі сөздердің тұлғалары. Бірінші жылда үйретуге осы жеткілікті болар; үйткені «Тіл — құралдағы» заттар қазақша һәм арабша алифбалардағы харіфтерді балалар үйреніп болғаннан кейін үйретіледі. Балаларға көп үйретем деп, асығып шала-шарпы үйретуден аз да болса, анықтап нық үйрету абзал. Әсіресе бірінші жыл оқылатын «Тіл — құралы» тіл білімінің негізі болғандықтан нық үйретілерге керек. Қазақ тілі түрік тілінің бір тарауы. Дүниядағы жұрттың тілі негізінде үшке бөлінеді: 1) түбіршік тіл, 2) жалғамалы тіл, 3) қопармалы тіл. Түбіршік тіл түпкі қалпынан өзгерілмей жұмсалады, мәсәлән, қытай һәм жапон тілдері. Жалғамалы тіл сөздің аяғына жалғау қосылып өзгерілетін тіл, мәсәлән, түрік, фин тілдері. Қопармалы тіл сөз түбірімен қопарылып өзгерілетін тіл, мәсәлән, орыс тілі, араб тілі. Біздің қазақ тілі түркі тілдің бір тарауы болғандықтан жалғамалы. Қазақ сөзінің түбірі өзгерілмей аяғына жалғау қосылып өзгеріледі. Жалғау екі түрлі: бірі сөздің тұлғасын өзгертсе де, ішкі мағынасын өзгертпейді; екіншісі сөздің тұлғасын да, мағынасын-да өзгертеді. Сондықтан бастапқысы **тысқарғы**, соңғысы **ішкергі** жалғау деп аталады. «Құлақ» деген сөзге «дың» деген жалғау қоссақ, «құлақдың» болады. Тұлғасы өзгерді, мағынасы өзгерілген жоқ, «Құлақдың» дегенде-де бастың мүшесінің атын көрсетеді. Егерде «құлақ» деген сөзге «шын» деген жалғау қоссақ «құлақшын» болады. Мұнда тұлғасы-да, мағынасы-да өзгерілді. «Құлақ» бастың мүшесін көрсетуші еді, «құлақшын» болған соң басқа киетін киімнің атын көрсетіп тұр. Міні сондықтан «дың» тысқарғы, «шын» ішкергі жалғау болады.

Екі түрлі жалғаудың тысқарғысы сөйлегенде, жазғанда сөздерді біріне бірін қиындастырып тізу үшін қажет, ішкергісі бір мағыналы сөзден екінші

мағыналы сөз шығарып, сөзден сөз туғызып, көбейтіп, тілді байыту үшін қажет. Ішкергі жалғаудың бірсыпырасы осы бірінші жылдық «Тіл — құралда» сөз тұлғасын сөйлеген орындарда көрсетілді. Тысқарғы жалғау туралы екінші жылдық «Тіл — құрал»-да айтылмақшы. Сөзді дұрыс тізіп сөйлеу, әсіресе дұрыс тізіп жазу туралы үшінші жылдық «Тіл — құралда» айтылмақшы.

«Тіл — құрал»-да *дағдыландыру, сынау* деген сөздер ұшырайды. «Тіл — құрал» мен балаларды оқытқанда, әр қағида я ережені айтқаннан кейін, балалар әбден түсіну үшін сөйлем-сөйлем сөздерді, мақалдарды үлгіге алып, олардың ішінен қағида я ережеге келетін жерлерін балаларға таптыртып, басқалардан айыртып үйрету. Солай бірнеше рет істеп көрсеткеннен кейін, балалар керек сөздерді өздері тауып, өздері айыруға дағдыланады. Сонан соң балалар дағдыланып, үйреніп болды ғой дегенде, нық біліп болған, болмағанын байқау керек, сынау керек. Сынағанда үйренген қағида я ережелерді орнына келтіріп жаза ала-ма? Жаза алмай-ма? Соны сынау. Сондықтан мұғалім балалардың үйренген қағидасы, ережесі келетін сөздерді ауыздан жаздыру тиіс, яки кітапшадағы жорта хата жазып қойған сөздерді дұрыстап жаздыру тиіс. Бір қағида я ережені балалар әбден үйреніп, тиісті орнында жұмсай білгеннен кейін-ғана келесі қағида, я ережені үйрету.

А.Б.

СӨЗ МҮШЕЛЕРІ.

Сөйлеу нәм сөйлем.

1) *Жер жұтуға²⁹ тоймайды; от отынға тоймайды; құлақ естуге тоймайды; кісі ойға тоймайды; бөрі қойға тоймайды.*

Бұл сөйлеуде 5 сөйлем сөз бар.

2) *Еділ бойы тоғай бар; тоғай толы ноғай бар; бурыл атта бұғау бар; оны-да кесер егеу бар; сом темірге балға бар; сомсынғанға Алла бар.*

Бұл сөйлеуде 6 сөйлем сөз бар.

Жоғарыда жазылған екі сөйлеуден көрінеді: бір сөйлеудің ішінде бірнеше сөйлем болатындығы.

Алайық тағы-да басқа бір сөйлеу, мәселен, «аш бала тоқ баладай ойнамайды, тоқ бала аш болам деп ойламайды» деген мақалды.

Бұл сөйлеудің ішінде екі сөйлем сөз бар; оның бірі: «аш бала тоқ баладай ойнамайды». Екіншісі: «тоқ бала аш болам деп ойламайды».

Дағдыландыру. Төмендегі жазылған сөйлеулердің әр қайсысының ішінде неше сөйлемнен барын айыртып, балаларды дағдыландыру керек.

Ақыл жастан шығады; асыл тастан шығады.

Жоқтық ұят емес, байлық мұрат емес.

Мал жаным садағасы; жан арым садағасы.

Жалғыз ағаш үй болмас, жалғыз жігіт би болмас.

Тура биде туған жоқ; туғанды биде иман жоқ.

Сай сайға құяды; бай байға құяды; өзен өзенге құяды.

Күн ортақ, ай ортақ, жақсы ортақ.

Ашу дұшпан, ақыл дос; ақылыңа ақыл қос.

Сабыр түбі сары алтын: сарғайған жетер мұратқа, асыққан қалар ұятқа.

Шалқайғанға шалқай: пайғамбардың ұлы емес; еңкейгенге еңкей: атаңнан қалған құл емес.

Атаң жаман кісі еді: ат бергеннің құлы еді; енең жаман кісі еді: Мәскеудің қара күңі еді.

Иш қазандай қайнайды, күресуге дәрмен жоқ; қоянқолтық алысып, жығылсаң-да арман жоқ.

²⁹ Кейінгі басылымдарында «у» дыбысы үу, үү, ыу, іу түрінде, «й» дыбысы ый, ій түрінде таңбаланғанмен, бұл басылымда жалаң түрде берілген — ред.

Сөйлем һәм сөз.

Бір сөйлемнің ішінде бір неше³⁰ сөз болады; мәсәлән³¹, «Аш бала тоқ баладай ойнамайды» деген сөйлемнің ішінде бес сөз бар: 1) аш, 2) бала, 3) тоқ, 4) баладай, 5) ойнамайды.

Алайық «тоқ бала аш болам деп ойнамайды» деген сөйлемді. Мұның ішінде алты сөз бар: 1) тоқ, 2) бала, 3) аш, 4) болам, 5) деп, 6) ойнамайды.

Дағдыландыру. Төмендегі жазылған сөйлемдердің әр бірінің ішінде неше сөзден барын айырту.

Үлкен бастар; кіші қостар.

Қоянды қамыс өлтірер; ерді намыс өлтірер.

Орақшының жаманы орақ таңдайды.

Қас жорғадан жортақ туар; қас батырдан қорқақ туар; қас шеберден шорқақ туар.

Өз ақылын шамалаған қор болмас.

Өзі білмес өзгенің тілін алмас.

Тентектің ақылы түстен кейін енеді.

Атадан бала туса игі; ата жолын қуса игі; бетіне келер ұятын өзі біліп жуса игі.

Ананың көңілі балада; баланың көңілі далада.

Көп баланың ішіндегі қарт бала болар; көп қарттың ішіндегі бала дана болар.

Білген кісі тауып айтады; білмеген кісі қауып айтады.

Жібекті сақтай білмеген жүн етеді; қызды сақтай білмеген күн етеді.

Сынау. Төмендегі сөйлемдердің ішінде неше сөзден бар екенін айырып, әр сөйлемнің ішіндегі сөздерді бастан аяқ нөмірлеп, жақша³² ішіне нөмірлерін қойып жазыңдар.

Үлгі: «Балалы үй базар». Жазу керек: 1) балалы, 2) үй, 3) базар.

Өлген келмес; өшкен жанбас.

Берген алар; еккен орар.

Жер таусыз болмайды, ел даусыз болмайды.

Біреу тойып секіреді; біреу тоңып секіреді.

Шам жарығы түбіне түспес.

Аузы жаман елді былғар; аяғы жаман төрді былғар. Білегі толық бірді жығар; білімі толық мыңды жығар.

³⁰ Сол кездегі норма ескерілді — ред.

³¹ Түпнұсқаға сәйкес берілді — ред.

³² (*) жақша деп мынаны () айтады

Екі қатын алғанның дау үйінде; жаман қатын алғанның жау үйінде. Қайтып кірер есікті қатты серіппе.

Төс табаны жайылған атан жүрер жол екен; төсегінен айрылған адам жүрер жол екен.

Сөз һәм буындар.

Бір сөздің ішінде бір неше буын болады. Мәсәлән «ат» деген сөзде бір-ақ буын бар; «а-та» дегенде екі буын; «а-та-лар» дегенде үш буын; «а-та-лар-ға» дегенде төрт буын; «а-та-ла-ры-ма» дегенде бес буын. Сөз буын санына қарай бір буынды, екі буынды, үш буынды, төрт буынды, онан көбі **көп буынды сөз** деп аталады.

Дағдыландыру. Төмендегі сөздердің буындарын айырту.

Бал, бала, балалар, сау, саулық, саусақ, сауда, саудагер, тай, таяу, тайғақ, тайлақ, тайғанақ, тайсалу, тайпалу, таяну, аш, ашық, ашқыш, ашқан, ашқарақ, ашқылтым, жан дене, самай, сақал, мойын, кеуде, алақан, шеміршек, апа, қарындас, немере, нағашы, құдаша, қаз, қарға, қарағұс, қарлығаш, жапалақ, балықшы, жағалтай, күйкентай, безгелдек, қызғанишақ, қарғануға, сақтануға, аударуға, құлатуға, сескенуге, өстіруге, солқылдауға, сандырақтауға, шашыратуға, аударыстыруға, ұшыратуға.

Сынау. Төмендегі сөздерді буынға бөліңдер. Буындар арасына сызықша «-» қойыңдар.

Үлгі: сау-да, са-йақ, а-сық, тұш-қыл-тым, са-рым-сақ, сақ-та-ну-ға, жал-пыл-дау-ға, а-тыс-ты-ру-ға.

Ел құлағы елу. Бұлт ала; жер шола. Дауыл болмай жауын болмас; ит баласы сауын болмас. Жақсы келсе құт, жаман келсе жұт. Тисе, терекке, тимесе бұтаққа. Ер туган жеріне, ит тойған жеріне. Көп қорқытады; терең батырады. Ұйда не көрсе, ұшқанда соны алар. Арзанның сорпасы татымас. Бақыр қазан піскені баршамызға пайдалы. Көшсе, көш қасындамыз; отырса, от басындамыз. Үйге келгенде үйдей өкпенді айтпа. Ас қадірін білмесең, ашаршылық берер сазаңды; ат қадірін білмесең жайаушылық берер сазаңды. Шақырғандарға бар; шаққандардан қаш. Шақырғандарды шақырармын, шақырмағандарға қақырармын.

Буын һәм дыбыс.

Бір буынның ішінде бір неше дыбыс болады; мәсәлән, «не?», «же!», «мә!», «ат», «аш» деген сөздердің ішінде бір буыннан бар, мұндағы әр буында екі-екі дыбыстан бар. «Не?» (бірінші дыбыс «н», екінші дыбыс

«е»), «же!» (бірінші дыбыс «ж», екінші дыбыс «е»), «мә!» (бірінші дыбыс «м», екінші дыбыс «ә»), «ат» (бірінші дыбыс «а», екінші дыбыс «т»), «аш» (бірінші дыбыс «а», екінші дыбыс «ш»).

Қаб, бас, жел, күл, мес, сор, бай, жау — деген сөздер бір буынды, бірақ бұлардың әр буынында екіден емес үш-үштен дыбыс бар: *қ-а-п, б-а-с, ж-е-л, к-ү-л, м-е-с, с-о-р, б-а-й, ж-а-у*.

Бір дыбысты буындар-да болады, мәселен, а-ра, а-та, а-ғу, а-су, а-зу, а-сы деген сөздердің бірінші буындарында бір-бір дыбыстан, екінші буындарында екі-екі дыбыстан бар.

Дыбыс таңбасын **харіф** деп атаймыз. Сондықтан жазған сөз ішінде фәлен харіф бар дейміз, айтқан сөз ішінде пәлен дыбыс бар дейміз. Дыбыс нәм харіф екеуі екі басқа нәрсе. Біріне бірін қатыстырып шатастырмасқа тиіс. Дыбыс естілетін, көрінбейтін нәрсе, харіф көрінетін, естілмейтін нәрсе.

Дағдыландыру. Төмендегі сөздердің буындарында неше харіфтен бар екенін айырту.

Ақ, тоқ, саз, бет, құн, ай, бай, сай, тау, бау, жау, ана, ара, жала, шана, азы, аты, асы, жасы, саны, жаны, аран, ажар, ұзау, бұрау, арзан, шортан, бұрмақ, қармақ, салмақ, алмалы, салмағы, тармағы, шарбағы, атпаған, жатпаған, қалмаған.

Сынау. Төмендегі сөздерді буынға бөлу, әр буындағы харіфтің санын буын үстіне сифр мен қою керек.

Жарлы болсаң, арлы болма. Бар болсаң таспа, жоқ болсаң саспа. Барымен базар, жоқты қайдан табар. Пайдасыз болса, байдан без, панасыз болса сайдан без. Бар мақтанса табылар, жоқ мақтанса шабылар. Талтаңдасаң талтаңда, ақшаң болса қалтаңда. Күлме досыңа, келер басыңа. Досқа күлкі, дұспанға таба болма. Ақшаны жолда тапсаң-да санап ал. Аңдамай сөйлеген ауырмай өлер. Ақыл жас ұланнан, жүйрік тай құнаннан. Сиыр сыйпағанды білмес, жаман сыйлағанды білмес. Көше білмес жамандар көмсе көлік өлтірер, сөйлей білмес жамандар сөзді өзіне келтірер.

Қазақ сөздеріндегі дыбыстар нәм олардың харіфтері.

Қазақ тілінде 24 дыбыс бар. Олардың харіфтері мынау: а(ا), б(ب), п(پ), т(ت), ж(ج), ш(ش), д(د), р(ر), з(ز), с(س), ғ(غ), қ(ق), к(ك), г(گ), н(ن), л(ل), м(م), н(ن), о(و), ұ(و), у(و), е(ه), ы(ي), й(ي).³³

Басқа тілдерден кірген сөздерде ұшырайтын х(ح), ч(ش), ф(ف), h(ه)

³³ Жақшада А.Байтұрсынұлының әліпбиіндегі таңбалар берілді — ред.

дыбыстардың харіфтері мен бәрі — 28. Жанада сүйеу таяқ (ل), дәйекші (ء) деген екі көмекші белгі мен бәрі — 30.

Дыбыстар **дауысты, дауыссыз, нәм жарты дауысты** болады³⁴. Соған қарай харіфтері-де дауысты, дауыссыз нәм жарты дауыстыға бөлінеді.

Дауысты харіфтер: а (ا), о (و), ұ (ۇ), ы (ى), е (ه).

Сынау. Төмендегі сөздерді буынға бөліп, буын ішіндегі дауысты харіфтердің астын сызып көрсетіңдер.

Басқа келген бәледен бастан құлақ садаға. Соқыр көргенінен жазбас.

Соқырдың қолына түспе, саңыраудың астына түспе. Бір аштың бір тоқтығы бар. Не ексең, соны оарарсың. Тас пен ұрғанды ас пен ұр. Құлақ естігенді көз көрер. Ағаш көркі жапырақ, адам көркі шүберек. Кімнің жерін жерлесең, соның жырын жырларсың. Берген жомарт емес, алған жомарт. Ат ерінді келер, ер мұрынды келер. Өгізді өрге салма, қанатың талар; жаманға жүзің салма, сағың сынар. Адамның артындағысы білер; жаңылғанның жанындағысы білер.

«а»(ا) дан басқа дауысты дыбыстар — о(و), ұ(ۇ), е(ه), ы(ى) — сөздің басында келсе, бұлардың харіфтерінің алдына сүйеу таяқ «ل» қойылып жазылады.

Мисал: он(نوا), ұр(رؤ), ес(سه), ырыс(ىرىس).

Дауыссыз харіфтер: б(ب), п(پ), т(ت), ж(ج), ш(ش), х(خ)д(د), р(ر), з(ز), с(س), ч(ش), ғ(غ), к(ق), ф(ف)к(ك), г(گ), ң(ڭ), л(ل), м(م), н(ن), һ(ه).

Сынау. Төмендегі сөздерді буынға бөліп, буын ішіндегі дауыссыз харіфтердің астын сызып көрсетіңдер.

Басқа келген бәледен бастан құлақ садаға. Соқырдың қолына түспе, саңыраудың астына түспе. Бір аштың бір тоқтығы бар. Не ексең соны оарарсың. Тас пен ұрғанды ас пен ұр. Құлақ естігенді көз көрер. Ағаш көркі жапырақ, адам көркі шүберек. Кімнің жерін жерлесең, соның жырын жырларсың. Берген жомарт емес, алған жомарт. Ат ерінді келер, ер мұрынды келер. Өгізді өрге салма, қанатың талар; жаманға жүзің салма, сағың сынар. Адамның артындағысы білер; жаңылғанның жанындағысы білер.

Жарты дауысты харіфтер: у(ۇ), и(ي).

Дағдыландыру. Төмендегі сөздердің ішіндегі дауысты «у» (ۇ) нәм «й»(ي)ларды айырту.

Бай байға құйар, сай сайға құйар. Өзі тойса-да, көзі тоймайды. Айбар керек, әл керек, әлсіз айбар не керек? Ауру қалса-да, әдет қалмайды. Денсаулық зор байлық. Айналдырған аурыу алмай қоймас.

³⁴ Жарты дауысты дыбыс шолақ дыбыс деп-те аталады.

Сарт байыса, там салар, қазақ байыса, қатын алар. Тойға барсаң, тойып бар, жұмысыңды қойып бар. Ат аяғын тай басар. Айудан қорыққан тоғайға бармас. Жер таусыз болмайды, ел даусыз болмайды. Тай тулап үйірінен шықпас. Ішің удай ашыйды, неш амал жоқ етерге.

Сынау. Төмендегі сөздердің ішіндегі жарты дауысты харіфтердің астын сызып көрсетіңдер.

Той тондынікі, ас аттынікі. Бәрің бірдей тойшы болсаң, қу боларсың; бәрің бірдей қойшы болсаң, құл боларсың. Ақсақ қой түстен кейін маңырайды. Май сасыса тұз себер, тұз сасыса не себер. Түйенің үлкені көпірде тайақ жейді. Бір байдың жұртына екі тышқан таласыпты. Ат аунаған жерде түк қалады. Атты қамшымен айдама, жеммен айда. Қойшы көп болса, қой арам өлер. Отпен ойнасаң, күйерсің, баламен ойнасаң, шаршарсың. Соңғы түйенің жүгі ауыр. Тай тулап үйірден шықпас. Шірікке шыбын айналар. Жыртық үйге тамшы үйір; арық атқа қамшы үйір. Байтал шауып бәйге алмас. Екі кеме құйрығын ұста жетсін бұйрығың.

Дауыссыз дыбыстардың кейі қатаң, кейі ұяң болады. Соған қарай харіфтері-де **қатаң** нәм **ұяң** деп аталады.

Қатаң харіфтер: б (ب), п (پ), т (ت), ш (ش), х (خ), д (د), ч (ش)с (س), ғ (غ), қ (ق), к (ك), г (گ).

Дағдыландыру. Төмендегі сөздердің ішіндегі қатаң харіфтерді айырту.

Соқырдың қолына түспе, саңыраудың астына түспе. Берсең аларсың, ексең оарарсың. Ат ерінді келер, ер мұрынды келер. Базарға бар-да, бағың сына. Ұлың өссе, ұлықты мен ауыл бол, қызың өссе, қылықты мен ауыл бол. Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер. Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келер. Бүркіт қартайса, тышқан аулар. Ит жеңгенін талайды. Қуда сүт жоқ, жылқыда өт жоқ.

Сынау. Төмендегі сөздердің ішіндегі қатаң харіфтердің астын сызып көрсетіңдер.

Өлең келмес, өшкен жанбас. Жақсы келсе құт, жаман келсе жұт. Тисе терекке, тимесе бұтаққа. Жемісті ағаштың басы төмен. Көп тілегі көл. Ел құлағы елу. Жеті рет піш, бір рет кес. Көз қорқақ, қол батыр. Жер анасы, мал баласы. Күлме досыңа, келер басыңа. Тамыр тартқан тарықпас. Сақтықта қорлық жоқ. Шөп біткен жерге бітер. Аспанға қарай оқ атпа, өзіңнің түсер басыңа. Аш тамағым, тыныш құлағым. Тез қасында қисық ағаш жатпас. Шам жарығы түбіне түспес. Қойшы көп болса, қой арам өлер. Ит семірсе, иесін қабар. Ат аунаған жерінде түк қалады. Аман болса бұл басым, тағы шығар бұл шашым.

Ұяң харіфтер: ж(ج), р(ر), з(ز), л(ل), м(م), н(ن), н(ڭ), һ (ه).

Дағдыландыру. Төмендегі сөздердің ішіндегі ұяң харіфтерді айырту.

Талтандасаң, талтаңда! Ақмаң болса қалтаңда. Берсең аларсың, ексең, орарсың. Базарға бар-да, бағың сына. Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер. Оқу білім азығы, білім ырыс қазығы. Асың барда ел таны, атың барда жер таны.

Сынау. Төмендегі сөздердің ішіндегі ұяң харіфтердің астын сызып көрсетіңдер.

Жақсыдан жаман туады, жүйріктен шабан туады. Тон жағасыз болмайды, ел ағасыз болмайды. Батыр ортақ, бай ортақ, төресі әділ би ортақ. Ханның басын хан жұтар, қардың басын қар жұтар. Сенікі, менікі, деген көңіл тарлығы, әрі жат, бері жат деген төсек тарлығы. Тау мен тасты су бұзар, кісі арасын сөз бұзар. Ат ерінді келер, ер мұрынды келер. Кімнің жерін жерлесен, соның жырын жырларсың. Берген жомарт емес, алған жомарт.

Ұяң харіфтер өз ара екіге бөлінеді:

1) **ымыралы харіфтер:** ж(ج), з(ز), л(ل).

2) **ымырасыз харіфтер:** р(ر)м(م), н(ن), н(ڭ).

Дағдыландыру. Төмендегі сөздерді көшіріп, ымыралы харіфтердің астын бір сызып, ымырасыз харіфтердің астын екі сызып көрсетіңдер.

Сан тимеске сан тиді, табақ-табақ нан тиді. Саңырауға сәлем берсең, атаңның басы дер. Көне садақты деме, атқанын көрерсің, көне етікті деме, атасын білерсің. Жорға мінген жолдасынан айрылады; көп жасаған құрдасынан айрылады. Жығылған күреске тоймас. Сайақ жүрсең, тайақ жерсің. Тыңдамасқа сөйлеген есіл сөзім, жыламасқа жылаған екі көзім. Аузы күйген үріп ішер. Жеген білмес, тураған білер. Бұйдадалаған тайлақтай, жетелеген мойнақтай. Көңіл кірі айтса, кетер, көйлек кірі жуса, кетер. Шын жомарт жоқтығын елемес, шын жүйрік тоқтығын елемес. Түлен түртпесе, түнде қайда барасың?

ЖАЗУ ҚАҒИДАЛАРЫ.

1-інші ереже.

«А» (ا) дыбысының харфі сөз басында мәт (~) белгісі мен жазылады, басқа орындарда мәтсіз жазылады.

Сынау. Төмендегі сөздердің «~» пен жазылатындарына «~» қойып, жазылмайтындарына қоймай жаздырту.

(1) *Ауру³⁵ астан, дау қарындастан. Отпен ойнама, күйерсің, баламен ойнама, шаршарсың. Ұлың өссе, ұлықты мен ауыл бол; қызың өссе, қылықты мен ауыл бол. Ел ерге қарайды, ер жерге қарайды. Аузың қисық болса, айнаға өкпе жоқ. Иесін сыйлағанның итіне сүйек таста. Ер қапталы батқанын иесі білмес, ат білер; ағайынның азғанын ағайын білмес, жат білер. Арпа, бидай ас болар, алтын, күміс тас болар. Алыстан арбалағанша, жақыннан дорбала.*

Ескерту. Сөз басында «а» (1) дыбысы жоқ жерде «|» харфі тұрса, ол басқа дауысты дыбысқа сүйеу үшін қойылған таяқ есебінде қойылса да, айтылмайды.

2-інші ереже.

«ы» харфі бітеу³⁶ буында-ғана жазылмайды. Ашық буында³⁷ — басында болсын, басқа жерінде болсын — қалмай жазылады.

Мисалдар: 1) млтқ «ملتق» екі буынды сөз мл-тқ — ملت-ق Мұның екеуі-де бітеу буын болғандықтан ы (ى) жазылмайды.

2) «مقسى» — бұ-да екі буынды сөз — مى-سى.

Мұның бірінші буыны ашық буын болғандықтан «ى» жазылады; екінші буын бітеу болғандықтан «ى» жазылмайды. Егерде млтқ «ملتق», мысқ «مقسى» деген сөздердің бітеу буындарын ашып млтығы «ىعتلم», мысығы «ىعىسىم» деп айтсақ, ашық буындардың бәріне тиісті болғандықтан бұл сөздер былайша жазылады: млтығы «ىعتلم», мысығы «ىعىسىم».

Сынау. Алтын алма, алғыс ал, алғыс алтын емес-пе? Асың-асыңа, береке берсін басыңа! Сабасына қарай піспегі, мұртына қарай іскегі. Жақын жолдың алысы жаман. Құлды құл десең өлісі келер, биді құл десең күлкісі келер. Жақсының жақсысын айт: нұры тассын, жаманның жамандығын айт: құты қашсын. Жаманнан жақсы туады, адам айтса нанғысыз, жақсыдан жаман туады, бір аяқ асқа алғысыз. Дәм тұзын тат, расыңды айт. Өтірік деген дұспан бар, отқа сүйреп салады. Арамзаның құйрығы тұтам. Жарлының байлығы, денінің саулығы. Ерте тұрғанның ырысы артық. Төсегіңе қарап аяғыңды көсіл. Жарлылықтан жақсы жоқ: жатып ішер ас болса. Қанағат қарын тойғызар, қанағатсыздық жалғыз

³⁵ Бұлар жорта хате жазылған, түзетіп жаздыру үшін.

³⁶ Буынның бас харфы-да, аяқ харфы-да дауыссыз болса, **бітеу буын** деп аталады.

³⁷ Буынның бас харфы я аяқ харфы дауысты болса, **ашық буын** деп аталады.

атын сойғызар. Барлық не дегізбейді, жоқтық не жегізбейді. Шөбі жоқ деп жерден түңілме, малы жоқ деп ерден түңілме.

3-нші ереже.

А(ا), о(و), ұ(ۇ), ы(ى) дыбыстар жіңішке естілетін сөздердің алдына дәйекші (ء) қойылады. Бұл дыбыстар жіңішке естілсе-де³⁸, дәйекші қойылмайтын: к(ك), г(گ), е(ه) ішінде бар сөздер.

Сынау. Төмендегі сөздерді көшіріп, қоярлық сөздердің алдына дәйекші қойыңдар.

Өзімдікі дегенде, өгіз қара күшім бар; кісінікі дегенде, қол тимейтін ісім бар. Иесі семіз, аты арық; түз жұтынан сақтасын; қатыны семіз, ері арық; үй жұтынан сақтасын. Баланың сөзі батпандай, келіннің сөзі кетпендей. Ағаны көріп іні өсер, апаны көріп сіңлі өсер. Атасы басқа аттан түс, аталасым атқа мін. Түбі бірге түтпейді. Көрдім деген көп сөз, көрмедім деген бір сөз. Өзі білмес, білгеннің тілін алмас. Бір көрген біліс, екі көрген таныс. Түсі қара болса-да, іші сара. Ит жеңгенін талайды. Шортанның өзі өлсе-де, тісі өлмес; адамның өзі өлсе-де, ісі өлмес. Білімсізбен алыспа, текке өмір тауыспа. Құста сүт жоқ, жылқыда өт жоқ. Оқу білім азығы, білім ырыс қазығы. Жібек асырай алмаса, жүн болады; қыз асырай алмаса, күң болады. Бала, баланың ісі шала. Інісі бардың тынысы бар. Сенікі, менікі деген көңіл тарлығы; әрі жат, бері жат деген төсек тарлығы (жорта дәйекше қойылмай жазылған).

Ескерту: «к» (ق), «ғ» (ع) сияқты жіңішкертуге көнбейтін дыбыстар, «к» (ك), «г» (گ), «е» (ه) сияқты жуандатуға көнбейтін дыбыстар тоң дыбыстар деп аталады.

4-нші ереже.

Сөздің бітеу буындары мен ашық буындарын айырғанда, сүйеу таяқ (ا) дыбыссыз харіфке саналады. Мәселән: ынтық (قنتنا), ықтың (ننتقا), ысқын (نقسا), ырғыз (زعرا), ылғи (علعا) деген сөздердің бас буындары бітеу буындар.

³⁸ Түпнұсқаға сәйкес берілді ред.

Ескертулер.

1) «қ» (ق) һәм «ғ» (غ) дыбыстары туралы.

Кей орында «қ» (ق) дыбысы «ғ» (غ) болып өзгереді. Ондай орында айтылуынша «ғ» (غ) харфін жазу тиіс.

Мисал: 1) ақ — ағы, бақ — бағы, сақ — сағы. Істің ағы білмес, жігіттің бағы білер. Иттің сағы жақсы. 2) айақ — айағынан, тайақ — тайағынан. (Келіннің айағынан, қойшының тайғынан).

2) «к» (ك) һәм «г» (گ) дыбыстары туралы.

Кей орында «к» (ك) дыбысы «г» (گ) болып кетеді. Ондай орында естілуінше «к» (ك) харфін жазу тиіс.

Мисал: Етік — етігі. (Етігі жаман төрге шықпас). Өнбек — өнбегі, Еңбек — еңбегі. (Еңбегі аздан өнбегі-де аз).

3) «ү» (و) һәм «ы» (ي) дыбыстары туралы.

«ү» (و) мен «ы» (ي) дыбыстары «у» (ۇ) дыбысының алдында келгенде ашық буындарда анық естіледі. Бітеу буындарда дүдәмал естіледі. Сондықтан дүдәмал болған жерде бітеу буынды ашып ашық буынға айналдыру керек.

Мысалдар: 1) сүу, бүү, түү деп жазу-ма, яки су, бу, ту деп жазу-ма, дүдәмал, яғни «у» (ۇ)дың алдындағы дыбыс «ү» (و)-ма, «ы» (ي)-ма, анық естілмейді. Егерде «у» (ۇ)дың алдындағы дыбыс «ү» (و) болса, «сүү», «бүү», «түү» деп жазу тиіс. Егерде «у» (ۇ)дың алдындағы дыбыс «ы» (ي) болса, бұл сөздер «ы» (ي) харфі бітеу буында жазылмауы себепті, «су», «бу», «ту» деп жазылуы тиіс. «У» (ۇ) алдындағы қай дыбыс екені бітеу буынды ашқанда мәлім болады. «У» (ۇ)дың алдына «ү» (و) харфін қойып-та, «ы» (ي) харфін қойып-та ашып қарайық: сүү=сүүуы, бүү=бүүуы, түү=түүуы; су=сы-уы, бу=бы-уы, ту=ты-уы. Әрине сүүуы, бүүуы, түүуы деп айту, сыуы, быуы, тыуы деп айтудан дұрыс екендігі қандай даусыз болса, сүү, бүү, түү деп жазу һәм сондай даусыз болып шығады.

2) Оқу, жору, тану деп жазу ма, яки оқуу, жоруу, тануу деп жазу-ма? дүдәмал, яғни «у» (ۇ) алдындағы дыбыс «ы» (ي)-ма, «у» (ۇ)-ма? белгісіз. Егерде «ы» (ي) болса, бітеу буын болғандықтан, «ы» (ي) харфін тастап оқу, жору, тану деп жазуымыз тиіс.

Егерде «у» (ۇ) дыбысының алдында «ү» дыбысы болса, «ү» (و) харфі

неш жерде қалмай жазылатындығы себепті, оқуу, жоруу, тануу деп жазуымыз тиіс. Буынды ашып қарайық: *оқу*=*оқы-уы*, *жору*=*жорыуы*, *тану*=*та-ны-уы*; *оқуу*=*о-құ-уы*, *жоруу*=*жо-рұ-уы*, *тануу*=*та-нұ-уы*. Әрине мұнда *оқыуы*, *жорыуы*, *таныуы* деу *оқууы*, *жорууы*, *танууы* дегеннен дұрысырақ, өйткені «оқу» деген сөздің түбірі «оқы», соған «у»(ұ) қосылып, «оқыу» болған. «ы»(ы) бітеу буында жазылмаған соң «оқу» болып тұр. «Жору»-да сол сияқты түбірі «жоры», «у» (ұ) қосылып «жору» болып тұр; «тану» деген сөзге келсек, бұл сөз екі мағанада айтылады. 1) біреуді тану (білу) мағанада, 2) уағдадан тану (айну) мағынада; бірінің түбірі «таны», екіншісінің түбірі «тан» (танымақ, танбақ) бірақ «тану» дегенде екеуінің-де айтылуы бірдей, айтылуы бірдей болған соң, жазылуы-да бірдей болмақ. «Таны-у» деген сөз бітеу буында «ы»(ы) жазылмайтын болғандықтан «тану» болып жазылады. Бітеу буынын ашсақ, *таны-уы* болады. *Жану*, *қабу*, *жору* сияқты екі мағыналы сөздердің бәрі-де осы мәністермен «ұ»сыз жалғыз «у» мен-ғана жазылады: *жану*=*жа-ны-уы*, *қабу*=*қа-бы-уы*, *жару*=*жа-ры-уы*.

3) *Алу*, *бару*, *асу* деген сөздер, «тан» түбірінен «тану», «жан» түбірінен «жану», «қаб» түбірінен «қабу», «жар» түбірінен «жару» сияқты «ал» түбірінен «алу», «бар» түбірінен «бару», «ас» түбірінен «асу» болған себепті «ұ»сыз жазылады. Олай жазудың дұрыстығы бітеу буынды ашқанда көзге анық көрініп тұр: *алу*=*алы-уы*, *бару*=*бары-уы*, *асу*=*асы-уы*.

4) *Сау*, *жау*, *ау* деген сөздерде «ур», «ун», «ул» буындарында жазылмағанмен, «ы» (ы) харфінің барлығы буын ашылғанда мәлім болғаны сияқты сауу, жауу, ауу деген сөздердегі «уу» буындарындағы жазылмаған «ы» буынды ашқанда шынға келеді: *сауу*=*са-уы-уы*, *жауу*=*жа-уы-уы*, *ауу*=*а-уы-уы*.

Осы сияқты *қуу*, *тұу*, *бұу* деген сөздердегі «уу» буындарындағы жазылмаған «ы» буынды ашсақ, шынға келеді: *қуу*=*құ-уы-уы*, *тұу*=*тұ-уы-уы*, *бұу*=*бұ-уы-уы*.

5) *Қыйу*, *жыйу*, *тыйу* сияқты сөздердегі «йу» буындарындағы жазылмай тұрған «ы» буынды ашсақ, шынға келеді: *қыйу*=*қы-йы-уы*, *жыйу*=*жы-йы-уы*, *тыйу*=*ты-йы-уы*.

Сөз тұлғалары.

- | | | |
|---------------|--|----------------|
| 1) түбір сөз | | 4) қосалқы сөз |
| 2) туынды сөз | | 5) қосымшалар |
| 3) қос сөз | | |

1) **Түбір сөз дегеніміз** — бастапқы мағынасындағы, бастапқы тұлғасындағы сөз, мәселен: *бас, тас, шаш, қол*.

2) **Туынды сөз дегеніміз** — бастапқы тұлғасы да, мағынасы-да өзгерген сөз; мисал: *бастқ, тастқ, шашақ, қолтқ*³⁹.

3) **Қос сөз дегеніміз** — қосарынан айтылатын бір өңкей есімді сөздер. Қос сөз екі түрлі болады. Біреуі нәрсенің көбін қамти атағыш келеді. Екіншілері нәрселерді айыра атағыш келеді.

Алдыңғысы — **жалпылағыш** қос сөз деп,

Соңғысы — **жалқылағыш қос сөз** деп аталады.

Жалпылағыш қос сөздер: *аяқ-табақ, төсек-орын, ер-тұрман, киім-кешек, жүн-жұрқа, бақа-шаян, құрт-құмырсқа, бұта-бұтанақ, жер-су, түйе-мүйе, бұзау-торпақ, қой-қозы, тағысын тағылар*.

Жалқылағыш қос сөздер: *жел-бау, төсек-ағаш, жүк-аяқ, піспек-сап, шеге-балға, қауға-шелек, асыл-бек, ес-құл, төре-тай, ер-батыр, есен-аман, өмір-қожа, шекті-бай, тағысын тағылар*.

4) **Қосалқы сөз дегеніміз** — өз алдына мағанасы кем, басқа сөздің маңайында тұрғанда мағана шығатын сөз. Мәселен: *да, ғой, ғана (мал-да, жан-да, солай-ғой, осы-ғана)*.

5) **Қосымшалар дегеніміз** — сөз емес, сөзге жалғанатын буындар. Бұларда өз алдына мағана жоқ, басқа сөзге жалғанбай бөлек айтылмайды, сондықтан бұлар қосымшалар деп аталады. Қосымшалар екі түрлі: біреулері жалғанған сөзінің тұлғасын-ғана өзгертіп мағанасын өзгертпейді; екіншілері жалғанған сөзінің тұлғасын-да, ішкі мағанасын-да өзгертеді. Сондықтан бастапқы қосымшалар **тысқарғы жалғаулар я тікелей жалғау** деп аталады; екінші қосымшалар **ішкергі жалғаулар я тікелей жұрнақ** деп аталады.

Түсінікті болу үшін мисал келтірейік. Алалық, «жылқы» деген сөзді нәм «шы», «ның» қосымшаларды. «Жылқы» деген сөзге «шы» қосымшаны-да, «ның» қосымшаны-да қосып байқайық, қайсысы жалғау, қайсысы жұрнақ болып шығар екен. *Жылқы = жылқышы, жылқы = жылқының*.

³⁹ Түпнұсқадағы қалпы сақталды — ред.

«Жылқышы» дегенде сөздің басқы мағанасы-да, тұлғасы-да өзгерілді, яғни «жылқышы» деген сөз енді малдың есімін көрсетпейді, адамның есімін көрсетеді. «Жылқының» дегенде сөздің тұлғасы өзгерілді, мағанасы өзгерген жоқ, яғни «жылқының» деген сөз бәрі бір малдың есімін көрсетіп тұр. Бұл айтылғаннан мәлім болды: «шы» қосымша — жұрнақ екендігі, «ның» қосымша жалғау екендігі.

Жалғау аз, жұрнақ көп. Жалғау түбір сөзде-де, туынды сөзде-де болады. Жұрнақ түбір сөзде жоқ, туынды сөздерде ғана болады.

Сөз жазуының жалпы ережелері.

1) Әр бір түбір сөз һәм туынды сөз жұрнақтары мен, жалғаулары мен бірге тұтас жазылады, үзілетін харіфтер келген жерде үзіледі. Үзілу сөздің тұтастығын бұзбайды, (үзетін харіфтер: а(ә), д(ә), з(ә), р(ә), о(ә), ұ(ә), е (ә, ә, ә).⁴⁰

2) Жалпылағыш қос сөздердің арасы дәйім сызықшамен (-) мен айырылып жазылады (*аяқ-табақ, киім-кешек, қой-қозы, түйе-мүйе, сауыт-сайман, ер-тұрман*).

3) Жалпылағыш қос сөздердің арасы сызықшамен айырылып-та, айрылмай-да жазылады:

Қос сөздегі екі сөз бірыңғай болса, яғни екеуі бірдей я жуан, я жіңішке айтылатын болса, онда екеуі айырылмай тұтас жазылады (*басқұр, қолғап, Балжан, желмесер, айбалта, Алтынбай, Апантай, Тасболат, Баймырза*).

Қос сөздегі екі сөз бірыңғай болмаса, яғни бірі жуан, бірі жіңішке сөз болып келсе, онда аралары сызықшамен айырылып жазылады (*жел-бау, төсек-ағаш, жүк-аяқ, Тілеу-бай, Ес-құл, Төре-тай, Жан-темір, Мұрат-бек*).

4) Қосалқы сөздер сызықшамен айырылады (*солай-ғой, біледі-ау, жалғыз-ақ, осы-ғана, мал-да, жан-да, бар-ма?, келе-ме?, тұра-мысың?, жүре-місің?* тағысын тағылар).

5) Қосалқы «ма», «ба»лардан «еді», «екен» деген бөлек жазылады. *Айтар-ма еді?, келер-ме еді?, бармас-па еді?, айтқан-ба екен?, көрген-бе екен?, білді-ме екен?* тағысы тағылар.

6) Жұрнақтар барша сөзге қосылып жазылады. Жұрнақ ішіндегі дүдәмәл естілген дыбыстар қалпынша жазылады.

7) Жалғаулар түбір сөзге де, туынды сөзге-де қосылып жазылады. Жалғауда «т» (ت) мен «д» (د) дыбыстары дүдәмал болса, «т» (ت) жазылмай «д» (د) жазылады.

⁴⁰ Көрсетілген әріптер өзінен кейінгі әріпшен жалғаспай, олар (кейін келген таңбалар) сөз басындағы қалпында жазылады — ред.

Жұрнақтар түбір сөздің, жалғаулар түбір нәм туынды сөздің аяқ дыбысының түріне қарай өзгеріңкіреп жалғасады.

Жұрнақтар.

1) **Жұрнақ «лық».** Бұл жұрнақ түбір сөздің аяғы дауысты я жар-ты дауысты дыбыс болса, яки «р» болса, осы «лық» күйінде жалғасады; мәселән: *бала = балалық, жау = жаулық, қу = қулық, жабы = жабылық, бай = байлық.*

Түбір сөздің аяғы ұяң дыбыс болса, жұрнақ «лық» өзгеріліп, «дық» болып жалғасады. Мәселән: *қымыз = қымыздық, хаж = хаждық, сал = салдық, қом = қомдық, хан = хандық, аң = аңдық.*

Түбір сөздің аяғы қатаң дыбыс болса, «лық» жұрнақ «тық» болып жалғасады. Мәселән: *қап = қаптық, жұрт = жұрттық, аш = аштық, жас = жастық, сақ = сақтық.*

Жіңішке сөздерде «лық» орнына «лік», «дық» орнына «дік», «тық» орнына «тік» болып жалғасады; мәселән, *ер = ерлік, ел = елдік, тең = теңдік, ерке = еркелік, кедей = кедейлік, жетім = жетімдік, көп = көптік.*

Дағдыландыру. Төмендегі сөздерге «лық» жұрнағын жалғатып, туынды сөз еткізу.

Бас, қас, мұрын, ауыз, ерін, тіл, қабырға, арқа, тері, өкпе, бел, тамыр, сал, тізе, балтыр, өкше, ұлтан, ата, ұл, аға, іні, апа, жиен, күйеу, бажа, құда, жігіт, қарт, шал, ас, су, шөп, от, ене, ат, жорға, айғыр, бұқа, қошқар, ит, қасқыр, түлкі, маймыл, ай, күн, жарық, қар, құйын, жыл, шілде, күз, түс, түн, күміс, төс, ала, сау, батыр, қу, жақын, зор, игі, жаман, тірі, нашар, қатты, семіз, жауыз, рас, ірі, қисық, сұлу, көркем, әдемі, мықты. жуас, ұяң, әңгі, монтаны, қиын, паң, аңқау, нас, салақ, шапшаң, бос, дұрыс, тура, соқыр, сараң, қаз, тоқ, мас, сұм.

2) **Жұрнақ «шы».** Бұл жұрнақ жуан, жіңішке сөздерге бірдей жалғанып, бірдей жазылады; бір-ақ жуан сөзде жуан айтылады, жіңішке сөзде жіңішке айтылады; мәселән: *мал = малы, ел = елші, жылқы = жылқышы, түйе = түйеші, лау = лаушы, егін = егінші.*

Сынау. Төмендегі түбір сөздерге «шы» жұрнағын қостырып, туынды сөз еткізу.

Аң, өлең, нан, үй, пеш, аяқ, қазан, темір, көмір, қырман, орақ, ат, бие, сиыр, балық, ойын, жыр, домбыра, қобыз, сырнай, арба, қарауыл,

отын, балшық, алтын, күміс, сыр, балта, бата, ара, етік, тігін, ой, той, өсек, өтірік, қала, базар, бас.

3) **Жұрнақ «шыл».** Бұл жұрнақ-та жуан, жіңішке сөздерге бірдей жалғанып, бірдей жазылады. Жуан сөздерде жуан болып айтылады. Жіңішке сөздерде жіңішке болып айтылады: мәсәлән, *қазақ* = *қазақшыл*, *жетек* = *жетекшіл*, *қара* = *қарашыл*, *күн* = *күнішл*, *қайғы* = *қайғышыл*.

Сынау. Төмендегі сөздерге «шыл» жұрнағын қостырып туынды сөз істетуге.

Тер, кір, жер, қайын, төл, кел, есеп, ауыл, су, қымыз, жұрт, соқа, аяң, өсек, ұайым, тәуекел, ырым, амал, қызыл, өзім, өзге, ойын, шын, басқа, ертең, бүгін, еркін, төр, көп, тәсіл, әдіс.

4) **Жұрнақ «лас».** Бұл жұрнақ түбір сөздің аяғы дауысты я жарты дауысты дыбыс болса, яки «р» болса, осы «лас» күйінде жалғасады. Мәсәлән: *қора* = *қоралас*, *ау* = *аулас*, *ай* = *айлас*, *ақы* = *ақылас*, *сыр* = *сырлас*.

Түбір сөздің аяғы ұяң дыбыс болса, «лас» орнына «дас» болып жалғасады; мәсәлән: *жол* = *жолдас*, *мұң* = *мұңдас*, *қан* = *қандас*, *ым* = *ымдас*, *тұз* = *тұздас*.

Түбір сөздің аяғы қатаң дыбыс болса, «лас» орнына «тас» болып жалғасады. Мәсәлән: *от* = *оттас*, *тап* = *таптас*, *ошақ* = *ошақтас*, *қос* = *қостас*, *борыш* = *борыштас*.

Түбір сөз жіңішке болса, «лас» орнына «лес», «дас» орнына «дес», «тас» орнына «тес» болып жалғасады, мәсәлән: *төбе* = *төбелес*, *көл* = *көлдес*, *жер* = *жерлес*, *тілек* = *тілектес*, *шек* = *шектес*, *шөп* = *шөптес*.

Сынау. Төмендегі түбір сөздерге «лас», «лес», «дас», «дес», «тас», «тес» жұрнақтарын жалғатып, туынды сөз еткізу.

Бас, бауыр, бу, тізе, өкше, ата, қайын, құда, тоғай, сабақ, табақ, су, егін, түс, заман, қарын, тұқым, қара, әлек, одақ, ақыл, пайда, жарна, енші, ен, таңба, ірге, сыбай, үн, жайлау, суат, көңіл, бата, аяқ, отан, ру, ұя, өріс, құдық, тек, дәм, олжа, амал, тілеу, от, шабын, қоныс, сыбаға, кіндік.

5) **Жұрнақ «лы».** Түбір сөздің аяғы дауысты я жарты дауысты дыбыс болса, яки «р» болса, осы «лы» күйінде жалғасады; мәсәлән: *бала* = *балалы*, *тау* = *таулы*, *тай* = *тайлы*, *қар* = *қарлы*.

Түбір сөздің аяғы ұяң дыбыс болса, «лы» орнына «ды» болып жалғасады; мәсәлән: *мал* = *малды*, *саз* = *сазды*, *мұң* = *мұнды*, *сан* = *санды*.

Түбір сөздің аяғы қатаң дыбыс болса, «лы» орнына «ты» болып жалғасады. Мәселән: *сап = сапты, ат = атты, тас = тасты, құлақ = құлақты, бұрыш = бұрышты.*

Түбір сөз жіңішке болса, жұрнақтар-да жіңішке болып жалғасады. Мәселән: *шеге = шегелі, түйе = түйелі, тіреу = тіреулі, кегей = кегейлі, үрей = үрейлі, тек = текті, жел = желді, жер = жерлі, күш = күшті, ес = есті.*

Сынау. Төмендегі түбір сөздерге «лы» жұрнағын қостырып, туынды сөз еткізу.

Кісі, адам, дене, бас, шаш, сақал, самай, иек, мұрт, маңдай, кеуде, жүрек, бүйір, қарын, тамыр, тізе, табан, тобық, ата, ана, аға, іні, күйеу, жаға, етек, тон, мақта, ет, қымыз, айран, су, шөп, тары, сұлы, жуа, ағаш, мойыл, үй, томар, жылқы, жорға, боталы, шағала, аң, аю, қасқыр, балық, ақша, май, сүмбе, құндақ, алтын, күміс, ақыл, ес, үміт, сана, саңылау, қайғы, ашу, құла, күрең.

б) Жұрнақ «лау». Түбір сөздің аяғы дауысты я дыбыс болса, яки «р» болса, осы «лау» күйінде жалғасады. Мәселән: *бала = балалау, қара = қаралау, тау = таулау, сұлу = сұлулау, тар = тарлау, жар = жарлау.*

Түбір сөздің аяғы «үяң» дыбыс болса, «лау» орнына «дау» болып жалғасады. Мәселән: *шал = шалдау, паң = паңдау, аз = аздау, шын = шыңдау.*

Түбір сөздің аяғы қатаң дыбыс болса, «лау» орнына «тау» болып жалғасады. Мәселән: *ақ = ақтау, жас = жастау, аш = аштау.*

Түбір сөз жіңішке болса, жұрнақ-та жіңішкереді: «лау» орнына «леу», «дау» орнына «деу», «тау» орнына «теу» болып жалғасады; мәселән: *көне = көнелеу, ірі = ірілеу, кір = кірлеу, семіз = семіздеу, кең = кеңдеу, кем = кемдеу, төмен = төмендеу, көк = көктеу, сирек = сиректеу.*

Сынау. Төмендегі түбір сөздерге «лау» жұрнағын қостырып, туынды сөз еткізу.

Жаман, меңіреу, батыр, ер, қу, сұр, сары, кедей, жақын, жуық, үлкен, зор, өткір, биік, ескі, қызық, сасық, бүкір, қалың, жұқа, ыссы, суық, керең, терең, жылтыр, тегіс, жақсы, қымбат, алыс, ұзын, жұқа, қалың, нашар, сұйық, ашыы, жауыз, ерке, бұзық, тіке, қысқа, шолақ, көркем, жуас, ұяң, жеңіл, оңай, ылас, ылай, жас, ұсақ, аласа, салақ, нас, сақау.

7) **Жұрнақ «сыз».** Бұл жұрнақ түбір сөзге нәман осы күйінде қосылады. Жуан сөзге қосылса жуан болып айтылады. Жіңішке сөзге қосылса, жіңішке болып айтылады. Мәселән: *құлақ = құлақсыз, иек = иексіз.*

Сынау. Төмендегі түбір сөздерге «сыз» жұрнағын қостырып, туынды сөз еткізу.

Бас, аяқ, қол, жол, бұл, жем, жең, тек, тең, ем, жел, көл, бет, еп, ат, қой, түйе, мал, ет, сүт, сорпа, нан, жан, ел, күн, бала, жала, қала, қора, албар, ау, тау, жота, бота, күй, үй, ми, ой, от, құт, бақ, жақ, оқ, серік, ар, жар, түр, төл, түп, жіп, мұң, сан, тон, дақ, дәт, дәм, дәме.

8) **Жұрнақ «ғы».** Бұл жұрнақ түбір сөз жуан болса, осы «ғы» күйінде жалғасады; мәселән: *бұрын = бұрынғы, ар = арғы, соң = соңғы.*

Түбір сөз жіңішке болса, «ғы» жұрнақ «гі» болып жалғасады. Мәселән: *кеше = кешегі, бүгін = бүгінгі, кейін = кейінгі, төмен = төменгі.*

Қатаң дыбыстардан соң, жуан сөздерде «қы» болып, жіңішке сөздерде «кі» болып өзгереді; мәселән: *арт = артқы, сырт = сыртқы, түп = түпкі, шет = шеткі.*

9) **Жұрнақ «еке».** Бұл жұрнақ түбір сөзге жалғаспай, сызықпен бөлініп жазылғаны қолайлы: «еке» деген жұрнақ әке деген сөзден азып болған сөз: *би-еке, төре-еке, батыр-еке, нұр-еке, әке-еке, аға-еке, шеше-еке.*

10) **Жұрнақ «ншы».** Бұл жұрнақ жуан сөзге жалғасса, жуан айтылады, жіңішке сөзге жалғасса, жіңішке болып айтылады. Мәселән: *бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, жиырманшы, отызыншы, қырқыншы, елуінші, алпысыншы, жетпісінші, сексенінші, тоқсаныншы, жүзінші, мыңыншы.*

Сынау. Төмендегі сөздерге «ншы» жұрнағын қостырып туынды сөз еткізу.

Он бір, он екі, он үш, он төрт, он бес, он алты, он жеті, он сегіз, он тоғыз, жиырма тоғыз, отыз сегіз, қырық жеті, елу алты, алпыс бес, жетпіс төрт, сексен үш, тоқсан екі, бір жүз он, жүз мың, жүз он, жүз жиырма.

11) **Жұрнақ «у».** Бұл жұрнақ түбір сөздің аяғы дауысты дыбыс болса, осы күйінде бір «у» болып жалғасады. Мәселән, *қара = қарау, аса = асау, өте = өтеу, бұу = бұу⁴¹.*

⁴¹ Түпнұсқадағы қалпы сақталды – ред.

Дағдыландыру. Төмендегі түбір сөздерге «у» жұрнағын жалғатып туынды сөз еткізу.

*Ал, ұр, саба, қорық, күре, адас, сүз, ас, иле, төз, ауна, қайт, оқы, тоқы, сұрт, ұлы, өлие, құр, сөйле, сыз, шірі, қалғы, сау, тый, тій, жый, ой, істе, тіле, жұу, бұу, құу, тұу*⁴².

12) **Жұрнақ «ғыш».** Бұл жұрнақ түбір сөздің аяғы дауысты я жарты дауысты дыбыс, яки ұяң дыбыс болса, осы «ғыш» күйінде жалғасады. Мәселән: *сана = санағыш, оқы = оқығыш, сау = сауғыш, бу = бұғыш, тай = тайғыш, ал = алғыш.*

Түбір сөздің аяғы қатаң дыбыс болса, «ғыш» орнына «қыш» болып жалғасады, мәселән: *айт = айтқыш, тап = тапқыш, бақ = баққыш, бас = басқыш, аш = ашқыш.*

Түбір сөз жіңішке болса, «ғыш» орнына «гінш» болып, «қыш» орнына «кіш» болып жалғасады. Мәселән: *сөйле = сөйлегіш, ек = еккіш, бер = бергіш, сұрт = сұрткіш.*

Сынау. Төмендегі түбір сөздерге «ғыш» жұрнағын жалғатып, туынды сөз еткізу.

Ал, көр, күрес, сақта, мақта, таста, баста, төз, кез, қақ, жақ, кір, сұрт, сас, асық, таңда, өлие, нан, кеп, теп, қара, кейі, бұйы, оқы, қи, мүжі, бар, қу, жу, бу, ой, қой, той, сой, же, де, тіле, кес, тес, ес, шаш, қаш, шеш, таң, жан, сал, бол, сол, құла, қала, қаз, бар, жар, көм, ем, ен, ер, жи, тый, құй, и, ти, тұт, жорт, қыз, аз, жыр.

13) **Жұрнақ «ғын».** Бұл жұрнақ-та «ғыш» сияқты түбір сөздің аяғына нәм түбіріне қарай «қын», «кін», «гін» болып жалғасады. Мәселән: *қу = қуғын, аз = азғын, қаш = қашқын, тас = тасқын, көш = көшкін, жүр = жүргін.*

Сынау. Төмендегі сөздерге «ғын» жұрнағын жалғатып, түбір сөз еткізу.

Ас, көр, төк, түр, тарт, жұт, ұр, сау, жет, күт, өр, шақ, жек, төз, шап, қат, тап, тол, қыр, үз, бақ, бол, соқ, сат, тай, оз, өт, сол, ту, жырқ, кес, сүз, шаш, айт, ат, ау, қой, қос, күл, тық, түс, ек, ер, ақ, бат, сұрт.

14) **Жұрнақ «қ».** Бұл жұрнақ түбір сөз жуан болса, осы «қ» күйінде жалғанады; жіңішке болса, «қ» орнына «к» болып жалғанады. Мәселән: *аш = ашық, тес = тесік.*

Сынау. Төмендегі түбір сөздерге «қ» жұрнағын қостырып туынды сөз істету.

⁴² Түпнұсқадағы қалпы сақталды — ред.

Ал, сал, ас, іл, төз, көр, кір, біл, сез, сыз, шірі, бөл, бер, сау, түс, жет, ой, тіле, сасы, өксі, қада, қыс, жап, боя, біт, қаз, жар, үш, сүй, сын, қат, кез, тес, ұза, қақыр, кекір, оз, жұл, таң, бұз, бұйыр, ес, жаз, жап, тіл, жүз, иле, түкір, төле, үз, сол, жырт, жай, кес, отыр, нан, жара, жина, суы, тұр, құс.

15) **Жұрнақ «ақ»**. Бұл жұрнақ түбір сөз жуан болса, осы «ақ» күйінде, жіңішке болса, «ақ» орнына «ек» болып жалғанады. Мәселән: *тұр = тұрақ, кес = кесек.*

Сынау. Төмендегі түбір сөздерге «ақ» жұрнағын жалғатып туынды сөз еткізу.

Жат, қос, қорық, сүз, жұл, бол, жет, көм, тап, ор, аш, от, құм, шаш, айт, ат, и, шеш, көн, жүр, құш, қон, ұл, жат, қап, жіп, көп, көн, түп.

16) **Жұрнақ «с»**. Бұл жұрнақ түбір сөз жуан болса, жуан айтылады, жіңішке болса, жіңішке айтылады. Мәселән: *бар = барыс, кел = келіс.*

Сынау. Төмендегі түбір сөздерге «с» жұрнағын жалғатып туынды сөз еткізу.

Ал, бер, жүр, тұр, айт, қон, тарт, ту, ат, жап, сау, бұр, біл, соқ, қақ, таны, жұқ, той, біт, шал, кір, шық, көр, тап, жұт, бөл, ұр, ти, жек, тоз, жат, ұқ, қара, жу, бақ, жұл, тала, жон.

17) **Жұрнақ «м»**. Бұл жұрнақ түбір сөз жуан болса, жуан айтылады, жіңішке болса, жіңішке айтылады. Мәселән: *атта = аттам, тісте = тістем.*

Сынау. Төмендегі түбір сөздерге «м» жұрнағын жалғатып туынды сөз еткізу.

Ат, сал, жар, кел, кет, ас, қос, тарт, сұқ, соқ, кес, арт, күт, же, жаз, жыр, тіл, қала, байла, ора, іш, шайна, тұт, жұт, жай, сық, қыс, төз, қайт, қада, өлие, іл, үз, шаныш, тақ, тұрт, сыз, өл, сүйе, сүйке, жала, тат, ақ, төк, сау, түс.

18) **Жұрнақ «нды»**. Бұл жұрнақ-та жуан сөзге жалғанса, жуан болып, жіңішке сөзге жалғанса жіңішке болып айтылады. Мәселән: *қос = қосынды, кес = кесінді.*

Сынау. Төмендегі сөздерге «нды» жұрнағын жалғатып, туынды сөз істету.

Қу, бу, ту, жу, бас, ас, тас, ақ, жақ, ұр, ек, өк, жүгір, сат, қайт, сұрт, жыр, жұл, үз, мүжі, жұт, сөйле, қыр, ой, қуыр, ор, шақыр, қаз, боя, тап, жат, түкір, жапыр, селір, тұрт, шеш, байла, тала.

19) **Жұрнақ «ма».** Бұл жұрнақ түбір сөздің аяғы дауысты я жарты дауысты дыбыс болса, яки «р», «л» болса, осы «ма» күйінде жалғасады, мәселән: *сана = санама, тас = тастама, ту = тума, сау = саума, жай = жайма, қыр = қырма, сал = салма.*

Түбір сөздің аяғы ұяң дыбыс болса, «ма» орнына «ба» болып жалғасады. Мәселән: *жаз = жазба, оң = оңба, жон = жонба.*

Түбір сөздің аяғы қатаң болса, «ма» орнына «па» болып жалғасады. Мәселән: *бас = баспа, ат = атпа, ақ = ақпа, жап = жаппа, аш = ашпа.*

Түбір сөздер жіңішке болса, «ма» орнына «ме», «ба» орнына «бе», «па» орнына «пе» болып жалғасады. Мәселән: *кер = керме, іл = ілме, и = име, кез = кезбе, көм = көмбе, кес = кеспе, ек = екпе.*

Сынау. Төмендегі түбір сөздерге ма, ме, ба, бе, па, пе жұрнақтарын жалғатып туынды сөз істету.

Сал, қаз, бат, жап, сүз, таста, ас, күре, қақ, қада, кір, төк, сүрт, таңда, қара, жек, қыдыр, сыз, үр, соқ, ти, ой, қуыр, ор, жап, ұста, тұттық, ора, сына, айнал, боя, бас, тура, жар, үш, жала, құла, жыр, жүз, кеш, көтер, тай, оз, жаныш, жай, соз, шаш, қайна, ау, қой, сық, ки, тоқы, қыс, тара, көш.

АТАУЫШ СӨЗДЕР

І. Зат-есім.

Сөздердің кейбіреуі нәрсенің өзін атайды, мәселен: *жер, тау, тас, су, ағаш, шөп, жапырақ, күн, ай, жұлдыз, бұлт, қар, жаңбыр, жел, бу, сағым, кісі, мал, аң, құс, бақа, шаян, шыбын, шіркей, құрт, құмырсқа, қала, үй, төсек, орын, аяқ, табақ, киім, қазан, ошақ, арба, шана, ер, тоқым, қамыт, доға, арқан, жіп, тамақ, су, мыс, қалам, сия, астық, жеміс, бақан, сойыл, қорық, таяқ, асық, топай, доп, қобыз, домбыра, сыбызғы, ақша, кез, қадақ, мылтық, найза, қылыш, қанжар, оқ.*

Осындай нәрсенің өзін атайтын сөздерді **зат-есім** дейміз. Зат-есім туралы **кім? не?** деп сұраймыз.

Кім? деп сұраймыз адам туралы. **Не?** деп сұраймыз басқа заттар туралы. Мисал: 1) «Ат ерінді келер, ер мұрынды келер».

«Кім мұрынды келер?» — «ер».

«Не ерінді келер?» — «ат».

2) «Ауруда шаншу жаман, сөзде қаңқу жаман.»

«Не жаман?» — «шаншу».

«Не жаман?» — «қаңқу».

3) «Жылы-жылы сөйлесең, жылан іннен шығады; қатты-қатты сөйлесең, мұсылман діннен шығады.»

«Не іннен шығады?» — «жылан.»

«Кім діннен шығады?» — «мұсылман.»

4) «Ит тойған жеріне, ер туған жеріне».

«Не тойған жеріне?» — «ит».

«Кім туған жеріне?» — «ер».

5) «Ас адамның арқауы».

«Адамның арқауы не?» — «ас».

«Ас кімнің арқауы?» — «адамның».

6) «Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада».

«Кімнің көңілі балада?» — «ананың».

«Кімнің көңілі далада?» — «баланың».

«Ананың көңілі кімде?» — «балада».

«Баланың көңілі неде?» — «далада».

Осындай **кім? не?** деген сұрауларға жауап болып айтылатын нәм нәрселердің атын көрсететін сөздерді **зат-есім** дейміз.

Дағдыландыру. Төмендегі сөйлемдердің ішіндегі **зат-есім** сөздерді айырту.

Аи кісі ұрысқақ, арық қой тырысқақ. Тас пен ұғанды аспен ұр. Еменнің иілгені сынғаны, ердің ұялғаны өлгені. Бұтаға қорғалаған торғайда қалады. Сыыр судан жериді, су сиырдан жериді. Аюдан қорыққан тоғайға бармас. Мұртына қарай іскегі, сабасына қарай піспегі. Май сасыса тұз себер, тұз сасыса не себер? Жел болмай шөп қозғалмас. Жаз шанаңды сайла. Пышақ берсең қыны мен, қынын берсең, шыны мен. Күн ортақ, ай ортақ, жақсы ортақ. Қазыға тойса, қарта әлем сасиды. Оқжетпес жерден қылыш суырма. Үйді қозғасаң көшірерсің, отты қозғасаң өшірерсің. Шоттың басын бассаң, сабы өзіңе тиер. Айран сұрай келіп, аяғыңды жасырма. Құр қасық ауыз жыртар. Тоқпағы зор болса, киіз қазық жерге кірер. Қалауын тапса, қар жанар. Ет етке, сорпа бетке.

Сынау. Төмендегі сөйлемдердің ішіндегі зат есім сөздердің астын сызып көрсетіңдер.

Бағың артқан шағыңда жапалақ салсаң қаз ілер. Мал басқа бітер, қына тасқа бітер. Нар жолында жүк қалмас. Таяқ тайға жеткізер, тай құнанға жеткізер, құнан атқа жеткізер. Ата даңқы мен қыз өтеді, мата даңқы мен бөз өтеді. Ағасы бардың жағасы бар, інісі бардың тынысы бар. Кісі болған кісіні кісесінен танымын, кісі болмас кісіні мүшесінен танымын. Бұлт ала, жер шола. Ай мен күндей һәркімге бірдей. Би баласы биге ұқсар; биік-биік тауға ұқсар; хан баласы ханға ұқсар; қанатын жайған қазға ұқсар; бай баласы байға ұқсар, байланбаған тайға ұқсар. Қайырымсыз болса ханнан без, өткелсіз болса судан без; асусыз болса таудан без; пайдасыз болса байдан без, панасыз болса сайдан без. Асық ойнаған азар; доп ойнаған тозар; бәрінен-де қой бағып, қойыртпақ ішкен озар. Үйеңкінің түбінен үйіріп алған қобызым, қарағайдың түбінен қайырып алған қобызым.

II. Сын-есім.

Сөздің кейбіреулері нәрсенің сынын атайды. Мәсәлән: жақсы, жаман, биік, зор, аласа, ұзын, қысқа, терең, тайыз, қатты, жұмсақ, қою, сұйық, бай, жарлы, жақын, алыс, аи, тоқ, арзан, қымбат, қалың, жұқа, зирек⁴³, кешіше, өткір, топас, семіз, арық, қараңғы, жарық, тұнық, лай, кәрі, жас, қиын, оңай, ауыр, жеңіл, сау, ауру, ақылды, ахмақ, есті, есалаң, ескі, жаңа, ұсақ, ірі, таза, лас, сақ, салақ, сұм,

⁴³ Түпнұсқадағы қалпы сақталды — ред.

аңқау, қу, меңіреу, жуан, жіңішке, ауыр, тегіс, жуас, сараң, жомарт, мырза, жылы, суық, тар, кең, бұдыр, тегіс.

Осындай нәрселердің сынын көрсететін сөздер **сын-есім** деп аталады.

Сын-есімнің сұрауы қандай? Мәселән: Жаман төре жан алар. Қандай төре жан алар? — Жаман төре жан алар. Арық атқа қамшы жүк. Қандай атқа қамшы жүк? — Арық атқа қамшы жүк. «Жаман», «арық» деген сөздер «қандай» деп сұрағанға жауап һәм өздері нәрсенің сынын көрсетеді. Осындай «қандай?» деп сұрағанға жауап болатын сөздердің бәрі-де **сын-есім** болады.

Дағдыландыру. Төмендегі сөздерді айырту: қайсысы зат-есім, қайсысы сын-есім?

Жақсы кісі; жаман мал; биік тау; аласа ағаш; ұзын арқан; қысқа жіп; терең теңіз; тайыз көл; қатты құрт; жұмсақ нан; қою қатық; сұйық сүт; бай қазақ; жарлы мұжық; жақын үй; алыс ауыл; өткір пышақ; топас кісі; семіз қой; арық ат; қараңғы қора; жарық түн; тұнық су; лай қақ; кәрі түйе; жас айғыр; қиын күй; оңай өлең; ауыр жүк; жеңіл сандық; сау жылқы; ауру сиыр; ақылды бала; ақымақ жігіт; ескі етік; жаңа шапан; ұсақ құм; ірі тары; таза жұрт; лас қора; сақ ит; салақ қатын; сұм бала; аңқау қойшы; жуан қарағай; жіңішке тал; жылы жаз; суық қыс; тар шалбар; кең жаға; бұдыр жер; тегіс дала.

Сынау. Төмендегі сөздерді көшіріп, сын-есім сөздердің астын сызып көрсетіңдер.

Аш бала тоқ баладай ойнамайды. Қатты жерге қақ тұрар; қайратты ерге мал тұрар. Жаман сайға су түссе, өткел бермес кешуге. Бай кісі балтаң келер, жарлы кісі қалтаң келер. Жақсы кеңес жарты ырыс. Ұзын көсеу қол күйдірмес. Тура биде туған жоқ. Ауру күлкі сүймес, жүйрік итті түлкі сүймес. Қысқа жіп күрмеуге келмес. Құтты қонақ келсе қой егіз табар. Өткір пышақ қынға қас; өтірік сөз жанға қас. Арық малды асырасаң аузы мұрның май етер. Қараңғы үйде қабан күркүреді. Кәрі түйе ойнақтаса жұт болады. Арық атқа ауыр қамшы-да жүк. Жыртық үйге тамшы ойнар. Шабан үйрек бұрын ұшар. Құрғақ қасық ауыз жыртар. Қуыс үйден құр шықпа! Аз асқа жасауыл болма! Көп асқа бөгеуіл болма. Жақын жолдың алысы жаман. Тез қасында қисық ағаш жатпас.

III. Сан-есім.

Кей сөздер нәрсенің санын атайды; мәсәлән: *бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он, он бір, он екі, он үш, он төрт, он бес, он алты, он жеті, он сегіз, он тоғыз, жиырма, отыз, қырық, елу, алпыс, жетпіс, сексен, тоқсан, жүз, бір жүз, екі жүз, үш жүз, төрт жүз, бес жүз, алты жүз, жеті жүз, сегіз жүз, тоғыз жүз, мың, он мың, жүз мың, миллион.*

Нәрсенің санын сұрағанда *неше?* деп яки *қанша?* деп сұраймыз.

Неше? деп сұраймыз нәрсенің дәл санын білуге. Мәсәлән: «*неше кісі келеді?*» — «*үш кісі келеді*».

Қанша? деп сұраймыз нәрсенің дәл санын білуге емес, шамасын-ғана білуге; мәсәлән: «*қанша күн жүресің?*» — «*үш, төрт күн жүремін*».

Тойда неше кісі болды? деп сұрамайды, *қанша кісі болды?* деп сұрайды; үйткені тойдағы кісілердің анық санын білуге емес, шамасын-ғана білуге сұралады. Жауап беруші тойдағы кісілердің анық санын айталмай⁴⁴, шамасын ғана айтады; мәсәлән: «*екі жүз кісі болды*» демейді, «*екі жүздей кісі болды*» дейді.

Жоғарғы келтірілген мисалда: «*неше кісі?*» дегенге «*үш кісі*» деген сөз жауап; «*қанша кісі?*» дегенге «*екі жүздей кісі*» деген жауап. Басқаша айтқанда «*неше?*» дегенге «*үш*», «*қанша?*» дегенге «*екі жүздей*» деген сөздер жауап болып тұр. Міні, осы сияқты *неше?* *қанша?* деп сұрауға жауап болатын һәм нәрсенің санын көрсететін сөздерді **сан-есім** дейміз.

Неше? деген сұрау *нешеу?* деп-те айтылады.

Дағдыландыру. Төмендегі сөздердің ішіндегі сан-есім сөздерді айырту.

Бір кісі, екі бет, үш омыртқа, төрт түйе, бес ат, алты бала, жеті қарға, сегіз бөрене, тоғыз үй, он балық, он бес сиыр, жиырма сом, жиырма төрт тиын, отыз тай, отыз алты асық, қырық жұлдыз, қырық үш күн, елу жыл, елу тоғыз жас, алпыс ара, алпыс екі құрт, жетпіс қой, жетпіс бір лақ, сексен кез, сексен жеті құлаш, тоқсан тоғай, тоқсан тоғыз торғай, жүз топай, мың пұт.

Сынау. Төмендегі сөздерді көшіріп сан-есімнің астын сызып көрсетіңдер.

Мың қойшыға бір басшы. Екі рудан би болса, ел байсал таппас, екі кісі қағымса, бір кісіге орын болар. Ер қаруы бес қару. Бір кісі

⁴⁴ Түпнұсқадағы қалпы сақталды — ред.

мың кісіге олжа салады. Бір күн дәм татқанға қырық күн сәлем. Үйінде екі қатын болса, ойран болар; екі сиыр болса айран болар. Елу жылда ел жаңа. Жетесіз жаман жас бала тоқсандағы шалмен тең. Тоғышардың баласы жиырма бесте жаспын дер, ораздының баласы он бесінде баспын дер. Жеті атасын білмеген жетімдіктің салдары, әзіл сөзді ауырлау шетіндіктің салдары. Өтірік екеу, шын төртеу. Жігіт кісіге жетпіс өнер-де аз. Бір тәуекел бұзады мың қайғының қаласын; бір жақсы сөз бітірер мың көңілдің жарасын. Бас екеу болмай, мал екеу болмас. Біреу тойып секіреді, біреу тоңып секіреді. Төртеу түгел болса, төбедегіні алар; алтау ала болса, ауыздағы кетер. Сексен інген боталап, сегіз келін қомдасын.

IV. Есімдік.

Кейбір сөздерді зат-есімнің, сын-есімнің, сан-есімнің орнына жүргендіктен **есімдік** дейміз; мәселән: «Нұрман отыр» дегеннің орнына «ол отыр» деп айтамыз. «Мұғалім» дегеннің орнына «мен» деймін; «шәкірт» дегеннің орнына «сен» деймін. Мұндай сөздер көбіне өзге есімдердің орнына жүретін болғандықтан есімдік деп аталады.

Мәселән: есімдік сөздер: мен, сен, ол, біз, сіз, олар, кім, не, қайсы, қандай, өзім, өзің, өзі, бұл, ол, мынау, анау, бірі, бәрі, менікі, сенікі, оныкі, өзімдікі, өзінікі, өзіңдікі, басқанікі.

Сынау. Төмендегі сөздердің ішіндегі есімдік сөздерді айырту.

Әрі жат, бері жат демек төсек тарлығы, сенікі, менікі демек көңіл тарлығы. Өзімдікі дегенде, өгіз қара күшім бар; өзгенікі дегенде, анау-мынау ісім бар. Құлан өз қағынан жерімес. Сиыр өз тілінен қыршаңқы болады. Не ексең соны орасың. Кім мықты, кім нашары мәлім болар, түскенде той-томаға белін буып. Үйдің жылы-суығы қыс келгенде білінер, кімнің алыс-жуығы іс келгенде білінер. Аттың бәрі тұлтар емес, құстың бөрі сұңқар емес. Сіз деген әдеп, біз деген көмек. Бүгін айдың нешесі? Қара қайсы? Хан қайсы? Елді ойлаған жан қайсы? Кімнің жерін жерлесен, соның жырын жырларсың. Оны тастап мұны алдың, бұдан тағы құр қалдың. Өзі қандай болса, сөзі сондай. Сен сұңқарсың, мен қумын. Саған дұспан, маған жау. Жылқыда тұлтар сен едің, жігітте сұңқар мен едім. Сен астымда сау тұрсаң, қыдыра жалды қыл құйрық сенен озбас деп едім; аяғы екеу бір басты менен озбас деп едім. Бұл сөздің бәрі-де ырас, емес жалған.

V. Етістік.

Кей сөздер нәрсенің істейтін ісін атайды; мәсәлән: *арт, тарт, ал, ұр, саба, соқ, қорық, күрес, маңыра, сөк, сүз, таста, шық, жық, ас, ал, төз, көз, қақ, қада, кір, төк, өксі, таңда, сескен, ұлы, өлше, кеп, біл, сыз, бер, бас, ұста, ұр, ти, ой, күт, тіле, тұр, ор, шақ, жап, жең, бар, кет, қара, тара, жала, құй, тап, қой, той, сой, жой, жу, бу, қу, жи, тый, қи, и, ки*. Мұндай сөздер **етістік сөз** деп аталады.

Етістік сөздердің сұрауы: *не етпек?* *не істемек?* *не қылмақ?* *не болмақ?* Етістіктің жалпы сұрауы: *не етпек?*

Мисал: «Қар жауады, кетеді», «Қар не етеді?» — «жауады». «Қар не етеді?» — «кетеді». «Қой маңырайды, түйе боздайды», «Қой не істейді?» — «маңырайды». «Түйе не істейді?» — «боздайды». «Күн күркірейді», «Күн не қылады?» — «күркірейді». «От сөнді, ел жатты», «От не қылды?» — «сөнді». «Ел не қылды?» — «жатты». «Жас өсер, жарлы байыр»; «Жас не қылар?» — «өсер», «жарлы не қылар?» — «байыр». «Жауады», «кетеді», «маңырайды», «боздайды», «күркірейді», «жатты», «сөнді», «өсер», «байыр» деген сөздер *не етеді?* *не істейді?* *не қылады?* деп сұрағанға жауап нәм өздері істеген істі атайтын сөздер. Сондай *не етпек?* *не істемек?* *не қылмақ?* деген сұрауларға жауап болатын сөздер бәрі-де етістік болады.

Дағдыландыру. Төмендегі сөйлемдердің ішіндегі сөздерді айырту. Қайсысы зат-есім, қайсысы етістік?

Кісі сөйлейді; түйе боздайды; ит үреді; қой маңырайды; қозы жамырайды; бала ойнайды; мен жүремін; сен жүгіресің; ол жазып отыр; бұл оқып отыр; Бірман күліп тұр; Нұрман жылап тұр; жел соғып тұр; боран бұрқырап тұр; көкті бұлт торлады; күн шықты; тұман сейілді; жұрт оянды; төсектен тұрды; мал өрді; өріске кетті; Нұрман киінді, жуынды, шай ішті, кітаптарын алды, оқуға кетті. Жаз болды, қар еріді; сулар ақты; өзендер тасыды. Ел қыстаудан шықты. Жер көгерді; мал тойынды. Малиы мал бағады; жырышы өлең айтады; домбырашы күй тартады; егінші егін егеді; хатшы қағаз жазады.

Сынау. Төмендегі сөздерді көшіріп, етістік сөздердің астын сызып көрсетіңдер.

Құс баласы қырымға қарайды, ит баласы жырымға қарайды. Күн жазға айналды, ет азға айналды. Сай сайға құяды, бай байға құяды. Оңқа ойын бұзар, тентек жиын бұзар. Көп азға қылған зорлығын айтады, аз көптен көрген қорлығын айтады. Жыртық тесікке күледі.

Тез қасында қисық ағаш жатпайды. Шаруа жаз жазылады, қыс қысылады. Ұялмаған өлеңші болар, ерінбеген етікіші болар. Бақ-бақ еткен текені қыс түскенде көрерміз; батырсынған жігітті іс түскенде көрерміз. Жер таусыз болмайды, ел даусыз болмайды. Үйді қозғаған көшірер, отты қозғаған өшірер. Құр қасық ауыз жыртар. Сыыр судан жериді, су сыырдан жериді. Есек түйе болмайды, сыыр бие болмайды. Жақсы айғырдың үйірін ат жақтайды. Аталы сөзді арсыз қайырар. Мал көтерер өлімді, дос көтерер көңілді. Бірлік болмай, тірлік болмас. Жауға жаныңды бер, сырыңды берме. Қылыш жарасы бітер, тіл жарасы бітпес. Ел ұрыссыз болмас, тау бөрісіз болмас. Ордалы құлан ақсағын білдірмес. Жалт-жұлт етеді, жалмап жұтады. Қара сиырым қарап тұр, қызыл сиырым жалап тұр.

ШЫЛАУ СӨЗДЕР

I. Үстеу.

Кей сөздер басқа сөздердің мағанасын толықтыру үшін үстеу болады. Мәселән, «әрең келдім» дегенде, «әрең» демесем де келгендігім көрініп тұр, бірақ, «әреңді» қосқанда келгендіктің үстіне қалай келгендік көрініп тұр. «Әбден бітірді» дегенде, «әбден» демей-де бітіргендік көрініп тұр; бірақ, қалай бітіргендігі көрінбейді. «Бітірдінің» үстіне «әбден» деген сөз жамалса қалай бітіргендігі-де көрінеді, «дөп тиді» дегенде, тигендігі «дөп» деп айтпасақ-та көрінеді; бірақ, қалай тигендігі көрінбейді; «дөп» деген сөзді қосып айтсақ, қалай тигендігі-де көрінеді. «Ол әрі кетті», «мен бері келдім» дегенде «әрі», «бері» деген сөздерді айтпасақ-та оның кеткендігі, менің келгендігім көрініп тұр; бірақ оның қайда кеткендігі, менің қайда келгендігім «әрі», «бері» деген сөздерді айтпасақ көрінбейді.

Сондай-ақ, «Бұрын адам аз, жер кең болған; енді адам көп, жер тар болды». «Бұрын» деген сөзді айтпасақ-та адам аз болғаны, жер кең болғаны көрініп тұр; бірақ адам қашан аз болғаны, жер қашан кең болғаны көрінбейді. «Бұрын» деген сөзді қосып айтсақ, қашан болғандығы-да көрініп, сөздің мағанасы түгелденеді. «Енді» деген сөзді айтпай «адам көп, жер тар болды» - десек те адам аз, жер тар болғандығы көрінеді. Бірақ қашан солай болғандығы көрінбейді. «Енді» деген сөзді қосып айтсақ, адам қашан аз болғандығы, жер қашан

тар болғандығы анық көрініп, сөздің мағанасы түгелденеді. Осындай сөз үстіне қосылып, сөздің мағанасын толықтыратын сөздерді **үстеу** дейміз.

Көбінесе үстеу сөз орнына басқа сөздер яки басқа сөзден туынды үстеу сөздер жүреді. Нағыз таза үстеу сөздер қазақ тілінде аз. Үстеу сөз де, туынды үстеу сөз де, үстеу сөз орнындағы басқа сөз-де бәрі сұраудан білінеді. Қалай? қашан? қайда? деген сөздерге жауап болып айтылатын сөздердің бәрі-де я үстеу сөз, я соның орнындағы төлеу сөз.

Сынау. Төмендегі сөздерді көшіріп, үстеу сөздердің астын сызып көрсетіңдер.

Кеше ыстық болды, бүгін жаңбыр болып тұр. Былтыр қар ерте кетті, биыл кеш кетті. Мана басым ауырып еді, осы кезде ауырғаны қойды. Дүркін-дүркін ит үріп жатты.

Соңыра барып келермін. Баяғыда бір бай болған екен. Ат артынан аулақ жүр. Нұрман кітапты жылдам оқып шықты, Бірман шабан оқиды. Екі кісі ауыл сыртында оңаша сөйлесіп отыр екен. Ана кісі әрман бара жатыр, мына кісі бермен келе жатыр. Андасанда айтақтаған дауыс естіледі. Екеуіміз жүзбе-жүз сөйлестік. Осы сөзімді әдейі аузыма-ауыз өзіне айт. Құс кеш келді. Екеуі далаға бірге шықты. Ауылға жаяу келіп, жаяу жүрді. Бірге келіп, босқа кетті. «Бүгін ойнайын, ертең оқырмын» деп жалқау бала айтады; «бүгін оқиын, ертең ойнармын» деп іскер бала айтады.

II. Демеу.

Демеу дегеніміз — екі сөздің яки екі сөйлемнің арасын жалғастыруға демеу болатын сөздер; мәселән: «менде, сенде сонда болдық». «Ол оқыдыда, жаздыда».

«Де», «да» деген сөздер екі сөздің арасындағы жүйесін келтіріп, жалғастыруға демеу болып тұр.

«Я ол тұрар, я мен тұрармын». «Бұл жұмыс я бітер, я бітпес, яки осы күйінде қалар».

«Я», «яки» деген сөздер басқа сөздің арасындағы жүйелерін келтіріп, жалғастыруға демеу болып тұр.

«Мен саған ұрыстым-ба? Әйтпесе сөктім-бе? Немесе соқтым-ба?». «Балаң қазақша оқи-ма? орысша оқи-ма? әлде тіпті босқа жүр-ме?».

«Ба», «бе», «ма», «ме», «әлде», «әйтпесе», «немесе» деген сөздер басқа сөздердің арасындағы жүйесін келтіріп, жалғастыру үшін тұр.

Демеу сөздер қазақ тілінде аз. Оныңда көбі басқа сөзден шыққан туынды демеулер; мәселән: *үйткені, сүйткені, үйтседе, бүйтседе, сүйтседе, әйтседе, әйтпесе, үйтпесе, бүйтпесе, немесе* — бәрі туынды демеулер.

Сынау. Төмендегі сөздерді көшіріп, ішіндегі демеу сөздердің астын сызып көрсетіңдер.

Ол соған әлде күйеу, әлде құда, (сүймейді қой атаулы мені жүдә) я бөлең, я жиенің, я нағашың — әйтеуір саған ұқсас еді ода. Адам да, ұшқан құс та, жүрген аң да, жұмыссыз тек тұрған жоқ һеш бір жан да. Мен бүгін сабаққа бара алғаным жоқ; үйткені басым ауырғаннан. Басың ауырған еді, сүйтседе сабақтан қалғаның жараман екен. Әлде мен сылап, сипап, бақпадым-ба? Болмаса, жемнен қысып сақтадым-ба? Әйтпесе әбзелдерің сәнді емес-пе? Жібектен тізгініңді тақпадым-ба? Оқымадың, қой бақтың, сүйткенде сен не таптың? Қалаға балаңды жібер, немесе өзің барып кел. Үйтсе де, бүйтсе де һеш нәрсе өнетін емес. Береди деп ойламаймын, сүйтсе де сұрап көр. Бір мәнісі бар шығар, әйтпесе неге жазбасын. Ол саған ұрсар, әйтседе бару керек. Ол сенің арызыңды жазып бермес, үйткені арыз жазбайтын адам.

III. Жалғаулық.

Кей сөздер жалғау орнына жүреді һәм жалғаулар сияқты, басқа сөздердің шылауында тұрмаса, өз алдына мағана шықпайды. Сондай сөздерді **жалғаулық** дейміз. Жалғаулық сөздер қазақ тілінде тіпті аз, мәселән: *менен, үшін, арқылы, тақырыпты, туралы*.

«Менен» алдындағы дыбыстың түріне қарай «бенен» болып айтылады, қысқа түрінде «мен», «бен» болып айтылады.

Сынау. Төмендегі сөйлемдерді көшіріп, жалғаулық сөздердің астын сызып көрсетіңдер.

Күшті менен күреспе, бай менен тіреспе. От пен ойнама, күйерсің, бала мен ойнама, шаршарсың. Бұлардың дауы жер тақырыпты, олардың дауы жесір тақырыпты. Хабарды телеграф арқылы алдым, хатты почта арқылы алдым. Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін, жоқбарды, ертегіні термек үшін. Ат туралы сөзді қысқарталық. Қол мен істегенді, мойын мен көтереді. Тас пен ұрғанды аспен ұр.

IV. Одағай сөз.

Кей сөздер басқа сөздерден оңаша, одағай айтылады. Мәселен: *Апырым-ай! Шошып кеттім-ғой, ай-қай, қай! Жаным жаңа райыс тапты-ғой. Ай-қай менің өз үйім, кең сарайым боз үйім. Әлди-әлди, ақ бөпем. Пай-пай! Қалай аяңдайды; Ау-қау! деп дауыстап еді, сиыр мөңіреді. Тарс-тұрс еткен мылтықтың даусы естілді. Сорап-сорап! — деген дауыс құлағыма келді.*

Апырым-ай! Ай-қай, қай! Ай-қай! Әлди-әлди! Пай-пай! Ау-қау! Тарс-тұрс! Сорап-сорап! Осылай айтылатын сөздерді одағай сөздер дейміз.

Одағай сөз қазақ тілінде көп. Қуаныш, реніш, күйініш, уайым, қайғы, жан күйзелгенде, тән күйзелгенде, жан рахат тапқанда, тән рахат тапқанда шығатын дыбыстар, дауыстар, айтылатын сөздер, жаңды һәм жансыз заттардың дыбысын, даусына еліктеп айтатын сөздер, хайуандарға айтатын сөздер, дауыстар, шақырулар бәрі **одағай сөз** табына кіреді.

Мәселен: *уһ! ах! ойбай-ай! жаным-ай! құдайым-ай! апырым-ай! ау! отағасы-ау! апырым-ау! ал! ай-қай, қай! е-е-е! ой, тәңірі-ай! көс-көс! құр-құр. хош! қош-қош! құру! шөре-шөре! ау-қау! сорап-сорап! шәуім-шәуім! кә! кә! шөк-шөк! әукім-әукім! өк! мыш-мыш! айт-айт! тарс-тұрс! дүңк-дүңк! сықыр-сықыр! тырс-тырс! сылдыр-сылдыр! күлдір-күлдір! тық-тық! күмп-күмп! сарт-сұрт! қарқ-қарқ! шық-шық! шыр-шыр! қаңқ-қаңқ! пыс-пыс!*


Сынау. Төмендегі сөйлемдерді көшіріп, ішіндегі одағай сөздердің астын сызып көрсетіңдер.

Алақай әкем кітап әкеп берді. Ойбай! Көзі аларып кетті. Бү қорлыққа қалай шыдармын, ойбай! Уһ! Жаңа адам болдым-ғой. Жарықтық-ау! Не істе дейсің! Ой тәңірі-ай! Жоқ сөзді айтқан несі. Апырым-ау! Мына бала таласады. Ойбай-ау! Құдай-ау! Мынасы кім еді! Е, е! Манағы көрген адамым сол екен ғой. Қой, жай отыршы. Көс-көс-жануар. «Әукім-әукім» деп еді, сиыр тыпырлағанын қойды. «Сорап! Сорап» деген дауысты естіп түйелер құдыққа келді. Арбаға сиыр сүйкеніп жатыр, «өк!» деші. Түйе тұрып кетер, «шөк-шөк!» деп тұрғайсың. Қамыс ішінен тарс тұрс еткен мылтық даусы шықты. Күмп-күмп! пісіп сабадан қымыз құйды. Күлдір-күлдір кісінетіп, күрең мінген бар ма екен? Ал, келдік жаман жерге енді сақтан. Ай-қай! Менің өз үйім.

Қорыту.

Сүйтіп, сөз тұлғасына қарай беске бөлінеді:

- 1) түбір сөз
- 2) туынды сөз (туғын сөз)
- 3) қос сөз
- 4) қосалқы сөз
- 5) қосымшалар



Тасымал.

Жазып келе жатқанда жол аяғында орын аз қалып, сөз сыймайтын болса, ол сөзге тасымал керек, яғни сөзді екі бөліп, бір бөлегін сол жолда қалдырып, екінші бөлегін келесі жолға асыру керек.

Тасымал үшін, әуелі сөзді буынға бөлу, сыймаған буындарын келесі жолға асыру. Бұл туралы ереже мынадай:

1. Тасымалдағанда әр буын бөлінбей, я тұтас қалады, я тұтас асырылады, мәселен: жол аяғында «шақырғанға» деген сөз тұтас сыймады, не істемек керек; сөзді дұрыстап буынға бөлу керек болады: «Ша-қыр-ған-ға», «ша» буынды қалдырып, басқаларын келесі жолға асыруға болады. Я «шақыр» деген буындарын қалдырып басқаларын келесі жолға асыруға болады; я «шақырған» деген буындарын қалдырып, жалғыз «ға» буынды асыруға да болады. Егерде «шақ» деп бөліп, қалғанын асырсақ яки «шақырға» деп бөліп «нға-ны» асырсақ дұрыс болмайды. Неге десең, ереже бойынша буын бөлінбеске тиіс. Мұнда буындар бөлініп тұр, яғни «шақ» деп бөлгенде, «қыр» буын екі бөлініп тұр; «шақырға» деп бөлгенде «ған» буын екі бөлініп тұр.

2. Жалғыз харіф буын бола тұрса-да — қалынбайды да, асырылмайды да; мәселен: «а-ға-лар» дегенде бас буын жалғыз «а». Ереже бойынша бұл «а» өз алдына буын бола тұрсада, қалынбайды, яғни «а»ны ғана қалдырып, басқа буындарын келесі жолға асырмайсыз.

Сүйтіп, жолға сыймайтынан сөзді тасымалдау үшін не істеу керек? Әуелі сөзді буынға дұрыс бөлу; екінші бір буынды бөлмей, тұтас күйінде асыру, үшінші жалғыз харіфті буын бола тұрса да, қалдырмай келесі жолға асыру.

Сынау. Әр түрлі сөздерді алып тасымалдатып үйрету.



*Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатұлы.
Орынбор, 1913 жыл*



«Ғалия» медресесі шәкірттері ортасында. Уфа



Солдан оңға қарай — Халел Ғаббасұлы, Міржақып Дулатұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, М.Әуезов; екінші қатарда — Жүсіпбек Аймауытулы, Әлкей Марғұлан, Абдолла Байтасұлы. Қызылорда, 1926 жыл



Солдан оңға қарай — Жақабай Әтікеұлы, Тұрағұл Абайұлы, Көкбай Жанатайұлы, Мұқан Жәкежанұлы, Ахмет Байтұрсынұлы; түрегеп тұрғандар — Елдес Омарұлы, Сейдәзім Қадырбайұлы, Қажымұқан Мұңайтпасұлы, Міржақып Дулатұлы, Жұбандық Болманбайұлы. Семей, 1918 жыл



Алашорда делегациясы Қытайда. Ортада — Міржақып Дулатұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, жеке шетте отырған — Әсет Найманбайұлы. Шәуешек, 1918 жыл



Ахмет Байтұрсынұлы Қазақ АКСР Халық Комиссарлар Кеңесінде. Орынбор, 1920 жыл



*Ахмет Байтұрсынұлы Түркітанушылардың бүкілодақтық I сиезінде.
Баку, 1926 жыл*



*Ахмет Байтұрсынұлы және Сәкен Сейфуллин зиялылар ортасында.
Алматы, 1928 жыл*



Ахмет Байтұрсынұлы кітаптары



Ахмет Байтұрсынұлы шығарған "Қазақ" газеті



Ахмет Байтұрсынұлының туған өлкесі. Ақкөл.



Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлының әдеби музейі. Торғай.



Алаш арыстары — Мұхтар Дүезов музейі. Семей.



Ахмет Байтұрсынұлы ескерткіші. Қостанай.



Ахмет Байтұрсынұлының мұражай-үйі. Алматы.



*Алаш қайраткерлерінің ескерткіші. Солдан оңға қарай— Әлихан Бөкейхан,
Міржақып Дулатұлы, Ахмет Байтұрсынұлы. Астана.*

Жер жүзінің еңбекшілері, бірігіңдер!

БАЙТҰРСЫН ҰЛЫ АХМЕТ

ТІЛ – ҚҰРАЛ

Сөйлем жүйесі һәм түрлері

III-інші тіл танытқыш кітап

2-нші басылуы

А.Байтурсунов
Грамматика киргизского языка
«Тиль-курал»
Кн. III. Синтаксис

Киргизское государственное издательство
Оренбург, 1924

Қазақстан мемлекет баспаханасы
Орынбор, 1924

СӨЙЛЕМ ЖҮЙЕСІ.

Сөйлем дегеніміз, сөздердің басын құрастырып, біреу айтқан ой. Сөйлегенде, жазғанда, кім де болса, ойын айтады. Ойын айтуға тиісті сөздерді алады-да, олардың басын құрап, біріне бірінің қырын келтіріп, қиындастырады. Қыры келетін сөздер, тұрған күйінде алса да, қиындаса қалады. Қыры келмейтін сөздерді қиындастыру үшін қырларын өзгертіп, қиюын келтіреміз.

Қыры келетін, келмейтін сөздерді мисалмен көрсетейік: «Қыс қатты, қар қалың, күн суық» дегенде үш сөйлем бар. Үшеуінің-де ішіндегі сөздер өзгерілместен алынған һәм өзгерілмей-ақ қырлары келіп, қиындасып тұр. Енді басқа сөйлемдерді алып қарайық:

«Елдің малы далада, біткен жаны жалада, көбі жатыр қалада». Мұнда-да үш сөйлем. Үшеуінің-де ішінде өзгерілмей алынған бір сөз жоқ – бәрі де өзгерілген; һәм өзгеріліп тұр қырларын келтіріп, қиындастыру үшін. Өзгертпей, тұрған-тұрған түпкілікті күйінде алсақ, қырлары жанаспайды, біріне бірі қиындаспайды. Қырларын өзгертпей алып қарайық, не болып шығар екен:

«Ел, мал, дала, біткен, жан, жала, көп, жат, қала» – осы сөздерден: «елдің малы далада, біткен жаны жалада, көбі жатыр қалада» деген ойларды ұғуға болар-ма? – Әрине, болмайды.

Сондықтан ауыздан шыққан сөздің бәрі сөйлем бола бермейді. Айтушының ойын тыңдаушы ұғарлық даражада түсінікті болып айтылған сөздер-ғана сөйлем болады. Сондықтан сөйлемнің жаны – сөздердің басы мағаналы болып құралуы, яғни сөйлемнің мағанасы. Олай болмаса, құр сөздердің басын құрап айтқанмен сөйлем болмайды. Сөйлем ішіндегі сөздердің басын түсінікті етіп құрастыру, сөйлемдерді түсінікті етіп жасау туралы сөз табиғатынан шыққан түрлі заңдар, тәртіптер бар, яғни өз алдына білерлік толып жатқан білімдер бар. Ол білімдер **сөйлем жүйесі** деп аталады.

Сөйлем жүйесі екіге бөлінеді: бірі сөйлем ішіндегі сөздер турасындағы білім; екіншісі сөйлем түрлері турасындағы білім. Сөйлем ішіндегі сөздер **сөйлем мүшелері** деп аталады.

БІРІНШІ БӨЛІМ.

Сөйлем мүшелері.

Сөйлем мүшелері **тұрлаулы-тұрлаусыз** болып, екіге бөлінеді. **Тұрлаулы мүше** болады сөйлем болған жерде қалмай айтылатын сөздер, яки қалса да, қалғандығы сезіліп тұратын сөздер. Мәселен: «*асыл тастан, ақыл жастан*» дегенде, яки «*баланы жастан, қатынды бастан*» дегенде: бірінші мисалда «*шығады*» деген сөз, екінші мисалда «*үйрет*» я «*үйрету*» деген сөз қалып тұрғаны сезіліп тұр. Я болмаса, «*жығылған күреске тоймас*» яки «*аузы күйген үріп ішер*» деген сөйлемдердің біріншісінде-де, екіншісінде-де «*адам*» деген сөз қалып тұрғаны анық сезіледі. Толықтырып айтсақ, бұлай дер едік: «*асыл тастан шығады, ақыл жастан шығады*»; «*баланы жастан үйрет, қатынды бастан үйрет*»; «*жығылған адам күреске тоймас*»; «*аузы күйген адам үріп ішер*».

Тұрлаусыз мүше деп айтады — сөйлем ішінде бірде болып, бірде болмайтын сөздер, яғни керек болған жерде айтылып, керек болмаған орында айтылмай қалып отыратын сөздер, һәм қалған жерде, қалғандығы ашық сезілмейтін сөздер.

Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері екеу: 1) **бас мүше**, 2) **байаншы мүше**.

Бас мүше дейміз — сөйлем ішіндегі сөздер байланатын қазық сөз. Ол қазық сөз болатын қандай сөз? — сөйлегенде бір нәрсенің жайынан, ғамалынан, болмысынан сөйлейміз. Сөйлем ішінде сол нәрсенің атын көрсететін сөз **бас мүше** болады. Ол нәрсенің жәйін, ғамалын, болмысын айтатын, байандайтын сөз **байаншы мүше** болады. Бұлар бас мүше мен байаншы мүшенің ішкі белгілері. Бұлардан басқа тысқы белгілері бар. Бас мүшенің тысқы белгілері: **кім?не?** деген сұрауларға жауап беру. Байаншы мүшенің тысқы белгілері: **не етпек? не қылмақ? қай етпек? не болмақ? нешік? немене? қалай? кімдікі? ненікі? қайсы?** деген сұрауларға жауап беру.

Жеңілдік үшін бас мүше — **бастауыш** деп, байаншы мүше — **байандауыш** деп аталады. Мұнан былай жеңілдік үшін бас мүше, байаншы мүше деп жатпай, **бастауыш, байандауыш** деп қысқа түрлерін тұтынамыз.

Бір неше сөйлемдерді мисалға алып, бастауыш пен байандауыш қалай табылатынын көрейік.

§ 1. Бастауыш.

Бастауыш болатын сөз таптары:

Әуелі — бастауыш болатын зат есім атау күйінде. Мисал: *Бала ойнай-*

ды. *Ат шабады. От жанады.* Бұл сөйлемдердің ішінде бастауыш қай сөз екенін әуелі ішкі белгісімен⁴⁵ тауып қарайық. Олай табу үшін мисалға алынған сөйлемнің әрқайсысында не туралы сөйленіп тұрғанын ашу керек.

1-сөйлем: *Бала ойнайды.* Мұнда кім турасынан сөйленіп тұр? — Бала турасынан.

2-сөйлем: *Ат шабады.* Мұнда не турасынан сөйленіп тұр? — Ат турасынан.

3-сөйлем: *От жанады.* Мұнда не турасынан сөйленіп тұр? — От турасынан.

Сүйтіп, бұл сөйлемдерде *бала, ат, от* турасынан сөйленген болып шықты. Олай болса, бұл сөздерде бастауыштың ішкі белгілері бар, нәм сондықтан бұлар бастауыш болуға тиіс.

Енді тысқы белгілерімен тауып қарайық. Олай табу үшін **кім? не?** деп сұрау салу керек. Сол сұрауға қай сөз жауап берсе, яғни қай сөз сұрауға жауап болып табылса, сол сөз бастауыш болмақ. 1-сөйлем: *Бала ойнайды.* Кім ойнайды? — *Бала.* 2-сөйлем: *Ат шабады.* Не шабады? — *Ат.* 3-сөйлем: *От жанады.* Не жанады? — *От.* Сүйтіп, бұл сөйлемдерде **кім? не?** деген сұрауларға жауап берген сөздер: *бала, ат, от* болып шықты. Олай болса, бұл сөздерде бастауыштың тысқы белгілері бар болып табылды. **Ішкі** нәм **тысқы** екі белгісі-де бар болған соң бұл сөздер **бастауыш** болады.

Бала, ат, от — атау тұлғасындағы тұрған зат есімдер.

Екінші бастауыш болатын сын-есім атау күйінде. Мисал: *Көп қорқытады; терең батырады.* Бұл сөйлемдерде сөйленіп, сөз болып отырған *көп* пен *терең*. Солай болған соң ішкі белгісі бойынша бастауыш *көп, терең* болуға тиіс. Тысқы белгісімен қарағанда: кім қорқытады? — *көп, не батырады?* — *терең.* Мұнда да **кім? не?** деген сұрауларға жауап беріп тұрған *көп, терең* деген сөздер. Ішкі нәм тысқы белгісі бірдей табылып тұрған соң, бұл сөздер бастауыш болады. *Көп, терең* деген сөздер атау тұлғасында тұрған сын-есімдер.

Үшінші — бастауыш болатын сан-есім атау күйінде. Мисал: *Берерменге бесеу көп. Біреу тойып секіреді.* Ішкі белгісі бойынша бастауыш *бесеу, біреу* болуға тиіс, үйткені 1-сөйлемде сөз болып отырған *бесеу*, 2-сөйлемде *біреу* деген сөздер.

Тысқы белгісі мен іздесек: берерменге не көп? — *бесеу*, кім тойып секіреді? — *біреу.*

Бұл бастауыштың тысқы белгілері *бесеу, біреу* деген сөздерден табылғандығын көрсетеді. Ішкі, тысқы екі белгісі де осы *бесеу, біреу* деген сөздерден табылған соң бастауыш осылар болады.

⁴⁵ Түпнұсқадағы қалпы сақталды — ред.

Бесеу, біреу атау күйінде тұрған сан-есімдер.

Төртінші — бастауыш болатын есімдік атау күйінде. Мисал: *Мен келдім; сен кеттің. Ол терең; бұл тайыз.*

1-сөйлемде *мен* туралы, 2-сөйлемде *сен* туралы, 3-сөйлемде *ол* туралы, 4-сөйлемде *бұл* туралы сөйленіп тұр. Сондықтан *мен, сен, ол, бұл* бастауыш болады. Бұл ішкі белгісі бойынша. Енді тысқы белгісі мен қарайық: *Кім келді?* — *мен*, *кім кетті?* — *сен*, *не терең?* — *ол*, *не тайыз?* — *бұл*. **Кім? не?** деген сұрауларға жауап беріп тұрған сөздер: *мен, сен, ол, бұл*; сондықтан бұл сөздер бастауыш болатыны даусыз.

Сүйтіп, *мен, сен, ол, бұл* деген сөздер ішкі белгісі-мен де бастауыш болып шығып тұр.

Бұл сөздер атау күйінде тұрған есімдіктер.

Бесінші — бастауыш болатын етістіктің тұйық райында һәм зат-есім мен есімшеге айналған түрлерінде. Мисал: *Алыспақ жоқ; атыспақ бар. Оқу оңайланды. Жығылған күреске тоймас.*

Мұнда сөз болып отырғандар: 1-сөйлемде *алыспақ*, 2-сөйлемде *атыспақ*, 3-сөйлемде *оқу*, 4-сөйлемде *жығылған*.

Ішкі белгісінше *алыспақ, атыспақ, оқу, жығылған* бастауыш болады. *Не жоқ?* — *алыспақ*, *не бар?* — *атыспақ*, *не оңайланды?* — *оқу*, *кім күреске тоймас?* — *жығылған*. Тысқы белгісінше де бастауыш болатын сол сөздер.

Алыспақ, атыспақ етістіктің тұйық райында тұрған сөздер; *оқу* етістіктің зат-есімге айналған түрінде тұрған сөз; *жығылған* етістіктің есімшеге айналған түрінде тұрған сөз.

Алтыншы — бастауыш болатын⁴⁶ үстеу һәм үстеу орнында жүретін сөздер. Мисал: *Әрі алыстатады⁴⁷, бері жақындатады, шапшаң асықтырады, соңыра кешіктіреді.* Бұл сөйлемдерде *әрі, бері, шапшаң, соңыра* туралы сөйленіп тұр. Бұлар бастауыш болу керек. Бұл ішкі белгісінше. *Не алыстатады?* — *әрі*, *не жақындатады?* — *бері*, *не асықтырады?* — *шапшаң*, *не кешіктіреді?* — *соңыра*. Сұрау бойынша-да, яғни тысқы белгісі бойынша-да *әрі, бері, шапшаң**, *соңыра* деген сөздер бастауыш болады.

Бұл төрт сөздің төртеуі де үстеулер; яки үстеу орнына жүретін сөздер.

Жетінші — бастауыш болатын демеу һәм демеу орнында жүретін сөздер. Мисал: *«Әлде» аз айтылады, «я» көп айтылады, «яки» сирек айтылады.* Бұл сөйлемдерде сөз болып тұрған *«әлде», «я», «яки»*. Бұлар сондықтан бастауыш болуға тиіс. Бұл ішкі белгісінше.

⁴⁶ Баспа тарапынан жіберілген қате жөнделді — ред.

⁴⁷ Баспа тарапынан жіберілген қате жөнделді — ред.

* Шапшаң — үстеу орнына жүретін сын есім.

Не аз айтылады? — «әлде», не көп айтылады? — «я», не сирек айтылады? — «яки».

Тысқы белгісінше-де «әлде», «я», «яки» бастауыш болып шығады.

«Әлде», «я», «яки» деген сөздер демеулер.

Сегізінші — бастауыш болатын жалғаулық һәм жалғаулық орнына жүретін сөздер. Мисал: «*Үшін*» үш айтылғанда, «арқылы» бір айтылмайды. Мұнда сөз болып тұрған «*үшін*» һәм «арқылы». Сондықтан бұлар бастауыш болады дейміз. Бұл ішкі белгісіне қарап айтып тұрғанымыз.

Енді тысқы белгісіне қарайық. Не үш айтылғанда? — «*үшін*». Не бір айтылмайды? — «арқылы». Тысқы белгісі бойынша да бастауыш болатын «*үшін*» мен «арқылы». «*Үшін*», «арқылы» деген сөздер жалғаулықтар.

Тоғызыншы — бастауыш болатын одағай. Мисал: «*А, Құдай!*», «*О, Құдай*» сыйынғанның белгісі; «*тек!*», «*тәйт!*», «*шәйт!*» бұйырғанның белгісі. Мұнда сөз болып тұрған «*А, Құдай!*», «*О, Құдай!*», «*тек!*», «*тәйт!*», «*шәйт!*». Сондықтан бұл сөздер бастауыш болады. Бұл ішкі белгісі мен білгеніміз.

Енді тысқы белгісі мен қарайық. Не сыйынғанның белгісі? — «*А, Құдай!*», «*О, Құдай!*», не бұйырғанның белгісі? — «*тек!*», «*тәйт!*», «*шәйт!*». Тысқы белгісі мен-де бұл сөздер бастауыш болып шықты.

«*А, Құдай!*», «*О, Құдай!*», «*тек!*», «*тәйт!*», «*шәйт!*» деген сөздер одағайлар.

Оныншы — бастауыш болады бүтін сөйлем.

Мисал: «*Сенікі, менікі*» деген көңіл тарлығы; «*Әрі жат! Бері жат!*» деген төсек тарлығы.

Мұнда айтылып тұр «*менікі, сенікі деген*» һәм «*Әрі жат! Бері жат!*» деген» туралы. Сондықтан бұл сөйлемдер ішкі белгісі бойынша бастауыш болуға тиіс. Тысқы белгісі бойынша не болып шығар екен?

Не көңіл тарлығы? — «*сенікі, менікі деген*». Не төсек тарлығы? — «*Әрі жат! Бері жат!*» деген». Тысқы белгісі бойыншада бұл сөйлемдер бастауыш болып шықты.

Сүйтіп, енді қорытып айтқанымызда: бастауыш болады сөз таптарының тоғызы-да, яғни 1) зат есім, 2) сын-есім, 3) сан-есім, 4) есімдік, 5) етістік, 6) үстеу, 7) демеу, 8) жалғаулық, 9) одағай жана бүтін сөйлемдер.

Қосарлы бастауыш. Бастауыш бір сөз бен айтылмай, бір неше сөз бен айтылса, **қосарлы** яки **күрделі** деп айтамыз.

Мисалдар: 1) *Тамағы жоқтық таптырар.* Мұнда тамақ жоқтық жайынан айтылып тұр. Не таптырар? — *тамағы жоқтық* (бастауыш екі сөз бен айтылып тұр).

2) *Асық ойнаған азар.* Мұнда асық ойнаған туралы айтылып тұр. Кім азар? — *асық ойнаған.*

3) *Жөнге тартқан жөндер.* Мұнда жөнге тартқан туралы айтылып тұр. Кім жөндер? — *жөнге тартқан.*

4) *Сыпыра жалмаң жалмар.* Мұнда сыпыра жалмаң жайынан айтылып тұр. Кім жалмар? — *сыпыра жалмаң.*

5) *Тоны жаман тоңар.* Мұнда тоны жаман туралы айтылып тұр. Кім тоңар? — *тоны жаман.*

6) *Жеті атасын білмеген — жетім.* Мұнда жеті атасын білмегеннің жайынан айтылып тұр. Кім жетім? — *жеті атасын білмеген.*

Асылында бастауыш болатын **зат-есім**. Бастауыш болған жерде зат-есім болмай қалмайды. Бірақ, бірде айтылады, бірде айтылмай ойда тұрады. Зат-есімнен басқа бастауыш болған сөздер зат-есімнің орнында яки арқасында бастауыш бола алады. Жоғарыда мисалға алынған сөйлемдерде сөйлеу бөлімдерінің бәрі бастауыш болуға жарайтын болып шықты. Түбін қазып қарастыра келгенде, солардың бәрі де (зат-есімнен басқасы) бастауыш болып тұрғандары я зат-есімнің орнында тұрғандықтан я зат-есімнің көмегі болғандықтан. Сол бастауыштардың түбін қазыңқырап, қарастырып көрейік, қалай бастауыш болып тұр екен.

Зат-есімнен басқа бастауыш болып тұрған:

әуелі — сын-есім. Мисалға алынған: *Көп қорқытады; терең батырады.* «Көп қорқытады» дегенде, қорқытатын көп, шөп емес, әрине, адам. *Терең батырады* дегенде де батыратын *терең су* екені анық. Олай болса, мұндағы көп пен *терең* — көп адам, *терең су* деген сөздердің орнында тұр. Жеңілдік үшін *адам* һәм *су* деген сөздер айтылмаған, бірақ⁴⁸, ойда тұр.

Екінші — сан-есім. Мисалға алынған: *Берерменге бес-де⁴⁹ көп, аларманға алты-да аз. Біреу тойып секіреді. Бес де, алты да* дегенде, мұнда нәрсе көңілде тұр. Құр-ғана сан болса, азсынуға да, көпсінуге де орын болмас еді. *Бесеу, алтау* нәрсесіз құр сан болса, берермен бесеу түгіл, мыңын көпсінбес еді, аларман алтау түгіл, бірін-де азсынбас еді. Берермен көпсінетіні, аларман азсынатыны — берілетін-алынатын құр сан емес, нәрсе болғандығы. Мұндағы *бесеу* мен *алтау* сан ғана емес, нәрсені де көрсетіп тұр.

Сондай ақ: *біреу тойып секіреді* дегенде, әрине, сан секірмейді, олай болса, *біреу* деген сөз мұнда зат-есім орнында тұр.

⁴⁸ Түпнұсқадағы қалпы сақталды — ред.

⁴⁹ Түпнұсқадағы қалпы сақталды — ред.

Үшінші — есімдік. Мисалға алынған: *Мен келдім; сен кеттің*⁵⁰. *Ол терең*⁵¹, *бұл тайыз*.

Есімдік, өзі есім орнына жүретін сөз болған соң бастауыш болған есімдіктер зат-есім орнында тұрғаны анық. *Мен, сен, ол, бұл* — бәрі де зат-есім орнына жүретін есімдіктер.

Төртінші — етістік. Мисалға алынған: *Алыспақ жоқ, атыспақ бар. Оқу оңайланды. Жығылған күреске тоймас. Алыспақ, атыспақ*, деген сөздер бұл жерде *алысу, атысу* деген сөздердің орнына тұр.

Алысу, атысу, оқу — іс есімдерін көрсететін етістіктен шыққан зат-есімдері. «*Жығылған күреске тоймас*» дегенде, күреске тоймайтын жығылған мал я ағаш емес, адам екендігі анық. Солай болған соң «*жығылған*» деген сөздің бастауыш болып тұрғаны — «*жығылған адам*» дегеннің орнында тұрғандықтан. Жеңілдік үшін «*адам*» айтылмаған, бірақ көңілде тұр.

Бесінші — үстеу. Мисалға алынған: *Әрі алыстатады, бері жақындатады, шапшаң асықтырады, соңыра кешіктіреді*. Жеңілдік үшін қысқартпай айтқанда, бұл сөздер бұлай айтылар еді:

Әрі деу алыстатады, бері деу жақындатады. Шапшаң деу асықтырады, соңыра деу кешіктіреді.

«*Деу*» деген сөз бәрінде де айтылмаған. «*Деу*» — етістіктен шыққан зат-есім. «*Әрі*», «*бері*», «*шапшаң*», «*соңыра*» деген сөздердің бастауыш болып тұрғандары «*әрі деу*», «*бері деу*», «*шапшаң деу*», «*соңыра деу*» орнында болғандықтан.

Бастауыш болған демеу, жалғаулық, одағай — бәрі-де осы рет пен болып тұр.

Сүйтіп, түбін қазып қарастырып келгенде, бастауыш болатын — зат-есім. Басқа сөз таптары зат-есімнің орнында немесе арқасында ғана бастауыш бола алады.

§ 2. Байандауыш.

Байандауыш болатын сөз таптары.

Әуелі байандауыш болады етістік. Мисал: *Қой үрікті. Ит үрді. Адам айқайлады*.

Бұл сөйлемдердің ішінде байандауыш болатын қай сөз екенін әуелі ішкі белгісі мен тауып қарайық. Байандауыш болмақ керек қандай сөздер? — жоғарыда айтуымыз бойынша, байандауыш болатын сөз бастауыш атаған нәрсенің не ғамалын, не жәйін, не болмысын көрсету керек. Олай болса,

⁵⁰ Баспа тарапынан жіберілген қате жөнделді — ред.

⁵¹ Баспа тарапынан жіберілген қате жөнделді — ред.

алынған сөйлемдердің ішіндегі бастауышты тауып, сонан соң ол бастауыш атаған нәрсенің я ғамалын, я жәйін, я болмысын көрсететін сөзді табу керек.

1-сөйлем: *Қой үрікті.*

Не үрікті? — *қой*. Бастауыш *қой* деген сөз болып шықты.

Үрікті деген сөз иттің не істегенін, яғни ғамалын көрсетіп тұр.

2-сөйлем: *Ит үрді.*

Не үрді? — *ит*. Бастауыш *ит* деген сөз болып шықты.

Үрді деген сөз иттің не істегенін, яғни ғамалын көрсетіп тұр.

3-сөйлем: *Адам айқайлады.*

Кім айқайлады?⁵² — *адам*. Бастауыш *адам* деген сөз болып шықты.

Айқайлады деген сөз адамның не істегенін, яғни ғамалын көрсетіп тұр.

Сүйтіп, бұл сөйлемдердің ішінде бастауыш атаған нәрселердің ғамалын көрсетуші *үрікті*, *үрді*, *айқайлады* деген сөздер болып шықты; яки екінші сөз бен айтқанда, байандауыштың ішкі белгісі осы сөздерге келеді. Сондықтан бұл сөздер байандауыш болуға тиіс.

Енді тысқы белгісі мен тауып көрейік.

Байандауыштың тысқы белгісі «не етпек?» «не қылмақ?» «қайтпек?» «не болмақ?» «нешік?» «немене?» «қалай?» «кімдікі?» я «ненікі?» «қайсы?» деген сұрауларға жауап беру. Сондықтан бұл сұраулар **байандауыш сұраулары** деп аталады.

Алынған сөйлемдер ішінде қай сөз байандауыш сұрауларына жауап берер екен, қарайық.

1-сөйлем: *Қой үрікті.*

Қой не етті? — *үрікті*.

2-сөйлем: *Ит үрді.*

Ит қайтті? — *үрді*.

3-сөйлем: *Адам айқайлады.* Адам не қылды? — *айқайлады*.

Мұнда «не етті?» «қайтті?», «не қылды?» деген байандауыш сұрауларына жауап беріп тұрған тағы сол *үрікті*, *үрді*, *айқайлады* деген сөздер. Олай болса, байандауыштың тысқы белгілері де осы сөздерге келіп тұр. Ішкі, тысқы белгісі бірдей келген соң, байандауыш осы сөздер. *Үрікті*, *үрді*, *айқайлады* деген сөздер — етістіктер.

Байандауыш болады етістіктің есімше нәм көсемше түрлері-де. Етістік есімше түрінде дара күйінде-де, қосар түрінде-де байандауыш болады. Етістік көсемше түрінде жалғыз-ғана қосар күйінде байандауыш болады. Екеуіне-де мисал келтірейік. Есімше дара күйінде байандауыш болатынына мисалдар:

⁵² Баспа тарапынан жіберілген қате жөнделді — ред.

1) Мен — сөйлеушімін, сен — тыңдаушысың. Мұнда мен һәм сен жайынан айтылып тұр (бұл ішкі белгілері мен қарағандағысы).

Сөйлеуші кім? — мен. Мен немене? — сөйлеушімін. Тыңдаушы кім? — сен. Сен немене? — тыңдаушысың (бұл тысқы белгілері мен қарағандағысы).

2) Заман өзгерген; білім күшейген. Мұнда «заман» һәм «білім» жайынан айтылып тұр.

Заман жайынан өзгергендігі, білім жайынан күшейгендігі айтылып тұр (ішкі белгілері).

Не өзгерген? — заман. Заман не еткен? — өзгерген. Не күшейген? — білім. Білім не еткен? — күшейген (тысқы белгілері).

3) Біреу беретін, біреу алатын.

4) Мұнда біреу жайынан сөйленіп тұр. Біреу жайынан беретіндігі мен алатындығы сөйленіп тұр (ішкі белгілері). Кім беретін? — біреу. Біреу не ететін? — беретін. Кім алатын? — біреу. Біреу не ететін? — алатын (тысқы белгілері).

Есімше қосар күйінде байандауыш болатынына мисалдар:

1) Бала жылай берген.

Кім жылай берген? — бала (бастауыш). Бала не қылған? — жылай берген (байандауыш).

2) Оспан оқып жүрген.

Кім оқып жүрген? — Оспан (бастауыш). Оспан не қылған? — оқып жүрген (байандауыш).

3) Асан айтқан екен.

Кім айтқан екен? — Асан (бастауыш). Асан не қылған? — айтқан екен (баяндауыш).

Көсемше байандауыш болатынына мисалдар.

1) Ат тулай берді.

Не тулай берді? — ат (бастауыш). Ат не қылды? — тулай берді (байандауыш).

2) Әлжан алып берді.

Кім алып берді? — Әлжан (бастауыш). Әлжан не қылды? — алып берді (байандауыш).

3) Тауық ұша алмайды.

Не ұша алмайды? — тауық (бастауыш). Тауық не ете алмайды? — ұша алмайды⁵³ (байандауыш).

5) Ақын айта беріпті.

Кім айта беріпті? — ақын (бастауыш). Ақын не етіпті? — айта беріпті (байандауыш).

⁵³ Баспа тарапынан жіберілген қате жөнделді — ред.

Екінші — байандауыш болатын сын-есім. *Қыс жақсы. Мал семіз. Ел тоқ.* Не жақсы? — *қыс*. Не семіз? — *мал*. Кім тоқ? — *ел*. *Қыс, мал, ел* — бастауыштар. Байандауыш болатын сөз әуелі ішкі белгісі келу үшін бастауыш атаған нәрсенің, яғни қыстың, малдың, елдің яғмалын, я жәйін, я болмысын көрсету керек, екінші байандауыштың тысқы белгісі болған сұрауларға жауап беру керек.

Қалай болар екен, қарайық.

1-сөйлем: *Қыс жақсы. Қыс қалай?* — *жақсы*.

2-сөйлем: *Мал семіз. Мал қалай?* — *семіз*.

3-сөйлем: *Ел тоқ. Ел қалай?* — *тоқ*.

Мұнда *жақсы, семіз, тоқ* деген сөздер қыстың, малдың, елдің жәйін-күйін көрсетіп тұр һәм «*қалай?*» деген байандауыш сұрауына жауап беріп тұр.

Ол байандауыштың ішкі-тысқы белгісі бірдей осы сөздерге келгенін көрсетеді. Сондықтан бұл сөздер байандауыш болады.

Жақсы, семіз, тоқ деген сөздер сын-есімдер.

Үшінші — байандауыш болады зат-есім. Мисал: *Ат — көлік. Атишы — кісі. Қамшы — қару*⁵⁴.

Не көлік? — *ат*. Кім кісі? — *атишы*. Не қару? — *қамшы*. *Ат, атишы, қамшы* — бастауыштар. Байандауыш болатын сөзде оның ішкі-тысқы белгілері болу керек.

Ат немене? — *көлік*. *Атишы* немене? — *кісі*. *Қамшы* немене? — *қару*. *Көлік, кісі, қару* деген сөздер аттың, атишының, қамшының немене болатынын, яғни болмысын айтып тұр. Сондықтан бұлар байандауыштың ішкі белгісіне тура келеді.

Көлік, кісі, қару деген сөздер «немене?» деген байандауыштың сұрауына да жауап беріп тұр. Бұл тысқы белгісіне тура келгені, байандауыштың ішкі, тысқы белгісіне бірдей келген соң бұл сөздер әрине, байандауыш болмақ.

Көлік, кісі, қару зат-есімдер.

Төртінші — бастауыш болатын сан-есім. Мисал: *Ер кезегі — үш*. Не үш? — *ер кезегі*. *Ер кезегі* деген сөз бастауыш.

Байандауыш болатын сөзде оның ішкі-тысқы белгілері болу керек.

Ер кезегі немене? — *үш*. *Үш* деген сөз ер кезегінің немене болатынын айтып тұр. Болмысын айтып тұрған соң, бұл сөз байандауыш болмақ (ішкі белгісі бойынша).

Үш деген сөз «немене?» деген байандауыштың сұрауына жауап беріп

⁵⁴ Баспа тарапынан жіберілген қате жөнделді — ред.

түр. Бұл тысқы белгісінің-де осы сөзден табылғанын көрсетеді. Ішкі-тысқы белгісі келгені «үш» деген сөз байандауыш болғанын көрсетеді.

Үш деген сөз сан-есім.

Бесінші — байандауыш болатын есімдік. Мисал: *Медеуі — мен. Омары — ол. Өтегені — өзі. Кім мен? — Медеуі. Олы кім? — Омары. Өзі кім? — Өтеген. Медеуі, Омары, Өтегені* деген сөздер — бастауыштар. Байандауыш болатын сөзде оның ішкі-тысқы байандауыш белгісі боларға тиіс.

Медеуі қайсы? — мен. Омары қайсы? — ол. Өтегені қайсы? — өзі. Мен, ол, өзі деген сөздер Медеуінің, Омарының, Өтегенінің кім болатындығын айтып тұр. Болмысын айтып тұрған соң, бұл сөздер байандауыш болады.

Оның үстіне *мен, ол, өзі* деген сөздер «қайсы?» деген байандауыш сұрауына жауап беріп тұр.

Ішкі-тысқы белгісі бірдей келген соң, бұл сөздер әрине байандауыш болады.

Мен, ол, өзі деген сөздер есімдіктер.

Алтыншы — етістік пен қосыла одағай һәм басқа сөздер байандауыш болады. Мисал: *Мылтық тарс етті. От жылт етті. Күн жаз болды. Ет аз болды. Беретіні бес екен.*

Не тарс етті? — мылтық. Не жылт етті? — от. Не жаз болды? — күн. Не аз болды? — ет. Не бес екен? — беретіні.

Мылтық, от, күн, ет, беретүні деген сөздер — бастауыштар. Байандауыш болатын сөзде оның ішкі-тысқы байандауыш белгісі боларға керек. *Мылтық не етті? — тарс етті. От не етті? — жылт етті. Күн не болды? — жаз болды. Ет не етті? — аз болды. Беретіні немене екен? — бес екен. Тарс етті, жылт етті, жаз болды, аз болды, бес екен* деген сөздер мылтықтың, оттың, күннің, еттің, беретінінің ғамалдарын, жайларын, болмыстарын айтып отыр. Онымен тұрмай жанада байандауыш сұрауларына жауап беріп тұр. Сондықтан ол сөздер байандауыш болады.

«Тарс етті» дегенде, «тарс» — одағай, «етті» — етістік.

«Жылт етті» дегенде, «жылт» — одағай, «етті» — етістік.

«Жаз болды» дегенде «жаз» — зат-есім, «болды» — етістік.

«Аз болды» дегенде, «аз» сын-есім, «болды» — етістік.

«Бес екен» дегенде, «бес» сан-есім, «екен» — етістік.

Мұнан көрініп тұр: бәріңде-де түрлі сөздер етістікке қосылып, байандауыш болып шыққаны. Осындай екі сөзден, яки үш сөзден, әйтеуір, бір емес, бір неше сөзден, қосылып болған байандауыш қосарлы яки күрделі деп аталады.

Жетінші — байандауыш болады — бүтін сөйлем.

Мисал: «*Білемін*» деген — «*бүлемін*» деген. Не «*бүлемін*» деген болады? — «*білемін*» деген (бастауыш). «*Білемін*» деген немене? — «*бүлемін*» деген (байандауыш). Бұл — тысқы белгісі мен табу. Ішкі белгісі мен қарайық: мұнда не жайынан айтылып тұр? — «*білемін*» дегеннің жайынан. Оның жайынан не айтылып тұр? — оның «*бүлемін*» деген болатындығы айтылып тұр. Бұл алынған мисалда бастауыш-та, байандауыш-та бүтін сөйлемнен болған.

Байандауыш бастауышқа жақтары мен-ғана жанасып, қиындасады.

Мисал: *Мен кітап оқыдым. Сен жазу жаздың. Ол шай қайнатты. Мен жаспын, сен жассың, ол жас, біз жаспыз, сіз жассыз.* Мұнда әр жақ өз жағы мен жанасып, қиындасып тұр.

Мен кітап оқыды, сен жазу жазды, ол шай қайнаттым яки шай қайнаттың деп айтылмайды. Сөйлем ішіндегі сөздер қиындаспай кетеді.

Мұндай әр жақ өз жағы мен жанасу жалғыз етістіктен болған байандауышта емес, басқа сөз таптарынан болған байандауыштар да бар.

Мисал: мен жаспын, сен жассың, ол жас, біз жаспыз, сіз жассыз, басқалары жана солай. Бірақ «да», «де» демеулер қосылғанда, бұл ымыра бұзылып, «да» айтылады.

Мисал: *мен-де жас; сен-де жас; ол-да жас. Біз-де жас; сіз-де жас; олар-да жас.*

Ескерту. Етістіктен болған байандауыштардағы ымыра «да», «де» демеулер қосылса да, бұзылмайды.

Байандауыш жекелік, көптік жүзінен-де ымыраласады. Бірақ ол ымырасы толық ғәм тұрақты емес.

Мисал: *мен барамын; сен барасың; ол барады. Біз барамыз; сіз барасыз яки сендер барасыңдар; олар барады* («барадылар» орнына «барады» болып тұр). *Мен саумын; сен саусың; ол сау. Біз саумыз; сіз саусыз яки сендер саусыңдар, олар сау* («саулар» орнына «сау» ғана болып тұр). Мұнан не көрініп тұр? Жекелік, көптік жүзінен, бірінші жақтарында байандауыш бастауышпен ымыраласып, үшінші жаққа келгенде, көпше айтылмай, ымырадан шығып кететіні көрініп тұр.

Сүйтіп, байандауыш бастауыш пен жеке айтылғанда, үш жағы мен ымыраласып, көпше айтылғанда, үшінші жағы мен ымыраласпайтын болып шықты.

Басым жақ.

Бастауыш бір жақты болса, байандауыш оны мен айтылған түрде ымыраласады. Бастауыш әр жақты болса, яғни бастауыш біреу емес, бір неше болса һәм әр қайсысы әр жақты болса, онда байандауыш басым жағы мен ымыраласады.

Бізге мағлұм бірінші жақ — айтушы, екінші жақ — тыңдаушы, үшінші жақ — бөгделік. Бірінші, екінші, үшінші жақ қатар келгенде, айтушы сөзді өзіне орайлай сөйлегендіктен бірінші жақ екінші һәм үшінші жақтан басым болады. Сондықтан айтушы мен тыңдаушы екеуінің бірдей ғамалын, жәйін, болмысын көрсететін байандауыш — о да бірінші жақ пен айтылады. Мисал: 1) *Мен, сен — екеуіміз барамыз.* 2) *Мен, сен, Омар — үшеуіміз кетеміз.* Бірінші мисалда *мен, сен* екеуі де бастауыш. Екеуі екі жақ: *мен* — бірінші жақ, *сен* — екінші жақ. Бұл екеуінің бірдей ғамалын көрсетіп тұрған ортақ байандауыш «барамыз» бірінші жақ пен-ғана айтылып тұр.

Екінші мисалда: *мен, сен, Омар — үшеуі де — бастауыш.* Үшеуі — үш жақ. *Мен* — бірінші жақ. *Сен* — екінші жақ. *Омар* — үшінші жақ. Бұл үшеуінің бірдей ғамалын көрсетіп тұрған ортақ байандауыш «кетеміз» бірінші жақпен-ғана айтылып тұр.

Бірінші, екінші, үшінші жақ — үшеуі қатар келген жерде бірінші жақ басым болады деген — осы.

Айтушы жақ өзін қоспай, тыңдаушы мен бөгделік жақты сөз қылғанда, сөзді тыңдаушы жағына орайлай сөйлейді. Сондықтан екінші жақ үшінші жақтан басым болады. Тыңдаушы мен бөгделік — екеуінің ғамалын, жәйін, болмысын көрсететін байандауыш екінші жақ пен айтылады. Мисал: *Сен, Омар екеуің келерсіңдер.* Бұл мисалда «сен», «Омар» — екеуі де бастауыш. Екеуі екі жақ. *Сен* — екінші жақ; *Омар* — үшінші жақ. Екеуінің ғамалын бірдей көрсетіп тұрған байандауыш «келерсіңдер» екінші жақпен айтылып тұр. Екінші, үшінші жақ екеуі қатар келген жерде, екінші жақ басым болады дегеннің мағанасы — осы.

Қосарлы байандауыш.

Жоғарыда айтылды: байандауыш екі яки үш, әйтеуір бір сөз емес, бірнеше сөзбен айтылған болса, «қосарлы» байандауыш болады деп.

Жай байандауыш жай етістікпен айтылады, қосарлы байандауыш көмекші етістіктер қосылып айтылғанда болады. Бірақ етістік жүрмеген жерде байандауыш болмайды. Етістіктен басқа сөз таптары байандауыш болса, олар етістік көмегі мен-ғана бола алады. Оларға көмек болатын көбінесе көмекші

етістіктер. Етістік көмегі үртіс көріне болмай, көрінбей болатын-да орындары бар. Бірақ түбін қазып, қарастырып келгенде байандауыш болған жерде етістік бар екені даусыз болып шығады.

Етістік көмегі көріне болатын орындары мен көрінбей болатын орындарына мисал келтіріп көрейік.

1) *Күн жаз болды; 2) Ет аз болды.*

Мұнда бірінші мисалда *күн* — бастауыш, *жаз болды* — байандауыш. Екінші мисалда *ет* — бастауыш, *аз болды* — байандауыш. *Жаз болды, аз болды* деген байандауыштың екеуі-де екі-екі сөзбен айтылған. Екі сөзбен айтылған соң бұлар қосарлы байандауыш болады. Қосарлы байандауыш болады көмекші етістік қосылған жерде. Бұл екі байандауыш та «жаз болды», «аз болды» дегенде, «болды» көмекші етістік екендігі көзге көрініп тұр⁵⁵.

2) *Ағаш көркі — жапырақ; 2) Адам — көркі шүберек.* Мұнда бірінші мисалда: бастауыш — *көркі*, екінші мисалдада бастауыш — *көркі*. Байандауыш бірінші мисалда — *жапырақ*, екінші мисалда — *шүберек*.

Жапырақ, шүберек деген сөздер етістік көмегісіз-ақ байандауыш болып тұрған сияқты көрініп тұр. Шынында олай емес, мұнда-да етістіктің жасырын көмегі бар. Ол көмегі көрінеді егерде жоғарыдағы мисалға алынған сөйлемдерді қысқартпай толық түрінде айтсақ; мәселен: *Ағаш көркі жапырақ болады; Адам көркі шүберек болады* десек, қысқартып айтқанда, көрінбей тұрған көмекші⁵⁶ етістік — «болады» толықтырып айтқанда шыға келеді.

Етістік көмегі мен байандауыш болатын сөйлеу бөлімдері: **1) зат-есім, 2) сын-есім, 3) сан-есім, 4) есімдік, 5) етістік (есімше ыәм көсемше түрінде).**

Мисал: 1) *Жаман жүрісінен құл болады; 2) Жақсы жүрісінен бұл болады. 3) Жұп негізі екі. 4) Оспан осы. 5) Ол біздің қорғаушымыз. 6) От жанып тұр.* Бұл мисалдарда: 1) байандауыш — *құл болады*. *Құл* — зат-есім, *болады* — көмекші етістік. 2) Байандауыш *бұл болады*. *Бұл* — сын-есім, *болады* — көмекші етістік. 3) Байандауыш — *екі*. *Екі* — сан-есім, *болады* деген көмекші етістіктің көрінбей тұрған көмегі бар (*Жұп негізі екі болады*). 4) Байандауыш — *осы*. *Осы* — есімдік. Етістіктің көрінбей тұрған «болады» деген көмегі бар (*Оспан осы болады*). 5) Байандауыш — *қорғаушымыз*. *Қорғаушымыз* — есімше. Мұнда да етістіктің көрінбей тұрған көмегі бар (*Ол біздің қорғаушымыз болады*). 6) Байандауыш — *жанып тұр*. *Жанып* — көсемше, *тұр* — көмекші етістік.

⁵⁵ Баспа тарапынан кеткен қателік жөнделді — ред.

⁵⁶ Баспа тарапынан кеткен қателік жөнделді — ред.

ЖАЛАҢ СӨЙЛЕМ МЕН ЖАЙЫЛМА СӨЙЛЕМ.

Бастауыш пен байандауышы бар, екі мүшелі-ғана сөйлем **жалаң сөйлем** деп аталады. Жоғарыда айтылды: бастауыш пен байандауыш сөйлемнің тұрлаулы мүшелері; олардан басқа сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері-де бар деп. Бастауыш, байандауыштан басқа мүшелері бар сөйлем — **жайылма сөйлем** деп аталады.

Бастауыш, байандауыштан басқа мүшелер керегіне қарай-ғана айтылады нәм керек болған орнына қарай аталады.

Сөйлеудің асыл мағанасы біреуге білдірейін деген ойын айту. Айтушының мақсаты тыңдаушыға ойын түгел түсіндіру. Ойын түсіндіру үшін соған керек сөздерді алу қажет. Бір сөзді ойын анықтау үшін алса, екінші сөзді ойын толықтау үшін алады, үшінші сөзді ойын пысықтау үшін алады. Сондықтан сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері, әуелі үшке бөлінеді: **1) анықтауыш мүше, 2) толықтауыш мүше, 3) пысықтауыш сөздер.**

§ 3. Анықтауыш.

Анықтауыш деп сөйлем ішінде анықтық үшін айтылатын сөзді айтамыз. Мәселән алайық, *Қысқа жіп күрмеуге келмес* деген сөйлемді. Не күрмеуге келмес? — жіп. Жіп не етпес? — күрмеуге келмес. Мұнда жіп — бастауыш, күрмеуге келмес — байандауыш. «Қысқа» деген сөз не болмақ? Бұл «қысқа» деген сөзді айтпай, құр «Жіп күрмеуге келмес» деп-ғана қойсақ, қандай жіп күрмеуге келмейтіні белгісіз, жіптің бәрі күрмеуге келмейтін сияқты болып шығады. Күрмеуге келмейтін аты жіп болғанның бәрі емес, «қысқа жіп». «Қысқа» деген сөз қосылса, күрмеуге келмейтін қандай жіп екені ашылып, анықталады. Сондықтан «қысқа» деген сөз мұнда анықтық үшін алынған сөз болады. Ондай сөз **сөйлемнің анықтауыш мүшесі** деп, яки жеңілдік үшін тікелей **анықтауыш** деп аталады. Бұл айтылған — анықтауыштың ішкі белгісі. Мұнан басқа тысқы белгілері бар. Ол «қандай?», «не?», «неше?», «нешінші?», «кімнің?», «не етуші?», «не еткен?» деген сұрауларға жауап беру. Бұл сұраулар анықтауыш сұраулары деп аталады.

Сөйлем ішінде анықтауыш қай сөз екенін осы сұраулар мен нәм ішкі белгісі мен табамыз.

Анықтауыш болатын сөз таптары.

Әуелі — анықтауыш болатын сын-есім. 1) Мисал: *Аш кісі ұрысқақ.* Кім

ұрысқақ[?] — кісі. Аш кісі қалай[?] — ұрысқақ. Қандай кісі ұрысқақ[?] — аш (кісі). «Аш» дегенді айтпай, тек-ғана «кісі ұрысқақ» дегенде, қандай кісі ұрысқақ болатыны белгісіз, кісінің бәрі ұрысқақ сияқты болып шығады. Дұрысында, кісінің бәрі ұрысқақ емес, аш кісі ұрысқақ келеді. «Аш» деген сөз — ұрысқақ болатын қандай кісі екенін айтып, анықтап тұр нәм «қандай[?]» деген анықтауыш сұрауларына жауап беріп тұр. Сондықтан алынған сөйлемнің ішінде «аш» деген сөз анықтауыш болады. Бұл сөз — сын-есім (сыр-сыны).

2. Мисал: *Алтын жүзік жоғалды.* Не жоғалды[?] — жүзік. Жүзік не қылды[?] — жоғалды. Қандай жүзік жоғалды[?] — алтын (жүзік). «Алтын» дегенді айтпай, «жүзік жоғалды» деп-ғана қойғанда, жоғалған қандай жүзік екені белгісіз, әйтеуір бір жүзік жоғалған болып шығады. «Алтын» деген сөз жоғалған жүзік қандай екенін ашып, анықтап тұр нәм «қандай[?]» деген анықтауыш сұрауына жауап беріп тұр («қандай жүзік[?]» деп сұраудың орнына, «не жүзік[?]» деп те сұрайды). Сондықтан *алтын* деген сөз анықтауыш болады. Бұл сөз жүзіктің неден жасалған тегін көрсететін сын-есім (тек-сыны).

Екінші — анықтауыш болатын зат-есім (жалқы нәм жалпы түрінде).

1-мисал: *Асан ауылнай келді.* Кім келді[?] — ауылнай. Ауылнай не қылды[?] — келді.

Қай ауылнай келді[?] — Асан (ауылнай).

«Асан» демей, құр «ауылнай келді» деп-ғана қойса, келген қай ауылнай екені белгісіз, әйтеуір бір ауылнай келген болып шығады. «Асан ауылнай келді» дегенде, «Асан» деген сөз қай ауылнай келгенін ашып, анықтап тұр нәм «қай[?]» деген анықтауыш сұрауына жауап беріп тұр. Сондықтан бұл сөз анықтауыш болады. *Асан* — жалқы зат-есім.

2-мисал: *Хан Жәнібек қайғырды.* Кім қайғырды[?] — Жәнібек. Жәнібек не қылды[?] — қайғырды. Қай Жәнібек қайғырды[?] — хан (Жәнібек). *Хан* дегенді айтпай, тек «Жәнібек қайғырды» деп-ғана қойсақ, қай Жәнібек қайғырғаны белгісіз болар еді; үйткені Жәнібек атты адам көп. *Хан* дегенді қосып айтқанда, қай Жәнібек екені ашылып, анық болады. «Хан» деген сөз қай Жәнібек екенін-де ашып, анықтап тұр, «қай[?]» деген анықтауыш сұрауына- да жауап беріп тұр. Сондықтан хан — анықтауыш болады. *Хан* — зат-есім.

3-мисал: *Арыстан, аң падсасы⁵⁷, ауырыпты.* Кім ауырыпты[?] — арыстан. Арыстан кәйтіпті[?] — ауырыпты. Қай арыстан ауырыпты[?] — аң

⁵⁷ Түпнұсқадағы қалпында берілді — ред.

падсасы (*арыстан*). «Аң падсасы?» дегенді айтпай, «арыстан ауырыпты» деп-ғана қойсақ, ауырған аң арыстан-ба? Арыстан атты адам-ба? Белгісіз болады. «Аң падсасы арыстан» дегенде қай арыстан ауырғаны ашылып, анық болады. Бұл «аң падсасы» деген «қай?» деген анықтауыш сұрауына-да жауап беріп тұр, қай арыстан ауырғанын-да анықтап тұр, сондықтан анықтауыш болады. *Аң падсасы* — зат-есім.

4-мисал: *Шебердің қолы ортақ*. Шебердің несі ортақ? — *қолы*. Шебердің қолы қалай? — *ортақ*. Кімнің қолы ортақ? — *шебердің*. «Шебердің» дегенді айтпай, құр «қолы ортақ» деп қойғанда, кімнің қолы ортақ болатыны белгісіз, әйтеуір біреудің қолы ортақ болып шығар еді. «Шебердің» деген қосылғанда, ортақ болатын шебердің қолы екендігі ашылып, анықталады. «Шебердің» деген сөз ортақ болатын кімнің қолы екенін анықтап тұрған соң нәм «кімнің?» деген анықтауыш сұрауына жауап беріп тұрған соң анықтауыш болады. *Шебердің* — зат-есім (ілік жалғау).

Үшінші — анықтауыш болатын сан-есім (есептік, реттік екі түрінде де). Мисал: 1) *Үш жыл өтті*. 2) *Төртінші жыл жетті*. Не өтті? — *жыл*. Жыл не етті? — *өтті*. Неше жыл өтті? — *үш (жыл)*. «Үшті» айтпай, тек «жыл өтті» деп қойғанда, неше жыл өткені белгісіз, *бір-ғана жыл өткен* деп түсінуге болады.

Өткен бір жыл емес, үш жыл. «Үш» деген сөз өткен неше жыл екенін ашып, анық көрсетеді нәм «неше?» деген анықтауыш сұрауына жауап береді. Екінші мисалда: «төртінші» демей, құр «жыл жетті» деп қойғанда, нешінші жыл жеткені белгісіз, әйтеуір бір жыл жеткен болады да қояды. «Төртінші» деген сөзді қосқанда, жыл анықталып, нешінші екені ашылады. «Төртінші» деген сөз жылдың нешінші екенін анықтап-та тұр, «нешінші?» деген анықтауыш сұрауына жауап-та беріп тұр. «Үш», «төртінші» деген сөздер мисалға алынған сөйлемдердің ішінде жылдың нешеу нәм нешінші екенін анықтап тұрған соң нәм «неше?», «нешінші?» деген анықтауыш сұрауларына жауап беріп тұрған соң анықтауыш болады.

«Үш», «төртінші» деген сөздің біреуі есептік сан-есім, екіншісі реттік сан-есім.

Төртінші — анықтауыш болатын есімдік. Мисал: 1) *Біздің ауыл көшті*. 2) *Осы ат жүйрік*. 1) Не көшті? — *ауыл*. Біздің ауыл не етті? — *көшті*. Қай ауыл көшті? — *біздің (ауыл)*. 2) Не жүйрік? — *ат*. Осы ат қалай? — *жүйрік*. Қай ат жүйрік? — *осы (ат)*. Біздің дегенді айтпай, «ауыл көшті» деп-ғана қойса, қай ауыл көшкені белгісіз болар еді. «Біздің» деген сөз

қай ауыл көшкенін ашып, анық көрсетіп тұр һәм «қай?» деген анықтауыш сұрауына жауап беріп тұр.

Екінші мисалда: «ат жүйрік» деп-ғана қойса, қай аттың жүйріктігі айтылып тұрғаны белгісіз, аттың бәрі жүйрік деген сияқты болып шығады. «Осы» деген сөз қай аттың жүйрік екенін анықтайды һәм «қай?» деген анықтауыш сұрауына жауап береді. Сүйтіп, «біздің», «осы» деген сөздер сөйлем ішіндегі сөздерді анықтап, анықтауыш сұрауларына жауап беріп тұрған соң анықтауыш болады. Бұл сөздің екеуіде есімдік; біреуі — жіктеу есімдігі, екіншісі — сілтеу есімдігі.

Бесінші — анықтауыш болатын етістік (көбінесе есімше түрінде). Мисал: 1) *Алушы адам алданды.* 2) *Барған кісі келмеді.* 1) Кім алданды? — *адам.* Алушы адам не қылды? — *алданды.* Не етуші адам алданды? — *алушы (адам).* 2) Кім келмеді? — *кісі.* Барған кісі не қылды? — *келмеді.* Не еткен кісі келмеді? — *барған (кісі).* «Алушы» дегенді айтпай, құр «адам алданды» деп-ғана қойса, не еткен адам алданғаны белгісіз, әйтеуір адам алданған-ғана болып табылады. «Алушы» деген сөз қосылса, алданған не еткен адам екені ашылып, анықталады. «Алушы» деген сөз «не еткен?» деген анықтауыш сұрауына жауап беріп тұр. Екінші мисалда: «барған» деген сөзді айтпай, «кісі келмеді» деп-ғана қойғанда, келмеген не еткен кісі екені белгісіз, тек біреу келмеген болып шығады. «Барған» деген сөзді қосқанда, келмеген не еткен кісі екені анық болады. «Барған» деген сөз «не еткен?» деген анықтауыш сұрауына жауап беріп тұр. «Алушы», «барған» деген сөздер анықтауыш. Бұл сөздің екеуі де есімше етістік: бірі осы шақ пен, екіншісі өткен шақ пен айтылған.

Ескерту. Етістік жалғыз есімше түрінде-ғана анықтауыш болмайды. Басқа түрінде де болады. Мәселән: *Алмақтың бермегі бар.* Алмақтың несі бар? — *бермегі* (бастауыш), алмақтың бермегі нешік? — *бар* (байандауыш). Ненің бермегі бар? — *алмақтың* (анықтауыш). Осылайша һәм етістіктің басқа түрлері де.

Алтыншы — анықтауыш болатын үстеу. Мисал: «*Әбден*»нің айтылуы *жіңішке.* «*Әбден*»нің несі жіңішке? — *айтылуы* (бастауыш). «*Әбден*»нің айтылуы қалай? — *жіңішке* (байандауыш). Ненің айтылуы жіңішке? — «*әбденнің*» (анықтауыш).

Сүйтіп, бұл мисалда «*әбден*»нің анықтауыш болады; үйткені «*әбден*» деген сөзді айтпай, тек «айтылуы жіңішке» деп қойса, ненің айтылуы екені белгісіз болар еді. «*Әбден*»нің деген сөз айтылғанда, ненің айтылуы жіңішке екендігі анық болады.

Осылайша демеу, жалғаулық, одағай, хатта бүтін сөйлем анықтауыш болады.

Мисалдар:

1. *«Да» ның мағанасы екі түрлі.* «Да» ның несі екі түрлі? — *мағанасы* (бастауыш). «Да» ның мағанасы қалай? — *екі түрлі* (байандауыш). Ненің мағанасы екі түрлі? — *«да» ның* (анықтауыш).

2. *«Менен»нің айтылуы екі түрлі.* «Менен»нің несі екі түрлі? — *айтылуы* (бастауыш). «Менен»нің айтылуы қалай? — *екі түрлі* (байандауыш). Ненің айтылуы екі түрлі? — *«Менен»нің* (анықтауыш).

3. *«Ойбай»дың аяғы жылау болды.* «Ойбай»дың несі жылау болды? — *аяғы* (бастауыш). «Ойбай»дың аяғы немене болды? — *жылау болды* (байандауыш). Ненің аяғы жылау болды? — *«ойбай»дың* (анықтауыш).

4. *«Адам болды» дегеннің алды жайлы.* «Адам болды»⁵⁸ дегеннің несі жайлы? — *алды* (бастауыш). «Адам болды» дегеннің алды қалай? — *жайлы* (байандауыш). Кімнің алды жайлы? — *«адам болды» дегеннің* (анықтауыш).

§4. Толықтауыш.

Толықтауыш деп нәрсе ғамалын, жәйін, болмысын толықтыру үшін айтылатын сөзді айтамыз. Сөйлем ішінде нәрсенің ғамалын, жәйін, болмысын айтатын сөз көбінесе байандауыш. Солай болған соң толықтауыш көбінесе байандауышты толықтау үшін айтылатын сөйлем мүшесі болып шығады. Мисал: *«Мерген құс атты»* деген сөйлемді. Кім атты? — *мерген*. Мерген не қылды? — *атты*. Не атты? — *құс*. Мұнда *«мерген»* деген сөз бастауыш, *«атты»* деген сөз байандауыш. *«Құс»* деген сөз не болмақшы? Мұның не болатынын білу үшін *«құс»* деген сөз неге айтылып тұрғанын ашу керек, яғни неменеге керек болғаннан айтылып тұрғанын білу керек. Оны білу үшін *«құс»* деген сөзді тастап, тіпті айтпай қоя тұрып қарау керек; айтпағанда келетін кемшілік бар-ма екен нәм қандай екен? *«Құс»* дегенді қалдырып, *«мерген атты»* деп-ғана қойғанда, мерген атқанын-ғана білеміз, нені атқанын білмейміз. Екінші сөзбен айтқанда, мергеннің ғамалын-ғана білеміз, ол ғамалын неменеге жұмсағанын білмейміз. *«Атты»* дегенде нені атқаны белгісіз болып, сөйлемнің жетпей тұрған жері бар, яғни ғамал неге жұмсалғанын айтпай тұрған сөйлемде кемістік бар. Сол кемістікті толықтыратын сөз — *«құс»*, *«құс атты»* дегенде мерген ғамалы неге жұмсалғаны мағлұм болады. *«Құс»* деген сөздің жоқтығынан *«атты»*

⁵⁸ Баспа тарапынан жіберілген қате жөнделді — ред.

деген сөзге келіп тұрған кемшілік жоғалады. «Атты» — байандауыш. «Атты» деген сөзге келіп тұрған кемшілік жоғалып, мұның толыққаны байандауыш толыққаны болып табылады. Сүйтіп, «құс» деген сөз «атты» деген байандауышты толықтаушы сөз болып шықты. Жоғарыда ондай баяндауышты толықтау үшін айтылатын сөз толықтауыш болады дедік. Бұл — ішкі белгісі.

Мұнан басқа толықтауыштың тысқы белгілері бар. Ол белгілері — толықтауыш сұрауларына жауап беру. Толықтауыш сұраулары мынау: «кімге?», «неге?», «кімді?», «нені?», «не?», «кімде?», «неде?», «кімнен?», «неден?», «не қылуға?», «не етуге?», жанада «кім?», «не?» деген сұрауларға «мен» «үшін» «тұуралы» «тақырыпты» һәм басқа жалғаулықтар қосылған кезде. Сөйлем ішінде толықтауышты осы сұраулар мен һәм жоғарыда айтылған ішкі белгісі мен табамыз.

Толықтауыш болатын сөз таптары:

Әуелі — толықтауыш болады зат-есім (жалғаулы-жалғаусыз һәм жалғаулық қосылған күйінде). Мисал 1) *Әкесі баласына кітап сатып алды.* 2) *Асан Үсен мен ақылдасты.* 1) Кім кітап сатып алды? — *әкесі.* Әкесі не қылды? — *сатып алды.* Не сатып алды? — *кітап.* Кімге сатып алды? — *баласына.* 2) Кім ақылдасты? — *Асан.* Асан не қылды? — *ақылдасты.* Кім мен ақылдасты? — *Үсен мен.*

1-мисалда — «кітап», «баласына» деген сөздер «сатып алды» деген байандауышты толықтап тұр һәм «не?», «кімге?» деген толықтауыш сұрауларына жауап беріп тұр.

2-мисалда «Үсен мен» деген сөз «ақылдасты» деген байандауышты толықтап тұр һәм «кім мен?» деген толықтауыш сұрауына жауап беріп тұр.

Сондықтан «кітап», «баласына», «Үсен мен» деген сөздер толықтауыш болады. «Кітап», «баласына», «Үсен мен» деген сөздер — зат-есім (бірінші сөз жалғаулық пен тұр). Жалғаусыз һәм жалғаулықсыз толықтауыш **тура толықтауыш** деп аталады.

Екінші — толықтауыш болатын сын-есім жалғаулы күйінде.

Мисал: *Күштіден істі озды.* Кім озды? — *істі.* Істі не қылды? — *озды.* Кімнен озды? — *күштіден.* Мұнда «күштіден» деген сөз «озды» деген байандауышты толықтап тұр һәм «кімнен?» деген толықтауыш сұрауына жауап беріп тұр. Сондықтан «күштіден» толықтауыш болады. «Күштіден» — сын-есім (жалғаулы).

Үшінші — толықтауыш болатын сан-есім, жалғаулы күйінде.

Мисалы. *Бала төрт пен бесті қоса алмады.* Кім қоса алмады? —

бала. Бала не қылды? — қоса алмады. Нені қоса алмады? — бесті. Не мен қоса алмады? — төртпен. Мұнда «бесті», «төртпен» деген сөздер «қоса алмады» деген байандауышты толықтап тұр һәм «нені?», «немен?» деген толықтауыш сұрауларына жауап беріп тұр. Сондықтан бұлар толықтауыш болады. «Бесті», «төртпен» деген сөздер сан-есім (жалғаулы һәм жалғаулық қосылған күйінде).

Төртінші — толықтауыш болатын есімдік. Мисал: 1) Бізде азық жоқ; 2) сенде жазық жоқ. 1) Не жоқ? — азық. Азық нешік? — жоқ. Кімде жоқ? — бізде. 2) Не жоқ? — жазық. Нешік? — жоқ. Кімде жоқ? — сенде. Мұнда «бізде», «сенде» деген сөздер «жоқ» деген байандауышты толықтап тұр һәм «кімде?» деген толықтауыш сұрауына жауап беріп тұр. Сондықтан бұлар толықтауыш болады.

«Бізде», «сенде» деген сөздер есімдік (жалғаулы күйінде).

Бесінші — толықтауыш болатын етістік. Етістік толықтауыш болады, көбінесе есімге айналған һәм есімше түрінде. 1) Мисал: Күресуге дәрмен жоқ. Не жоқ? — дәрмен. Дәрмен нешік? — жоқ. Неменеге жоқ? — күресуге. 2) Мисал: Жұмаш жүру үшін қайғырмады. Кім қайғырмады? — Жұмаш. Жұмаш не қылды? — қайғырмады. Немене үшін қайғырмады? — жүру үшін. 3) Мисал: Қорушыны торушы алады. Кім алады? — торушы. Торушы не қылады? — алады. Кімді алады? — қорушыны. 4) Мисал: Жаман сыйлағанды білмес. Кім білмес? — жаман. Жаман не етпес? — білмес. Нені білмес? — сыйлағанды. 1-мисалда «күресуге» деген сөз «жоқ» деген байандауышты толықтап тұр. 2-мисалда «жүру үшін» деген сөз «қайғырмады» деген байандауышты толықтап тұр. 3-мисалда «қорушыны» деген сөз «алады» деген байандауышты толықтап тұр. 4-мисалда «сыйлағанды» деген сөз «білмес» деген байандауышты толықтап тұр. Жанада бұл «күресуге», «жүру үшін», «қорушыны», «сыйлағанды» деген сөздер «неменеге?», «немене үшін?», «кімді?», «нені?» деген толықтауыш сұрауларына жауап беріп тұр. Сондықтан бұлар толықтауыш болады («күресуге», «жүру үшін» етістіктің⁵⁹ есімге айналған түрлері, «қорушыны», «сыйлағанды» есімшенің осы шақтық, өткен шақтық түрлері).

Алтыншы — толықтауыш болатын үстеу. Мисал: «Әні» ден «міні» көп айтылады. Не көп айтылады? — міні. «Міні» не етеді? — көп айтылады. «Міні» неден көп айтылады? — «әні»ден. Мұнда «әні-ден» деген көп айтылады» деген байандауышты толықтап тұр һәм «неден?» деген

⁵⁹ Баспа тарапынан жіберілген қате жөнделді — ред.

толықтауыш сұрауына жауап беріп тұр. Сондықтан бұл сөз толықтауыш болады. «Әні» – үстеу.

Осы сияқты демеу-де, жалғаулық-та, одағай-да, хатта бүтін сөйлем-де толықтауыш бола алады.

1) «Әше» ден «тағы» көп жұмсалады. Не көп жұмсалады? – «тағы» (бастауыш). «Тағы» не етіледі? – көп жұмсалады (байандауыш). Тағы неден көп жұмсалады? – «әше» ден (толықтауыш). Әше, тағы – үстеулер.

2) Мен «дейін»нен «шейін»ді көп айтамын. Кім «дейін»нен «шейін»ді көп айтады? – мен (бастауыш). Мен не етемін? – көп айтамын (байандауыш). Мен нені көп айтамын? – «шейін»ді (толықтауыш). Мен «шейін»ді неден көп айтамын? – «дейін»нен (толықтауыш). «Дейін», «шейін» – жалғаулықтар.

3) «Ой, Алла!»ннан ойбайым тыныш. Не тыныш? – ойбайым (бастауыш). Ойбайым қалай? – тыныш (байандауыш). Ойбайым неден тыныш? – «ой, Алла!»ннан» (толықтауыш). «Ой, Алла!» – одағай.

4) «Бай бол» дегеннен адам байымайды. Кім байымайды? – адам (бастауыш). Адам не қылмайды? – байымайды (байандауыш). Адам неден байымайды? – «бай бол» дегеннен (толықтауыш). «Бай бол» деген бүтін сөйлем.

§ 5. Пысықтауыш сөздер.

Пысықтауыш сөздер деп ғамал пысықтау үшін айтылатын сөздерді айтамыз. Сөйлем ішінде нәрсенің ғамалын көрсететін сөз – байандауыш. Сондықтан пысықтауыш сөздер байандауышты пысықтайтын сөздер болып шығады. Бұлар байандауышты қалай пысықтайды? – әуелі пысықтайды байандауыш көрсетіп тұрған ғамалдың мезгілін айтып, екінші орнын айтып, үшінші – сынын, сиқын айтып, төртінші – себебін айтып, бесінші – мақсатын айтып. Сондықтан пысықтауыш сөздердің өзі бес тапқа бөлінеді һәм әр табы өзінің пысықтау мәнісіне қарай: **мезгіл пысықтауышы, мекен пысықтауышы, сын пысықтауышы, себеп пысықтауышы, мақсат пысықтауышы** деп аталады. Ғамалдың мезгілін, мекенін, сынын, себебін, мақсатын көрсету – бұл пысықтауыш сөздердің ішкі белгілері. Бұлардан басқа тысқы белгілері-де бар. Әр пысықтауыш сөздің өз алдына жауап беретін сұраулары бар. Олар тысқы белгісі болады. Қай пысықтауыш екенін ішкі, тысқы белгілері мен тауып аламыз.

а) Мезгіл пысықтауышы.

Мезгіл пысықтауышы ғамалдың мезгілін көрсететін сөз болғандықтан, «қашан?», «қай уақыт?», «қанша уақыт?» (жалғаулы-жалғаусыз) сұрауларға жауап береді.

Мезгіл пысықтауышы болатын сөз таптары. Әуелі — мезгіл пысықтауышы болатын мезгілдік үстеу.

1) Мисал: *Мана қар жауды.* Не жауды? — *қар.* Қар не етті? — *жауды.* Қашан жауды? — *мана.*

Екінші — мезгіл пысықтауышы болады мезгілдік үстеуге айналған зат-есім.

2) Мисал: *Ертең боран болар.* Не болар? — *боран.* Боран не етер? — *болар.* Қашан болар? — *ертең.*

Үшінші — мезгіл пысықтауышы болады мезгілдік үстеуінің орнына айтылған зат-есім.

3) Мисал: *Хатшы күнібойы жазды.* Кім жазды? — *хатшы.* Хатшы не қылды? — *жазды.* Қанша уақыт жазды? — *күні бойы.*

Төртінші — мезгіл пысықтауышы болатын зат-есім һәм сан-есім мен екеуі қосылып.

4) Мисал: *Оқу он сағатта басталды.* Не басталды? — *оқу.* Оқу не қылды? — *басталды.* Қай уақытта басталды? — *он сағатта.*

1-мисалда — «мана», 2-мисалда — «ертең», 3-мисалда — «күні бойы», 4-мисалда — «он сағатта» деген сөздер болған ғамалдың мезгілін көрсетіп тұр һәм «қашан?», «қанша уақыт?», «қай уақытта?» деген мезгіл пысықтауышының сұрауларына жауап беріп тұр. Сондықтан бұл сөздер мезгіл пысықтауышы болады.

«Мана» — мезгілдік үстеу, «ертең» — мезгілдік үстеуіне айналған зат-есім, «күні бойы» — мезгілдік үстеу орнына айтылған зат-есім, «он сағатта» дегеннің — оны сан-есім, сағаты — зат-есім.

б) Мекен пысықтауышы.

Мекен пысықтауышы ғамалдың орнын көрсететін сөз болғандықтан, «қайда?», «қайдан?», «қалай?» деген сұрауларға жауап береді.

Мекен пысықтауышы болатын сөз таптары:

Әуелі — мекен пысықтауышы болады мекендік үстеулері.

1) Мисал: *Атты әрман бара жатыр.* Кім бара жатыр? — *атты.* Атты нешік? — *бара жатыр.* Қайда бара жатыр? — *әрман.*

Екінші — мекен пысықтауышы болады мекендік үстеуге айналған зат-есім.

2) Мисал: *Тыста тықыр естілді. Не естілді? — тықыр. Тықыр не қылды? — естілді. Қайда естілді? — тыста.*

Үшінші мекен пысықтауышы болады зат-есім өз қалпында.

3) Мисал: *Қапаш қалаға кетті. Кім кетті? — Қапаш. Қапаш не қылды? — кетті. Қайда кетті? — қалаға.*

Төртінші — мекен пысықтауышы болады мекен үстеуіне айналған есімдік.

4) Мисал: *Мұқан мұнда келді. Кім келді? — Мұқан. Мұқан не қылды? — келді. Қайда келді?⁶⁰ — мұнда.*

Бесінші — мекен пысықтауышы болады үстеу орнына айтылған есімдік.

5) Мисал: *Оспан осынан аттанды. Кім аттанды? — Оспан. Оспан не қылды? — аттанды. Қайдан аттанды? — осынан.*

Алтыншы — мекен пысықтауышы болады үстеуге айналған зат-есім.

6) Мисал: *Қонақ тысқа шықты. Кім шықты? — қонақ. Қонақ не қылды? — шықты. Қайда шықты? — тысқа.*

Жетінші — мекен пысықтауышы болады зат-есімге, үстеуге айналған көсемше қосылып.

7) Мисал: *Қалашы елге қарай бұрылды. Кім бұрылды? — қалашы. Қалашы не қылды? — бұрылды. Қалай қарай (қайда) бұрылды? — елге қарай.*

1-мисалда «әрман», 2-мисалда «тыста», 3-мисалда — «қалаға», 4-мисалда — «мұнда», 5-мисалда «осынан», 6-мисалда — «тысқа», 7-мисалда — «елге қарай» деген сөздердің бәрі ғамал орнын көрсетіп тұр һәм «қайда?» «қайдан?», «қалай қарай?» деген мекен пысықтауыштың сұрауларына жауап беріп тұр. Сондықтан бұл сөздер мекен пысықтауышы болады.

«Әрман» — мекендік үстеу, «тыста» — мекендік үстеуіне айналған зат-есім, «қалаға» — зат-есім, «мұнда» — мекендік үстеуге айналған есімдік, «тысқа» үстеуге айналған зат-есім, «елге қарай», «елі» — зат-есім, «қарайы» — үстеуге айналған көсемше.

п) Сын пысықтауышы.

Сын пысықтауышы ғамалдың сынын көрсететін сөз болғандықтан, «қандай?» «қалайша?» «кәйтп?» деген сұрауларға жауап береді.

Сын пысықтауышы болатын сөз таптары:

Әуелі — сын пысықтауышы болады сынаулық үстеулер.

1) Мисал: *Тазы түлкіге әрең жетті. Кім жетті? — тазы. Тазы не қылды? — жетті. Кімге жетті? — түлкіге. Қалай жетті? — әрең.*

⁶⁰ Баспа тарапынан жіберілген қате жөнделді — ред.

Екінші — сын пысықтауышы болады үстеу орнына айтылған зат-есім.

2) Мисал: *Құс ұшар жүйесі мен аспандағы.* Не ұшар? — құс. Құс не қылар? — ұшар. Қай құс? — аспандағы. Қалай ұшар? — жүйесі мен.

Үшінші — сын пысықтауышы болатын үстеуге айналған зат-есім.

3) Мисал: *Бала шалқасынан түсті.* Кім құлады? — бала. Бала не етті? — түсті. Қалай түсті? — шалқасынан.

Төртінші — сын пысықтауышы болады үстеу орнына айтылған зат-есім.

4) Мисал: *Әскер жаяу жүрді.* Кім жүрді? — әскер. Әскер не етті? — жүрді. Қалай жүрді? — жаяу.

Бесінші — сын пысықтауышы болады үстеуге айналған есімдік.

5) Мисал: *Омар олай демеді.* Кім демеді? — Омар. Омар не қылды? — демеді. Қалай демеді? — олай.

Алтыншы — сын пысықтауышы болады сан-есім.

6) Мисал: *Балшы ноқатын төрт-төрттен санады.* Кім санады? — балшы. Балшы не қылды? — санады. Нені санады? — ноқатын. Қалай санады? — төрт-төрттен.

Жетінші — сын пысықтауышы болады көсемше.

7) Мисал: *От саулап жанды.* Не жанды? — от. От не қылды? — жанды. Қалай жанды? — саулап.

1-мисалда — «әрең», 2-мисалда — «жүйесі мен», 3-мисалда — «шалқасынан», 4-мисалда — «жаяу», 5-мисалда — «олай», 6-мисалда — «төрт-төрттен», 7-мисалда «саулап» деген сөздер ғамалдың сынын көрсетіп тұр һәм «қалай?» деген сын пысықтауышының сұрауларына жауап беріп тұр. Сондықтан бұл сөздер сын пысықтауышы болады.

«Әрең» — сынаулық үстеу, «жүйесі мен» — үстеу орнына айтылған, «шалқасынан» — үстеуге айналған зат-есім, «жаяу» — үстеу орнына айтылған сын-есім, «олай» — үстеуге айналған есімдік, «төрт-төрттен» — сан-есім, «саулап» көсемше.

т) Себеп пысықтауышы.

Себеп пысықтауышы ғамалдың себебін көрсететін сөз болғандықтан, «неден?», «неге?», «неліктен?», «не себептен?» деген сұрауларға жауап береді.

Себеп пысықтауыш болатын сөз таптары:

Әуелі — себеп пысықтауышы болады зат-есім.

1) Мисал: *Атасы аштан өліпті.* Кім өліпті? — атасы. Атасы не қылыпты? — өліпті. Неден өліпті? — аштан.

Екінші — себеп пысықтауышы болады есімше. Мисал: *Бала ұялғанынан қызарды. Кім қызарды? — бала. Бала не қылды? — қызарды. Не себептен қызарды? — ұялғанынан.*

Үшінші — себеп пысықтауышы болады үстеуге айналған есімдік. Мисал: *Сондықтан от жанбады. Не жанбады? — от. От не қылды? — жанбады. Неліктен жанбады? — сондықтан.*

1-мисалда — «аштан», 2-мисалда — «ұялғанынан», 3-мисалда — «сондықтан» деген сөздер ғамалдың себепін көрсетіп тұр нәм **«неден?»**, **«не себептен?»**, **«неліктен?»** деген себеп пысықтауышының сұрауларына жауап беріп тұр. Сондықтан бұл сөздер себеп пысықтауышы болады.

«Аштан» — зат-есім, «ұялғанынан» — есімше, «сондықтан» — үстеуге айналған есімдік.

ж) Мақсат пысықтауышы.

Мақсат пысықтауышы ғамалдың мақсатын көрсететін сөз болған соң **«неге?»** **«не үшін?»** деген сұрауларға жауап береді.

Мақсат пысықтауышы болатын сөз таптары:

Әуелі — мақсат пысықтауышы болады етістік.

1) Мисал: *Жұрт өлең тыңдауға жиылды. Кім жиылды? — жұрт. Неге жиылды? — тыңдауға. Не тыңдауға? — өлең.*

Екінші — мақсат пысықтауышы болады етістіктен есімге айналған сөздер.

2) Мисал: *Жігіт қыз таңдау үшін жүріпті. Кім жүріпті? — жігіт. Жігіт не қылыпты — жүріпті. Не үшін жүріпті? — таңдау үшін. Не таңдау үшін? — қыз.*

Үшінші — мақсат пысықтауышы болады зат-есім.

3) Мисал: *Біреу танысына қонаққа барыпты. Кім барыпты? — біреу. Біреу не қылыпты? — барыпты. Кімге барыпты? — танысына. Неге барыпты? — қонаққа.*

1-мисалда — «тыңдауға», 2-мисалда — «таңдау» (үшін), 3-мисалда — «қонаққа» деген сөздер ғамалдың мақсатын көрсетіп тұр нәм **«неге?»** **«не үшін?»** деген сұрауларға жауап беріп тұр. Сондықтан бұл сөздер мақсат пысықтауышы болады.

«Тыңдауға» — етістік, «таңдау» — есімге айналған етістік, «қонаққа» — зат-есім.

§ 6. БҰРАТАНА СӨЗДЕР.

Бұл айтылған сөйлем мүшелерінен басқа сөйлем маңайында жүретін бұратана сөздер болады. Ол бұратана сөздер екі түрлі: бір түрі — сөз арасына керек жерінде қыстырыла айтылатын сөздер. Бұлар **қыстырма сөз** деліп аталады. Қыстырма сөздер сөйлем ішіндегі басқа сөздер мен үйлеспейді, байласпайды. Алып тастағанда орны ойсырай қоймайды.

Екінші түрі — сөз бетін біреуге қарата, қадап сөйлегенде айтылатын сөз. Бұлар **қаратпа сөз** деліп аталады⁶¹.

Бұлар да сөйлем ішіндегі басқа сөздер мен үйлеспейді, байласпайды.

а) Қыстырма сөздер.

Ауру, әрине, жақсы нәрсе емес. Әзірге, шүкір, жаман емеспіз. Бұл сөйлемдерге қыстырылып айтылып тұрған қыстырма сөздер «әрине» һәм «шүкір» деген сөздер. Бұлар басқа сөздер мен үйлесіп, байласып тұрған жоқ, құр қыстырылып тұр. Оны алып тастағанда, сөйлемге келе қоятын кемшілік жоқ. Мәселән: *ауру жақсы нәрсе емес* десек яки *әзірге жаман емеспіз* десек, «әрине» мен «шүкір» деген сөздердің орны үңірейіп, сезіліп тұрған жоқ.

б) Қаратпа сөздер.

Қызым, саған айтамын, келінім, сен тыңда! Сөз тыңдаңыз, әлеумет! Әй, Әлжан, қайда барасың? Құдай, оңда! Оңға баста!... Мұнда қаратпа сөз болатындар: «қызым», «келінім», «әлеумет», «Әлжан», «Құдай», үйткені сөз беті соларға қаратылып айтылып тұр.

СӨЙЛЕМ МҮШЕЛЕРІН АЙЫРУҒА КЕРЕК СӨЙЛЕМ МИСАЛДАРЫ.

Сөйлем мүшелерін айырту жүзінде сөйлем мисалдары мен үш түрлі іс істеледі: **1) өлең мен жазылған сөйлемдерді өлеңсіз түрге айналдыру, 2) сөйлем ішіндегі мүшелерін айырту, 3) сөйлемнің қажет болған түрлерін оқушылардың өзіне тапқызу.**

Ат арыды, тон тозды. Бұлт шықты, жел күшейді, дауыл болды, күн жауды. Күн батты, ымырт жабылды. Қасқыр шапты, қой үрікті, ит шулады. Егін шықты, астық арзандады, ел тоғайды.

⁶¹ Баспа тарапынан жіберілген қате жөнделді — ред.

Тау тауға қосылмайды, адам адамға қосылады. Жомарт жоқтығын білмейді, жүйрік тоқтығын білмейді. Жақсы жатырқамайды. Аңқау аңдамайды, әңгі тыңдамайды. Жалқау жаратпайды. Ауру аздырады, суық тоңдырады. Үлкен бастар, кіші қостар. Ескі жаңа болмас, жаман жақсы болмас. Шірік шірімеді, бұзық бүлдіреді.

Біреу екеу болмас, екеу үшеу болмас. Аларманға алтау аз. Жүзді мың жығады. Түгел төртеу ала алтауды алады. Қырықтан елу көп. Біріншісі берді, екіншісі алды.

Мен келдім Мырзалыңның ордасына. Сен маған қарамадың. Ол саған атын бере алмайды. Өзім бара алмадым, сөзім жете алмады. Олар көшіп кетті, біздікі еруқалды. Өзі жығылған өкінбейді. Еттің бәрі қазы болмас, иттің бәрі тазы болмас. Бұлар бүгін жүреді, олар ертең кетеді.

Сөздің расын айтпақ керек. Көпке ұнамақ қиын. Ат ұстаған азабынан құтылар. Асыққан жетпес, бұйырған кетпес. Ас қадірін ашыққан білер, ат қадірін асыққан білер. Беруші бесті қымайды, алушы алтыны азсынады. Ескерген ескі асынан сақтайды. Ұялған тек тұрмас. Атқанның құсын жатқан байланар. «Тағы» жуан айтылады, «әбден» жіңішке айтылады. «Тіпті» — нықтаулық үстеу, «адамша» — сынаулық үстеу. «Ма», «ба» сұрағанда айтылады. «Да» екі мағанада айтылады. Отырғандардың құлағына «ойбай» естілді. «Айтақ» қойылды, «аттан» естілді. «Шәуім-шәуім» — одағай. Арқылы — жалғаулық. «Менен» — мен болған. «Таман» жақындауды көрсетеді. «Көрдім» деген көп сөз, «көрмедім» деген бір сөз.

Ашу — көпір, ақыл — дос, ақылыңа ақыл қос. Жақсы сөз сүйіндіреді, жаман сөз күйіндіреді. Ақымақты үйрету — өлгенді тірілту. Оқу түбі — тоқу, өнер алды — қызыл тіл. Тимаған ауызда бәле бар. Тіл қылыштан өткір. Адам сөзінен жазар, сиыр мүйізінен жазар. Жүздің көркі — сақал, сөздің көркі — мақал. Тауды, тасты жел бұзар, адамзатты сөз бұзар. Тамақ тоқ, көйлек көк, уайым жоқ. Аузы жаман елді былғар, айағы жаман төрді былғар. Жастық — мастық. Оңқа ойын бұзар, тентек жиын бұзар. Жаман еркек той бұзар, жаман әйел үй бұзар. Елсіз көлге бақа айғыр. Біреудің өзі жақсы, біреудің көзі жақсы. «Ел біледі» деген күлер, «өзім білем» деген бүлер. Ел құлағы елу. Алдыңғысы алты, кейінгісі жеті. Сөйлеген — мен, тыңдаған — сен. Берген — өзі, алған — өзі. Малың — анау, ұрың — мынау. Сан сұрауы — «неше?», сын сұрауы — «қандай?».

ЕКІНШІ БӨЛІМ.

СӨЙЛЕМ ТҮРЛЕРІ.

§ 1. Жалпы түрлері.

1) Болымды сөйлем.

Не жайынан-да болса болдыра, бар қыла сөйлеген сөйлем **болымды** деліп аталады. Мисал: *Еділ бойы тоғай бар; тоғай толған ноғай бар; Бурыл атта бұғау бар; оны да кесер егеу бар; Сом темірге балға бар; сұмсынғанға Алла бар; Қас жорғадан жортақ туар; қас батырдан қорқақ туар; Қас шеберден шорқақ туар; Сай сайға құяр; Бай байға құяр. Қатты жерге қақ тұрар; Қайратты ерге мал тұрар. Көп қорқытар, терең батырар. Үлкен бастар. Кіші қостар.*

2) Болымсыз сөйлем.

Не жайынан-да болса болдырмай, жоқ қыла сөйлеген сөйлем **болымсыз** деліп аталады. Мисал: *Жер жұтуға тоймайды; от отынға тоймайды, кісі ойға тоймайды, бөрі қойға тоймайды. Жалғыз ағаш үй болмас, жалғыз жігіт би болмас. Тез қасында қисық ағаш жатпас. Байлық мұрат емес, жоқтық ұят емес. Тура биде туған жоқ; туғанды биде иман жоқ. Сияр сипағанды білмес, жаман сыйлағанды білмес. Өткен келмес, өшкен жанбас. Түбі бірге түтпейді. Шам жарығы түбіне түспес. Соқыр көргенінен жазбас.*

3) Толымды сөйлем.

Тұрлаулы мүшелері бар сөйлем **толымды** деліп аталады. Мисал: *Өлген келмес, өшкен жанбас. Берген алар. Еккен орар. Жер таусыз болмайды; ел даусыз болмайды. Көп қорқытады; терең батырады. Арзанның сорпасы татымас. Соқыр көргенінен жазбас. Ағаш көркі жапырақ, адам көркі шүберек. Қоянды қамыс өлтірер. Сай сайға құяр; бай байға құяр. Тентек шоқпар жияр. Ат аунаған жерінде түк қалар. Тау мен тасты су бұзар; адамзатты сөз бұзар. Асыл тастан шығар; ақыл жастан шығар. Алтын, күміс тас болар; арпа, бидай ас болар.*

4) Толымсыз сөйлем.

Тұрлаулы мүшесінің бірі, яки екеуі-де жоқ болса, сөйлем **толымсыз**

деліп аталады. Мисал: *Ит тойған жеріне, ер туған жеріне. Барымен базар, жоқты қайдан табар. Ақыл жас ұланнан; жүйрік тай, құнаннан. Күлме досыңа, келер басыңа. Асың-асың асыңа; береке берсін басыңа. Асың барда ел таны; атың барда жер таны. Ауру астан, дау қарындастан. Алыстан арбалағанша, жақыннан дорбала. Шалқайғанға шалқай; пайғамбардың ұлы емес, еңкейгенге еңкей, атаңнан қалған құл емес. Баланы жастан, қатынды бастан.*

5) Жалаң сөйлем.

Тұрлаулы мүшелері-ғана бар сөйлем **жалаң** деліп аталады.

Мисал: *Ел қонды. Ат аунады. Қой маңырады. Аспан ашық. Ет жасық. Қымыз сусын. Көп қорқытады, терең батырады. Үлкен бастар, кіші қостар. Өлген келмес, өшкен жанбас. Ат тепті, қасқыр қапты. Ат азар, тон тозар. Отын бар, от жоқ.*

6) Жайылма сөйлем.

Тұрлаулы мүшелерінен басқа тұрлаусыз мүшелері-де бар сөйлем **жайылма** деліп аталады. Мисал: *Ақыл жастан шығады; асыл тастан шығады. Қоянды қамыс өлтірер; ерді намыс өлтірер. Сай сайға құяды, бай байға құяды. Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада. Білегі толық бірді жығады; білімі толық мыңды жығады. Екі қатын алғанның дау үйінде; жаман қатын алғанның жау үйінде. Қатты жерге қақ тұрар. Жүйріктен шабан туады, жақсыдан жаман туады. Қаратаудың басынан көш келеді. Мен келдім Мырзалының ордасына; сөз айттым қасындағы молдасына. Үйіңе сөйлес қылдым кеш уақытта. Кеш мезгіл келе жатты екі кісі. Қазақтың қазақ иісі тұрған шақта Алаштың баласына керегімсің.*

§ 2. АЙТЫЛУЫНША АЙЫРЫЛАТЫН ТҮРЛЕРІ.

Айтылу түріне қарай сөйлем төрт түрлі болады.

1) Сұраулы сөйлем.

Сұраулы сөйлем деліп жауап сұралғанда айтылатын сөйлем аталады.

Мисал: *Сен тамақ иштің бе? Үйде кім бар? Соншама бұл бидайдың дәні көп пе? Суымды неге былғап лайлайсың? Мүмкін бе лайлауға*

осы арадан? Әкеңді алдыңдағы танимысың? Үшеуін асырауға көп керек пе? Осындай елде уақиға азғана ма? Бөшкенің қайсысының пұлы қымбат? Тура жол сонан артық табамыз ба? Мысық жан, бұл жердегі жұрттар қандай? Залалдан басқа нәрсе істедің бе? Оңай ма арыстаннан алу ақтап? Шымышық мақтанды ма, ойнады ма? Құныңа тұрар ма сол жеген тауық? Тауық пен мен бе жалғыз ойнайтұн? Күймей ме біреу үшін біреу оққа?

Сұрау сөйлемдерінің соңынан сұрау белгісі (?) қойылады.

2) Лепті сөйлем.

Лепті сөйлем деліп аталатын адам көңіл күйі, жан жәйі мен сөйлегенде, яғни жан ауырғанда, я кенелгенде, таңданғанда, сұқтанғанда, кейігенде, есіркегенде, күйінгенде, сүйінгенде, қорыққанда, қуанғанда айтылатын сөйлемдер. Бұлар айтылғанда жай айтылмай, лепті үн мен айтылады. Сондықтан лепті сөйлем деп аталады.

Мисал: Уф, Алла! Бітті қаным! Шықты жаным! Ей, шіркін, жақсылықты білмейтұғын⁶²! Жарайды, бәрекелді, сабаз-ай! Йә, Раб-бым! Сол уақытта деді арыстан. Жасаған жалғыз жан ие-ай! Қайран, еркін замандарың! Дарига, ол заманның бәрі өтті! Алда сорлы бишара балалар-ай! жасынан өлген екен аналары-ай! Тамаша қарағанға нұрың қандай? Мынау көз, мынау мойын, мұрын қандай! Өлген екен, апырымай! Қу бақсы! Өтірікіші. Алжыған шал! Атымды айырыпсың босқа менен. Қаннан қан, еттен етім, бауыр жұрттым! Уа, дарига, өттің бастан қызық жас! Әттең, дүние-ай, қалғаным ғой айырылып! Алақай-ай, атам келді ғой!

Лепті сөйлемдердің соңынан леп белгісі (!) қойылады.

3) Тілекті сөйлем.

Көңіл қолайлағанын, көңіл тілегенін істетерге, болдыруға айтылған сөйлем **тілекті сөйлем** деп аталады.

Мисал: Балалар, оқуға бар, жатпа қарап! Ал, келдік жаман жерге! Енді сақтан! Жолама сол жақтағы өзенге аққан. Сөйлеп қал, қызыл тілім! Көруге жазғай еді, Қақ тағалам! Қолда, өңшең аруақ! Қош, сау бол. Қарқаралы, жуылмаған. Айдай бер қалса адамың қуылмаған. Әлди-әлди, ақ бөпем! Жылама, бөпем, жылама! Тілің тарт! Жетер! Пәманда сақтан! Айғырсып момындарға ақыр, інім! Ашып айт!

⁶² Түпнұсқадағы қалпынша берілді — ред.

Бүкпей бәрін! Еш қаймықпа! Айтшы бақсым Құдай сүйген! Достарым осындай бір іс етелік! Жанымды бір шыбындай қи, ақсақал! Ақ сүйек етсін мені! Айт балыққа! Келіндер, боз балалар, атты алыңдар!

Тілекті сөйлемдер-де жай айтылмай, көтеріңкі дауыспен айтылады. Сондықтан көбінесе бұлардың соңынан-да леп белгісі (!) қойылады.

4) Жай сөйлем.

Сұраусыз, лепсіз, тілексіз айтылған сөйлемдердің бәрі жай сөйлем деліп аталады.

Мисал: *Ат ерінді келеді, ер мұрынды келеді. Өзің қойған зекетшіі, біздің елде Жүз-бай бар. Жана мұның жолдасы қара тамыр Дадан бар. Еріп жүрген соңында қырық-отыздай адам бар. Шоңмұрын деген молда бар. Атына жемді ілуге алты еннен қылған дорба бар.*

§ 3. ҚҰРЫЛУЫНША АЙЫРЫЛАТЫН ТҮРЛЕРІ.

Сөйлемдер арасында екі түрлі жақындық болады. Бірі — **ішкі**, бірі — **тысқы**. **Ішкі** жақындық мағана жүзіндегі жақындық. **Тысқы** жақындық сөйлемдерді бір-біріне жанастыру жүзіндегі жақындық. Мағана жақындығынан басқа жақындық жоқ сөйлемдер **іргелес** деліп аталады. Мағана жақындығынан басқа қисын жақындығы бар сөйлемдер **құрмалас** деліп аталады.

1. Іргелес сөйлемдер.

1) *Күн ашық. Тоғайлар шат. Бің-жың орман.*

2) *Күн кеш болды. Ат болдырды, ел көрінбеді. Батыр сасайын деді.*

3) *Біссімідә безгелдек! Бұлай жатсын дуадақ! Сыбағам қоңыр қаз.*

Үлесіме үш үйрек. Екі сартқа бір тартар, аққуды батырекең артар.

1-мисалға алынған сөйлемдер арасында жақсы күннің жәйін сөйлеген ой іргесінің-ғана біргелігі бар. 2-мисалға алынған сөйлемдер арасында кеш уақытта болған уақиға жәйін сөйлеген ой іргесінің-ғана біргелігі бар. 3-мисалға алынған сөйлемдер арасында үлес ретін сөйлеген ой іргесінің-ғана біргелігі бар.

Сүйтіп, үш мисалдың үшеуіндегі сөйлемдер біріне бірі тек ой іргесімен-ғана жанасқаны болмаса, бастарын қосып тұрған басқа еш нәрсе жоқ. Сондықтан бұлардың аралары-да біріне бірі қосылмай, ашық-ашық үзіліп

айтылады. Жазғанда араларына үлкен тыныс белгісі (.) қойылады. Іргелері жақын болса, ортаншы тыныс белгісі (;) қойылады.

2. Құрмалас сөйлемдер.

Сөйлемдердің құрмаласуы екі түрлі: 1) сыйыса құрмаласу 2) қиыса құрмаласу. Сыйыса құрмаласса, сөйлем **сыйысулы** құрмалас деп аталады. Қиыса құрмаласса, сөйлем **қиысулы** құрмалас деліп аталады.

1) Сыйысулы⁶³ құрмалас:

1) Қарабай мен Сарыбай аңға шықты.

2) Екі дос бірін-бірі сүйді, құшты.

3) Қолға алды татулықты, араздықты.

4) Далада, ойда, қырда, орман-тауда сау қалған жан болмады бұл індеттен.

Бұл сөйлемдердің әрбірі, бір неше сөйлем сыйысып құрмаласқаннан болған сөйлемдер. Мәселен: 1-сөйлем екі сөйлем сыйысып, қосылғаннан болған: қосылмай бөлек тұрғандағы түрлері мынау: *Қарабай аңға шықты. Сарыбай аңға шықты.* Бұларды екі қайта айтып жатпас үшін екеуін сыйыстырып қосып, бір-ақ айтқан. 2-сөйлем-де, екі сөйлем сыйысып, қосылғаннан болған. Қосылмағандағысы мынау: *Екі дос бірін бірі сүйді. Екі дос бірін бірі құшты.*

3-сөйлем-де екі сөйлем сыйысып, қосылғанынан болған. Қосылмағандағысы мынау: *Қолға алды татулықты. Қолға алды араздықты.*

4-сөйлем төрт сөйлемнің сыйысып, қосылғанынан болған. Қосылмағандағысы мынау: *Далада сау қалған жан болмады бұл індеттен. Ойда сау қалған жан болмады бұл індеттен. Қырда сау қалған жан болмады бұл індеттен. Орман-тауда сау қалған жан болмады бұл індеттен.* Сыйысулы сөйлемдердің белгісі — бір неше мүшелері бір түсті болуы. Мәселен, 1-сөйлемде екі мүшесі бір түсті: *Қарабай, Сарыбай* — екеуі-де бастауыш. 2-сөйлемде де екі мүшесі бір түсті: *сүйді, құшты* — екеуі де байандауыш. 3-сөйлемде екі мүшесі бір түсті: *татулықты, араздықты* — екеуі-де толықтауыш. 4-сөйлемде төрт мүшесі бір түсті: *далада, ойда, қырда, орман-тауда* — төртеуі-де мекен пысықтауышы. Сыйысулы сөйлемнің бір түсті мүшелерінің аралары кіші тыныс (,) теріс үтірмен айырылады.

«Мен», «яки», «һәм» деген сөздер араларында тұрған шақта-ғана кіші тыныс қойылмайды.

⁶³ Баспа тарапынан жіберілген қате жөнделді — ред.

2) Қиысулы құрмалас.

Қиысулы құрмаласқа келсек, бұлар біріне бірі тең болып-та, бірінен бірі кем болып-та қиысады. Қиысулы құрмаластағы сөйлемдер тең болса, **салалас құрмалас** деліп аталады. Тең болмай, бірінен бірі кем болып қиысса, онда қиысулы құрмалас **сабақтас** деліп аталады.

Салалас құрмаластың қиысуы 5 түрлі болады.

1) жиылыңқы, 2) қайырыңқы, 3) айырыңқы, 4) сұйылыңқы, 5) қойылыңқы.

Жиылыңқы қиысу болады егерде бір неше сөйлемнің қиысуы бір ыңғай, бір беткей болса. Мәселен: «Үлкен бастар, кіші қостар» яки «Ел де жатты, ай да батты».

Қайырыңқы қиысулы болады, егерде алдыңғы сөйлемге кейінгі сөйлем қарсы мағаналы болып қиысса. Мәселен: «Қылыш жарасы бітер, сөз жарасы бітпес» яки «Мен бардым, сен үйде болмадың».

Айырыңқы қиысу болады, екі ұшты мағаналы сөйлемдер қиысқан жерде. Мәселен: «Не сен тұрарсың, не мен тұрармын». Я болмаса, «Я атың жазым болар, я ер-тұрманың шығыңдар».

Сұйылыңқы қиысу болады, егерде маңызды, нығыз айтылған сөйлемді басқа сөйлемдер байандаушы болса. Мәселен: «Сабыр түбі сары алтын: сарғайған жетер мұратқа; асыққан қалар ұятқа» я болмаса «Шалқайғанға шалқай: пайғамбардың ұлы емес; еңкейгенге еңкей: атаңнан қалған құл емес»*.

Қойылыңқы қиысу болады, егерде алдыңғы сөйлемдерді кейінгі сөйлем қорытып айтса. Мәселен: «Не өгіз өлер, не арба сынар — екеуінің бірі болар». Яки «мал да керек, жан да керек, білім де керек — бәрі де керек». Я болмаса «Көк шалғын, ағаш, бұлақ бәрі жақсы»*.

Салалас сөйлемдердің аралары әуелі кіші тыныс — теріс үтір мен айырылады, екінші, ортаншы тыныс — үтірлі ноқатпен айырылады. Сұйылыңқы, қойылыңқы жалғасу бар жерде, қойылтушы сөйлемнің алдына қос ноқат қойылады, сұйылтушы сөйлем алдында ұзын сызық қойылады.

Сабақтас сөйлемдердің ішіндегі парқы: бірі басыңқы болғанда, екіншісі бағыныңқы болуында. Олардың басыңқы түрдегісі басыңқы сөйлем деліп, бағыныңқы түрдегісі **бағыныңқы сөйлем** деліп аталады.

Бағыныңқы сөйлем — бітпеген шала сөйлем. Оның өзінен, басыңқы сөйлем болмаса, толық мағана шықпайды. Бағыныңқы сөйлем басыңқы

*Мұндай сұйыңқылық алдыңғы сөздің мағанасын артқы сөздер бәшелегенде болады.

*Мұндай қойылыңқылық бөлек-бөлек сөздердің басын қосып, бір бұған сияқты етіп айтатын орындарда болады.

сөйлемнің шылауындағы-ғана қосшысы есебіндегі сөйлем. Басыңқы сөйлемнің қай мүшесінің шылауында болса, бағыныңқы сол мүшенің аты мен аталады һәм сол мүшесінің сұрауына жауап береді. Мисал алып қарайық:

а) Бастауыш бағыныңқы сөйлем.

«Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келер». Мұнда басыңқы сөйлем — «алдыңа сол келер». Бағыныңқы сөйлем «атаңа не қылсаң». Енді қарайық: бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемнің қай мүшесінің шылауында екен. Оны білу үшін басыңқы сөйлемді алып, сұрау саламыз. Алдыңа не келер? — *атаңа⁶⁴ не қылсаң, (сол)*. «Сол» — басыңқы сөйлемнің бастауыш мүшесі. «Атаңа не қылсаң» деген бағыныңқы сөйлем мұның шылауында болып тұр һәм «не?» деген бастауыш сұрауына жауап беріп тұр. Сондықтан бұл бағыныңқы сөйлем **бастауыш бағыныңқы сөйлемі** яки қысқаша айтқанда **бастауыш бағыныңқысы** болады.

Бағыныңқы сөйлемнің белгісі — бітпеген шалалығы.

б) Анықтауыш бағыныңқы сөйлем.

«Кімнің жерін жерлесең, соның жырын жырларсың». Мұнда басыңқы сөйлем: «соның жырын жырларсың», бағыныңқы сөйлем: «кімнің жерін жерлесең». Бұл бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемнің қай мүшесінің шылауында екендігін білейік. Оны білу үшін басыңқы сөйлемді алып, сұрау саламыз.

Кімнің жырын жырларсың? — *кімнің жерін жерлесең (соның)*. «Соның» — басыңқы сөйлемнің анықтауыш мүшесі. «Кімнің жерін жерлесең» деген бағыныңқы сөйлем мұның шылауында болып тұр һәм «кімнің?» деген анықтауыш сұрауына жауап беріп тұр. Сондықтан бұл бағыныңқы сөйлем **анықтау⁶⁵ бағыныңқысы** болады.

Анықтауыш сұрауы жалғыз «кімнің?» емес, басқа да сұраулар бар, мәселен, «қандай?», «қанша?», «қайсы?». Бұл сұрауларға да жауап беруші бағыныңқы сөйлемдер болса, олар да анықтауыш бағыныңқысы болады.

Мисал: 1) *Түсі қандай болса, ісі сондай болды*. Ісі қандай болды? — *түсі қандай болса (сондай)*. 2) *Күші қанша болса, һәр кім сонша көтермек*. Һәркім қанша көтермек? — *күші қанша болса, (сонша)*. Сол сияқты һәм басқалар.

⁶⁴ Баспа тарапынан жіберілген қате жөнделді — ред.

⁶⁵ Түпнұсқадағы қалпында берілді — ред.

п) Толықтауыш бағыныңқы сөйлем.

«Ұяда не көрсең, ұшқанда соны аларсың». Мұнда басыңқы сөйлем: *ұшқанда соны аларсың*, бағыныңқы сөйлем: *ұяда не көрсең*. Бұл бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемнің қай мүшесінің шылауында тұрғанын білейік. Оны білу үшін мұнда да басыңқы сөйлемді алып, сол арқылы сұрау саламыз. Ұшқанда нені аларсың? — *ұядан не көрсең (соны)*. «Соны» — басыңқы сөйлемнің толықтауыш мүшесі. «Ұяда не көрсең» деген бағыныңқы сөйлем мұның шылауында тұр нәм «**нені?**» деген толықтауыш сұрауына жауап беріп тұр. Сондықтан бұл бағыныңқы сөйлем **толықтауыш бағыныңқысы** болады.

Толықтауыш сұрауы жалғыз «**нені?**» емес, басқа сұраулары да толып жатыр. Мәселен, «**кімді?**» «**кімге?**» «**неге?**» «**кіммен?**» «**немен?**» нәм басқалары. Солай болған соң жалғыз «**нені?**» деген сұрауға-ғана емес, толықтауыштың басқа сұрауларына да жауап берген бағыныңқы сөйлемдер толықтауыш бағыныңқысы болады.

Мисал: 1) *Кім жалқау болса, жоқтық соған жолдас. Жоқтық кімге жолдас? — кім жалқау болса, (соған)*. 2) *Кім мен ауылдас болсаң, соны мен қауымдас боларсың. Кім мен қауымдас боларсың? — Кім мен ауылдас болсаң, (соны мен)*.⁶⁶ Осы сияқты нәм басқалары да.

т) Мезгіл пысықтауышының бағыныңқысы.

«Қашан жер отаяды, мал сонда сүтейеді». Мұнда басыңқы сөйлем: «мал сонда сүтейеді», бағыныңқы сөйлем: «қашан жер отаяды». Бұл бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемнің қай мүшесінің шылауында тұрғанын білейік. Оны білу үшін басыңқы сөйлемді алып, сұрау салу керек.

Мал қашан сүтейеді? — *Қашан жер отаяды, (сонда)*. «Сонда» — басыңқы сөйлемнің мезгіл пысықтауышы. Мынау «Қашан жер отаяды» деген бағыныңқы сөйлем мұның шылауында тұр нәм «**қашан?**» деген мезгіл пысықтауышының сұрауына жауап беріп тұр. Сондықтан бұл бағыныңқы сөйлем мезгіл пысықтауышының бағыныңқысы болады.

Мезгіл пысықтауышының сұрауы жалғыз «**қашан?**» емес, «**қашанға дейін?**» «**қашаннан бері?**» деген басқа сұраулары да бар. Солай болған соң бұл сұрауларға да жауап беруші бағыныңқы сөйлемдер мезгіл бағыныңқысы болады.

Мисал: 1) *Қашанға дейін ұйқым келмесе, соған дейін отырамын. Қашанға дейін отырамын? — қашанға дейін ұйқым келмесе (соған дейін)*.

⁶⁶ Түпнұсқадағы қалпында берілді — ред.

2) *Қашаннан бері өзім жүре бастадым – сонан бері малдың өңі кіре бастады. Қашаннан бері малдың өңі кіре бастады? – қашаннан бері өзім жүре бастадым, (сонан бері).* Солай һәм басқалары.

ж) Мекен пысықтауышының бағыныңқысы.

«Егін қайда болса, береке сонда болады».

Мұнда басыңқы сөйлем: «береке сонда болады». Бағыныңқы сөйлем: «егін қайда болса». Бұл бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемнің қай мүшесінің шылауында тұрғанын білейік. Оны білу үшін басыңқы сөйлем арқылы сұрау саламыз. Береке қайда болады? – *егін қайда болса, (сонда).* «Сонда» – басыңқы сөйлемнің мекен пысықтауышы. «Егін қайда болса», деген бағыныңқы сөйлем мұның шылауында тұр һәм «қайда?» деген мекен пысықтауышының сұрауына жауап беріп тұр. Сондықтан бұл бағыныңқы сөйлем мекен пысықтауышының бағыныңқысы болады. Мекен пысықтауышының сұрауы жалғыз «қайда?» емес, «қайдан?», «қалай қарай?» деген де сұраулары бар. Сондықтан бұл сұрауларға жауап беруші бағыныңқы сөйлемдердің бәрі мекен пысықтауышының бағыныңқысы болады.

Мисал: 1) *Алдыңғы арба қай жерден жүрсе, соңғы арба со жерден жүреді. Соңғы арба қай жерден жүреді? – алдыңғы арба қай жерден жүрсе, (со жерден).*

2) *Жел қай жаққа қуса, қаңбақ солай қарай домалайды. Қаңбақ қалай қарай домалайды? – жел қай жаққа қуса, (солай қарай).* Басқалары һәм солай.

ш) Сын пысықтауышының бағыныңқысы.

«Қалай бақсаң, атың солай жүрмек». Мұнда басыңқы сөйлем: «атың солай жүрмек», бағыныңқы сөйлемнің қай мүшесінің шылауында тұр? Оны білуге сұрау салайық.

Атың қалай жүрмек? – *қалай бақсаң, (солай).* «Солай» – басыңқы сөйлемнің сын пысықтауышы. «Қалай бақсаң» деген бағыныңқы сөйлем «солай»-дың шылауында тұр һәм «қалай?» деген сын пысықтауышының сұрауына жауап беріп тұр. Сондықтан бұл бағыныңқы сөйлем сын пысықтауышының бағыныңқысы болады.

Сын пысықтауышының «қалай»-дан басқа да сұраулары бар. Мәселен, «қалайша?», «қанша?» һәм басқалар. Солай болған соң жалғыз «қалай?» сұрауға емес, сын пысықтауышының басқа сұрауларына да жауап беруші бағыныңқы сөйлемдер сын пысықтауышының бағыныңқылары болады.

Мисал: 1) *Қалайша үлгі пішілсе, солайша киім тігілмек. Киім қалайша тігілмек?* – *қалайша үлгі пішілсе, (солайша).*

2) *Қаниша іс қыла білсе, сонша жұмыс өнбек. Жұмыс қанша өнбек?* – *Қаниша іс қыла білсе, (сонша).* Басқалары нәм солай.

х) Себеп пысықтауышының бағыныңқысы.

«Олар көше алмайды, ұйткені көлігі жоқ». Мұнда басыңқы сөйлем: «Олар көше алмайды», бағыныңқы сөйлем: «ұйткені көлігі жоқ». Бұл бағыныңқы сөйлем қандай сұрауға жауап берер екен?

Олар неге көше алмайды? – *ұйткені көлігі жоқ.* Бұл бағыныңқы сөйлем «**неге?**» деген сұрауға жауап беріп тұр. Бұл сұрау – себеп пысықтауышының сұрауы. Сондықтан бұл себеп пысықтауышының бағыныңқысы болады.

Себеп пысықтауышының «**неге?**»-ден басқа да сұраулары бар. Мәселен: «неден?» «неліктен?» «не себептен?». Бұл сұрауларға да жауап беруші бағыныңқы сөйлемдер себеп пысықтауышының бағыныңқылары болады.

Мисал: 1) *Қар аз болған соң, су сонан тасымады. Су неден тасымады?* – *қар аз болған соң, (сонан).*

2) *Малы жұтап қалған соң, ел сондықтан жүдеді. Ел неліктен жүдеді?* – *малы жұтап қалған соң, (сондықтан).*

3) *Не себептен шөп болмады, сол себептен мал жұтады. Мал не себептен жұтады?* – *шөп не себептен болмады, (сол себептен).* Басқалары нәм солай.

д) Мақсат пысықтауышының бағыныңқысы.

«Орақшы, шөп шабайын деп, тоғайға барды». Мұнда басыңқы сөйлем: «орақшы тоғайға барды». Бағыныңқы сөйлем: «шөп шабайын деп».

Орақшы тоғайға не үшін барды? – *шөп шабайын деп.*

Бұл бағыныңқы сөйлем «**не үшін?**» деген сұрауға жауап беріп тұр. Ол «**не үшін**» деген сұрау – мақсат пысықтауышының сұрауы. Сондықтан «шөп шабайын деп» деген бағыныңқы сөйлем мақсат пысықтауышының бағыныңқысы болады.

Мақсат пысықтауышының сұрауы жалғыз «**не үшін**» емес, «**неге?**» деген сұрауы бар. Сондықтан бұл «**неге?**» деген сұрауға да жауап беруші бағыныңқы сөйлем болса, о да мақсат пысықтауышының бағыныңқысы болады. Мисал: 1) *Өлең тыңдағысы келіп, жұрт жиылды. Жұрт неге жиылды?* – *өлең тыңдағысы келіп.*

2) *Бата бермекші болып, ақсақал қолын жайды. Ақсақал қол неге*

жайды? – бата бермекші болып. Мұнда елтипат ететін бір нәрсе мынау: «неге?» деген сұрау себеп пысықтауышында да, мақсат пысықтауышында да бар. Солай болған соң тек «неге?» деген сұрау бойынша себеп пысықтауышының яки мақсат пысықтауышының бағыныңқысы екендігін білуге болмайды. Мұнда мағанасына қарау керек болады. Егерде бағыныңқы сөйлем істің себебін айтып тұрса, себеп пысықтауышының бағыныңқысы болады; егерде істің мақсатын айтып тұрса, мақсат пысықтауышының бағыныңқысы болады.

Мисал: 1) *Көшпекші болып, ауыл үй жықты.*

2) *Түйе жоқ болып, ауыл көше алмады.*

1-мисалда: Ауыл неге үй жықты? – *көшпекші болып*. Бұл мақсат пысықтауышының бағыныңқысы болады, үйткені үйді көшу мақсатпен жықты.

2-мисалда: Ауыл неге көше алмады? – *түйе жоқ болып*. Бұл себеп пысықтауышының бағыныңқысы болады, үйткені көше алмаудың себебі – түйе жоқ болғаны, яғни неге көше алмады? – әрине, түйе жоқ болғаны себепті.

р) Шартты бағыныңқы.

«Көсеу ұзын болса, қол күймейді». Мұнда басыңқы сөйлем: «қол күймейді», бағыныңқы сөйлем: «көсеу ұзын болса». Қай етсе⁶⁷ (не етсе) қол күймейді? – *көсеу ұзын болса*, яғни қол күймеудің шарты – көсеу ұзын болуында. Ішінде шарты болғандықтан, мұндай бағыныңқы сөйлемдер **шартты бағыныңқы** деліп аталады.

Шартты сөйлемнің белгісі сұрауында емес, ішінде шарт болуында. Сондықтан шартты бағыныңқы сұрау мен емес, шарт барлығынан табамыз.

Мисал: 1) *«Тоқпағы зор болса, киіз қазық жерге кірер»*. Мұнда киіз қазық жерге кіруіне тоқпағы зор болу шарт, яғни шарт тоқпақтың зор болуында. Сондықтан «тоқпақ зор болса» деген сөйлем шартты бағыныңқы болады.

2) *Берсең, аларсың*. Мұнда алудың шарты беруде, яғни сен берсең саған басқалар да береді.

з) Ереуіл бағыныңқы.

«Тартса да бар күштерін аямай-ақ, асылан жүк орнынан қозғалмады». Мұнда басыңқы сөйлем: «асылан жүк орнынан қозғалмады». Бағыныңқы сөйлем: «тартса да бар күштерін аямай-ақ». Бағыныңқы сөйлем «жүкті тарт-

⁶⁷ Түпнұсқадағы қалпы сақталды – ред.

ты» дейді, басыңқы сөйлем «жүк қозғалмады». Яғни екі сөйлем мазмұны бір-біріне қарсы, ереуіл келіп тұр, сондықтан мұндай басыңқы сөйлемге ереуіл келетін бағыныңқы сөйлемде **ереуіл бағыныңқы** деліп аталады.

Ереуіл бағыныңқының белгісі пәлен етсе де, пәлен болса да деп ереуіл рай мен айтылуы.

Мисал: 1) *Күні бойы қараса да, таба алмады.* 2) *Қыс қатты болса да, мал аман шықты.*

ЫҚШАМДАУ

Бағыныңқы сөйлемдер екі түрде айтылады:

1) толық түрде,

2) ықшам түрде. Толық түрде айтылған бағыныңқы сөйлемдердің бәрін болмаса да, көбін-ақ ықшам түрге айналдыруға болады. **Ықшамдау** деп сол толық түрден ықшам түрге айналдыруға айтылады. Қазақ тілінде толық түрінен де ықшам түрі көбірек жүреді. Бағыныңқы сөйлемнің көбі, ықшам түрге айналғанда, басыңқы сөйлемге сіңісіп, жоғалып кетеді. Жазғанда бағыныңқы сөйлемнің толық түрі мен ықшам түрінің қай қолайлысы, көркемі алынады. Сондықтан ықшам түрінен толық түрі көркем болып шықпайтын болса, ондай сөйлемдерді ықшамдаудың қажеті жоқ һәм ондай сөйлемдер ықшамдалмайтын сөйлемдерге саналады. Бағыныңқы сөйлемді ықшамдауға болады: 1) зат-есім арқылы, 2) сын-есім арқылы, 3) етістік есімше түрі арқылы, 4) етістіктің көсемше түрі арқылы.

Мисал: 1) *Түсі қандай болса, ісі сондай болды.* Бұл – толық түрі. Ықшам түрінде айтқанда, «ісі түсіндей болды» дейміз (зат-есім арқылы). 2) *Ит жүйрік болса, оны түлкі сүймес.* Мұны ықшамдап айтқанда, «ит жүйрігін түлкі сүймес» дейміз (мұнда сын-есім арқылы). 3) *Қалай пішілсе, киім солай тігілмекші.* Мұны ықшамдап айтқанда, «пішілуінше киім тігілмекші» дейміз (мұнда етістік зат-есімге айналған түрі арқылы). 4) *Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келер.* Мұны ықшамдап айтқанда, «Атаңа қылғаның алдыңа келер» дейміз (мұнда етістіктің есімше түрі арқылы). 5) *Олар көше алмады, үйткені көлігі жоқ болды.* Мұны ықшамдап айтқанда, «Көлігі жоқ болып, олар көше алмады» дейміз (мұнда етістіктің көсемше түрі арқылы).

1-мисалда «түсі қандай болса» деген бағыныңқы сөйлем жоғалып, «түсіндей» деген жалғыз ауыз сөз болып, басыңқы сөйлемге сіңісіп кетіп

отыр. 2-мисалда «ит жүйрік болса» деген бағыныңқы сөйлем жоғалып, «ит жүйрігін» деген екі ауыз сөз болып, басыңқы сөйлемге сіңісіп тұр. 3-мисалда «қалай пішілсе» деген бағыныңқы сөйлем жоғалып, «пішілуінше» деген бір ауыз сөз болып сіңісіп тұр. 4-мисалда «атаңа не қылсаң» деген бағыныңқы сөйлем жоғалып, «атаңа қылғаның» деген екі ауыз сөз болып, басыңқы сөйлемге сіңісіп тұр. 5-мисалда «үйткені көлігі жоқ болды» деген бағыныңқы сөйлем ықшамдалып, «көлігі жоқ болып» деген бағыныңқы сөйлемге айналып тұр. Мұнда алдыңғы сөйлемдер сияқты бағыныңқы сөйлем жоғалып кеткен жоқ, тек ықшамдалған. Оның себебі көсемше арқылы ықшамдануында. Көсемше арқылы ықшамдалған бағыныңқы сөйлемдер өз алдына сөйлемнің күйін ықшамдалған күнде де жоғалтпайды.

Толық түріндегі бағыныңқы сөйлемдер мен басыңқы сөйлемнің арасы теріс үтір мен айырылады. Ықшам түріндегі бағыныңқы сөйлем, басыңқы сөйлемге сіңісіп жоқ болып кеткенде еш бір тыныс белгісі мен бөлінбейді. Егерде бағыныңқы сөйлем ықшамдалғанмен, басыңқы сөйлемге сіңісіп кетпей, өз алдына сөйлем күйінде қалса, онда толық түрдегідей теріс үтір мен айырылады.

3) Қыстырынды сөйлем.

Кейде бір сөйлемнің ішінде екінші сөйлем қыстырылып айтылады. Сондай қыстырылып айтылған сөйлемді қыстырынды дейміз.

Мисал: 1) *Бүгін, Құдай біледі, жауын болса керек.* 2) *Әзір, Аллаға шүкір, жаман емеспіз.* 3) *Осы жолы, асылық болмасын, алып келерміз-ақ.* 1-мисалда «Бүгін жауын болса керек» деген сөйлемнің ішіне «Құдай біледі» деген сөйлем қыстырылып айтылып тұр. 2-мисалда «Әзір жаман емеспіз» деген сөйлемнің ішіне «Аллаға шүкір» деген сөйлем қыстырылып айтылып тұр. 3-мисалда «Осы жолы алып келерміз-ақ» деген сөйлемнің ішіне «асылық болмасын» деген сөйлем қыстырылып айтылып тұр.

Сондықтан «Құдай біледі», «Аллаға шүкір», «асылық болмасын» деген сөйлемдер қыстырынды болады. Қыстырынды сөйлемдер қыстырушы сөйлемдерден теріс үтір мен айырылады.

4) Келтірінді сөйлем.

Сөйлегенде я жазғанда сөйлеуші я жазушы бұрынғыдан қалған мақалды яки біреудің айтқан сөзін келтіре сөйлейді я жазады. Сондай келтіріп айтқан я жазған мақал я біреудің сөздері **келтірінді сөйлем** деліп аталады.

Мисал: 1) *Нақыл сөз: «Әлін білмес әлек» деген осындай әуре болған жаннан қапты.* 2) *Бір күні бұлбұл құсты есек көрді. Қасына сөз айтпаққа*

жақын келді. *«Сыртыңнан сайрағыш деп жұрт мақтайды, Тыңдайын, достым, біраз сайра»* деді. 1-мисалда келтірінді сөйлем — «Әлін білмес әлек» деген мақал. 2-мисалда келтірінді сөйлем — «Сыртыңнан сайрағыш деп жұрт мақтайды, тыңдайын, достым, біраз сайра» деген есектің сөзі.

Келтірінді сөйлемде мақал я біреудің айтқан сөзін айтушы не сол айтылған күйінде өзгертпестен айтады, я өзгертіп мағанасын, мазмұнын-ғана айтады.

Бірінші түрде айтылса, мақал я біреудің сөзі төл сөз деліп аталады; екінші түрде айтылса, төлеу сөз деліп аталады.

Мисал: 1) *Сонда есек сөз айтады бұлбұл құсқа: «Мақтаулы бар ғой әнпаз әр бір тұста, солардың бәрі дағы әдемі әнге тауықтың айғырындай емес ұста».* Мұнда «мақтаулы»... дегеннен бастап, «ұстаға» дейін бәрі есектің сөзі. Өзгерместен алынып айтылып тұр. Сондықтан бұл төл сөз болады. 2) *Шал тұрып орнынан есен-аман, жақындап жұмыскерге келді таман, әумесер ақылы жоқ, ит, доңыз деп, байғұсты балағаттап сөкті жаман.* Мұнда да «әумесер»... дегеннен бастап, «деп»-ке дейін шалдың не дегенін нақ айтқан күйінде келтірмей, жай әңгіме түрінде мазмұнын-ғана айтып өткен. Яғни шалдың төл сөзі емес, төлеуі-ғана айтылған. Сондықтан бұл **төлеу сөз** болады.

Төл сөздер қабатша (« ») ішіне жазылады. Төлеу сөздерге тыныстар жай сөйлемдерше қойылады. Мәселен: *Шал айтты: «Көрмейісің не еткеніңді? Желігіп жындануға жеткеніңді? Бардай-ақ әкең құны сонша шанышып. Терісін іске алғысыз еткеніңді».* Шалдың бұл сөзі төл сөз болған соң қабатша қойылып тұр.

5) Орамды яки өрнекті сөйлем.

Сөйлегенде ойды тақ-тұқ қысқа айтып, білдіретін орын да болады. Ойды ұзын айтып, орағытып келіп білдіретін орын да болады. Ұзын айтқанда ой дәуірлеген беті мен барып, қайтатын түрі болады. Сөйлеудің сондай түрлері орамды деп аталады. Түсінікті болу үшін мисал алып көрсетелік.

Мисал: 1) *Байлыққа кім тұрғанда, Досан тұрған; Қасында Байжан сымам қоса тұрған. Қорадан он төрт мың қой бірден өрген. Аламан шеннен шыққан Асан тұрған; Шапса қылыш өтпейтін Мұсам тұрған, Сөйлейді маған неге осы ант ұрған?* Мұнда басынан бастап «Мұсам тұрған...» деп айтқан жерге келгенінше ой дәуірлеген беті мен келеді. Онан әрі «сөйлейді...» дегеннен бастап, ойдың беті келе жатқан жөнін тастап бұрылып кетеді.

2) Хисапсыз бай болсаң да Қарынбайдай, Сахы боп мал шашсаң да Атымтайдай, Падсадай Әмір-Темір дін түзетіп. Болсаң да әйдік батыр Арыстандай. Болсаң да Жиренишедей тілге шешен, Ақырда жатар орның тар лақыт жай. Мұнда ойдың дәуірлеуі «шешен» деген сөзге дейін келіп, беті сонан арғы жерде бұрылады.

3) Ыстамбұл падса болсаң да Құддыс Шамға, Бұқар мен хукім етсең де Пүндістанға, Ағылыын, Қытай, Мәскеу, Рұмды алып, Дін түзеп әмір етсең де бұл жиһанға. Тұтсаң да жеті ықылымның бәрін тегіс, Кіресің ақыр бір күн көрістанға. Мұнда ой дәуірлеуі «тегіс» деген сөзге дейін келіп, онан арғы жерде беті бұрылады.

4) Қосылып бір неше адам, ортақтасып, Үй салып ортасынан дүкен ашып, Саудасы, жұғымды боп байып әбдан, Шат болып көңілдері судай тасып, Ақшаны төбедей қып үйіп қойып, Үлесіп отыр еді шуылдасып. Үйі жанып барады деп хабар береді, Жүгіріп келіп біреу түсі қашып. Мұнда ойдың дәуірлеген беті «шуылдасып» деген сөзбен бітіп, сонан әрман беті бұрылады.

СӨЙЛЕМ ТҮРЛЕРІН АЙЫРУҒА КЕРЕК СӨЙЛЕМ МИСАЛДАРЫ

Сөйлем түрлерін айырту жүзінде сөйлем мисалдары мен үш түрлі іс істеледі:

- 1) Өлең мен айтылған сөйлемдерді өлеңсіз түрге айналдыру.
- 2) Сөйлем түрлерін айырту.
- 3) Сөйлемдердің керек болған түрлерін оқушыларға тапқызу.

Мінсіз таза меруерт су түбінде жатады. Су түбінде жатқан зат жел толқытса, шығады. Адам да, ұшқан құс та, аң да — жұмыссыз тек тұрған жоқ ешбір жан да, кішкене қоңыз да жүр жүгін сүйреп; барады аралар да ұшып балға. Шығады тоқылдақтың тоқ-тоқ даусы, сайрағы сарғалдақтың сыңғырлаған. Өзенде балықшылар ау қарап жүр, тоғайда орақ даусы шаң-шүң орган. Е, жаным, мен жолаушы жолым алыс; адам жоқ бұл маңайда маған таныс. Ат достым, жүгім ауыр, қалым бітті. Емеспін жүре алатын енді тіпті. Ат оған ешбір жауап қайтармайды. Қараңдар, шара бар - ма мына сорға? Аяғын ат келеді басып зорға. Өкініп өткен іске ат келеді. Мен қата еткен екем... ah! деді. Күш кеміді. Айбынды ту құлады. Кеше батыр — бүгін қорқақ.



Ерікке ұмтылған ұшқыр жаны кісенде. Қан суынған; жүрек солғын соғады. Бірлік, елдік, ерлік, қайрат, бақ, ардың — жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың. Ойпырм-ай! Алла-ай жасаған, қысылды-ғой шыбын жан! Қуат кеміп барады. Сауықшыл есіл елім-ай! Сарыарқа сайран жерім-ай? Күмістей таза суы бар — айдын шалқар көлім-ай! Қиналдың-ау, шыбын жан! Тоқталсайшы ыстыққан! Қарлығаш, қайран жарым-ай! Қарашығым, жаным-ай! Құлағыма келеді алыстан ащы зарың-ай! Түсті-ғой қысым жаным! Тұншықтым-ғой қаным! Жаралы құба жонда кім зарлаған! — Бұл — қазақ; Тәңіріге зар еткен қазақ! Қиналып қанды азап шеккен қазақ! Әйтеуір қанды азаптан құтқарар деп, оқыған азаматын күткен қазақ. Әкеңді алдыңдағы тани-мысың? Балам, сен байқап қара, ашып көзің, кезек бер бір азырақ сөзге тақсыр! Тақсыр-ай, еш жазығым жоқ-ғой менің! Жәбір-ғой біреу үшін күйдіргенің!

Үндеме! Жетер! Кәзір пұрсатым жоқ! Алда, сорлы, бишара балалар -ай! Жасынан өлген екен аналары-ай! Жоқ екен пақырлардың шамалары-ай! Әй! Құстар, тыңдаңыздар құлақ салып! Кезекпен жем тасыңдар ұшып барып. Үшеуін асырауға қанша қиын? Етіңдер аз күн қайыр бөліп жарып! Көкек құс, жүнің түлеп жүр-ғой бекер! Азырақ жетім үшін жұлсақ нетер? Қайырдың бұл дүниеде жетімге еткен басқа іс сауабына бар-ма жетер? Бозторғай, қарап тұрма сен де текке! Жүресің босқа шарлап ұшып көкте! Даладан тоғайлардан тамақ ізде! Бұлардың үшеуіне көп керек пе? Сар мойын, ер жетті-ғой балаларың! Бәледен Құдай сақтар бірер жарым! Бұлардың күндіз-түні жанында бол! Жоқтатпа пақырлардың аналарын! Сандуғаш, нағылайын сені қайрап! Қоярсың оқтын-оқтын өзің сайрап! Көңілің бір аз-ғана көтермекке.

- Зарлының жетім қалған соры қайнап! Достарым, осындай бір іс етелік! Жастарды жетім қалған кісі етелік! Езгілер орманда да бар екенін Осындай сауап іспен көрсетелік! Дарига, мен бай болсам жұрттан асқан! Үйлерді салдырар ем қандай тамнан! Бақыл бол, серік атым ренжіме! Дамыл ал! Қош, аман бол! Мені ұмытпа! Аяғым тимес алтын үзеңгіңе. Келіңдер, боз балалар, атты алыңдар! Жетектеп тоғайыма ап барыңдар! Жабыңдар жауабына түкті кілем! Жеміне ең қалаулы сұлы алыңдар! Бұлақтың суымен һәм суарыңдар.

Енсап⁶⁸, ұят, терең ой, Ойлаған жан жоқ; жауып қой! Тамағы

⁶⁸ Түпнұсқа қалпында берілді — ред.

тоқтық, жұмысы жоқтық Аздырар адам баласын. Өтірік шағым толды-ғой, Ойланар уақытың болды-ғой. Кештеп қайтар жол емес; Жол азығым мол емес. Бір кісі мыңға, Жөн кісі сұмға Әлі жетер заман жоқ. Қадірлі басым, Қайратты жасым Айғаймен кетті; амал жоқ! Қош, қорықты елің. Қорқытқан сенің өнерің қайсы? Айтып бер! Бауырыңа тартқан, сырыңды айтқан сырласың сыртты айналар. Не ол емес, бұл емес: Менің де күнім күн емес.

Ішім өлген, сыртым сау, бүгінгі дос — ертең жау. Алаштың адамының бәрі мәлім: Кім қалды таразыға тартылмаған. Дегендер мен жақсымын толып жатыр, жақсылық өз басынан артылмаған.

Халыққа жағайын десең, қазаның болсын. Момынның есебін қу табады, құдың есебін Құдай табады. Құдайға сыйынған құрттай ұшады, адамға сыйынған мұрттай ұшады, кім бай боламын демейді, Құдайы қаламайды; кім би боламын демейді, халқы қаламайды, Жер таусыз болмайды, ел даусыз болмайды. Тай жаманы жорға болады. Адам жаманы молда болады. Жаңылмас жақ болмас, сүрінбес тұяқ болмас. Бұрынғының кісісі — бүгінгінің кішісі. Арғымақ бірде жалды, бірде жалсыз; ер жігіт бірде малды, бірде малсыз. Ердің ерлігін білмеген Құдайдың бірлігін білмейді. Ат баспаймын деген жерін үш басады; ер көрмеймін деген жерін үш көреді. Адаспаймын деген жігітті қараңғы тұман адастырады.

Ат басына күн туса, ауыздықпен су ішер; ер басына күн туса, етігі мен су кешер. Ер өтірік айтпайды, еп өтірік айтады. Ердің атын я аты шығарар, я қатыны шығарар. Есепдар болмай, бай болмайды, есерсоқ болмай, ер болмайды. Алып анадан, ат биеден туады. Уайым түбі теңіз: батасың да кетесің; тәуекел түбі қайық: мінесің де өтесің. Арғымақ аттың құйрығы — әрі жібек, әрі қыл. Қас жақсының белгісі — әрі мырза, әрі құл. Бай болайын деген жігіт айырбасшыл келеді, адам болайын деген жігіт қарындасшыл келеді. Жаңбыр жауса, жердің ырысы, жақсы туса, елдің ырысы. Биік таудың төбесін көріп, түбіне барма; жақсының атын естіп, үйіне барма. Жорганың қадырын желгенде біледі, жақсының қадырын өлгенде біледі. Жаманның айтқаны келмейді, сандырақтағаны келеді. Ит құтырса, иесін қабар; торғай құтырса, бүркітке шабар. Арық малды асырасаң, ауызы-мұрныңды май етер; жаман кісіні асырасаң, аузы-мұрның қан етер. Жақсыдан жаман туады: бір аяқ асқа алғысыз; жаманнан жақсы туады: адам айтса, нанғысыз. Қас жақсының белгісі — өз үйіне

өзі құл; қас жаманның белгісі — өз үйіне өзі сый. Жақсыға берсең асыңды, жақсы сыйлар басыңды; жаманға берсең асыңды, итке тастар басыңды. Жүйрік шабан болады, мойнынан жал кетсе; жақсы жаман болады, қолынан мал кетсе. Қарға мақтанып, сұңқар болмайды; есек мақтанып, тұлпар болмайды. Кісі ақылы мен бай болғанша, өз ақылың мен жарлы бол. Жалғыз жүріп жол тапқанша, көп кісі мен адас. Жалғыздың жағы жоғалса да, табылмайды, көптің оғы жоғалса да, табылады. Еңкейгенге еңкей, басың жерге жеткенше, шалқайғанға шалқай, төбең көкке жеткенше. Өзі біткен жанжалды, жаным десең болмас-па; алты ұл тапқан қатынды қаным десең болмас-па? Атадан алтау туғанша, жалғыз туса, не етеді, елге тұлға болғалы, қарағайға қарсы бұтақ біткенше, еменге айыр бұтақ бітсе, не етеді — құсқа тұғыр болғалы. Өзіңнен тумай, ұл болмас; сатып алмай, құл болмас. Ақ сұңқардың баласы, алдына қоймай, жем жемес. Арғымақ аттың баласы, аз оттап, көп жусайды; асылдардың баласы, аз сөйлеп, көп тыңдайды. Ағайынның қадірін, жалалы болсаң, білерсің. Ата-ананың қадірін, балалы болсаң, білерсің. Ағайынды жамандап, туғанды қайдан табарсың; арғымақты жамандап, буданды қайдан табарсың. Басқа елде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол. Ел ағасыз болмайды, тон жағасыз болмайды. Мал бітпес деп, ерден түңілме, шөп бітпес деп жерден түңілме. Мал таппас жігіт болмас: құрарын айт; Бала таппас қатын болмас: тұрарын айт. Бас екеу болмай, мал екеу болмас. Ат аунаған жерінде түк қалады.

Білмеген аттың сыртынан жүрме. Ат аяған жерге қарар, құс аяған көкке қарар. Құтты қонақ келсе, қой егіз табады. Ешкі егіз тауып қойдан аспас; ит егіз тауып, елден аспас. Бір биенің емшегі екі: бірі кетсе, сүті жоқ; бір түйенің өркеші екі: бірі кетсе, күші жоқ. Түйе қашып, жүктен кете алмас. Алты күн атан болғанша, бір күн бура бол. Ауызы қисық болса да, байдың ұлы сөйлесін. Бағың жүрген шағында, жапалақ салсаң қаз ілер; бағың қайтқан шағында, лашын салсаң, аз ілер. Жемесе де май жақсы, бермесе де бай жақсы. Жарлылық, сені қайтейін: жандай досты жат еттің; кәрілік сені қайтейін: сөйлер сөзге мат еттің. Бай қасына көшіп бар да, байымасаң, маған кел; құ қасына көшіп бар да құр алмасаң, маған кел. Ұрлық қылсаң, жалғыз қыл: екеу болсаң бірі айғақ; өткел өтсең, бұрын өт: арттан өтсең, жол тайғақ. Айтысқан соң дау емес-пе, алысқан соң жау емес-пе? Тапқан қуанса да, таныған алады. Әлі келген алып-та, шалып-та

жығады. Би айтқанды құл да айтады, құл аузының дуасы жоқ. Арлы арына қараса, арсыз «жеңдім» дейді. Қонғанша қонақ ұялады, қонған соң қонақ иесі ұялады. Қонақ аз отырып, көп сынайды. Қонақ келсе, ет пісер, ет піспесе, бет пісер. Барында батып іш; жоғында сатып іш. Жақсы ас қалғанша, жаман құрсақ жарылсын. Кісі қандай болса, асы сондай. Жетімнің ауызы асқа тисе, мұрны қанайды. Ақымақ, алдындағы астан үркіп, аштан өліпті. Жоғалып табылған мал олжа; ауырып жазылған жан олжа.

ЖАЗУ ТӘРТІБІ

Оқу керек. Оқу керек емес деп ешкім айтпайды. Сондықтан даулы нәрселер турасында жұрт бір итфаққа келіп жеткенше, даусыз нәрсе оқуды тәртіпті жолға түсіру жайындағы ойымызды жұрт алдына салалық.

Қазаққа керек оқу екі түрлі: бірі — мұсылманша оқу, бірі — русша оқу. Осы күні алты-жеті жыл русша оқығандарымыз дұрыстап русша сөйлей алмайды һәм жаза алмайды. Русша жақсы білуге он-он бес жыл керек. Ондай уақыт оқуға жалпақ жұрттың бәрінің қолы жете алмайды. Сондықтан русша оқудан көрі жалпақ жұртқа қерегірек һәм қолы жетерлік оқу жайын айтамын. Мұсылманша оқуға, мұсылманша болғанда қазақша оқуға, оншама көп жыл керек емес. Не үшін десеңіз, русша оқығанда уақыттың көбі тіл үйренуге кетеді. Қазақша оқығанда тіл үйренуге кететұғын уақыттар басқа нәрселерді үйренуге керек уақытқа ауысады. Сондықтан русша 6-7 жыл оқып білетұғын білімдерді қазақша үш жыл оқып білуге болады. Русша оқып дұрыстап хат жаза білуге аз болса 8-9 жыл керек. Қазақша дұрыстап хат жаза білуге бір-екі-ақ жыл керек. Қазақша оқу дегенде мен осы күнгі мұсылманша оқып жүрген жолменен оқуды айтпаймын, қазақтың тіліменен оқуды айтамын. Бұл күнгі мұсылманша оқып жүрген жолдың бұлғалақ-жырғалағы көп, оныменен жүріп хат жаза білуге жеткенше русша білуден уақыт кем кетпейді. Себебі, қазақ тіліменен оқытпай, ноғай, түрік, фарсы, араб тілінде жазылған кітаптар араласып бас қатып, мый ашып, балалар әуре-тәуре болады. Сондықтан оқу керектігі даусыз болса, оқуға керек құралдарды сайлау керектігі де даусыз. Жақсы құралменен іс істегенде көпке тиіп жанды қинамайды. Оқу құралы да сондай, жан қинамайтұғын болса, жақсы болады. Әр істің басы қиын. Басында қиналмай кетсе, онан әрі тың кетеді. Бұлай болған соң әуелі оқу құралы жақсы болып жан қинамасына не керек? Соны сөйлелік.

Оқу құралының ең ұлығы — бала оқытатұғын кітап; оның жақсы болып, балалардың жанын қинамасына жазудың тәртібі болуы шарт. Тәртіпті жазу деп айтамыз: тілдегі бар дыбыстың бас-басына арнаған белгісі (харфі) бар болса. Осы күнгі жазуымызда дыбыс басына арнаған белгіміз жоқ; бір белгіменен әлде неше түрлі дыбыстарды жазамыз. Мысалы: «о - ۋ» менен жазамыз бес түрлі дыбысты, «ы-ۋ» — менен жазамыз үш түрлі дыбысты. Балаларға һәр түрлі айтылатұғын сөзді бір түрлі айтып жазып қойып, һәр түрлі айтып оқу керек дегеніміз зорлық емес пе? «Бірдей жазылған сөзді қалай һәр түрлі оқысам дұрыс болады» деп бала қиналмай ма? Сондықтан әуелі оқу құралын сайлаудан бұрын жазуымыздың тәртібін түзетіп, жөнге салу керек. Сонан соң, сол жөнменен құрал сайлау керек. Жазу тәртібі менің ойлауымша болса жарар еді деп, жұрт алдына саламын.

Қазақ тіліндегі дыбыстар һәм олардың жазу белгілері (харіфлері). Қазақ тілінде 24 дыбыс бар. Оның бесеуі дауысты, он жетісі дауыссыз, екеуі жарты дауысты.

Дауысты дыбыстар: ۱(а), ۲(о), ۳(у), ۴(ы), ۵(е). Дауыссыз дыбыстар: ۶(б), ۷(п), ۸(т), ۹(ж), ۱۰(ш), ۱۱(д), ۱۲(р), ۱۳(з), ۱۴(с), ۱۵(ғ), ۱۶(к), ۱۷(қ), ۱۸(г), ۱۹(н), ۲۰(л), ۲۱(м), ۲۲(һ). Жарты дауысты дыбыстар: ۲۳(ү), ۲۴(й). Бұл дыбыстардың ішінде қ һәм ғ дәйім жуан айтылады, г, к, һәм й дәйім жіңішке айтылады. Өзге 19 дыбыстардың һәр қайсысы екі түрлі айтылады: бірде жуан айтылады, бірде жіңішке. Егерде бұл 19 дыбыстың жуан айтылғанына бір харіф, жіңішке айтылғанына бір харіф керек десек, мысалы: -س, -ت сықылды,⁶⁹ онда 19 дыбысқа 38 харіф керек болар еді, бұған дәйім жуан айтылатұғын қ-ق менен ғ-غ ларды, дәйім жіңішке айтылатұғын к-ك, г-گ һәм й-ي-лерді қосқанда, һәммасына 43 харіф керек болар еді. Араб әліппесінде 43-ке жететұғын харіф жоқ. Өзге жұрттың әліпшелерін қазақ қабыл алмайды. Араб әліппесі қазақ арасына дінменен бірге таралған, сіңген, дінменен бірге байласқан әліппені алып тастап, басқа әліппені алдыру қиын жұмыс. Бұлай болған соң араб харіфлерін қазақ дыбыстарына жеткізу амалын табу керек. Араб харіфлерінің түрін тым бұзып өзгертуге болмаса, қалай амалын таппақ керек? Мұның амалы менің ойлауымша мынау:

Дауысты дыбыстарға дауыссыз дыбыстар бағынбақшы. Яғни дауысты дыбыстар жуан айтылса — олардың қатарындағы дауыссыз дыбыстар да жуан айтылмақшы; дауысты дыбыстар жіңішке айтылса — дауыссыз дыбыстар да жіңішке айтылмақшы. Бұлай болғанда дауысты дыбыстардың

⁶⁹ Араб тілінің жуан с, т дыбыстарының таңбалары жазылуы керек.

«و» жіңішке оқылады: *от — өт, тор — төр, боз — бөз* деген сөздердегі сықылды.

«ۇ» (у), *азу, қару, жабу* деген сөздерде *و* -ның, *ر* -дың, *ب* -ның соңында естілетін дыбыстың белгісі. «ۇ» сөздің бас буынында қысқа һәм көмескі естіледі: *қурау, құлақ, құрғақ* деген сөздер ішіндегідей. Сөздің басқа жерінде ұзын һәм анық айтылады. «ۇ»-дан «ۇ»-ды айыру керек. «ۇ» — жарты дауысты дыбыс. Бұл дауысты дыбыстардың соңынан ғана айтылады: *тау, тауық, тура, біреу, екеу* деген сөздер ішінде айтылғандай. «ۇ» сөздің бас буынында анық һәм ұзын естілсе, ол «ۇ» менен «ۇ» қатар келгендіктен, онда «ۇ» һәм «ۇ» екеуін де жазуға керек. Сөздің бас буынан басқа жерде «ۇ» ұзын қысқа естілсе де, жалғыз «ۇ» жазылады: *ашулану, татулық, татуласу* деген сөздер сықылды. Қысқасы, сөздің бас буынында «ۇ» ұзын һәм анық естілсе, екі әріппенен жазарға: *тұура, тұумыс, бұуын, бұуаз* дегендей. «ۇ»-ды «و»-дан айыру үшін үстіне «ْ» қоямыз. Себебі: «ۇ» менен «و»-ның жазылуы ұқсас болғанменен, айтылуы ұқсас емес. Мысалы: *қой* (мал) деген сөз бенен шай *қуи* деген сөздердің мағаналары қандай басқа болса, айтылуы һәм сондай басқа. «ۇ» сөз ішінде қысқа естілсе де, қалдырмай жазатұғын дыбыс. «ۇ» жазылған сөздің алдында «ْ» тұрса «ۇ» жіңішке айтылады: *үр — үр, тұр — тұр, бүр — бүр* дегендей.

«ی» дыбысына тура келетін араб әліппесінде әріп жоқ. Сондықтан мұның нүктесіз «ی» белгісін аламыз. Оны сөздің аяғында ғана жазып, басында, ортасында тіпті жазбаймыз. Жазбасақ та болады дейтініміз: «ی» сөздің басында, ортасында бек қысқа һәм көмескі айтылады, барлығы, жоқтығы аз сезіледі. Сондықтан сөздің басында, ортасында жазбасақ, онан келер кемшілік аз. Мысал: *қн, қр, қрғн, жлм, жатр* деген сөздерде «ی» жазсақ та, жазбасақ та бірдей оқимыз. Аяғында «ی» анық айтылады, онда жазбасақ болмайды: *қаны, жаны, малы, ары, алды, арты* деген сөздерде «ی»-ды жазбай, *жаны, қаны...* деп, оқуға болмайды. «ی» өзі сөз басында жазылмаса да сүйеніш таяғы «ا» жазылады: *ышқын, ышқыр, ызғар, ырғақ, ынтық, ықтық, قاتنا, قاعرا, ورنقشا انتق, ورنقسا, ورنقشا* деген сөздер сықылды. «ی» жазылған сөздің алдында «ْ» тұрса, «ی» жіңішке айтылады: *бары — бәрі, саны — сәні, бозы — бөзі* дегендей.

«ی» (ы) -ден «ي» (й)-ді айыру керек. «ی» «ۇ» сықылды дауысты дыбыстардың соңынан айтылатұғын жарты дауысты дыбыс. Мысал: *ай, бой, күй, қи, ки* «ي» дауыссыз дыбыстардың соңында келсе, ол жерде жазылмайтын «ی» бар болғаннан. Мысал: *қиқым, тиын, қиын ني، ني، ني*

‘مقیق’ -ды қалдырмай жазатын болсақ, бұл сөздерді бұлай жазар едік: қыйқм, қыйн, тыйн. ‘مقیق’ , ‘نقیق’ , ‘نیق’ дыбысына тура келетін әріп араб әліппесінде жоқ. Бұл дыбысты осы кезде сөз басында былай ‘ن’ сөздің аяғында, ортасында былай ‘ا’ я былай ‘ه’ жазып жүрміз. Мұны осы жөніменен жазып, бірақ қайсысы қай орында жазылды, тәртіпке түсіріп һәм басқа дыбыстан айтылуы басқа болған соң харфін де басқа айырылса екен деп ойлаймын. Сол үшін былай ‘ا’ жазылатұғын дыбыс енді былай ‘ا’ жазылса деймін. Мұнан араб әріпін өзгертіп, түрін бұзатынымыз аз, жазудың тәртіпті болмағына пайда көп. Әсіресе бала оқытқанда үйретуге һәм үйренуге жеңілдігі бек зор болар еді.

Негізгі жол: айтуы басқа сөздерді басқа жазу. Бұлай болғанда: «ит» деген сөзбенен «ет» деген сөзді бірдей жазсақ, жолсыздық болмай ма? Бұл екі сөздің мағынасы қандай басқа болса, айтылуы һәм сондай басқа.

‘ن’ сөздің бас буынында ғана жазылады. Өзге орындарда ‘ا’ жазылады. Қосылмайтын әріп соңынан ‘ا’ орнына ‘ه’ жазылады. ‘ي’ жазылатын орындар: *ер, кер, жем, тең* ,ميج كيت, ري, ري, басқалар. ‘ا’ жазылатын орындар: *кіре, тізе, керек, кедей, керует* ,ك ه , ي هوريك ,ك هزت مريک , مرک , «هه» . «ن» жазылған сөздердің алдына ‘ه’ қойылмайды, себебі: бұл олсыз да жіңішке айтылатұғын дыбыс.

Дауыссыз дыбыстар үшін біз мынау әріптерді алып тұрмыз: ل, گ, گ, ل, م. Мұнан көрінеді осы күнде қазақ сөзіне көбінесе жазылып жүрген ص пенен ط-ларды алмағанымыз. Жоғарыда айттық: екі түрлі айтылатұғын дыбыстардың харфін ‘ه’ тұрмаса жуан оқимыз деп. Бұлай болғанда «ت»-ны ‘ه’ тұрмаса «ط» сықылды жуан оқимыз. «س» -ны ‘ه’ тұрмаса, «ص» сықылды жуан оқимыз. Сондықтан «ت» болған соң, «ط»-ның, «ص» болған соң «س» болған соң «ج» болған соң «ز»-ның керегі жоқ.

«ش»-ны алмай «ج»-ны алғанның мәнісі қазақ тілінде жазылған кітаптар, журналдарды қарасаң, «ش» жазылған қазақ сөздері тіпті аз, жоқ есебінде, көбіне «ش» орнына «ج» жазылыпты. Басқа түркі тілдерін қарасаң, бізде «س» келетұғын сөздерге оларда көбінесе «ش» келетұғын көрінеді. Бізде «ش» келетұғын сөздерге оларда «ج» келетұғын көрінеді. Мысал: бас — баш, қас — қаш, тас — таш, ақша — ақша, қанша — қанша, шара — шара . اشقأ - اجقأ - اشناق - اچناق - اراج

«ش» дыбысы қай тілде болса да «س»-дан көрі «ج»-ға жақын. Сондықтан «ج»-ге жақын, «ش» дыбысының белгісіне «ج»-ны алдым. Мұны алғаннан кемшілік келмейді, қайта ұнамдырақ болады. Мысал: یچنی (екінші)і деп жазу اشناق (қанша) деп жазудан ұнамдырақ, اچناق

деп жазудан ұнамдырақ. «ق» һәм «غ» жазылатұғын сөздің алдына «ء» қойылмайды. Оны қойғанменен олар жіңішке айтылмайды. «ك» һәм «گ» жазылатұғын сөздің де алдына «ء» қойылмайды, ол қойылмаса да бұлар жіңішке айтылады.

Тобы бөтен болса да, қазақ тіліне келіп сіңген, қазақтың өз сөзі болып кеткен араб я фарсы сөздері бар. Мысал: арабтан алған *адал* — *халал*, *арам* — *харам*, *әл* — *хал*. Фарсыдан алған *ән* — *аһн*, *қожа* — *хоажа* حواج - نقا اجوق - نآ сықылды сөздер. Бұлар бұрынғы қалпында емес, өзгерілген. Міне, бұ сықылды сөздерді қазақ тілінен қуып шығару ма? Я болмаса сақтау ма? Мұны көп білсін! Мен өзім сақтау жағындамын. Өзге жұрттарда бұзып алған сөздер сақталады. Осы жобаменен алиф-ба бастырмақшымыз. Сол себепті оқушылардан ұнатпаған жерін көрсетіп, ұнарығын айтса екен деп өтінемін.

А.Б. Байтұрсынның орфография туралы баяндамасы

Байтұрсын. (Қол шапалақтау). Ең алдымен емледен не талап етілетінін мәселе етіп қою қажет. Одан талап етілетіні — тіл дыбыстарын сәтті де дәл жеткізу. Екінші, бұл емле оқып-үйренуге жеңіл болуы керек. Бұл екеуі — негізгі талаптар. Мына жерде дау шығып отыр. Бірі емле әліпбимен байланысты десе, екінші біреулер ондай байланыс жоқ дейді. Шын мәнінде емле, әліпби жетілмеген болса, әліпбимен байланысты болады. Мысалға орыс әліпбиін алайық. Орыс әліпбиінде кемшіліктер бар, мысалы: «е», «ю», «я». Жалғастырайық. Профессор Щерба: «хвасталса және хвастался», — дейді. Не себепті бұлай шатыстырады? Себебі — «а» дыбысына сәйкес келетін таңба жоқ. Мәселен, «дарю» «даю» сөздерінен «ю»-дің тіптен екі басқа айтылатынын көріп отырсыз. Демек, орыс әліпбиінде сәйкес таңба жоқ. Енді мына сөздерді алып қарайық: «тебе», немесе мысалы: «чтение», немесе «доброе». Бұл жерде «е» дыбысы естілетін сияқты, ал «тебе» деп айтқанда «тибие» болып шығады. Демек, орыс әліпбиінде «е» дыбысына лайық таңба жоқ. Егер әліпби жетілмеген болса, онда бұл кемшілік шын мәнінде емлеге әсер етпек, ал әліпби жетілген болса, яғни әр дыбыс үшін лайықты, анық таңба болып, ол таңба ешқашан өзгермейтін болса, сөз басқа. Енді келесі мәселе. Бұған нені негіз ету керек? Этимологиялық немесе тарихи, я болмаса, ақырында, фонетикалық қағиданы ұстанамыз ба? Менің ойлауымша, ең кемел емле — фонетикалық емле. Егер басқа емлеге жүгінсе, бұл

тіптен басқа себептен. Емле көбінесе тілдің өзіне, тілдің қасиетіне тәуелді. Мысалға этимологиялық принципті қолданатын орыс тілін алсақ, біз бұл тілді бейберекет, анархиялық тіл деуге тиіс боламыз, өйткені сол бір сөз, екпінін өзгертсек, тіптен басқа форманы қабылдап шыға келеді. Мысалы: «вада», «воды», «а» дыбысы тұрған жерде екпін өзгеріп еді, «о» пайда бола қалды. Бұл тіл — ең анархиялық, бейберекет тіл. Жағдай мұндай болғанда, шынымен әлгі этимологиялық принципке бару керек болады. Мен басқа тілдерді жақсы білмеймін, бірақ тілдеріміздің ішінен қырғыз және қазақ тілдерін жақсы білемін. Бұл тілдер — ең үйлесімді тілдер. Бұларда дыбыс заңдары өте қатаң, әр дыбыс сөз соңында химиялық элемент беретіндей реакция береді. Бұл ең жетілген, ең үйлесімді тіл. Басқа түркілерде дәл осындай тіл болса, дәл осы этимологиялық принципті негізге алудың ешқандай қажеті жоқ. Сонан соң, оқытып-үйретудің емлеге қатысы жөнінде. Кемел емле — фонетикалық емле. Фонетикалық жазуды біз, қазақтар, бірнеше жыл бойы қолданып келеміз, керемет нәтижелер алынды. Біздің әліпбимен бір жыл оқыған баланың сауаттылығы, 4-жылдық орыс школын бітіргендердің сауаттылық дәрежесімен бірдей, ал 4-жылдықты бітіргендеріміз орыстың 9-жылдығын бітіргендермен бірдей сауатты жазады. Өздеріңіз ойлап көріңіздер, жазудың бұл фонетикалық тәсілі оқып-үйренуді қаншалықты жеңілдетеді екен. Міне, әлеуметтік маңызына орай, сауаттылыққа оңай жету үшін бұл сауаттылық оқытуда жұрт үшін өте жеңіл болуға тиіс, ал оқыту барысында фонетикалық жазу балаларды ғана емес, тіпті үлкендерді де оқытуды жеңілдетеді. Осы тұста жазудың тарихи принципіне де соға кетуім керек. Осы уақытқа шейін дәстүрлерінен бас тартпай келе жатқан түркі халықтары бар. Мысалға әзірбайжан мен османдықтарды алалық, олар осы уақытқа шейін жазудың тарихи принципін ұстанып келеді. Арабтан бізге ауысқанды олар осы кезге шейін ұстанып отыр, мұны өзгертуді олар күпірлік деп санайды. Бұлай қарауға болмайды! Оның үстіне, осыны ұстанғанмен қоймай, басқаларды мешеу деп жазғырады. Бұл жерде мен мұны айтуға тиістімін, өйткені біз араб әліпбиін ұстанып отырғандықтан, көпшілік бізді мешеу элемент деп ойлайды. Жоқ. Біз «қасиетті» жазуды баяғыда тәмам қылғанбыз. Фонетикалық амалды қолдану жағына келсек, біз басқа тілден қажетіміз үшін сөз алсақ, ғылыми қолданысқа болмаса да, халықтың ауызекі сөзінде пайдаланамыз. Айталық, «ажол» сөзін қырғыздар өз сөзі деп санайды, арабтың «гакол» сөзін қазақтар өз сөзі етіп өзгертіп алған деп айтпайды. Сондай жаңа сөздер де көп. «Комиссар» сөзі. Қазақтар «кәмисер» дейді. Сонда біз еуропалықтар үшін бұл сөзді

олар айтқандай түрде қалдыруымыз керек пе? Бірақ қазақ артикуляциясы сөздің мұндай құрылымына төзбейді. Сондықтан біз жат сөздерді қазақ айтылымына жеңіл болған түрде аламыз. Дәл осы сияқты, басқа түркі халықтар да сөздің шығу төркінімен санаспай, жұртының айтылымымен, артикуляциясымен санасуға тиіс. (Төраға қоңырауы). Көптеген жайтты қалдырып, мен бір нәрсені айтайын: осында сиезді ашқанда жолдас Агамалиоглы мен жолдас Павлович әліпбидің өзі прогреске бөгет жасайды дегенді айтты, ал басқа тілдерге келсек, мысалы, орыс тілі, орыс жазуы біздің тілмен салыстырғанда қытай жазуындай. Мұнда әр сөзді ежіктеп, жаттауға тура келеді, ағылшын, неміс, француз тілдері де осындай; біздің жазу сауатымызбен салыстырғанда, бұл дегеніңіз — нағыз қытай жазу сауаты. Ал біз тек 24 дыбысты ғана жаттаймыз, олардың бәрі бұл тілде бар ғой. Әр тілде қанша сөз болса, сол сөздердің сонша суреті болуға тиіс. Неге? Өйткені олардың жазуы бір де бір дыбысты дұрыс бере алмайды.

А.Байтұрсынның қазақ терминологиясының принциптері туралы баяндамасы

Байтұрсын (қол шапалақтау). Менің баяндамам біздің, қазақ ғылыми және әдеби қызметкерлерінің, халық әдебиеті үшін терминологияны қалай түзіп жатқанымыз туралы және, екіншіден, терминдерді жасағанда қандай принципті ұстанатымыз туралы болады.

1. Термин жасау жөніндегі негізгі ойларым тезистерде айтылған, онымен Сиез делегаттары таныс болар. Менің бұл баяндамам оларға, негізінде, жаңа ештеңе де қоспайды. Қосып, толықтырудан гөрі негізгі ойларымды түсіндіруші, нақтылаушы сипатта болады. Тезисте мазмұндалғандардың айқындығы сондай, түсінбестік туғыза қояр ма екен. Тек мазмұн ықшамдығы айтқан ойларымды дұрыс түсінуге аздап көлеңке түсіруі мүмкін; сондықтан мен баяндамамда тезисте айтқан ойларыма сүйене отырып қажетінше нақтылау шегінен шықпай сөз өрбітпекпін.

2. Біздің заманымызда тірліктің ең жақсы тірегі мәдени тірек екеніне, сондықтан қазіргі озық мемлекеттерде мәдени тірекке сүйеніп өмір сүретініне, менің ойымша, еш дау жоқ. Шындығында, мәдениет әлсіз жерде жерге егін аз шығатынын, машиналар жұмысты нашар істейтінін, өнеркәсібі мен саудасы аз дамитынын, аурумен, өлім-жітіммен күресу табыссыз болатынын, табиғат аз бағынатыны я тіптен бағынбайтынын,

табиғаттың дүлей күштері адамдар үшін апат пен қайыршылық әкелетінін кім теріске шығара алады!? Біздің заманымызда мәдениет — өмірдің аса қатты қажеті. Мәдениетке сүйенбеген өмір түрлі кездейсоқтыққа ұрына беруге мәжбүр. Мысалды алыстан іздемей-ақ табасыз. Жадымызда 21-22-жылдардың аштығы әлі жаңғырып тұр. Оған дейін қаншама рет аштыққа ұшырадық. Ресей өмірінде ондай аштық жиі болады. Сансыз да шексіз табиғи байлық тұрғанда мұндай құбылыстың болуын немен түсіндіреміз? Әрине, жұрттың мәдениетінің аздығымен. Екі жыл сайын қатарынан қайталанып тұратын құрғақшылық диқандарды жабайы халға қайта әкеп соғады, жайсыз қыстың бір өзі-ақ мал шаруашылығын осындай халға түсіреді. Бұл — елімізде мәдениеттің табиғатты бағындыра алмаған қауқарсыздығын айқын көрсетеді. Егіншілік пен малшылықтың мәдени түрі жоғары болса, бұл айтылған жайлар болмас еді.

3. Қазіргі мәдениет әлдебір ұлттың я нәсілдің жасаған нәрсесі емес, бүкіл адамзаттың бірлесе жұмсаған күші мен дағдыларының нәтижесі. Әр ұлттың мәдениетінде, өзінің жасағанынан басқа, сырттан кірген нәрселер де болады, ал олардың мәдениетінің араласуына достық пен жақтырмаушылық жағынан әр түрлі болып келетін қарым-қатынастары ықпал етеді. Мәдениетте ауыс-түйіс бір ұлтты екінші бірі бағындырған кезде әрі халықтар бір-бірімен бейбіт қарым-қатыс жасаған кезде болады. Мұндайда дін, салт, қоғамдық ұйымдардың ұқсас түрлері, әдет-дағды, инстинкт, психологияның т.с.с. жақындығы сырттан ену процесін және мәдениеттердің араласуын жеңілдетеді.

Мәдениет тірі табиғаттағы жаратылыс дамуының жалғасы ретінде өзінің дамуы үшін жайлы жағдайдың болуын талап етеді. Дәл осындай жағдай Ресейде тұратын түркі халықтарында болған жоқ. Түркілер әлденені алып қабылдайтын жалғыз ғана халықтың бұлармен тұрмыс түрінде ешқандай ұқсастығы жоқ, оның үстіне үстемдік етуші, бұратаналарға қатысты орыстандыру, православтандыру, құлдыққа салу саясатын ұстанатын үкімет басшылары бар халық болып шықты. Осының салдарынан үкіметке мүлдем сенбеушілік және орысқа қатысты атаулыны, сонымен қатар орыс мәдениетін жақтырмаушылық шықты. Екінші жағынан алғанда, діни төзімсіздік рухын бойына жинап үлгерген кейбір түркі халықтары мұсылмандыққа жатпайтынның бәрін де жатсынатын, мұсылмандық атаулыға құлаша еліктейтін болды. Бұл да олардың өздерінің мәдениетін, айталық, әдебиетін дамытуға кері әсерін тигізді.

4. Орыс рухани мәдениеті орыс үкіметінің саясатының кесірінен соңғы

он жылға дейін Ресейдегі түркі халықтарының рухани өмірінің өркендеуіне ешқандай ықпал жасаған жоқ. Ауыс-түйіс түркілердің өз арасында ғана болды. Дәл осы тұста болмыстың мен айтып өткен ұқсастықтары көмекке келді. Түркі халықтары бірі-бірінен рухани мәдениетті орыстан алғаннан гөрі оңайырақ қабылдап жатты, бірақ олардың бір-бірінен алар ештемесі болмады. Ауысып-түйісуге жарайтыны тек қана дін ілімі мен жазу ғана болды. Мәдениеттің қай саласы болсын рухани өмірмен дәл тіл сияқты тығыз байланысты бола алмаса, дінмен және жазумен бірге діни және дүниеауи мазмұндағы әдебиет те ене бастады, мұнымен бірге елеусіз түрде жат тілден сөздер де енді. Тілдер бірте-бірте шұбарланып, тілдегі табиғи оралымдар мен қалыптар жоғалуға айналды; бір сөзбен айтқанда, төл тілдер барынша ластанып шыға келді. Мұндай сордан діни мен жазба әдебиеті тамырын тереңге жаймаған түркі халықтары ғана құтыла алды. Мәселен, қазақтар мен қырғыздарда діннің рухани құлдық ықпалы болған жоқ, ал діни әдебиет бұлардың арасында көп таралған жоқ. Осының арқасында тіл өзінің табиғи даму жолында болды.

5. Айтылғандардан көрініп тұр: Ресейдегі түркі халықтарының мәдениетінің дамуына олардың діни және дүниеауи өміріндегі кіріптар халы кесірін тигізді. Енді, қандай да бір құлдықтан босаған кезде, түркі халықтары қазіргі мәдени өмірдің барлық жақтарын қабылдауға ұмтылып отыр. Жоғары мәдениеттің рухани және материалдық нәрселерін қабылдағанда олар ұғымдарды да, идеяларды да қабылдауға тиісті болады.

Осы ұғымдар мен идеяларды бейнелеуге ана тілі лексиконы тіптен жетпейді. Бүкіл түркі халқының алдында жоғары мәдениеттен қабылдаған ұғымдар мен идеяларды бейнелеу үшін жат тілден сөзді я солайымен алу, я өз тілінің лексиконын бейімдеу міндеті тұр, яғни тіл терминологиясын жасап шығару міндеті тұр.

Басқа түркілердің терминдер жасаудағы жұмыстары туралы жеткілікті мәліметтерім жоқ болғандықтан, бұл істің қазақтардағы жайын ғана айта аламын; басқа түркілердегі терминология мәселесіне принциптік жағынан қарағанда ғана жол-жөнекей тоқтап өтемін.

Баяндамамның тезистерінде айтылғандай, 1905 жылғы революцияға дейін бізге, қазақтарға, ана тілінде баспа ісін жүргізуге ешқандай рұқсат берілген жоқ. Осы революциядан кейін ғана қазақ тілінде кітапшалар, журналдар, газеттер, оқулықтар шыға бастады. Сонымен қатар қазақ тілінің табиғатын фонетикалық және грамматикалық жағынан зерттеу, фонетика талаптарына сай әліпбиді реформалау, грамматика түзу жұмыстары жүріп

жатты. Қазақ тілі аз ғана уақытта, бір сөзбен айтқанда, қолданғанда өзіңді саналы түрде бақылауға мүмкіндік беретін, өңделген, айқын түр қабылдай бастады.

Біз, қазақтар, өзіміздің баспа сөзіміз шыға бастағаннан-ақ басқалардан өзгеше принципті ұстандық. Біз үнемі бұқара халық жағын ескеріп отырдық та аз ғана сауаты бар қазаққа да, солар арқылы сауатсызына да әбден түсінікті етуге талпындық. Қалың жұртқа тасталған әрбір ойды әрбір адам іліп әкете алатындай етуге, бұқара білімге қызығатындай етуге, айналадағы болмысты дұрыс түсінуге, санасын қуаттанатындай етуге тырыстық.

Осы мақсатқа жетуге қажет алғашқы шарт деп шығармалардың тілінің бұқара халыққа түсінікті болуын санаймыз. Осыған орай бұрын халық ойында болмаған, ендігі жерде қазақ сөзімен еріксіз жамылтуға тура келетін ұғымдар мен идеяларды ана тілінде білдіруге тура келді.

Өмірдің мәдени жағы өркендеуімен және баспа сөздің өрбуімен байланысты терминдерді біріктіруге керекті айрықша ағза жасауға тура келді; мұнсыз сол бір ұғым әр түрлі құрылымда әр түрлі сөзді жамылып шыға келер еді. Бірегей терминология жасап шығару үшін, тіл шұбарлаудан аулақ болу үшін бізде Академиялық орталықта құрылған арнайы комиссия белгілі бір принциптерді қатаң ұстануға тиіс болды. Бұл принциптер 1924 жылғы маусым айында Орынборда өткен Қазақ білімпаздарының бірінші сиезінде мақұлданып, қабылданды. Ол принциптер мынадай:

а) Терминдерге басқа тілден гөрі осы ұғымға толықтай сәйкесетін қазақ сөзін алу керек. Бұл тілдің жікке бөлінуінен сақтану үшін жасалады, яғни, жоғарыдағылардың тілі және төмендегілердің тілі, сауаттылардың тілі және сауатсыздардың тілі деген жік шықпау үшін керек. Біздер, қазақтар, үшін бұл — өте маңызды жайт: сауаттылардың үлесі аз, жұртқа арналып ұйымдастырылатын қоғамдық оқулар мен дәрістер әзірше жоқ; тыңдаушылар да, оқушылар да толық мәнінде кездейсоқ адамдар. Баспадан шығатын газет, журнал, кітапшалар сияқтыларды оқу, кім шығарса да, қайдан шығарса да, пайда әкелер еді, тіл қалың көпшілікке түсінікті болуға тиісті. Осылай болғанда ғана үлесі аз сауатты адамдар саны көп сауатсыздарға қызмет ете алар еді.

ә) Қазақ тілінде ондай сөз жоқ болса, қазақ тіліне туыс тілдерден алу керек. Бұл мынадай ниет, себеппен жасалады: 1) туыс тілдердегі сөздердің көбі ортақ пішінде болмайды, бірақ түбірлері ортақ болады; демек, олар түсінуге де оңай әрі естілуі мен айтылуы да туыс емес тіл сөздеріндей бөтен емес; 2) түркі халықтары бір-бірімен үнемі қатысып тұрды, қатысып

тұрады да, сондықтан сөздерінің түбірі ортақ болмаса да, басқа түркі тілінің өкілдеріне таныс болуы әбден мүмкін.

б) Ортақ қолданыстағы әлемдік терминдер қабылдана алады, бірақ қазақ тілінің табиғатына тән етіп өзгертіліп енгізіледі. Мұндай терминдерді ауыстыратын қазақ сөзі бар болса, қоғамға таңдау хақысын беру үшін екеуі де орналастырылуға тиіс. Ортақ қолданыстағы терминдер деп біз араб терминдерін емес, жалпыға тараған еуропалық терминдерді ұғамыз. Бұларды араб терминдерінен гөрі басым етіп отырған себебіміз — біз араб мәдениетіне емес, еуропалық мәдениетке тартылып отырмыз. Еуропа мәдениетінің жетістіктері еуропалық тілдің өзімен толық түрде бейнелене алады. Алайда кірме терминдер қазақ айтылымына бағынуға тиіс, яғни оларға біздің тілдің дағдылы артикуляциясынан келіп шығатын дыбыстық заңдары қолданылуы керек. Шет ел сөздерін өзіміздікі ету үшін бұл қажет.

в) Қазақ тілінің табиғатына үйлеспейтін басқа тіл сөздері қазақ айтылымына сәйкес нақты өзгерістерге түсірілуге тиіс. Бұл мынаны білдіреді: біріншіден, басқа тіл сөздерінің қазақ тіліне бөтен дыбыстары тиісінше қажетті дыбыстармен алмастырылады; екіншіден, басқа тіл жұрнақтары қазақ тілі жұрнақтарымен алмастырылады; үшіншіден, қосар дыбыстар кәдуілгі жай түрде қабылданады; төртіншіден, қазақ тіліне бөтен жұрнақтар тіл талабына сәйкес айтылым ыңғайына қарай өзгертіледі, мысалы: *Оренбург — Орынбор, Самара — Самар, пуховой — бөкебай, покров — боқырау, Адамовской — Адамау т.с.с.*

Тілді шұбарлаудан сақтайтын принциптің арқасында біз, қазақтар, қазіргі уақытта бірегей қазақ тіліне ие болып отырмыз, басқаша айтсақ, тіліміз халықтық және әдеби, қарапайым халық тілі және зиялылар тілі деп жіктелмейді. Бұлай болмағанда біздің тіліміз бұрыннан баспа сөзі бар басқа түркі тілдеріндегідей халға тап болар еді. Анадолы түріктері мен әзірбайжандықтардың бұқара халқы қалай сөйлейтінін мен білемін. Егер олар жазатын тілінде сөйлейтін болса, түркілігінен қалар нәрсе аз ғана болар еді. Олардың әдеби тіл деп аталатын тілінде түркілік сипат маған түте-түтесі шыққан, жарымжан, жат сөздерді барынша салбыратып ілген құр грамматикалық қаңқадай болып көрінеді. Анадолы түріктері мен әзірбайжан тілдерінен кейінгі алабажақ тіл, меніңше, бұрыннан жазба әдебиеті бар таттар тілі. Бұл тіл де — варвизмдерді қиянатпен пайдаланған тілдердің бірі. Маған өзбек тілі де жеткілікті шамада ластанған тіл болып көрінеді. Қырым әдеби тілі де осындай. Башқұрт тілінде әдеби тіл енді ғана пайда болып келеді, соған орай олардың варваризмдерден қорғануға деген ұмтылысы

байқалады. Түркімен әдебиеті де осы жолға түсті. Жат тіл ықпалынан, варваризмдерден босап тұрған тілдің бірі қырғыз тілі болып отыр, олар әдеби тіл түзуде біздің қазақ тіліндегі принциптерді ұстанып отыр.

Қорыта келгенде, біздің әдеби тіл негізіне салынған принципімізді дұрыс деп табатынымды айтуым керек, өйткені бұл — баспа сөзін халық бұқарасына түсінікті етудің ең сенімді жолы. Ал баспа сөзі, тезистерде айтқанымдай, бұқараның мәдени деңгейін көтеруде аса маңызды қызмет атқарады. Өз мәдениетіміздің деңгейін біз жоғарыдағылардың жинаған білімінің сан-мөлшерімен емес, білімнің төмендегі бұқараға жайылған көлемімен өлшеуге тиіспіз. Шаруашылық пен бәсекелестіктің қазіргі заманғы дүниежүзілік сипат алып тұрған кезінде жоғары мәдениетсіз тірлік ету үшін күресу — қаруы жоқтардың қаруы барлармен соғысқаны сияқты нәрсе. Қарекеттің кез келген саласында жетілген техника мен арнаулы білім болу керектігі күн өткен сайын айқындалып келеді. Барша жұрттың мәдениет деңгейі биік болса ғана қазіргі қоғамдық-шаруашылық жағдайды дұрыс та табысты көтеруге болады. Біздің заманның ерекшелігін көрсететін ірі өнеркәсіп жұмысшылардың мәдени деңгейінің жоғары болуын талап етеді. Біздің әл-ауқатымыз мен аман-саулығымыздың тірегі ауыл шаруашылығы ауыл жұрты мәдениетінің жоғары деңгейде болуын талап етеді. Әр түрлі «зациялар» мен «циялар» — советизация, колонизация, электрификация, индустриализация т.с. сияқтылардың бәрі бұқараның белсенді қатысуын талап етіп отыр, бұқара ақыл-санасының икемді де ширақ болуын керек қылып тұр, ал мұндай қасиеттер, адам дене еңбегімен ғана шектелсе, дамымайды. Білім мен еңбек — сол бір үдерістің сәт сайын өрімдесіп тұратын, бір-бірінен ажырамайтын екі жағы. Білім — адамның бесенді мақсаттарға жұмсайтын құралы, білімсіз бұқара қоғам құрылысына белсенді қатыса алмайды, енжар болады. Бұқараны біліммен қаруландыру ісінде дұрыс жолға қойылған баспа сөзі үлкен қызмет атқарады, сондықтан ең алдымен сол — халыққа түсінікті болуға тиіс.

Бұл бір. Екіншісі тағы бар. Біз, түркі халықтары, көбіміз жоғары мәдениетті халықтардан кейін қалып тұрмыз, олармен әзірше прогресс жолында қатарласа, тізе қосып жүре алмаймыз. Олардың тұрмысындағы көптеген нәрсе мен жоғары мәдениеттеріне біздің бұқараның әзірше қолы жетпейді. Біз жоғары мәдениетті халықтардан тіл өзгешілігінің қалың қабырғасы бөліп тұр, бұл — еуропалық мәдениетке қосылуға ұмтылғанымызда еркін қозғалуымызға көп ретте бөгет болады. Түркі халықтарының мәдени күштері мен мәдени

деңгейлері бірдей емес. Бір түркілер мәдени дамуда озық болса, екінші бірі кейін қалуы мүмкін. Олардың бірі бірінің ең болмағанда рухани саладағы жетістіктерін пайдалануы үшін баспа шығармалары бір-біріне түсінікті болуы керек. Осы бағыттағы алғашқы қадам түркі тілдерін варваризм үстемдігінен босату болар еді. Меніңше, түркі халықтары терминологиясы мен әдеби тілін жасауда қазақ тұрғысына тұрса, дұрыс болар еді. Осы жолмен олардың әрқайсы жат сөздің масылынан арылып, жат тілдің ықпалынан болған ластықты тазалап өздерінің баспа сөзін өз халқына да, басқа түркі халықтарына да түсінікті етер еді. (Қол шапалақтау).

БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АҚЫМЕТТІҢ АРАБ ӘЛІППЕСІН ЖАҚТАҒАН БАЯНДАМАСЫ.

Баяндама қазақ тілінде болсын дегендерге менің алдымдағы байандамашы орыс тілінде болсын, өйткені жұртты үгіттеу, үйіру үшін жасалып жатқан мәжіліс емес, пәнді мәселені қарауға жасалып жатқан мәжіліс, орыс жолдастардың да қатысуы керек деген еді, үйдесе баяндамасы пән түрлі емес, үгіттеу, үйіру түрінде болып шықты.

Мен мәселенің ілім мен іс жүзіндегі жағын алып сөйлемекшімін. Ең әуелі аңғартып өтетін бір нәрсе — латын әрпін алу деген — тіршілік мұқтаж қылғаннан, ділгірлік қысып туғызып отырған мәселе емес. Ділгірлік қыспақ түгіл, еш уақытта әншейін керек қылған нәрсеміз емес.

Керек қылмағанымыз — қажетімізге жарататын, басқалардікінен анағұрлым артық әрпіміз болғандықтан.

Әліп-би деген асылына адам ақылы жетпейтін нәрсе емес. Әліп-бийде бірден мәдениет төрінің төбе басына шығарып жіберетін адам білместей айырықша қасиет де, жасырын сыр да болмасқа тиіс.

Әліп-би деген — тілдің негізгі дыбыстарына арналған таңбалардың жұмағы. Негұрлым тіл дыбыстарына мол жетсе, арнаған дыбысқа дәл келсе, оқуға, жазуға жеңіл болса, үйретуге оңай болса, заманындағы өнер құралдарына орнатуға қолайлы болса, соғұрлым әліп-би жақсы болмақшы.

Олай болса, әліп-би сынға түсіп, жақсы-жаман жағы тексерілуге әбден келетін нәрсе болып шығады.

Қазақ алдақашан тілінде қандай дыбыстар бар екенін айырған, әр дыбысқа белгілеген таңба арнаған. Оқуымызға онымыз жақсы, жазуымызға

тағы жақсы, үйрену жағынан орыстікінен, немістікінен, француздыкінен, ағылшындыкінен оңай, оңтайлы. Тағы немене керек?

Жоқ! Араб әрпін тастап, латын әрпін алу керек, араб әрпі қолайсыз деп алдақашан аты шыққан әріп, онымен жақсылап емле түзеуге болмайды, онымен баспа ісін жақсылауға болмайды, оны жазу машиналарына, осы күнгі шығып жатқан түрлі өнер құралдарына орнатуға болмайды, оларға араб әрпі ыңғайсыз дейді.

Солай деп әріп мәселесін алдымен қозғаған әзербайжандықтар ойлаған еді. Солай деп өздерін жаңашыл, өзгелерді ескішіл көретін біздің латыншыларымыз да ойлайды.

Мұнда адасқандық болмаған күнде де анығына жетпегендік бар екені шексіз, өйткені іс жүзінде көріп отырғанымыз олар ойлағандай емес. Сондықтан назарларыңды салыңқырап қарасаңдаршы деп айтуға қақымыз бар деп білемін.

Араб әрпінен жасап алған әліп-биімізге жер жүзінде әліп-би баласы жетпейді. Араб әрпімен түзеген емлемізге бізге мәлім емлелердің бірі жетпейді. Мұны ешкім бекер деп айта алмайды. Араб әрпін жазу машинасына, әріп теру машинасына орнатқанын көріп отырмыз.

Түзелген араб әрпі жазу машинасына бір түгіл екі түрлі әріп қоюға болатын етіп отыр, мәселен: араб әрпі мен орыс әрпін қатар қоюға болатын етіп отыр. Әріп теру машинасында екі суретті әріп қоюға болатындығына көз жетіп отыр. Түзелген әріп терушілердің де бейнетін жеңілдетейін деп тұр. Бұрын қассы үлкен болған соң, тұрып теретін еді, енді қассы кішірейген соң, отырып теруге болады. Отырып терсе тез шаршамайды, шаршамаса жұмыс өнімді болады. Әрі қассы ұясы аз болған соң, теру оңайланады. Ол жағынан жұмыс тағы өнімді болады.

Осының бәрі араб әрпінің қай жағынан болса да, қалай жұмсаймын десе де келе беретін, көне беретін ыңғайлы, қолайлы әріп екенін көрсетеді.

Түркі жұртының 90% -ы баяғыдан бері араб әрпін пайдаланып келеді. Әрқайсысының араб әрпімен жасалған хат мәдениеті бар (хат мәдениеті деп әріпке қатысы бар нәрсенің бәрі айтылады, мәселен: сауаттылық, оның жүзіндегі дағдылы өнер-білім, ілім, емле үйрету әдісі, баспа істері, баспа мамандары, жазба мамандары, жазылған, басылған барша сөздер, тағысын тағы сондайлар).

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАЙРАТКЕРЛІК ӨМІРБАЯНЫ

- 1872 жылғы
5 қыркүйек** — Торғай уезі Тосын болысы 5-ауылдың Сарытүбек қонысында туды
- 1886 жыл** — Торғайдағы 2 сыныптық орыс-қазақ училищесіне оқуға түсті
- 1891 жыл** — Торғайдағы 2 сыныптық орыс-қазақ училищесін бітірді
- 1891 жыл** — Орынбор қазақ мұғалімдер мектебіне оқуға түсті
- 1895 жыл** — Орынбор қазақ мұғалімдер мектебін бітірді
- 1895 жыл** — «Тургайская газетада» тұңғыш мақаласы «Киргизские приметы и пословицы» жарияланды
- 1895 жылғы
1 маусым** — Ақтөбе уезі Бестамақ болысы Арынғазы мектебінің мұғалімі
- 1896 жыл** — «Тургайская газетада» «Бестамакская волость Актюбинского уезда» мақаласы жарияланды
- 1896 жыл** — Ақтөбе уезі Қарабұтақ 2 сыныптық орыс-қазақ училищесінің мұғалімі
- 1897 жыл** — Қостанай уезі Аманқарағай болысы 2-ауылдағы Дулиекөл болыстық мектебінің мұғалімі
- 1899 жыл** — Қостанай уезі Меңдіқара болыстық мектебінің мұғалімі
- 1902 жыл** — Қостанай педагогикалық сыныбының мұғалімі
- 1902 жылғы
1 мамыр** — Ақмола, Семей облысы халық мектептері директорының ісжүргізушісі
- 1904 жылғы
көктем** — Қарқаралы 2 сыныптық мектебінің меңгерушісі

- 1905 жылғы 26 маусым** — «Қарқаралы құзырхатын» ұйымдастырушылардың бірі
- 1908 жыл** — Айыпталып Қарқаралы, содан кейін Семей абақтысына қамалды
- 1909 жыл** — Петерборда тұңғыш кітабы «Қырық мысал» жинағы жарық көрді
- 1909 жылғы 17 қараша** — А.Байтұрсынұлын Семей абақтысынан босату жөнінде Мемлекеттік Дума депутаты Н.Скалозубов Ішкі істер министріне хат жазды
- 1910 жыл** — Қазақстанда тұру құқығы шектеліп Орынборға келді
- 1911 жыл** — Орынборда «Маса» жинағы жарық көрді
- 1912 жыл** — Орынборда «Оқу құралы. Бірінші кітап. Қазақша алифба Балаларға арналған әліппе» жарық көрді
- 1913 жыл** — Қазанда «Оқу құралы. Екінші кітап. Алифбаға жалғасты» жарық көрді
- 1913 жыл** — Орынбор губернаторы қазақ тілінде газет ашу үшін А.Байтұрсынұлына рұқсат куәлігін берді
- 1913 жылғы 2 ақпан** — Орынборда «Қазақ» газетін М.Дулатовпен бірге шығарып, бас редакторы болды
- 1913 жыл** — «Қазақ» газетінде сиез ашу мәселесін көтерген Ж.Сейдалиннің мақаласына «Жауап хаты» жарияланды
- 1914 жыл** — Орынборда «Тіл — құрал. Қазақ тілінің сарфы. 1-інші жылдық» жарық көрді
- 1914 жыл** — Орынборда «Тіл — құрал. 2-інші жылдық. Этимология (Сөздің жүйесі мен түрлері)» жарық көрді
- 1914 жыл** — Орынборда «Қазақша әліппе» кітабы жарық көрді

- 1915 жыл** — Орынборда «Оқу құралы» кітабының 2-ші басылымы жарық көрді
- 1916 жыл** — Орынборда «Оқу құралы». 1-ініші жылдық кітабының екінші басылымы жарық көрді
- 1916 жылғы 3 ақпан** — Қазақ жігіттерін әскерге алу бойынша Ә.Бөкейхан, Н.Бегімбетовпен бірге Петерборға барды
- 1916 жылғы мамыр** — Торғайда болды
- 1916 жыл** — Ә.Бөкейхан, М.Дулатовпен бірге 1916 жылғы оқиғаға арналған «Алаш азаматтары», «Қазақ жұртына», «Қазаққа ашық хат» мақалалары жарық көрді
- 1916 жылғы тамыз** — Торғай, Орал, Ақмола, Жетісу облыстары өкілдерінің Орынбордағы кеңесін ұйымдастырушылардың бірі
- 1917 жылғы 17 наурыз** — Торғай облысы азаматтық комитетінің мүшесі
- 1917 жылғы 2-8 сәуір** — Торғай облысы I қазақ сиезін ұйымдастырушылардың бірі, төрағасы. Жалпы қазақ сиезін құру жөніндегі бюро мүшесі
- 1917 жылғы 11 маусым** — «Қазақ» газетінде Алаш зиялыларымен бірге Қытайға босқан қырғыздарға көмек көрсетуге шақырған «Алаш азаматтары» үндеуіне және «Шура-и-Ислам» ұйымының құрылғандығы жөніндегі мақалаға қол қойды
- 1917 жылғы 4 шілде** — Жалпы қазақ сиезін өткізу бюросының атынан Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыққа ұсынылды
- 1917 жылғы 21-26 шілде** — I Жалпықазақ сиезін ұйымдастырушылардың бірі, төрағаның орынбасары

- 1917 жылғы
8 тамыз** — Торғай облыстық управасының мәжілісінің төрағасы
- 1917 жылғы
20-25 тамыз** — Торғай облысы ІІ қазақ сиезінің қаулысымен Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыққа тағы да ұсынылды
- 1917 жылғы
19 қазан** — «Алаш» партиясы атынан Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыққа үшінші рет ұсынылды
- 1917 жылғы
21 қазан** — «Қазақ» газетінде жарияланған «Алаш» партиясы бағдарламасы жобасын әзірлеушілердің бірі
- 1917 жылғы
қараша** — «Алаш» партиясының Торғай облыстық комитеті төрағасының орынбасары
- 1917 жылғы
қараша** — «Алаш» партиясы атынан Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына №1 Торғай округынан сайланды
- 1917 жылғы
5-13 желтоқсан** — ІІ Жалтықазақ сиезін ұйымдастырушылардың бірі. Алашорданың оқу комиссиясының мүшесі
- 1918 жыл** — Ташкентте «Тіл — құрал. Қазақ тілінің сарфы. 1-інші жылдық» кітабы жарық көрді
- 1918 жыл** — Алашорданың Торғай облыстық әскери кеңесінің мүшесі
- 1918 жыл** — Алашорда делегациясын Қытайдың Шәуешек қаласына бастап барды
- 1919 жылғы
наурыз** — Алашорда үкіметінің атынан Мәскеуге барып, Кеңес үкіметі жетекшілерімен кездесті
- 1919 жылғы
маусым** — РСФСР Ұлт істері жөніндегі халық комиссариаты өткізген «Қырғыз кеңес автономиясы туралы» арнайы мәжіліске қатысып, сөз сөйледі

- 1919 жылғы шілде** — РСФСР Ұлт істері жөніндегі халық комиссариаты декретімен Қырғыз өлкесін басқару жөніндегі төңкерістік комитет құрылды. Ахмет Байтұрсынұлы төраға орынбасары болып тағайындалды
- 1919 жылғы 19 қыркүйек** — Орынборға келген М.Калининмен автономия құру, оның шекарасы және жергілікті большевиктердің әрекеттері туралы сөйлесті
- 1919 жыл** — «Жизнь национальностей» газетінде «Революция и киргизы» мақаласы жарық көрді
- 1920 жылғы 15 сәуір** — «Известия Киргизского края» хабаршысында большевиктер жағына шыққандығы жөніндегі «Мәлімдемесі» жарияланды
- 1920 жылғы 17 мамыр** — В.Ленинге кеңестік саясатты сынаған хат жазды
- 1920 жылғы 14 тамыз** — РСФСР Ұлт істері жөніндегі халық комиссариаты өткізген «Қырғыз республикасы туралы декреттің жобасы» бекітілген кеңеске қатысып, сөз сөйледі
- 1920 жылғы 16 тамыз** — «Қырғыз өлкесі территориясы құрамын анықтау» қаулысы шығарылған Бүкілодақтық атқару комитеті президиумы жанындағы комиссиясы мәжілісіне қатысып, сөз сөйледі
- 1920 жылғы 26 тамыз** — Бүкілодақтық Атқару Комитетінің және РСФСР Халық комиссариаты декретімен Қырғыз Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасы құрылды
- 1920 жылғы 22 қазан** — Бүкілодақтық Атқару Комитетінің декретімен Орынбор губерниясы Қырғыз Автономиялы Социалистік Кеңестік Республикасына қосылды

- 1920-1921 жылдары** — Қазақ АКСР Халық ағарту комиссары
- 1921-1926 жылдары** — Академиялық орталықтың жетекшісі
- 1920 жыл** — Қазақ АКСР үкіметінің мүшесі
- 1920 жыл** — Қазанда «Баяншы. Қазақ мұғалімдері үшін» атты әдістемелік кітабы жарық көрді
- 1920 жыл** — Қазанда, Ташкентте «Тіл — құрал. Қазақ тілінің сарфы» кітаптары жарық көрді
- 1921 жылғы 25 қазан** — «Жизнь национальностей» журналында «Тағы да Қырғызиядағы (Қазақстандағы) аштық туралы» мақаласы жарияланды
- 1921 жыл** — Қызылордада «Оқу құралы», Семейде «Оқу құралы. Үлкендер үшін», Орынборда «Оқу құралы. Қазақша әліпби» кітаптары жарық көрді
- 1922 жыл** — М.Дулатовтың «Ахмет Байтұрсунович Байтұрсунов (биографический очерк)» мақаласы жарық көрді
- 1922 жылғы 18 мамыр** — Халық ағарту қызметкерлерінің Жалпы қырғыз съезінде баяндама жасады
- 1922 жылғы 8 шілде** — «Еңбекші қазақ» газетінде «Қалам қайраткерлері жайынан» мақаласы жарық көрді
- 1922 жылғы 14 шілде** — «Ақ жол» газетінде «Қазақты ағарту халімізден» мақаласы жарық көрді
- 1922 жылғы тамыз** — Ташкент қаласында Түркістан зиялылары 50 жылдық мерейтойын атап өтті
- 1922 жылғы 24 қыркүйек** — Орынборда «Баспасөз үйінің» ашылуында сөз сөйледі

- 1922 жылғы 27 қыркүйек** — «Степная правда» газетінде «Барлық қырғыз ақындарына, әдебиетшілеріне және қырғыз әдебиетін сүйетіндерге» атты рухани құндылықтарды жинауға байланысты үндеу жарияланды
- 1922 жылғы 28 қыркүйек** — «Степная правда» газетінде «Ағартушылық және ашаршылық» мақаласы жарық көрді
- 1922 жыл** — Ташкентте «Оқу құралы», «Тіл — құрал» кітаптары жарық көрді
- 1922-1925 жылдары** — Халық ағарту комиссариаты ғылыми-әдеби комиссиясының, қазақ өлкесін зерттеу қоғамының төрағасы
- 1923 жыл** — Е.Омаровпен бірігіп жазған «Қазақша жазу тақырыпты жаңа жазу ережелері», «Қазақша жазу туралы жаңа ережелер» мақалалары жарық көрді
- 1923 жыл** — Орынбор қаласында қазақ зиялылары 50 жылдық мерейтойын атап өтіп, М.Әуезов, С.Сейфуллин т.б. баяндамалар жасады
- 1923 жыл** — Орынборда «Оқу құралы», «Тіл — құрал» кітаптары жарық көрді
- 1924 жылғы шілде** — Орынборда Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезіне қатысып, қазақ әліпбиі, емле ережелері бойынша негізгі баяндама жасады
- 1924 жыл** — Орынборда «Әліппе астары», «Оқу құралы», «Сауат ашқыш» кітаптары жарық көрді
- 1925 жыл** — «Ақ жол» газетіне «Енді «қазақ» демеі болмайды» мақаласы жарық көрді
- 1925 жыл** — Орынборда, Қызылордада «Оқу құралы», «Тіл — құрал» кітаптары жарық көрді

- 1926-1928 жылдары** — Ташкенттегі Қазақ халық ағарту институтының оқытушысы
- 1926 жылғы 26 ақпан-5 наурыз** — Бакуде I Бүкілодақтық Түркітанушылар сиезінде әліпби, терминология бойынша баяндамалар жасады
- 1926 жыл** — Ташкентте, Қызылордада, Семейде «Әдебиет танытқыш», «Әліп-би», «Әліппе. Үлкендер үшін», «Сауат ашқыш», «Тіл — құрал» кітаптары жарық көрді
- 1927 жыл** — Қызылордада «Әліп-би», «Тіл — құрал. Дыбыс жүйесі мен түрлері», «Оқу құрал» кітаптары жарық көрді
- 1928-29 жылдары** — Алматыдағы Қазақ педагогика институтының профессоры
- 1928 жыл** — «Әліп-би», «Тіл — құрал», «Тіл жұмсар» кітаптары жарық көрді
- 1929 жыл** — Қызылордада «Тіл жұмсар», «Практическая грамматика» кітаптары жарық көрді
- 1929 жыл** — «Тіл жұмсар, Сөйлеу, оқу, жазу тілін жұмыс тәжірибесі арқылы танытатын екінші кітап» оқу құралы жарық көрді
- 1929 жыл** — Алаш қозғалысына қатысқаны үшін айыпталып, 1934 жылы босатылды.
- 1934-1937 жылдары** — Алматы қаласында тұрды.
- 1937 жыл 8 желтоқсан** — Саяси қуғын-сүргін құрбаны
- 1988 жылы 4 қараша** — Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің қаулысымен ақталды

Хат мәдениеті бар халыққа бір әріпті тастап, екінші әріпті ала қою оңай жұмыс емес. Бірте-бірте барып алып кетуге бірталай уақыт керек, бірталай артық тұрған қаржы керек. Бірталай артық тұрған адамның күші, ісі керек. Әуелі, ондай қаржы, күш пен іс екі әріппен бірдей қатар оқыту, сауат ашу істеріне керек. Екінші, баспа дүкендерінде қатар дүкен құрылмақ, қатар жұмыс жүрілмек, басылып шығып жатқан нәрселердің бәрі де екі әріппен бірдей басылып шығып тұрмақ. Мұның аты екі шығын болмақ, екі жұмыс болмақ. Артық қаржы, артық күш бұған керек.

Мұндай екі шығын, екі жұмысты көтергендей қаржы мен қайрат қазақ түгіл түріктің қай жұртында да болса жоқ.

Латын әрпін бірден алып, бірден соған түсіп кетуге, одан да көп қаржы мен қайрат керек. Ондай бірден табыла қоятын мол қаржы мен қайрат түркі жұрттарында тағы жоқ. Бірден мұғалімдердің бәрін латынша үйретіп, бірден баспаханалардағы әріптерді латынға айналдырып, адамдарын латынша үйретіп, оқу кітаптарын латынша бастырып, арабша сауаттыларды латынша сауаттандырып жіберу адамның керек қылуын былай қоя тұрғанда да, он шақты күнде, он шақты миллион қаржымен біте қоятын жұмыс емес.

Солай болған соң әріп алмастыру деген жеңіл мәселе болып шықпайды. Бұл — ел жағынан да, елдің шаруасы жағынан да ауырлығы зор мәселе екендігін еске алып отырып шешетін нәрсе. Үстін қарап, ат үстінен айтқандай, сөзбен, жеңіл шеше қоятын мәселе емес. Салақ қарауға болмайтын салмақты мәселе.

Латын әрпінің араб әрпінен гөрі көзге көрініп тұрған артықтығы, бадырайып тұрған пайдасы болса екен; онда ел көңілденіп, әсіресе сауаттылары көңілденіп, қолдап-жебеп, көтермелеп бірдеме етер деп дәмеленер едік. Ондай артықтығы, пайдалылығы жоқ, қайта араб әрпінен гөрі толып жатқан төмендігі, кемдігі, кеселдігі бар.

Араб әрпін латын әрпіне ауыстыру мәселесі қозғалғаннан бері көп адам екеуін салыстырып, теңеп қарап, артық-кемін тексеру, зерттеуге түсті. Ескі әріп те жеткілікті дәрежеде терең тексеріліп, терең зерттелді. Сол терең тексеру арқасында екі әріптің де бұрын назар салынбай, еске алынбай жүрген көп сындары, сипаттары сөзге түсті.

Менің мұнан былайғы сөздерім жалғыз өз пікірім, я өз тапқандарым емес, көптің көздеп, үңіліп, зерттегеннен табылған нәрселер.

Екі әріпті теңестіріп, артық-кемін тексеріп, өлшеуге салғанда, таразының табан тірейтін нәрселері мыналар боларға тиіс:

1 — тіл дыбысына жеткілікті — жеткіліксіздігі қанша?⁷⁰

2 — қайсысымен басылған я жазылған сөз оңай оқылады?

3 — қайсысымен жазу жеңіл, жазылғанын тану жеңіл?

4 — қайсысы баспаға қолайлы (баспаға сыйымды болуы, жұмыстың өнімді болуы о да сонда).

5 — үйретуге (сауат ашуға) қайсысы оңтайлы?

6 — көркемдік пен көзге жайлылық жағынан қайсысы артық?

Әуелі тіл дыбысына жеткілікті болу, болмау жағынан салыстырып қарайық. Араб әрпінен қазақ әліп-бйіне 14 әріпті өзгертпестен дайын күйінде алдық, 5 әрпіне ереже қосып алдық.

Латын әрпінен ең өзгертпестен алдық дегенде 15 әріп-ақ алған. Басқаларын өзгертіп алып отыр. Сөйтіп алғанда, 7 әрпі өзгертіп алуға жараған, басқалары тіпті жарамаған соң, «ң» мен «й» дыбыстарына ойдан шығарып, п, j таңбаларын алып отыр.

Бұған қарағанда, тіл дыбысына жеткілікті болу жағынан араб әрпі артық болып шықты.

Оқуға оңай жағынан қарап көрейік.

Оқу жағынан алғанда, қандай әріппен басылған я жазылған сөз болса да сүгірет есепті. Бұ жағынан қытайдың сүгірет жазуы да, басқалардың әріппен жазылған жазуы да бірдей, жалғыз-ақ сүгіреттің құралған жөні ғана басқа.

Сауаты ашылған адам жазылған я басылған сөзді әрпіне қарап оқымайды, бүтін тұрған сүгіретін танып оқиды. Таныс адамды көргенде, мынау пәленше, анау түгенше деген сияқты, әр сөзді тұрпатына қарап танып айтады. Неғұрлым сөз сүгіреті көзге елеулірек болса, соғұрлым жылдам танылып, шапшаң оқылмақшы. Әріп сөз сүгіретінің көзге елеулі болу, болмауына себеп болмақ, сөздің бірінен-бірін айыруға көмегі тимек.

Латын әрпінің асылы — екі түрлі сызық, тік сызық, сопақ шеңбер сызық. Латын жүйелі әріптердің бәрі осы екі түрлі сызықтың түрліше үйлесіп құралуынан шыққан. Латын жүйелі әріппен басылған сөздердің жолына қарап тұрсаңыз, екі сызықтың арасымен теп-тегіс тартқан

⁷⁰ Бұл таңба қасиетіне жатпайды.

нәрсе сияқты болып көрінеді. Әріптері біріне-бірін таяу келтіріп қатарынан қойған кірпіш сияқты көрінеді. Ілуде біреуі ғана болмаса, қатардан шығып тұратыны аз болады. Үстіне қоятын қосымша белгілері де аз болады.

Немістің Мейман деген профессоры, басқа сондай сана заңын тексеріп тәжірибе жасаған адамдар мынаны байқаған: басылған сөздердің ішінде не төмен, не жоғары сойдыып қатардан шығып тұрған әрпі бар сөздер, немесе үстіне қойған қосымша белгісі бар әріп кіріскен сөздер тез танылып, шапшаң оқылады екен.

Араб әріптері сөз ішінде сап түзеген солдат сияқты сымға тартқандай, екі сызық арасында қысылып тұрған әліпті болмайды. Жолы бір сызық бойымен тартылып, жалғыз сызықтан жоғары да, төмен де ылғи асып шығып отырады. Оның үстіне қойылатын қосымша асты, үстінде белгілері, нүктелері болады. Мұнда бірдейлік, бір өңкейлік жоқ, бір беткейлік жоқ. Мұның әріптерінің бірі биік, бірі аласа, бірі ұзын, бірі қысқа келіп, сөз әлпіне айрың-үйрің ашық сүгірет береді. Бір жағынан онысы, екінші жағынан қойылатын қосымша белгілері сеп болып, сөз сүгіретін көзге елеулі етіп, тез танытады, тез оқытады.

Әріптердің бір өңкей, бір беткей тұру-тұрмауы оқуды ауырлату-жеңілдету жағына қанша сеп болатынын мынау мысалдан көруге болады.

Бір ыңғай, бір беткей қойған, бір өңкейленіп тұрған бірнеше таяқша сүгіреттерін алайық та, сонымен саны да, алатын орны да, бойы да бірдей, бірақ қойылуы бір ыңғай, бір беткей емес, сондықтан бір өңкейленіп тұрмаған екінші таяқша сүгіреттерін алайық та, аналардың астына мыналарды қойып санап қарайық, қайсысы санауға оңай болар екен. Әрине төменгісі санауға оңай. Латын әрпінен басылған кітап я газетті алып, араб әрпінен басылған кітапты я газетті алып қарасаң, қайсысындағы сөздердің әріптерінің әлпі таяқшалар сүгіреттерінің қайсысының әлпіне ұқсайды?

Әрине, латындікі жоғарғы, арабтікі төменгі әліпті. Араб әрпінің ол артықтығы жалғыз баспада ғана емес, жазбада да артық болып тұрады. Өйткені араб әрпімен басылған сөз бен жазылған сөздің арасында айырымы аз болады. Онда оңай оқылса, мұнда да оңай болады.

Жаман жазылған хаттарды айыруға келгенде де, араб әрпі латын әрпінен артық. Мұнда да әріптің тұрпаттарымен түрлі қосымша белгілері көп көмек болады.

Латын әліп-биінде ұлы әріп болатынын артықтығына дәлел еткісі келетіндер бар. Оның, ұлы әрпінің пайдасынан зияны көп екеніне көз салмайтындар ғана солай ойлайды. Әріп санын көбейтетінімен, әріп кассаларын үлкейтетінімен, әріп теру, жазу машиналарын қиындататынымен, сауаттандыру ісін ауырлататынымен ісі жоқ адамдар ғана латын әрпінің ұлы түрін ұлы қасиеті деп ойламақшы.

Балаларды орысша оқытып жүргенде ұлы әріпке қарғыс айтпасақ, алғыс айтпайтынбыз, әріп терушілер де ұлы әріпке алғыс айтпайтын шығар.

Жазуға қайсысы қолайлы? — енді сол жағына келейік.

Сөзді оқығанда тұтасынан оқысақ, жазғанда да көбінесе тұтасынан жазамыз. Сондықтан екі әріпті сынға салғанда әріп басының жазылуына қарамай, тұтас сөздің жазылуына қарай сын тағамыз.

Сауатты адам жазғанда қол дағдысымен жазады. Жазып отырғанда әр әріпті ойлап барып жазбаймыз, қолымыз дағдыланған күйімен өзі жазып кетеді. Ойың әріп тізімінде болмайды, сөз тізуінде болады. Көз жазылғанның дұрыс-терісін бақылаумен ғана болады, неғұрлым сауаты көбірек ашылған адам болса, неғұрлым жазуды көп жазатын адам болса, оның көз бақылауынан көрі дағдысы басым болмақ. Мұны дыбыс жүйелі емлесі жоқ жазудан көру қиын емес. Мәселен: Махмуд деген сөзді жазғанда, қолың өзі жазып кетеді.

Оқыған уақытта адамның көзіне күш түсіп, етіне күш түспейді. Жазған уақытта көзіне күш түспей, етіне күш түседі.

Жазуға қай жазу ыңғайлы болатынын айыру үшін, басқа жұмыстар жүзінде қолға күш түсетін істерден жасалған ілім тәжірибелерін алып қарау керек болады.

Латын жүйелі әріппен жазғанда қол қимылдау бағдары сағат тілінің жүретін бағдарына қарсы келіп отырады. Сол ыңғайына қарай жазу жолы да солдан оңға қарай жүреді.

Араб әрпімен жазғанда қол қимылдау бағдары сағат тілінің бағдарымен бірыңғай келіп отырады. Сол ыңғайына қарай жазу оңнан солға қарай жүреді.

Машина айналдырған жұмыскерге, қол машинамен тіккен әйелдерге қарап тұрсақ, бәрі сағат тілінің бағдарымен айналдырады. Қалай да қолмен айналдыра-үйірлдіре, қайта-қайта істелетін жұмыстардың бәрі

де, мәселен: инемен тігу, арқан есу бәрі де сағат тілінің бағдарымен істеледі, оңнан солға қарай жүреді. Оның бұлай істелетіні қол талмау үшін. Қайта-қайта көп рет қимылдағанда, ыңғайсыз жағына қимылдаса, қол тез талады. Мәселен: орысша жазғанда қолдың талғаны білінеді, қазақша жазғанда білінбейді.

Болонский деген орыстың тәрбие ғалымы қолдың әлгідей еткенде талмайтыны ұсақ бұлшық еттерінің бітісінен дейді. Менің оған қосатыным — қарды жаюдан, жыю жеңілірек. Солдан оңға қарай жазғанда қол қардың жайылатын жағына қарай жылжиды, жылжыған сайын қиындайды. Оңнан солға қарай жазғанда, қол қардың жиылатын жағына қарай жылжиды, жылжыған сайын жеңілденеді. Қол тыныққан есепті болып, талмайды.

Олай болса, араб жазуын оңнан солға қарай жазылады деп айыптаушылар, тесе қарап тексермей, құр босқа сөйлейді.

Қай жазу мен жазғанда қолдың қимылдауы қандай болатынын да азырақ айтып өту тиіс болады.

Латын әрпімен жазғанда қолдың қимылының бәрі ірі, толық болып отырады. Араб әрпімен жазғанда істенгіреп⁷¹ жазуы мен жазған сияқты қолдың қимылы көбінесе ұсақ болып келеді. Ирегінің ұсақтығы жазуды жеңілдетіп, шапшаң жазуға қолайлы. Сондықтан да ұсақ иректі жазу істенгірепке алынған.

Араб әріпіне сын тағушылардың жана бір кінәлайтын жері — нүкте көптігі. Нүкте жазуды ауырлатуға себеп болатыны рас, бірақ ол араб жазуының өз басын оңаша алғандағы кемшілігі, латын жазуымен салыстырғанда қол сермелуі, барша нүктелерін қосып есептегенде латындікінен 20-30 % кем болып шығады.

Араб жазуымен жазғанда жалғыз ғана қолайсыздық қылатын — цифр жазуы. Санды үлкеңдете атауымызға қарағанда, жазуымыздың оңнан солға қарай жазылатын бағдарына қарағанда, санның үлкенінің цифрлары оң жақта, кішілерінің цифрлары сол жақта болуы тиіс еді. Онан келетін кемшілік аз болғандықтан, басқалардың ыңғайына қарап, көпке бірдей болатын ретпен жазып отырмын.

Жазу жайын сөйлегенде, жазу машиналарын да сөз қылып өту қажет болады.

⁷¹ Сөзді әріппен емес, басқа белгілермен жазуды істенгіреп дейді. Істенгіреп көбіне ауызбен айтылып тұрған сөздерді жазып алуға қолданылады.

Соңғы кезге дейін араб әрпін жазу машинасына орнату ісі былай болып келіп еді: бір жағынан, орыс машиналарының жүрісі араб жазуының бағдарына икемделуші еді де, екінші жағынан, араб әрпі созылып, жиырылып машина жүрісінің адымына икемделуші еді.

Бұл күнде Шайқалый деген енженер әріпті емес, тек машинаны ғана әріпке ыңғайлайтын тетігін тапқан. Қазірде Қазанда машина жасайтын дүкен ашылып, әлгі енженер басына қойылып, іс жүргізіліп жатыр. Олар жасап жатқан машиналарға татарша да, орысша да жазылатын етіліп, екі жұрттың да әліп-биі қойылған. Онысы екі тілмен де іс жүргізетін біздің түрік жұрттарының мекемелеріне өте қолайлы болмақ.

Тіршілік өнерінің артылуы тіршілік керек қылуына қарай болмақ.

Араб әрпінің өнер құралдарына айналысуы соңғы кездерде ғана бола бастауы тіршілік күйінің мәдениет, тарих, шаруа жағына байласқан жағдайына қарай болып отыр. Патша заманында мекемелердің ісінің бәрі орыс тілінде жүргізілетін. Жай адамдар мәдениеті төмен болған соң, машинамен жазуды керек қыла қоймайтын.

Өзгеріс болғаннан кейін әр жұрт республика болып, мекемелерінде істі өз тілінде жүргізетін болды. Оған машина керек бола бастады. Мұқтаждық бола бастап еді, мұқтаждықтың ылажын табу шарасы да қарала бастады. Ол барып араб әрпін машинаға, машинаны араб әрпіне үйлестіруге түсірді. Ол үйлестіру жетіле-жетіле келіп, бір машинаға татарша-орысша, екі түрлі әріп орнатуға болатын еткізіп отыр.

Неғұрлым тұрмыс түрленіп, шаруа ұлғайып қажеті өскен сайын, тіршілік әдісі де молайып, өнер ісі де ұлғайып өсе бермек. Жиындар, топтар татар тілінде жасалуы енді істенгіреп жазуын керек қылған соң, татарлар соны шығару шарасына кірісіп жатыр. Жазу дағдысы оңнан солға болғандықтан, істенгіреп жазуын да сол бағдарлы етіп шығармақ.

Енді қай әріп үйретуге оңай, со жағынан салыстырып өтейік. Қай әдіспен болса да, оқуға үйрету ақтығында сөз сүгіретін тану болып шықпақ. Сөздің баспа сүгіреті мен жазба сүгіретін таныта білдірсе, сол оқуға үйреткен болмақ.

Сөздің тез танылу жағынан араб әрпінің латын әрпінен артық екендігін мана айтып өттік. Бұ жағынан араб әрпінде бір кемшілік бар еді, ол енді жоғалайын деп тұр. Ол кемшілігі жалғау қосылғанда сөз сүгіретінің

пішіні өзгерілуі еді. Мәселен «қазақ» деген сөзге ілік жалғауын қоссақ, «қазақдың» болып, «қ» әріптің пішіні өзгертін еді.

Латын әрпінде ол жоқ, бірақ оның онан көрі де үлкен айыбы бар: латын әрпі ұлылы-кішілі қосар таңбалы болады. Оның үстіне баспа әрпі мен жазба әрпі біріне-бірі ұқсамайтын түрде болады. Бір сөзде екі түрлі сүгірет болады. Біреуін танудың орнына екі-екіден тану керек болады. Сөйтіп әріптің екі баспа түрін, екі жазба түрін, сөздің екі баспа сүгіретін, екі жазба сүгіретін тану керек болады. Мұның аты бір жұмыстың орнына төрт, төрттен сегіз жұмыс деген болады. Арабтікінде ол жоқ.

Араб әрпінің үйреткенде тағы бір артық жері — алғашқы кезде жазуға, қол үйренуге сызылғанның жеңілдігі.

Латын әрпінің алғашқы кезде жақсылық қасиетіне саналса, саналатын жері баспа әрпінің даралығы. Бірақ ол қасиетінің өмірі аз, өйткені әрі барған сайын сөзді әрпімен оқу жоғалып, сөздің тұтас сүгіретін оқу күшейе береді, даралықтың пайдасы кеми береді. Сөз сүгіретін тез танытуға араб әрпі артық.

Сүйтіп, үйретуге жеңілдік жағынан да араб әрпі латын әрпінен анағұрлым артық болып шығады.

Енді екі әріптің қайсысы баспа ісіне қолайлы, өнер құралына үйлестіруге оңтайлы, баспаға сыйымды, істі өндіруге икемді екен — сонысына келейік.

Араб әрпін баспаға айналдыру 16-шы ғасырдың аяғында болған. Оны баспаға арабтардың өздері айналдырмаған. Бенесие шәріндегі италияндар айналдырған.

Олар араб әрпінің жайын білмегендіктен несін алып, несін тастау керек екенін біле алмаған. Араб әрпін жазуда тұрған күйінде алған да, турап-турап баспаға айналдырған. Әріптің жайын жақсы білмей баспаға айналдырғандықтан, арабтың 29 таңбасы 200-ден астам баспа таңбасы болып шыққан.

Бұ қалайша соншама көбейіп шыққан? Мұнша көбейіп шығуы мынадан болған:

1. Жазуда түйдектеліп жазылатын 2-3 әріпті айырмай, оларды түйдек түрінде әріп түйдегіне айрықша баспа белгісін жасаған. Мәселен: «лж» етіп екі әріптен құраудың орнына, «лыж» деген жазу түріндегі түйдегін алып, өз алдына «лж» белгі алған. «мж» дегенді де «мыж» етіп үш

әріптен құраудың орнына, оған да өз алдына «лмж» белгі алған. 200-ден астам баспа таңбаларының 25%-ы сондай керексіз белгілер болған. Олар басылғанда баспа таңбасы 150-дей болмақ.

2. Әріптердің жігін айыратын жерінен айырмағандықтан алдыңғы әріптің аяғы бөлініп келесі әріптің басына қосылып кеткен. Ол келесі әріптің аяғы тағы онан соңғы әріптің басына қосылып кеткен. Сөйтіп, бір әріптің пішіні бір неше түрге түсіп кеткен.

3. Қол жазуда әріптің жол сызығынан жоғары иә төмен тұруына қарап, түрлі тұрған қалпын түрлі әріп деп білген де, оларға да арзан айрықша баспа таңбасын жасаған.

4. Сөз аяғында қолдың еркін тартқанынан болатын әріп аяғының созылуын білмегендіктен, ондай бар әріптерді де айрықша таңба деп, айырым баспа таңбасын жасаған.

Солай қаталасу кесірінен 29 таңба 200-ден астам баспа таңбасы болып шыққан.

Баспа әрпі сол күйінде мұсылман арасына тарап, XIX ғасырдың аяғына дейін түзелместен келген.

1882 жылы Петірімпорда (Петрборда) Қырым татары Ілияс Вороганский, Қазанда Ғалиасқар Камал мен Жүзей ұлы дегендер кей әріптердің түрін италияндар жасаған түрінен өзгертіп, баспа таңбасын жасайды. Онан баспа таңбасының саны кеміп, 150-ге түседі.

Онан әрі бірте-бірте түйдек таңбалары жоғалады. Бұдан баспа таңбасы кеміп 100-110-ға түседі (қазақтікі 80-81).

1907 жылдан бастап италияндар бүлдірген жерлерін түзеу талабына кірісушілер болады. Олай түзеу дегеніміз әріп шегін өзінің тиісті жігінен бөліп айыру болады.

Әуел бастан бұл жолда 1907 жылы талап етушілер Алпарұлы мен Рахманқұлұлы дегендер болады. Онан кейін 1921-22 жылдарда Едірісұлы Мұхамбет те сол талапқа кіріседі. Соңғы жылдарда Бұрнашұлы мен Тоқайұлы (1924-28 жылы) кіріседі.

Соңғы екеуінің жобасы қолайлы болып, баспаханаларға алынады. Бұлар баспа әрпін екі пішінге ғана түсіріп, касса ұясын 50-ге жеткізген (қазақтікі 41). Мұнымен қатар әріп таңбаларын бір-ақ пішінді ету талабы тоқталмай істеле берді. Ақтығында сол талаптан толып жатқан жобалар туады. Сол жобалардың ішінен Қазанда болған әнеугі кеңес әріп таңбаларын бір пішінге түсірген жобаларды қабылдады. Ондай жобалар Алпарұлынікі, Тоқайұлынікі, Шарафұлынікі, Едірісұлынікі.

Жалғыз пішінді әріптен сөз суретіне кіретін өзгерісі аз, орыстың жуандық белгісін тастағандағысындай ғана сөз суреті өзгереді. Оны алғаннан түсетін пайда есепсіз көп. Пайдасының есепсіз көптігі сол - әуелі баспа кемітіп татарлардікінен 30-31-ге түсіреді. Біздікін 24-25-ке түсіреді.

Екінші, әріп жасау жұмысын жеңілдетеді (пұнсұн матырысы⁷² /Пуан-цон матрицасын жасау).

Үшінші, өнер құралдарына қоюға өте ыңғайлы.

Төртінші, үйрету, әріп теру, басқанды түзету істерін жеңілдетеді.

Осыншама пайдасының орнына біздің жоғалтатынымыз — жалғыз-ақ сөз аяғында созып кеткеннен шыққан құйрығы, онан басқа шығатын шығын жоқ. Енді латын әрпімен екеуін теңестіріп қарайық. Латын әліб-биінде әріп ұлылы-кішілі болып, екі-екіден келеді. Латын жүйелі әріптер баспаға әбден икемделген. Ол икемделуі Европа жұрттарының өздеріне даяр болғанмен бізге даяр емес. Түркі жұрттары олардың даяр тұрғандарын сол күйінде алып пайдалана алмайды. Өйткені латын әрпін өзгертпей алуға болмайды. Ең кем болғанда 25-30% өзгертіліп алынады. Латын әрпін өзгертпей алуға болмаса, латын әрпі орнатылған машиналарды да өзгертпей сол күйінде алуға болмайды. Оның мағынасы — өзгертпестен ешбір жазу машинасын, еш әріп теру машинасын алып пайдалануға болмайды деген болып шығады.

Бір жақтан ол солай болса, екінші жақтан түркі жұртындағы қалалардың баспаханаларында өзгертпеген латын әрпі де жеткілікті күйде табылмайды. Қызылорданы былай қойып, Қазан, Уфа, Ташкент, Самартқант шәрлерінде де табылмайды.

Азербайжан латыншылдары латын әрпімен әліп-би жасап, бастырайын дегенде, ешбір шәрінде латын әрпін таба алмаған. Басқа жерден жасатып алдырғанша 5-6 ай өткен. Әріп келген соң латын әрпімен еркін тере білетін адам табылмаған. 40 кісілік курс ашқан.

Көптен келе жатқан латыншылдары бар, жетілген кент мәдениеті бар, өнерлі кәсібі бар азербайжандықтар әліп-би бастыруға соншама әурешілік шексе, басқа түріктер, әсіресе біздің қазақ сияқтылары оп-оңай дайын қып ала алмас.

Азербайжанның латын кассасында 46-47 ұя бар. Ұлы түрінікі де, кіші түрінікі де бәрі сонда. Латындікін алғанда қазақ кассасында 46-47 ұя болмақ. Бұл араб әрпінің 3-түзелген күйіндегісінен төмен

⁷² Әріп қалыптары.

болып шығады (Бұрнашұлы мен Тоқайұлының түзетуі). Үшінші түзету бойынша қазақ кассасында 41 ұя болмақ. Соңғы түзету бойынша кассамыздың ұясы 24-25 қана болады. Ол латындікінен екі есеге таяу аз болмақшы.

Латын әрпінің баспаға сыйымы туралы қолымызда мағлұмат болмағандықтан, орыс әрпінің сыйымы турасындағы мағлұматтарды алып салыстырамыз, өйткені орыс әрпі мен латын әрпінің арасында айырымы аз, екеуі бір жүйелі әріп.

Қалыпты баспа табағына⁷³ орысша 12 — кегльмен⁷⁴ шпонсыз⁷⁵ жиғанда, 10-кегльмен шпондап жиғанда 40 мың шамалы әріп сыйады. Бұл кітаптар үшін жиғанда. Газеттер үшін 10-кегльмен шпонсыз жиғанда 50 мың шамалы әріп сыяды.

Араб әрпінің ескі күйіндегі қалыбында 12-кегль «нормал» түрімен шпондап жиғанда 40 мың шамалы әріп сыяды. 14-кегльмен шпондап жиғанда 32-35 мың шамалы әріп сыяды. Үшінші түрде түзелген әріптен сол шамалы сыяды. Соңғы түзелген түрдегі әріптен 10-шы кегльмен шпондап жиғанда 54 мың кітап жа газет әрпі сыяды. 8-інші кегльмен шпондап жиғанда 65 мың шамалы әріп сыймақ.

Ескі әріппен үлкен кассамен тіреу салып жиғанда, күндік жұмыстың өнімі орыстыкінен 10-15% төмен болады екен. Үшінші түрде түзелген әріппен жұмыс өнімі орыстыкінен артық та емес, кем де емес — шамалас болған. Ең соңғы түзелген түрдегі әріппен жиғанда, жұмыс өнімі орыстыкінен 10% асқан.

Сөйтіп баспа жағынан ескі әріп латындікінен төмен болып, түзелген әріп артық болып шығады.

Араб әрпін теру машинасына орнату жағынан қолайлылығына келсек, оған ескі әріп те жарайды. Бакуда шығатын «Коменес» газеті Америкадан алдырған ескі әріпті теру машинамен теріліп шығып отыр. Түзетілген жаңа әріптен бір түгіл екі суретті әріп құйылып, машина шықпақ.

Енді көркемдік пен көзге жайлылық жағынан бір-екі ауыз сөз айту қалды. Көркемдік деген әркімнің көңіл толғауына қарайтын нәрсе, бірақ Европа жазушылары латын әрпінің пішіндеме сызықтары сияқты көзге көсе көрінетінін, араб әрпі сызығы түрлі болғандықтан көзге көркем, шырайлы көрінетінін айтқанын білеміз.

Көзге жайлы болу жағына келсек, мұнда қай әріппен жазылған жа

⁷³ Баспа табақ жазба табақтың 4 індей.

⁷⁴ Әріптің бөліні.

⁷⁵ Шпон әріптерді ыдырататын сына.

басылған сөз оңай оқылса, сол әріп көзге зиянсыз, жайлы болуға тиіс, өйткені ондай әріп көзді талдырмайды. Көзді талдырмайтын, оқуға оңайлық жағынан араб әрпі латындікінен артық екені айтылып өтті.

Әншейін үстірт қарағанда, араб әрпін түзету ісі дағдылы, қалыпты нәрсе сияқты болып көрінеді де, тура басқа әріпті алу төңкеріс есебіндегі нәрсе сияқты болып көрінеді. Төңкеріс немесе үлкен өзгеріс есебінде болып шығу үшін жасаған өзгерістен өнетін үлкен пайда болу керек.

Латын әрпінен өнетін үлкен пайда түгіл, кішкене де пайда жоқ. Еуропа жұртымен бірдей болу мақсатпен аламыз десек, алу қиын болған себепті орыстар аяқ баспай отырғанда, біз сол мақсатпен істейміз деп айтудың қанша орны барлығын сөйлеп, көп сөз қылмасақ та болар.

Латын әрпі цифр түрдегі таңба болса, әріп бірлестіру жағын сөз қылуға болар еді. Сипрды кім жазса да түсінеміз, түсіне беретін латын әрпі цифр сияқты жа қытай жазуы сияқты жазу таңбасы емес.

Басқалармен ымыраластыруға келетін жерде ісімізді ымыраластырамыз. Мәселен, мана цифр жазуын бөтендерге қарап солдан оңға қарай жазамыз дедім. Оны олай жазу біздің жазу бағдарымызға теріс ыңғай келеді, бірақ теріс ыңғай болғанмен, қолайсыздығы аз болған соң, көптен шықпас үшін істеп отырмыз.

Жер жүзіне бірдей әріппен түрлі тілді жұрттардың жазуын бірлестіру керек болса, онда қытай жазуын алу керек. Оны алсақ, онымен кім жазса да түсінесің. Латын әрпін алғанмен, өз тіліндегі мен өзге тұқымдас тілдегі ғана нәрселерді түсінесің. Оны латын әрпісіз де істеп отырмыз.

Жана да бір айтатын сөз — латыншылдар екі әріпті салыстырғанда араб әрпін баяғы Италия бұзған түрінде алып, түзетілген әріп жағына әдейі жуымайды. Латынға алмастырғаннан өнетін пайда көп болса, немесе латын әрпін алу машақаты, шығыны араб әрпін түзетуден аз болып шығатын болса, олардың түзетуді менсінбей латынмен болуы жөн дер едік. Ол жоқ. Араб әрпін түзетуге кететін шығын мен еңбек латынға көшу бейнеті мен шығыннан мың емес, миллион есе кем екені айрықша есеп қылмай-ақ айқын нәрсе.

Манағыдан бергі айтылғанның бәрінен жасалатын жалпы қорытын мынау:

1. Араб әрпі латын әрпінен жазуға, оқуға оңай. Онысын сауатты адамдардың күндегі ісінің жүзінде көп пайдалы болып шығады.

2. Сауат ашу жүзінде араб әрпінің қолайлылығы латын әрпінен артық.

3. Баспа ісі жағынан араб әрпінің ескісі латын әрпінен төмен, жаңасы артық.

4. Машиналарға орнатуға араб әрпінің жаңасы латындікінен анағұрлым артық, ескісі де орнатуға келетінін іс көрсетіп отыр.

5. Араб әліп-биінің әрпі қазақ тілінің дыбыстарына толық жеткілікті, қандай емле жасауына да келеді. Қазақ емлесі нағыз оңай, бұқараға қолайлы емле.

Сөйтіп екі әріпті салыстырғанда сап-саз, ап-айқын көзге көрініп тұрған сындары әріп алмастыру мәселесін дәріптеп көтеруге орын жоқтығын көрсетеді. Бұл сияқты мәселені көтеріп, уақытын шығын қылып жүргендер болса, оны еріккен адамдардың ермегі есебіндегі құр қиял деп білеміз.

Әліп-би түзеу, емле түзеу жағынан соңғы кезде істелген істер жемісті болып, бұл жағынан біз Европа, Америка жұрттарының алдында тұрмыз.

Әріпті өнер құралдарына икемдеу жағынан да олардан асыратынымызға көз жетіп отыр. Солай болған соң аз күшімізді алға шыққан жақтағы керексіз іске салғанша, басқадан кейін тұрған жағымызға жұмсауымыз жөн емес пе деймін.



ӘДЕБИЕТТАНУ

ӘДЕБИЕТ ТАНЫТҚЫШ

Аңдату

Біздің анық көріп, сезіп, біліп тұрған айналамыздағы нәрселердің бәрі не табыйғат ісінен шыққан жаратынды нәрсе, не адам ісінен шыққан жасалынды нәрсе. Орман, теңіз, тау, тас, өзен, бұлақ — бұлар табыйғат ісінен шыққан жаратынды нәрселер; үй, кірпіш, бақша, арық, құдық — бұлар адам ісінен шыққан жасалынды нәрселер. Табыйғат ісінен шыққан жаратынды нәрселердің бәрі табыйғат дүниесі болады. Адам ісінен шыққан жасалынды нәрселердің бәрі өнер дүниесі болады, өйткені жасалынды нәрселердің істеліп шығыуына адам ақылы, әдіс-амалы, шеберлігі, өнер күші кіріскен.

Өнер түрлі болады. Біреулер үй салады, арық қазады, етік тігеді, арба істейді, кийіз басады, ыдыс жасайды, тағысын тағы сол сыйақты шарыуаға керек нәрселерді жасайды. Біреулер көрікті мешіт, көрнекті там, көркем сүгірет салады. Әдемі ән, әсерлі күй, ажарлы сөз шығарады. Алдыңғы өнер мен соңғы өнердің арасында айырым бар. Алдыңғы өнерден шыққан нәрселер күн көріу ісіне керек шарыуа керек-жарақтары. Мұны істегенде, «сұлыуынан жылыуы» дегендей, көркем болыуын көздемейді, тұтынуға қолайлы, жайлы, берік болыу жағын көбірек көздейді. Екінші өнерден шыққан нәрселер жылыуынан гөрі сұлыу болыуы көбірек көзделінгеннен, көзге көркем, көңілге жағымды болып істелген нәрселер. Алдыңғы нәрселер адамның, мақұлықтық жан сақтау керегінен шыққан нәрселер. Соңғы нәрселер адамның жан қосптау керегінен шыққан нәрселер. Сондықтан алдыңғы нәрселерді жасауға жұмсалатын өнер — тіршілік үшін жұмсалатын тірнек өнері болады да, соңғы нәрселерге жұмсалатын өнер — көрнек өнері болады.

КӨРНЕК ӨНЕРІНІҢ ТАРАУЛАРЫ.

Көрнек өнері бес тарау болады:

Бірінші — тастан, кірпіштен, ағаштан йәкй болмаса басқа заттан сәнін келтіріп сәулетті сарайлар, мешіт, медресе, үй, там сыйақты нәрселер салыу өнері. Бұл сәулет өнері болады (европаша архитектура).

Екінші — балшықтан йә металдан құйып, тастан йә ағаштан жонып, нәрсенің тұлғасын, тұрпатын, сын-сымбатын келтіре сүгірет жасау өнері. Бұл сымбат өнері болады (европаша скульптура).

Үшінші — түрлі бойаумен нәрсенің ісін, түрін, түсін, кескін-келбетін келтіріп, сүгіреттеп көрсету өнері. Бұл кескін өнері болады (орысша живопись).

Төртінші — әуездің түрлі орайын, шырайын, сазын, сайрауын келтіріп, құлаққа жағып, көңілді әсерлейтін ән салыу, күй тартыу өнері. Бұл әуез өнері (европаша музыка).

Бесінші — нәрсенің жайын, күйін, түрін, түсін, ісін сөзбен келістіріп айтыу өнері. Бұл сөз өнері болады (қазақша асыл сөз, арабша әдебиет, европаша литература).

Өнердің ең алды сөз өнері деп саналады. «Өнер алды қызыл тіл» деген қазақ мақалы бар. Мұны қазақ сөз баққан, сөз күйттеген халық болып, сөз қадірін білгендіктен айтқан. Алдыңғы өнердің бәрінің қызметін шама қадарынша сөз өнері атқара алады. Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты йә кескінді сүгіреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын сөзбен сөйлеп, сүгіреттеп көрсетуге, танытыуға болады...

СӨЗ ӨНЕРІ.

Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: 1) ақылға; 2) қыйалға; 3) көңілге.

Ақыл ісі — аңдау йағный нәрселердің жайын ұғыу, таныу, ақылға салып ойлау. Қыйал ісі — меңзеу йағный ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсатыу, бернелеу, сүүреттеп ойлау. Көңіл ісі — түйіу, талғау.

Тілдің міндеті — ақылдың аңдауын аңдағанынша, қыйалдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйіуін түйгенінше айтыуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама қадарынша жарайды, бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қыйын. Ойын ойлаған қалпында, қыйалын меңзеген түрінде, көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіріуге көп шеберлік керек. Мүддесін тілмен айтып жеткізу қыйын екендігін мынадан байқауға болады: орыстың асқан ақыны Пүүшкійн жазған өлеңдерінің кейбіреуін 13 рет түзеткен. Орыстың асқан ойшысы, сөз өнерпазы Лев Толстой шығарған сөздерін баспаға беріп қойғаннан кейін де талай өзгертеді екен. Бұл ойындағы, қыйалындағы, көңіліңдегі нәрсені тілмен айтып жеткізу өте қыйын екендігін көрсетеді. Сөз өнері жүзінде асқан өнерпаздар мүддесін тілмен айтып жеткізе алмай, сондай қыйналғанда, өзгелерге ондай іс оңай болып табылар ма? Сондықтан

сөзден жасап сөз шығарыу деген жұмыс әркімнің қолынан келе бермейді және шығарғандардың да сөздері бәрі бірдей жақсы бола бермейді.

Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,

Сонда да ішінде бар таңдамасы.

Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын

Қазақтың келістірер қай баласы? —

деп Абай айтқандай, сөз шығаратындар көп, бірақ келістіргендері аз болады. «Алыуан-алыуан жүйрік бар, әліне қарай жүгіреді». Әр ақын, әр жазыушы сөздің басын өзінше құрастырып, өз оңтайымен тізеді. Өз біліуінше пікірлейді, сондықтан әрқайсысының лұғатында өзіндік айырымы, өзіндік белгісі болады. Ол айырым белгілерін жай айтып түсіндіріу қыйын. Әрқайсысының шығарған сөздерін оқып, әбден танысып, үйреншікті болғанда ғана сезілетін белгі. Шеберлердің қолынан шыққан нәрселермен таныс адам сол шеберлердің істеген нәрселерін қай жерде көрсе де айтпай таныйды. Мәселен, пышақты көріп, «мынау пәлен ұстаның қолы екен» дейді; ерді көріп «мынау пәлен ершінің қолы екен» дейді. Сол сыйақты сөз өнерпаздарының да шығарған сөздерін оқып, лұғатына үйір болғаннан кейін, оның бұрын оқылмаған, аты қойылмаған сөздерін де айтпай таныуға болады. Сөздің өзін танытатын белгі — тіл йәкіі лұғат белгісі болады. Ол белгі әркімнің өз ыңғайымен, өз оңтайымен сөз тізіп, әдеттенуінен, салт-таныуынан болады. Әркімнің өз салты болғанмен, ол салттар жалпы сөз тізу салттарынан, шарттарынан аса алмайды. Сөз шығарыушылар әуелі сөз ұнасымына керек жалпы шарттарды орнына келтіріп, өзінің өзгеше әдісі болса, соның үстіне ғана қосады. Сондықтан сөз шығарыушылар бәрінен бұрын шарттарын біліу қажет.

БІРІНШІ БӨЛІМ

СӨЗ ӨНЕРІНІҢ ҒЫЛЫМЫ.

Сөз өнеріне жұмсалатын зат — сөз.

Сөз шұумағы тіл деп аталады. Сөз өнеріне жұмсалған сөз шұумағы да тіл йә лұғат деп аталады.

Шығарма тілі екі түрлі болады: 1) Ақын тілі. 2) Әншейін тіл. Ақын тілі — айрықша өң беріліп айтылған сөз; әншейін тіл - ондай өң берілмей, жай айтылған сөз. Ақын тілімен сөйлегенде, сөзге айрықша өң берілгендіктен

лебіз көрнекі болып шығады. Әншейін тілмен сөйлегенде сөзге өзгеше өң берілмегендіктен лебіз сыйда, жалаңаш болып шығады. Сондықтан алдыңғысы көрнекі лебіз деліп, соңғысы жалаң не көсе лебіз делініп айтылады.

Сөз өнері деп, асылында, нені айтамыз?

Бір нәрсе тұурасындағы пікірімізді, йәкій қыйалымызды, йәкій көңіліміздің күйін сөз арқылы жақсылап айта білсек, сол сөз өнері болады. Ішіндегі пікірді, қыйалды, көңілдің күйін тәртіптеп, қыйсынын, қырын, кестесін келістіріп сөз арқылы тысқа шығару сөз шығару болады. Шығарма дегеніміз осылай шығарған сөз. Сөзді бұлай етіп шығаруға көп өнер керектігі жоғарыда айтылды. Сөз шығару өнерді қорек қылса, өнер ғылымды қорек қылады. Сонан сөз өнерінің ғылымы тұуады.

Шығарманың екі жағы бар: 1) ішкі пікір жағы, 2) тысқы тіл жағы. Сондықтан сөз өнерінің ғылымы екіге бөлінеді: 1) шығарманың түрінің ғылымы, 2) шығарманың тілінің ғылымы.

Тілінің ғылымы дыбыстардың, сөздердің, сөйлемдердің заңынан шығатын тіл өңінің жүйелерін танытады, ал түрінің ғылымы сөз өнерінен шыққан нәрселердің мазмұн жағының жүйелерін танытады. Сондықтан сөз өнерінің ғылымы тіл өңі жағынан тіл йә лұғат қыйсыны болып, мазмұн жағынан қара сөз жүйесі, дарынды сөз жүйесі болып бөлінеді.

Әр саласы айырылып, бөлек-бөлек сөз болмақшы.

Тіл қыйсыны. (Йәкій лұғат қыйсыны)

Сөз қыйсыны дегеніміз — асыл сөздің асыл болатын заңдарын, шарттарын танытатын ғылым. Лебіз ғылымының мақсаты — асыл сөздердің асыл болатын заңдарын білдіріп, түрлерін танытып, әдебиет жүзіндегі өнерпаздардың шығарған сөздерінің үлгі-өнегелерімен таныстырып, сөзден шеберлер не жасағандығын, не жасауға болатындығын көрсетіу.

Сөзден әдемілеп әңгіме шығару өнері үй салыу өнеріне ұқсас. Үй салыуға мәселен, түрлі зат керек. Ол керек зат — топырақ болса, оны біріктіріп илейді, илеген балшықтан кірпіш құйады. Кірпішті қалап, неше түрлі үй қылып шығарады. Үйдің жақсы-жаман болып шығыуы балшығынан да, кірпішінен де болады, бірақ көбінесе кірпіштерінің қалауынан болады. Кірпіш қандай жерде қалай қаланып, қандай үй болып шығыуы жасаған

жобаға қарай болады. Неғұрлым жоба жасайтын сәулет өнерпазы қыйалға бай болса, соғұрлым салған үй сәулетті, әдемі болып шықпақ.

Сөзден құрастырып, пікірлі әңгіме шығару үшін жұмсалатын зат — сөздер. Топырақтан иленіп кірпіш жасалған сыйақты, дыбыстан құралып сөз жасалған. Кірпіштен қалап түрлі үй жасау сыйақты сөзден бірігіп, түрлі әңгімелер айтылады. Үйдің түрлі болып шығыуы балшығынан, кірпішінен, әсіресе қалауынан болатыны сыйақты, әңгіменің түрлі болып шығатыны сөздің дыбысынан, сөзінен, әсіресе сөздің тізіліуінен. Балшық жаман болса, кірпіші жақсы болмайды, кірпіш жақсы болмаса, үй жақсы болып шықпайды. Сол сыйақты сөздің дыбысы жаман болса, дыбыстың қосылыуы жақсы болмаса, сөз құлаққа жағымды болып шықпайтыны рас, бірақ тізуі жаман болса, дыбысы жақсы сөздерден де жақсы әңгіме шықпайды.

Сондықтан мәнісінің зоры кірпіштің қалауында, жобаның жасауында болған сыйақты, әңгіменің әдемі болып шығыуы сөздің тізіліуі мен әңгіме айтылушының пікірлеуінде. Неғұрлым сәулет өнерпазы қыйалға бай болса, соғұрлым үй де сәулетті, әдемі болып шығатыны сыйақты, неғұрлым жазыушы қыйалға бай, пікірге шебер болса, соғұрлым шығарған сөз пікірлі, әсерлі, әдемі болып шықпақ. Жақсылап үй сала біліу үшін сәулет өнерпазы үй салуға ұсталатын заттардың сыр-сыйпатын, қасиетін жақсы біліу тийіс. Оларды тийісті орнына жұмсауын жақсы біліу тийіс. Кірпіштің түрлі қалауларын жақсы біліп, белгілеген жобамен үйдің түрін келістіріп шығару жағын жақсы біліуі тийіс. Мұның бәрін жақсы біліу үшін сәулет өнерінің ғылымын жақсы біліуі керек. Сондай-ақ, сөзіндегі сөзден құрастырып қыйсынын келтіріп, жақсылап бір нәрсе шығару үшін сөз өнерінің ғылымын жақсы біліу керек. Дыбыстың, сөздің, сөйлемнің сыр-сыйпатын таныу, заңдарын біліу — бұл үйге керек заттардың сыр-сыйпатын біліу сыйақты нәрсе. Керек заттарын сайлап алып, үй салуға кірісіу — дыбыстың, сөздің, сөйлемнің жайын біліп алып, солардың әрқайсысын дұрыстап орнына жұмсап, пікірлі әңгіме шығаруға кіріскен сыйақты болады.

Айтыушы ойын өзі үшін айтпайды, өзге үшін айтады, сондықтан ол ойын өзгелер қыйналмай түсінетін қылып айтыу керек. Оның үшін айтыушы сөйлейтін тілін жақсы қолдана біліу тийіс йағный әр сөздің мағынасын жақсы біліп, дұрыстап, сөйлемді тізе біліу тийіс. Адам ана тілін жасынан естіуінше үлкендерден үйренеді. Сонан соң тіл танытқыш кітаптардан таныйды. Онан әрі үлгілі жазушылардың шығарған сөздерін оқып, өзі іс жүзінде иә жазып қолданыумен біледі. Біз қазақ тіліндегі сөздің бәрін білгеніміз қазақ тілін қолдана біліу болып табылмайды. Сөзді қолдана

біліу — айтатын ойға сәйкес келетін сөздерді таңдап ала біліуді және сол сөздерді сөйлем ішіне орын-орнына дұрыстап қоя біліуді айтамыз. Қазақ тілі қазақ ортасындағы бәріне бірдей ортақ мүлік болғанмен, бәрі бірдей пайдаланбайды. Әркім әр сөзді өзінше қолданады, өзінше тұтынады. Бүтін пікірін айтып шығатын әңгіме түгіл жалғыз ауыз амандасуы жүзінде де әркім әртүрлі сөз қолданады. Мәселен, біреу «амансыз ба?» деп, біреу «есенсіз бе?» деп, біреу «сәлемет жүрсіз бе?» деп, біреу «күйлі, құуатты барсыз ба?» деп амандасады. Бәрінің де ой, мақсаты бір. Бәрінікі де амандық біліу, амандық сұрау, бірақ әркім әртүрлі сөз қолданып, өзінше сұрайды.

Сол сыйақты әркім пікірін сөз қылып шығарғанда да ана тіліндегі сөздердің әрқайсысын әртүрлі қолданады. Қысқасын айтқанда, әркім сөзді өз қалауынша алып, өзі оңтайлы көріуінше тұтынады. Әркім өз қалауынша алып, өз оңтайынша алып тұтынған сөзі сол адамның сөзі болады.

Сөздің келісті болатын заңдарын, шарттарын біліп тізу — тіл қыйсыны деп айтылады.

Сөз талғау

Шығарма тілі екі түрлі болатындығы жоғарыда айтылған еді. Оның бірі — ақын тілі деп, екіншісі — әншейін тіл деп аталады деп едік. Бұл екі тілдің арасындағы айырмасы мынау: әншейін тіл көбінесе сөздің дұрыстығын, анықтығын, тазалығын, дәлдігін талғайды. Ақын тілі сөздің дұрыстығының, анықтығының, тазалығының, дәлдігінің үстіне көрнекті, әуезді болуы жағын талғайды.

Шығарма сөз өңді, ұнамды болуы тұралы талғаудың қойатын жалпы шарттары мынау:

1. Сөз дұрыстығы

Сөз дұрыс айтылуы деп әр сөздің, әр сөйлемнің дұрыс күйінде жұмсалыуы айтылады. Олай болуы үшін керек:

Сөздердің тұлғасын, мағынасын өзгертетін түрлі жалғау, жұрнақ, жалғаулық сыйақты нәрселерді жақсы біліп, әрқайсысын өз орнына тұтынуы;

Сөйлем ішіндегі сөзді дұрыс септеп, дұрыс көптеп, дұрыс ымыраластыру; Сөйлемдерді бір-біріне дұрыс орайластырып, дұрыс құрмаластырып, дұрыс орналастыру.

Тіл тазалығы

Тіл тазалығы дейтініміз — ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламау.

Басқа тілден сөз тұтыныу қажет болса, жұртқа сіңісіп, құлақтарына үйір болған, мағынасы халыққа түсінікті сөздерді алыу.

Орыстың жақсы жазушыларын алсақ, олар көбінесе мынау түрлі сөздерден қашқан:

а. Ескірген сөздерге жоламаған;

ә. Жаңадан шыққан сөздерден қашқан;

б. Өз тілінде бар сөздің орнына басқа жұрттан сөз алыудан қашқан;

в. Жергілікті сөздерге йағный бір жерде айтылып, бір жерде айтылмайтын сөздерге жоламаған.

Қазақ әдебиеті қатып-пісіп жетпеген уақытта біз қазақ сөзін ескі, жаңа деп талғамаймыз, жергілікті сөз екен деп ол жағынан қатал қарап, қашып тұрмаймыз. Жалғыз-ақ біздің мықтап қашатынымыз жатшылдық (жат сөзшілдік).

Біз сыйақты мәдениет жемісіне жаңа аузы тйген жұрт өз тілінде жоқ деп мәденій жұрттардың тіліндегі дайар сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей, айырылып қалуы ықтыымал. Сондықтан мәденій жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылым кітаптарын қазақ тіліне аударғанда пән сөздерінің дайарлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып, сөз табыуымыз керек. Сонда біздің әдебиетіміздің тілі таза болып, жоғарыда айтылған талғау салтының шарты орындалған болады.

Тіл (лұғат) анықтығы

Айтылған лебіз ашық, мағыналы, түсініуге жеңіл, көңілді күдіктендірмейтін болса, тіл анықтығы дегеніміз сол болады. Лебіз ашық, мағыналы болыу үшін айтыушы айтатын нәрсесін анық таныйтын болыу керек. Адам анық таныйтын нәрсесін анық атайды да, көмескі таныйтын нәрсесін көмескі, күңгірт атайды. Сондықтан біреудің айтқан сөзін анық түсінеміз де, біреудің сөзін анық түсінбей, жорамалдап, жорып, ұйғарып қана қойамыз...

Тіл дәлдігі

Тіл дәлдігі деп ойлаған ұғымға сөз мағынасы сәйкес келуі айтылады. Ұғымға сөз дәл келуі үшін сөздің мағынасын дұрыс айыра білу керек. Тіл дәлдігін бұзатын көбінесе амәндес сөздер.

Әмәндес сөз деп мағынасы жақын сөздер айтылады. Мәселен, батырлық, ерлік, батылдық, өткірлік, өжеттік деген сыйақты сөздер. Мұның бәрі жүректілікті көрсеткенмен әрқайсысының өз алдына өңі бар. Өңін таны-

май йәкiй аңғармай, бiрiн-бiрiнiң орнына айтса, лұғат дәлдiгiне кемшiлiк келтiредi. Тiл дәлдiгiне мынадай орындарда кемшiлiк келедi:

Сөйлем iшiне орын алып, оралғы болыудан басқа қажетi жоқ сөздер кiрсе.

М ы с а л:

- а) Кейбiреулер дүнiе құуғыш, мал жыйғыш, пайда қылғыш келедi;
- ә) Өз көзiммен көрiп, көз алдымнан атқарып келiп отырмын;
- б) Оның қалыптанған ерте тұратын әдетi бар едi.

Бұл үш мысалдың iшiнде алып тастаса, орны ойсырамайтын сөздер «мал жыйғыш», «пайда тапқыш», «көз алдымнан атқарып», «қалыптанған» деген лебiздер. Бұлар сөйлем iшiнде тұрғанда ғана толық болыуына келтiрiп тұрған пайдасы жоқ.

Ойы қарайлас сөйлемдер қатар айтылғанда, мәселен, «Мен қартайған шағымда байы жоқ деп баққан жоқ, күйi жоқ деп күйген жоқ, қайраты жоқ деп қарасқан жоқ, әлi жоқ деп асыраған жоқ» деген сыйақты. Бұлай айтыудың сырты көркем сыйақты көрiнсе де, iшкi мағынасы пiкiрдi толықтырмай, тек сөздiң, сөйлемнiң қарасын көбейтедi.

Тiл көрнектiлiгi

Сөздiң дұрыс, таза, анық, дәл айтылыуының үстiне талғау сөздiң көрнекi болыуын да керек қылады. Адамға дерексiз заттан гөрi деректi зат түсiнiктiрек, жансыз заттың күйiнен жанды заттың күйi танысырақ. Сондықтан адам сөйлегенде сөзi толық түсiнiктi болыу үшiн дерексiз заттарды деректi заттарша, бернесiз заттарды бернелi затша сыйпаттайды, жансыз затты жанды заттай ғамалдайды. Ақ көңiл, шолақ ақыл, арам ой деу йәкiй күн бүркiп тұр, найзағай ойнады, сүү қайтты деу йә болмаса қазанның құлағы, ошақтың бұты, үйдiң төбесi деу дерексiз заттарды деректi затша, жансыз заттарды жанды затша, бернесiз заттарды бернелi затша қалыптау, ғамалдау, бернелеуден шығып, әдеттi сөзге айналып кеткен. Мұндай сөздер жалғыз әдеттi түрiнде емес, әдейi де айтылады...

ЕКIНШI БӨЛIМ

I. ҚАРА СӨЗ БЕН ДАРЫНДЫ СӨЗ ЖҮЙЕСI.

Екi түрлi лебiз бар: бiрi жалаң, екiншiсi көрнекi болады деп жоғарыда айтылған едi. Қайсысымен сөйлесек те сөйлеу болады, бiрақ сөйлеудi негiз

түріне қарай айырыу қажет болған орында жалаң лебізбен айтылған сөзді ғана сөйлеу дейміз де, көрнекі лебізбен айтылған сөзді жырлау, толғау дейміз. Сөйлеу де, жырлау да, толғау да бұл күндегі әдебиет алқасына кіретін жалаң лебізді және көрнекі лебізді сөздердің таптарын анық ашыуға жарамсыз болғандықтан, жалаң лебізді сөздерді қара сөз деп, көрнекі лебізді сөздерді дарынды сөз деп атау қолайлырақ. Әдетке қарамай, асылына қарағанда, «қара сөз» деген мен «сөйлеу» деген екеуінің мағынасы бір болып, «дарынды сөз» деген мен «жырлау», «толғау» дегеннің мағынасы бір болып, бірінің орнына бірі айтыла береді. Қара сөзді шығармалардың да, дарынды сөзді шығармалардың да түрлерінің өлеңдісі, өлеңсізі болады.

Сөздің асыл болуы ұнауымен. Сөз көңілге сыйпат жағының көркемдігімен, сөз мағына жағының күштілігімен жағады. Сөз көркемдігі әуезінің әдемілігі мен кестесінің келісті болуынан табылады.

Әуез әдемілігі сөзді дыбыс жағынан тәртіптеп, үйлестіріп тізуден болады. Күштілігі сөздің қалыпты мағынасының үстіне күш қосатын әдістерді істеуден болады. Бұлардың бәрі де тіл (лұғат) талғауы тұуралы сөйлеген жерде байандалған. Бұл жерде айтып өтерлік бір нәрсе сөздің бірі жалаң, бірі көрнекі көрінуі неден екендігі, ол мынадан болады.

Жоғарыда айттық: жалаң сөз дегеніміз жалаң лебізбен айтылған сөйлеу орнына жүретін ұғым деп, көркем сөз дегеніміз көрнекі лебізбен айтылған толғау орнына жүретін ұғым деп.

Сөзді жалаң түрінде айтқанда, күш көбінесе зейін жағына салынып, пайым терең, мағына күшті, пікір дәлелді болып, айтылған сөз адамның ақылына қоныуы көбірек көзделеді.

Сөзді көркем түрінде айтқанда, күш көбінесе қыйал мен қыйыс (түйіс) жағына салынып, сүгіреті толық, меңзеуі мерген, қыйсыны қызық болып сөз әсерінің күшімен көңілге ұнауы көбірек көзделеді.

Сөз ақылға қонады шындығымен, көңілге ұнайды өңі үйлестігімен, өң үйлесуін жарастық, келістік дейміз. Келістік көрік негізі екендігі өлеңді сөйлемдер тұуралы сөз болғанда айтылды. Оны тағы қайтадан сөйлеудің қажеті жоқ.

«Сөздің көркі — мақал. Жүздің көркі — сақал» деген қазақта мақал бар. Мақал мен сақалдың мәні құр көрік болуы емес. Олардың бірін сөзге, бірін жүзге көрік қылып теңеп отырған адамның ойы мен көңілі.

Ойлау екі түрлі: адам ойлағанда нәрсеге тійісінше ойлайды, иә көңілінің түйісінше ойлайды. Нәрсе түрлі сыйпатты болады. Ол сыйпаттарының біреулері бойына біткен сыйпат болса, екіншілері адамның қосқан, таңған

сыйпаттары болады. Мәселен, нәрсенің бірін жылы, бірін сұуық, бірін тегіс, бірін бұдырмақ, бірін қатты, бірін жұмсақ дейміз.

Бұл сыйпаттар нәрсенің бойында бар сыйпаттар. Бұл сыйпаттаудың біреулері адамға ұнайтын болар да, біреулері ұнамайтын болар. Мәселен, жылы нәрсе, тегіс нәрсе, жұмсақ нәрсе адамға жағымды, сүйкімді болар да, сұуық нәрсе, бұдырмақ нәрсе, қатты нәрсе адамға жағымсыз, сүйкімсіз болар. Бұлардың біреулерін жағымды, сүйкімді деп, екіншілерін жағымсыз, сүйкімсіз деп сыйпаттау нәрсені тійісінше сыйпаттау емес, адам өз көңілінің түйісінше сыйпаттау болады. Сол сыйақты, бір нәрсе тұуралы сөйлегенде, иә тійіс жағынан алып, иә түйіс жағынан алып сөйлейміз. Мәселен, кісі жайынан сөйлегенде, иә тійіс жағынан алып, түсін, тұрпатын, мінезін, құлқын, тұуысын, тұрмысын, ісін айтамыз, иә түйіс жағынан алып, сүйетін, сүймейтінімізді, сыйлайтын, сыйламайтынымызды айтамыз.

Сол секілді, әннің дауысы тійіс жағы болады. Әннің бізге ететін әсері түйіс жағы болады.

Бір нәрсенің анығына жетіп, расына қанғымыз келсе, мәселен, бір уақыйғаның анығына жеткіміз келсе йәкіі бір адамның мінезін дұрыс білгіміз келсе, кілең тійіс жағынан ғана алып, түйіс қатыстырмасақ жақсы білеміз. Дұрысына жетеміз. Солай болған соң, нәрсені тійіс жағынан сөйлегенде, тійістік керегі жоқ болып шығады. Көрік — нәрсенің түйіс жағы. Нәрсені тійіс жағынан сөйлегенде, түйіс керегі жоқ дегеніміз тійіс тұуралы сөйлейтін сөзге көрік керегі жоқ деген болып шығады. Нәрсенің тійіс жағы өзінде бар шын жағы; нәрсенің түйіс жағы өзінде жоқ, жабатын жала, қойатын кінә, таңатын өсек, тағатын таңба, жағатын опа сыйақты, адам апарып жапсыратын нәрсе.

Мақалдың мәні тек сөзге көрік болыуда болса, сақалдың мәні тек жүзге көрік болыуда болса, шындыққа ондай нәрселердің керегі жоқ. Жағатын опа сыйақты, тек көрік үшін ғана керек нәрсе, шындықтың жүзін күңгелейді, неғұрлым ашық, неғұрлым жалаңаш болса, шындық соғұрлым ашық, соғұрлым жарық болмақ. Шындықты көріктеу, шыныны әдемілеймін деп, бетін шыймайлап, жарығын күңгірттеу болады. Шындығымен ақылға қоныуын көздейтін сөздер сақал-мұрт сыйақты көрік болатын нәрселерден аман болады. Сондықтан ол жалаң сөз деп аталады. Келістігімен, әдемілігімен көңілге ұнауын көздейтін сөздер сақал, мақал сыйақты адамға келісті көрінетін нәрселермен көркем көрінеді. Сондықтан бұлар көркем йәкіі дарынды сөз деп аталады. Жалаң сөз нәрсені тійіс жағынан алып, пайым бойынша сөйлейтін шындық сөзі, шын әңгіме болады. Көркем сөз

нәрсені түйіс жағынан алып, қыйал бойынша, сөйлейтін шын емес, шығарғы әңгіме болады. Көркем сөз — көңіл тілі, жалаң сөз — зейін тілі. Жалаң сөз зейін байлығына қарайтын нәрсе, көркем сөз қыйал байлығына қарайтын нәрсе. Жалаң сөз дүниені тұрған қалпында алып айтады. Көркем сөз дүниені көңілдің түйген, қыйалдың меңзеген әлпіне түсіріп айтады. Көркем сөз айтқанын ақыл табыуынша дәлелдеп, мәністеп, қақыйқат түрінде айтады. Көркем сөз айтқанын қыйал меңзеуінше бейнелеп, әліптеп, көбінесе ұйғару түрінде айтады, жалаң сөз дүниеде шын болған, шын бар нәрселерді әңгіме қылады. Көркем сөз болуға ықтығымал деген нәрселерді де алып сөз қылады; қатта қыйсынын келтіріп, болмаған нәрсені болғанға, жоқ нәрсені барға ұйғарып сөз қылады. Қыйсынын келтіріп, қыйалдан тұуғызып әдемі әңгіме шығару ақындық дарыған адамның ғана қолынан келеді. Жалаң сөздің қара сөз делініп, көркем сөздің дарынды сөз деп аталуы мәнісі де осыдан. Сондықтан қара сөзде айтылған нәрсе дүниеде нақ болған, сол күйде және бар нәрсе деп біліу керек те, дарынды сөзде айтылған нәрсе, нақ сол күйде болып өтпегенмен йәкій бар болып тұрмағанмен, дүниеде болатын және боларлық нәрсе деп біліу керек. Қысқасынан айтқанда, қара сөз жаратынды тійіс ғалам тұурасындағы әңгіме де, дарынды сөз ұйғарынды түйіс ғалам тұурасындағы әңгіме.

Тійіс ғалам тұурасында сөйлегенде жай күйінде жабайы тілмен тійісін айтамыз. Түйіс ғалам тұурасында сөйлегенде, көңіл түйіуінше өң беріп, дем беріп, көрнекі тілмен айтамыз. Бірақ тійіс ғалам тұурасында сөйлегенде де айқындық үшін ажарлау керек болса, жалаң лебіз орнына көрнекі лебіз жұмсалады.

Қара сөз бен дарынды сөздің арасындағы парық жұмсалатын орнына, қызметіне қарай былайша айрылады: дарынды сөз адамның ойына өң береді, көңіліне күй түсіреді, қара сөзден адам тек ұғым алады.

Арабша қара сөзді шығарманы насыр деп, дарынды сөзді шығарманы назым деп атайды. Арабша айтқанда, біз де солай дейміз, қазақша айтқанда, қара сөз, дарынды сөз деп жүгінеміз.

II. ДАРЫНДЫ СӨЗ.

Дарынды сөз деп ақын тілді шығармаларды айтатынымыз алдыңғы баптарда айтылған сөздерден мәлім болғандықтан, мұнда қайта байандаудың қажеті жоқ.

Қара сөз көбінесе ғалымдардың, шешендердің сөзі болатындығы

қара сөз түрлерінен анық көрінді. Дарынды сөз олай емес, ақындардың, арқалылардың сөзі болады. Ақындар ғалымдар сыйақты болған уақығаны йәкйй нәрсені болған күйінде, тұрған қалпында бұлжытпастан айтып, дұрыс мағлұмат беріп, қақыйқаттауға тырыспайды, тұрған нәрсе тұрған күйінде, болған уақыға болған күйінде ақынға өте үйреншікті, жай қалыпты, жабайы көрінеді. Оның бәрін ақындар өз көңілінше түйіп, өз ойынша жорып, өз ұйғаруынша сүгіреттеп көрсетеді. Сол өзі ұйғарған түріндегі ғаламды сөзбен көрсетіуге бар өнерін, шеберлігін жұмсайды, сүйтіп шығарған сөзі көркем сөзді шығарма болады. Оны шығаруға жұмсайтын өнердің аты ақындық болады.

Ақындықтан шыққан сөзді йағный көркем лебізді шығармаларды үлгілі жұрттар айтылуына қарай үшке бөледі: 1) әуезеленіп айтылуына қарай, 2) толғанып айтылуына қарай, 3) ғамалдап айтылуына қарай. Бұлайша бөліу қазақтың жазба әдебиетінің түрлеріне келсе де, ауыз әдебиетінің түрлеріне келмейді. Сондықтан қазақ ауыз әдебиетінің шығармалары айтылу түріне қарай бөлінбей, тұтыныу орнына қарай бөлінеді. Осылай бөлінбесе, ауыз әдебиетінің сөздерінің көбі жоғарғы айтылған үш салаға үйлеспей, далада қалып қояды. Ауыз шығармаларды сөз қылғанда, көркем сөзді шығармаларды ғана сөз қыламыз. Қазақ ауыз әдебиетінде көсем сөзді шығармалар жоқ. Неге болмайтындығын азырақ айтып, түсіндіріп өтіу қажет болады.

Жазу-сызу жоқ жұртта көсем сөзді шығармалар болмайды, себебі жазу-сызу жоқ жұртта өнер-ғылым болмайды. Ғылым дегеніміз — дүниені йағный табығатты дұрыс таныу, ғылым жоқ болса, дүниені таныу дұрыс болмайды. Дүниені дұрыс танымаған соң, дүние тұурасындағы мағлұмат жыйысатын сана-саңылауы дұрыс болмаған соң, табығаттың күшін, ісін, қасийетін бұрынғылар теріс танып, теріс әуезе қылған. Сондықтан бұрынғылардың ертегі сыйақты, ертегі жырлар сыйақты шығарған сөздері біздерге шып-шылғый өтірік көрініп, біздің ақыл арнамызға жұуыспайды.

Қай халықтың да болса, жазу-сызу білмеген заманы болған, сондықтан ертегі сыйақты өтірік қай халықта да болса бар.

Әдебиет сөзін тәртіптеп, тапқа бөліу керек. Жұртынан шыққан олар ауыз сөзді де айтылу түріне қарай негіздік үш тапқа бөлген: 1) әуезе, 2) толғау, 3) айтыс. Не үшін олай бөлген мәнісі әр табы бас-басына байандалғаннан көрінбекші.

1. Әуезе.

Әуезелеуші айтатын сөзіне өзін қатыстырмай, өзінен тысқарғы ғаламда болған істі әңгіме қылады.

Е с к е р т у. Тысқарғы ғалам деудің мәнісі — адамда екі ғалам болады: ішкі ғалам, тысқы ғалам. Ақыл, көңіл, қыйал сыйақты адамның рұухына қараған жағы ішкі ғалам болады да, онан басқалары — басқа адамдар, мақұлықтар, нәрселер, бүтін дүниіе тысқы ғалам болады. Әуезе — тысқы ғалам тұурасындағы сөздер.

Ақын әуезе түрінде сөйлегенде, уақыйғаның ішінде өзі болып, басынан кешірген адамша сөйлемей, тек сыртта тұрып бақылап, уақыйғаға көз салған адамша, қатта біреуден естіген адамша айтады. Уақыйғаны бұлайша түрде айтып көрсетіу тысқарғы түрде айтыу болады, сондықтан әуезе көркем сөздің тысқарғы түрлісі болады. Бірақ әуезеге алынған уақыйға болғандықтан және де ол уақыйғаға айтыушы өзінше көрік беріп шығарғандағы сөзі әуезе болады.

2. Толғау.

Толғағанда айтатын нәрсесін толғаушы тысқарғы ғаламнан алмай, ішкергі ғаламнан алады. Толғаушы ақын әуелі көңілінің күйін, мұңын, мүддесін, зарын, күйінішін, сүйінішін айтып, шер тарқатыу үшін толғайды. Екінші, ішкергі ғаламында болған халдарды, нәрселерді тысқа шығарып, басқаларға білдіріп, басқаларды сол көңілінің күйіне түсіріп, халін түсіндіріу мақсатпен толғайды. Толғау қысқасынан айтқанда, іш қазандай қайнаған уақытта шығатын жүректің лебі, көңіл құсының сайрауы, жанның тартатын күйі. Ақындық жалғыз өз көңілінің күйін толғай біліуде емес, басқалардың да халін танып, күйіне салып толғай алыуда.

Әуезе — тысқарғы ғаламның жыры, толғау — ішкергі ғаламның күйі деп екі айырғанымызбен, екі ғаламның ісінің арасында зор іліктік бар. Нәрсені танығанда, сол таныуымыздың өзі екі жақты болатындығы жоғарыда «Қара сөз», «Дарынды сөз» деген бапта айтылды. Әр нәрсені саңылап санамызға алған уақытта, ол нәрселер тұурасындағы ұғымдарымызға көңіл кіріспей тұрмайды. Адам дүниіедегі көрген, білген нәрселерін тек байқап, тек пікірлеп, тек саңылаулап қана қоймайды, ол нәрселермен қатар адамның көңіліне күй де жасалады. Адам көрген-білген нәрсенің иә істің біріне күйінеді, біріне сүйінеді, бірінен сескенеде, бірінен шошынады. Сезіліп

тұрған тысқарғы ғалам мен сезіп тұрған ішкергі ғаламның екі арасы санаға келіп түйіскен жерде жыртылып айырылғысыз болып бірігеді. Тысқарғы ғаламнан санаға түскен саңылау мен сана жанында тұрған көңілдің күйін бір-біріне қатыстырмай, бөлектеп қойыуға мүмкін емес. Адамның санасы фотография (сүгірет машыйнасы) емес, нәрсенің тұрпатын ғана түсіріп қойатын. Нәрсенің саңылауы келіп адамның санасына түскенде, адамның ойын да, көңілін де бірдей оятады. Адамның көңілін ояатпаған нәрсе тіпті сезілмей, дерексіз өтеді, бірақ адамның ілтііпаты тысқарғы ғаламға, бірде ішкергі ғаламға көбірек ауатын орындары болады. Кейде тысқарғы нәрсе өте қорқытса йәкій өте қууантса, иә болмаса өте тамаша күйде болып таңдандырса, адамның есін алып, ілтііпатын өзіне аударып кетеді. Кейде қайта адам өз ойы, өз қыйалы, өз көңілінің күйімен болып, айналасындағы болып жатқан уақыйғаларды, істеліп жатқан істерді, тамашалы, тысқарғы ғаламды байқамай қалады. Бұл адамның ілтііпатын тысқарғы ғаламнан ішкергі ғалам аударып алып кеткен уақытта болады. Ондай адамдардың көбі ілтііпатын көбінесе ішкі ғалам жағына салатын адамдар болады. Кейде тысқарғы, ішкергі екі ғаламның да күші бірдей болып, ілтііпатымызды бірдей түсіреді. Мәселен, бір нәрсе йәкій іс қандай көркем, әдемі болса, сондай оған сүйінеміз. Қанша сүйкімсіз, жаман болса, сонша жек көреміз.

Сүйтіп, манағыдан бергі айтылған сөздің қорытыуы мынау болады: ертек — тысқарғы ғаламның жыры деп, толғау — ішкергі ғаламның күйі деп бөлгенімізде, тіпті сорпасы қосылмайтын бөлектік бар деп ұқпасқа керек.

3. Айтыс.

Айтысқанда, екі күрескен палыуандар сыйақты, бірін бірі аңдыйды, бірін бірі бағады. Күрескендегі бірін-бірі жығыу үшін істейтін әдіс-амалдарды, тәсілдерді мұнда да істейді. Айтысқанда, жай сөзбен айтыспай, өлеңмен айтысады, сондықтан өлеңмен ғана айтысыу айтыс деп аталады. Өлеңсіз айтыстың аты әзіл-ерегіс болады. Бәлкій, өлең айтыс та о басында әзілден, ерегістен шыққан болар, бірақ бұл күнде айтыс деп өлең түріндегісі ғана айтылады. Айтыс өлеңді сөз болған соң, оған ақындық керек. Ақындықтың үстіне әдіс керек. Күрескенде күшке әдіс серік болыу сыйақты, айтысқанда ақындыққа да әдіс серік болады. Әдісі жоқ әйдік ақынды әдісті анау-мынау ақын жеңіп кетіуі мүмкін.

Айтысқанда түрлі нәрселер жайынан сөйлеп, бірін бірі тосыуға тырысады. Көбінесе бірінің бірі басындағы, еліндегі, жұртындағы міндерін айтып,

тоспақшы болады. Айтысының бұл жағының әлеумет алдында пайдасы зор. Адамның, елдің, жұрттың басындағы келіссіз ғамалдарын, мінездерін айтып көрсетіу халықтың құлқын түзеуге зор пайдасы тийетін нәрсе. Мұнысын байқағаннан кейін, айтыс екінші түрге түсе бастаған. Айтыс бастапқы кезде шын екі ақынның айтысқаны болса да, соңғы кезде айтысты ақындар өз ойынан шығаратын болған. Йағный бір ақын екі ақынның айтысқаны қылып, екі жағының да сөзін өзі шығаратын болған. Сүйтіп, айтыс шын айтыс емес, тек шығарманың түрі болыуға айналған. Адамның, елдің йәкйй бүкйй жұрттың келіссіз істерін, мінездерін, пыйғылдарын айтқысы келсе, ақындар өз атынан айтпай, айтысқан ақындардың сөзі қылып шығаратын болған. Ондай айтыстырып шығарған сөздерді соңғы кездерде екі ақынның өзіне екі адам айтысқан сыйақты болып, бара-бара айтыс өлеңде айтылатын келіссіз істерді, мінездерді алаң ауданда істетіп көрсететіндер болды. Онан әрі бара-бара осы күнгі ойналатын түрлі алаң алданышы болып шығар еді. Алдыңдағы көрсетілетін істерге алаң алданышы деп ат қойыуда мәніс бар: ондағы көретіміз өмірдің өзі емес, тек түрі: сәулесі айнаға түскен сыйақты, алаңға өмірдің өзі түспей, сәулесі ғана түседі. Алаң айнасына түсіріп көрсететін көбінесе өмір жүзінде, адам арасында болатын ұрыс-керіс, талас-тартыс, алыс-жұлыс, құуаныш-қайғы сыйақты түрлі халдер болған себепті, сөз өнерінің бір түрі Европа тілінде тек «айтыс» мағынада емес, «айтыс-тартыс, арпалыс» мағынада ұғылады. Біздің қазақ Европа әдебйетінен үлгі алмай, әдебйетін өз бетімен жетілдіргенде, қазақтың айтыс өлеңдері алаңға түсе-түсе барып, алаң алданышына айналып, айтыс-тартыс түрге түсетіні даусыз еді. Үлгіні өзге жұрттан алғандықтан, алаң әдебйеті бізде төтеннен шығып қалды.

Әуезе, толғау, айтыс-тартыс үшеуінің кәрісі — әуезе, ортаншысы — толғау, кішісі — айтыс-тартыс. Айтыс қазақта ауыз әдебйет түрінде болғанмен, айтыс-тартыс түріндегі сөздер басқа жұрттарда жазу-сызу, өнер-ғылым шыққан уақытта пайда болған. Шын айтыстар емес, шығарма айтыстар қазақта да соңғы кезде шыққан. Асылында, айтыс-тартыс түрлі шығарма ауыз әдебйетінде жоқ.

СЫНДАР ДӘУІР.

Сындар дәуір деп қазақ әдебйетінің сынды болған йағный сын арқылы шығып, әдеміленген мағыналы сөз: бір мағынасы сыны бар деген сөз болады да, екінші мағынасы мінсіз, толғаулы, сыйпатты деген болады.

Бұл сөздің екі мағынасының екеуі де қазақ әдебиетінің соңғы кездегі жаңа дәуірін дұрыс сыйпаттайды. Сын тез құрылмай, әдебиет сөзі сындар болып (мінсіз болып) шыға алмайды. Қазақтың ауыз әдебиетін алсақ та, діндар дәуіріндегі әдебиетін алсақ та, қандай жақсы болғанмен, мінсіз сұлыу болмайды. Бір жерінде сұлыулығы қандай зор болса, екінші жерінде міні де сондай үлкен болады. Ақындығы қандай күшті болғанмен, айтылған екі дәуірдің ақындарының сөздерінде әдемілігінің жанында ат сүрінгендей міні тұрады. Олай болатынының түп себебі қазақтың ол кездегі ақындары асыл сөз немен асыл болатынын ақындық сезімімен сезсе де, анық біліп жетпеген.

Сондықтан сөзін мінсіз етіп шығара алмаған, тыңдаушысының да асыл сөз тұрасындағы білімі ақындардыкіндей болып, олар да ақын сөзін тексеріп, сынға сала алмаған. Асыл тас, асыл темір, асыл бұйым несімен асыл болатынын білмеген адам тастың, темірдің, бұйымның жақсысын тауып алыуды білмейді. Сындар дәуірге дейін қазақ ақындары да, ақын сөзін тыңдайтын әлеуметі де сөз несімен асыл болатынын білмегендіктен, сөз бағасын көтере алмай, нарқын кеміткен.

Адамға өз бойындағы үйреншікті міні мін болып көрінбей, өз үйіндегі кемшіліктер кемшілік болып көрінбейді. Жұртқа да солай: салтындағы, қалпындағы, ғұрыптағы жаман әдет жамандық болып көрінбейді. Бойдағы мін бойында міні жоқ, біреуді көргенде байқалады, үйдегі кемшілік кемшілігі жоқ үйді көргеннен кейін көзге түседі. Жұрттағы жаман әдет басқа жұрттың жақсы әдетін көргеннен кейін білінеді.

Сондай-ақ, қазақ ақындарының өздерінің де, сөздерінің де міндері, кемшіліктері, жаман әдеттері өнерпаз Европа жұртының сындар әдебиетін көргеннен кейін байқалып, көзге түскен. Сонан кейін ғана Европа әдебиетінен тұқым алып, қазақ әдебиетінің сүйегін асылдандырып, тұлғасын түзеушілер шыға бастаған. Қазақ әдебиетінің асылданыуына әсіресе әсері күшті болған Абай сөздері. Абаймен қатар басқалар да шыққанмен, олар асыл сөздің жаңа сыйпатын Абайдай айқын көзге түсерлік етіп көрсете алған жоқ. Сондықтан қазақ әдебиетінің сындар дәуірі Абай сөздерінен басталады.

Жоғарыда айтылған «сын арқылы шығып, әдеміленген» деген сөзді шығарған сөз біреудің сынына салынып, сонан кейін шыққан сөздер деп ұқпасқа керек. «Сын арқылы шығып» дегеніміз — шығарыушы өзі жазушы, өзі сыншы болған уақытта шыққан деген мағынадағы сөз. Европа әдебиетімен танысқаннан кейін қазақ ақындары сөздің асыл болатын сы-

рын біле бастайды. Сөздің ондай сырын біліу — сын біліу болады. Атсейіс аттың жүйрік болатын сырларын білгеннен кейін сындарын біліп сынайтын болады. Соңдай-ақ, сөздің асыл болатын сырын білген адам сөзді сынап біледі. Сынай білетін адам жаза да білетін ақын болса, оның ақындық жағынан шығатын сөзі сеністік (сыншылық) жағының сынына түсіп, сын арқылы шығып отырады.

Жүйрік аттың белгілі сыйпаттары сыйақты, асыл сөзде де белгілі сыйпаттар болады. Сөз сол сыйпаттарын дұрыс көрсетумен асыл болып шығады. Мұнан асыл сөзді білетін адамның бәрі де сөз шығаратын ақын болады деп ойламасқа керек.

Асыл сөздің сыйпаттарын біліумен адам ақын болмайды, бірақ ақын адам сөздің асыл болатын сыйпаттарын білсе, сөзін таза, мінсіз шығарады. Асыл сөздің сыйпаттарын біліу тыңдаушыға да қажет. Абайдан кейін сөзге талғау кіреді. Айтыушы да, тыңдаушы да сөзді талғайтын болды, олай болғаны — Абай асыл сөздің айқындап нұсқаларын көрсеткеннің үстіне, аз да болса асыл сөз сыйпаттарын айтып та жұртты хабардар қылды. Абайдың «Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы» деген өлеңінде жақсы өлеңнің сыйпаттары да, қазақ ақындары мен тыңдаушылардың жоғарыда айтылған асыл сөзді танымайтын надандықтары да айтылып, аз да болса мағлұмат берілген (Абайдың сол өлеңін оқыу), сүйтіп, асыл сөздің сыйпаттарын біліу жалғыз ақындарға емес, әр адамға керек. Жақсы сөздің сыйпаттарын білген адам сынап білмекші, сынап білуден сөз талғауы күшеймекші. Солай болған соң, асыл сөздің басты-басты сыйпаттарын біліу сөйлеу жүйесінің ең керек бөлімінің бірі болады.

Қазақтың жазу әдебиеті басқалардікі сыйақты айтылыуынша бөлінеді деген едік, бірақ ол салалардың қандай тарау, тармақ иә бұтақтарға бөлінетінін айтқанымыз жоқ еді.

Енді сол айтылған үш салаға қойатын тарау, тармақ, бұтақтар сыйақты, сөздердің түрлерін көрсетіп, әрқайсысын керек орнында белгілі сыйпаттарымен әліптеп өтейік.

Ескертіу: қазақтың сындар әдебиеті Европа үлгісімен келе жатыр және сол бетімен баратындығы да байқалады. Европа әдебиетіндегі сөз түрлері бізде әлі түгенделіп жеткен жоқ. Бірақ қазір болмағанмен, ілгеріде болуға ықтимал. Соңдықтан сындар дәуіріндегі сөз түрлерін жүйелеп тәртіптегенде, Европа әдебиетінің бізге келіп жетпеген түрлерін де өзіне тийісті орындарында атап өтеміз. Солай еткенде дарынды сөз табына жататын сөздің түрлері мынау болмақ.

I. Әуезе йәкій әңгіме түрлі сөздер:

1) Ертегі жыр, 2) тарыйхи жыр, 3) әуезе жыр, 4) ұлы әңгіме (роман), 5) ұзақ сөз, 6) аңыз өлең және әңгіме, 7) көңілді сөз, 8) мысал, 9) ұсақ әңгімелер.

II. Толғау табына қарайтын сөздер:

Толғау түрлері де толып жатыр, оның ішіндегі негізгі түрлері мыналар:

1) Сап толғау, 2) марқайыс, 3) налыс (мұңайыс), 4) намыстаныс, 5) сұқтаныс, 6) ойламалдау.

Ойламалдау түрі көп, ойламалдаудан бөлініп: 1) сөгіс толғауы йәкій даттау, 2) күліс толғауы йәкій күлкілеу, 3) масқаралау шығады.

Күлкілеудің өзі үш түрге бөлінеді: а) мазақ, ә) мысқыл, б) құулық.

Құулық та екі түрлі: бірі — сықақ, екіншісі — әзіл.

III. Айтыс-тартыс табына қарайтын сөздер:

Айтыс-тартыс табына кіретін сөздер түрі де толып жатыр. Оның ішінде негізгі басты түрлері мыналар:

1) Айтыс сөз, 2) тартыс сөз.

Тартыстың өзі басты-басты үш тарау болып бөлінеді: 1) мерт йәкій әлектекті тартыс (трагедия), 2) сергелдең йәкій азапты тартыс (драма), 3) арамтер йәкій әурешілік (комедия).

Тартыс күйге ән-күй қосылса, тартыс зауықты деп аталады. Тартыс сөз құу тілді болса, құулықты деп аталады; қыйсыны қызық болса, күлдіргі тартыс болады; сыйқыр мазмұнды тартыс сыйқырлы деп аталады.

Қазақ әдебиетінде бұл түрлердің кейі бар, кейі жоқ. Кейі жеттікпеген, шалалау, балалау түрде. Бар түрлері төменде қазақ әдебиетінің жаңа дәуірінен басталып, тийісті сыйпаттарымен көрсетілмекші.

ҚАЗАҚТЫҢ БАС АҚЫНЫ

Қазақтың бас ақыны Абай (шын аты Ибраһим) Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ. Ақмола, Семей облыстарында Абайды білмейтін адам жоқ. Ақмоламен сыбайлас Торғай облысында Абайды білетін адам кем, тіпті, жоқ деп айтса да боларлық. Олай болуы сөзі басылмағандықтан, Абайдың сөздері кітап болып басылып шыққанша Абайдың аты да, сөзі де Торғай облысында естілмеуші еді. Ақмола, Семей облыстарында Абайдың атын, сөзін естімедім дегенге едәуір таңырқап қалады. Мен ең әуелі Ақмола облысына барғанымда Абайды білмегеніме, сөзін естігенім жоқ дегеніме таңырқап қалушы еді.

Қай жерде ақындар жайынан я ақындардың сөздері жайынан әңгіме болса, Абайдың сөзін мақтамайтын адам болмады. Абайдың сөзін көрмей тұрғанда, мақтағандарына сенбей, қазақ үкілеген өз құнанын өзгелердің тұлпарынан артық көретін мінезі болушы еді, мақтап отырған Абайы біздің Әбубәкір, Сейдахмет, Ақмолдаларымыз сықылды біреу ғой деп жүрдім.

1903-ші жылы қолыма Абай сөздері жазылған дәптер түсті. Оқып қарасам, басқа ақындардың сөзіндей емес. Олардың сөзінен басқалығы сонша, әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін тосаңсып отырарсың. Сөзі аз, мағынасы көп, терең. Бұрын естімеген адамға шапшаң оқып шықсаң, азына түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қаларсың. Кей сөздерін ойланып дағдыланған адамдар болмаса, мың қайтара оқыса да түсіне алмайды. Не мағынада айтылғанын біреу байандап ұқтырғанда ғана біледі.

Сондықтан Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр екені рас. Бірақ ол ауырлық Абайдың айта алмағанынан болған кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік. Олай болғанда, айып жазушыда емес, оқушыда. Не нәрсе жайынан жазса да Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады. Нәрсенің сырын, қасиетін біліп жазған соң, сөзінің бәрі халыққа тіреліп, оқушылардың біліміне сын болып, емтихан болып табылады. Оқушы сөзді сынаса, сөз оқушыларды да сынады. Абай сөзі заманындағы ақындардың сөзінен оқшау, олардың сөзінен үздік, артық. Ол оқшаулық, артықтық басқа ақындардан Абайдың жалғыз сөзінде ғана емес, өзінде де болған. Абайдың қандай болғанын көзбен көрмесек те, көргендердің айтуынан білеміз. Сөзінің қандай екендігін сөйлеген соң, өзінің де қандай екенін айтып, білдіріп өткеніміз теріс болмас.

Абай Семей облысының қазағы, руы Тобықты. Ұлы атасы Ырғызбай

Торғай облысындағы Ырғыз деген өзен бойында туған екен. Ырғызбай халқының қолбасы, батыры һәм ел ағасы би екен. Тобықтының аймағы аз кезінде Түркістаннан елін ертіп ауып келіп, Шыңғыс тауы малға жайлы деп, қоныс еткен екен. Кіші атасы Өскенбай би халық арасында гаділ би атанған. Өз елі түгіл, басқа алыстағы елдер де араларындағы зор дауларын Өскенбай бидің алдына келіп бітіседі екен. Өз әкесі Құнанбай жұрт аузына қараған қазақтың бас адамдарының бірі болған. Қазақты төрелер билеп, сұлтандар төрелерден қойылып тұрған заманда, солармен таласып, қарадан сұлтан болған адам екен. Шешесі Ұлжан бәйбіше Қарқаралы уезіндегі Әбдірей, Мыржық деген жердегі Қаракесектің Бошан руынан, Бертіс бидің тұқымынан. Шеше тұқымы күлдіргі, қалжың, әзілге ұста Қантай, Тонтай деген күлкімен сөгіп, қалжыңмен жеңіп, аты шыққан адамдар нәсілінен. Тонтай малды адам болған екен. Ауырғанда өзгелерден гөрі қожа, молдалар көңілін жиірек сұрайтынын байқап жүреді екен. Өлер жылы қатты ауырып жатқанда молдалар көңілін сұрай келіп отырғанында айтқан: «Баяғыдан бері жазыла-жазыла қожа, молдалардан да ұят болды, енді өлмесем болмас», — деп.

Абай 1845-ші жылы туған. Жылы жылан екен. Ибраһим деген атын бұзып, «Абай» деп ат қойған шешесі екен. Шешесінің сүйіп қойған аты ел арасында шын атынан көбірек айтылады. Абай 10 жасынан 13 жасқа шейін қырда мұсылманша оқыған. Он үш жасқа шығарда Семейде Ахмед Ырзаның медресесінде оқыған. Медреседе оқып жүрген кезінде 3 айдай орысша да оқыған. 4 жыл мұсылманша оқып, 3 ай орысша оқып, сонымен оқуды қойған. Он бес жасында-ақ, балалық қылмай, үлкендердің қатарына кіре бастаған. Қазақты меңгеріп, халыққа араны жүріп тұрған төрелермен әкесі Құнанбай таласқанда, Абай әкесіне серіктікке жарай бастаған. 20 жасында ел ішіндегі белгілі бір шешені атана бастаған. Зеректікпен естігенін ұмытпаған. Ел ішіндегі сақталған қазақтың бұрынғы өткен билерінің билігі, шешендерінің сөйлеген сөзі, көсемдердің істеген ісі, үлгілі сөздер, ұнасымды әзілдер, мақалдар, мәтелдер сияқты нәрселерді Абай көп біледі екен.

Заман бұрынғыдай болса, Абай алаштың атақты билерінің бірі болуы шүбәсіз. Біліммен би болып, жұрт билейтін заман өтіп, тасың би болатын заманға қарсы туған. Білімі көптер жұрт билемей, малы көптер жұрт билейтін заманға қарсы туған. Абай жұрт алдына білімін салғанда, басқалар малын салған, жұрттың беті малға ауып, ел билігі Абай қолына еркін тиме-

ген. «Білімнен мал артық болушы ма еді», — деп, Абай жұрттың онысына көнбей, таласқан, сөйтіп, партия ылаңына кіріп кеткен. Өнер-білімін партия ісіне салған. Білімінің қызығын жалғыз ғана Тобықтылар көріп, басқаларға пайдасы тимей, болыстыққа құмар көп қазақтың бірі болып, бәлкі, сол күйімен өліп те кетуі ықтимал еді. Қазақтың бағына, ондай болудан Құдай сақтаған («Қазақ», 1913, №39).

1880-ші жылдарда жер аударылып барған Михаэлис деген бір білімді кісімен, қазақ гүрпындағы қағидаларды жиюға елге шыққан Гросс деген екеуімен Абай таныс болған. Бұлар Абайдікіне қонаққа келіп-кетіп жүрген. Абайдың тегін адам емес екенін байқап, олар болыстықтан гөрі жақсырақ нәрсе барлығын Абайға сездірген. Абайдай зерек адамға жөн сілтесе болғаны, онан арғысын өзі іздеп табады. Олар орыстың атақты ақындары Пушкин, Лермонтов, Некрасов барлығын, қара сөзді келістіріп жазғыш Толстой, Салтыков, Достоевский барлығын, сөз сыншысы Белинский, Добролюбов, Писарев барлығын Абайға білдірген, олардың кітаптарымен таныстырған. Өлең жазған Пушкин, Лермонтов, Некрасовтар қазақтың би- болыстарынан гөрі қадірлі екендігін Абайға түсіндірген. Ғылымды жұртта өлең жазу, сөз жазу нағыз қадірлі істің бірі екенін Абай енді ұққан. Ақындық, өлеңшілік ел көзіне қадірсіз көрінсе, ол кемшілік ақындық пен өлеңшілікте емес, ақындық пен өлеңшілікті орнына жұмсамағандықта екендігін, ақындық пен өлеңшілікті қазақ ақындары, өлеңшілері қайыршы- тіленшілік орынға жұмсағаннан өлеңнің қадірі кететінін Абай әбден білген соң, өлең жазуға түскен.

Абай жас күнінде күлкі үшін қалжың өлеңдер, қыздарға ғашық өлеңдер жазған, есейген соң арланып, тастаған екен. Михаэлис пен Гроссқа кез болмаса, сол күйімен, бәлкі кетер еді. Қандай үлгілі, қандай мағыналы, қандай асыл, қандай терең сөздер жерге көмілер еді?! Абай сөздері дүниеде қалғаны қазаққа зор бақ. Бетін түзеп, жөн сілтеген кісілерге де, сілтеген жолды ылақпай түп-тура тапқан адамға да қазақ балалары талай алғыс берер. Орыс ақындарымен танысып, өлең орны қайда екенін білгеннен кейін, Абай өлеңге басқа көзбен қарап, басқа құрмет-ықыласпен күтіп алып, төр түгіл, тақтан орын берген. Бірақ басқа сөзден өлеңнің таққа мінгендей артықшылығы қандай, оны да көрсетіп, айтып қойған. Айтушы мен тыңдаушының көбі надан болғандықтан, өлең болып айтылып, тыңдалып жүргендердің көбі өлең емес екендігі, өлең жазушылар болса да, келістіріп жазушылары ішінде бірен-сараң таңдама екендігі,

жұрт мағыналы, маңызды, терең сөзден гөрі мағына жоқ, маңыз жоқ, желдей гулеп, құлаққа дыбысы тиіп, өте шығатын жеңіл сөздерді тыңдауға құмар екендігі Абайдың өлең жайын жазған сөздерінде көрсетілген. Сол сөзінен Абайдың сыншылығы, өлең жақсы болуға не керектігін білетіні де көрініп тұр.

Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек. Ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылық керек. Мағыналы, маңызды болуына білім керек. Абайда осы үшеуі де болған. Бұлардың үстіне, Абай көсем, үлгі шығарып, өнеге жайғыш болған. Абайда өлең сөздің неше түрлі үлгісі, өрнегі табылады. Ол өрнектерді ойдан шығармай, орыстан алса да, орыс өлеңдерінің өрнектері қазақ тіліне жарайтындығын бастап көрсеткені де зор көсемдік. Абай өлең жақсы болуға керек шарттардың бәрін білген. Сондықтан өлеңі қай тарапынан да болса толық. Жалғыз-ақ міні бар. Ол мін — өлең бунақтары тексеріліп орнына қойылмағандық. Оның оқығанда я әнге салып айтқанда кемшілігі зор болады. Дауыстың ағынын бұзып, өлеңнің ажарын кетіреді, мысалы, төселіп, желіп келе жатып шоқытып кеткен сияқты, тайпалып жорғалап келе жатып текіректен кеткен сияқты. Бұл кемшілікті түзетуге болады. Өлеңнің үш буынды бунақтары мен төрт буынды бунақтары алмасып кеткен жерлерін алып, өз орындарына қойса, түзеледі. Мұнан басқа Абай өлеңдерінде мін бар деп өз басым айта алмаймын. Кейбіреулердің айтатын «ауырлығы бар» деген сөздер, ол өлеңнің қисынын келтіре алмағаннан емес, өрнегінің жаңалығынан, қазақ өлеңдерінің дағдылы түрінен басқарақ болған соң, оқушылар жаттыққанша жатырқайды. Сонан ғана ауыр сияқты көрінеді.

Абайдың өзі тексергіш болған соң, оның өлеңін тексеріп, қате шығарып ешкім жарыта алмайды. Абайдың қандай сыншы, сөз тексергіш екендігін төмендегі сөзінен байқауға болады:

Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс, жұмыр келсін айналасы.

Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,
Ол — ақынның білімсіз бишарасы.
Айтушы мен тыңдаушы көбі надан,
Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы.

Әуелі аят, хадис — сөздің басы,
Қосарлы бәйітсымал келді арасы.
Қисынымен қызықты болмаса сөз,
Неге айтсын Пайғамбар мен және Алласы.

Мешіттің құтпа оқыған ғұламасы,
Мінәжат ғалымдардың зар-наласы.
Бір сөзін бір сөзіне қиыстырар,
Әрбірі келгенінше өз шамасы.

Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,
Сонда да солардың бар таңдамасы.
Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын
Қазақтың келістірер қай баласы?

Бұрынғы ескі биді тұрсам барлап,
Мақалдап айтады екен сөз қосарлап.
Ақындары ақылсыз, надан келіп,
Көр-жерді өлең қыпты жоқтан қармап.

Қобыз бен домбыра алып топта сарнап,
Мақтау өлең айтыпты әркімге арнап.
Әр елден өлеңменен қайыр тілеп,
Кетірген сөз қадірін жұртты шарлап.

Мал үшін тілін безеп, жанын жалдап,
Мал сұрап біреуді алдап, біреуді арбап,
Жат елде қайыршылық қылып жүріп,
Өз елін бай деп мақтар, Құдай қарғап.

Қайда бай, мақтаншаққа барған таңдап,
Жиса да бай болмапты қанша малды ап.
Қазаққа өлең деген бір қадірсіз,
Былжырақ көрінеді соларды аңдап.

Ескі бише отырман бос мақалдап,
Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап.

Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел!
Сендерге де келейін енді аяңдап.

Батырды айтсам ел шауып алған талап,
Қызды айтсам, қызықты айтсам қыздырмалап,
Әншейін күн өткізбек әңгімеге
Тыңдар едің әр сөзін мыңға балап.

Абайдың асылын танып, дұрыс баға берген нәрсесі жалғыз өлең емес, көп нәрсені Абай сөз қылған, сол сөздерінің бәрінде де Абайдың әр нәрсенің асылын танығаны, білгені көрінеді. Абайдың өлеңдері қазақтың басқа ақындарының өлеңінен үздік артықтығы әр нәрсенің бергі жағын алмай, арғы асылынан қарап сөйлегендіктен. Басқа ақындардың сөзге шеберлігі, шешендігі Абайдан кем болмаса да, білімі кем болғандығы даусыз. Абай сөзінен Әбубәкірдің «шайды, кебісті әркім тұтынып кеткені асылды қорлау болды» деп қайғырған сөздері табылмайды. Басқа ақындар аз білімін сөздің ажарымен толтыруға тырысқан. Абай сөздің ажарына қарамай, сыпайшылығына қарамай, әр нәрсенің бар қалыбын сол қалыбынша дұрыс айтуды сүйген. Мысалы, «Аттың сыны» деген өлеңінде сыпайшылық жүзінен құлаққа жағымсыз тиетін сөздер бар, бірақ аттың сынына керек мүшелері болған соң, оларын айтпаса, аттың сыны толық болып шықпас еді. Абайдың «Аттың сыны» деген өлеңін оқығаныңда, көз алдыңда сол жақсы аттың өзі тұрғандай, пішіні келіп елестейтіні жақсы атқа бітетін мүшелердің бірін қалдырмай жазғандықтан. Абай көп нәрсені білген, білген нәрселерін жазғанда, «мынау халыққа түсінуге ауыр болар, мынаның сыпайшылыққа кемшілігі болар» деп, тайсақтап тартынбаған. Хақиқатты хақиқат қалыбында, тереңді терең қалыбында жазған. Хақиқатты тануға, тереңнен сөйлеуге, бойына біткен зеректіктің үстіне, Абай әртүрлі Европа білім иелерінің кітаптарын оқыған. Тәржіма халін, жазушы Әлихан Бөкейхановтың айтуына қарағанда, Абай Спенсер, Льюс, Дрепер деген Европаның терең пікірлі адамдарының кітаптарын оқыған. Өлең жазушылардан орыстың Лермонтов деген терең пікірлі ақынының өлеңдерін сүйіп оқыған, сондықтан Абайдың терең пікірлі сөздерін қарапайым жұрттың көбі ұға алмай, ауырсынады. Абайдың өлеңдерін мың қайтара оқып, жаттап алып жүрген адамдардың да Абайдың кейбір өлеңдерінің мағынасын түсініп жетпей жүргендерін байқағаным бар. Сол өлеңді алып қарасақ, айтылған пікірде, ол пікірді сөзбен келістіріп айтуында еш кемшілік жоқ. Түсіне алмаса, ол кемшілік оқушыда. Сондай түсінуге қиын көретін сөздерінің бірі мынау:

Көк тұман алдыңдағы келер заман,
Үмітті сәуле етіп көз көп қадалған.
Көп жылдар көп күнді айдап келе жатыр,
Сипат та, сурет те жоқ, көзім талған.

Ол күндер өткен күнмен бәрі бір бәс,
Келер, кетер, артына із қалдырмас.
Соның бірі — арнаулы таусыншық күн,
Арғысын бір-ақ Алла біледі рас.

Ақыл мен жан — мен өзім, тән — менікі,
«Мені» мен «менікінің» мағынасы* — екі.
«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,
«Менікі» өлсе, өлсін, оған бекі!

Шырақтар, ынталарың «менікінде»,
Тән құмарын іздейсің күні-түнде.
Ғәділеттік, арлылық, махаббат пен
Үй жолдасың қабірден әрі өткенде.

Адам ғапыл дүниені дер «менікі»,
«Менікі» деп жүргеннің бәрі оныкі.
Тән қалып, мал да қалып, жан кеткенде,
Сонда, ойлашы, болады не сенікі?

Мазлұмға⁷⁶ жаның ашып, ішің күйсін,
Харекет қыл, пайдасы көпке тисін.
Көптің қамын әуелден Тәңірі ойлаған,
Мен сүйгенді сүйді деп Иең сүйсін.

Көптің бәрін көп деме, көп те бөлек,
Көп ит жеңіп, көк итті күнде жемек.
Ғәділет пен мархамат — көп азығы,
Қайда көрсең, болып бақ соған көмек.

Әркімнің мақсаты өз керегінде,

⁷⁶ Мазлұм — аулымдыққа ұшыраған адам.

Біле алмадым пысығын, зерегін де.
Саяз жүзер сайқалдар гапыл қалар,
Хақиқат та, дін-дағы тереңінде.

Абайдың осы сөзінің дұрыс емес, қате айтылған, теріс айтылған, жұмбақ қылып, ашпай айтылған еш нәрсесі жоқ. Бәрі де дұрыс, түзу, тиісті орнында айтылған сөздер. Оған оқушылар түсінбесе, ол Абайдың үздік, ілгері кетіп, оқушылары шаңына ере алмағанын көрсетеді.

Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білу керек. Абайдың сөздері 1909-шы жылы кітап болып басылып шықты, бірақ жұртқа таралмай жатыр.

Басылған кітап Ақмола, Семей болысынан басқа болыстарға таралмай жатқаны кісі таңқаларлық іс. Абайдың сөзін Семей ләпкесіне қамап, жасырып қоймай, күллі қазақ баласы бар уалаяттардағы кітап сатушылардың бәрінің де магазиндерінде жүргізу керек еді. Абайды қолымыздан келген қадірлі жұртқа таныту үшін мұнан былай кейбір өнегелі, өрнекті сөздерін газетаға басып, көпке көрсетпекшіміз.

The background of the image is a soft-focus photograph of a desk. On the right side, there is a dark-colored pen with a silver clip, a pair of round-rimmed glasses, and a dark ink bottle. The desk is covered with several sheets of paper. One sheet in the foreground has some handwritten text in a cursive script, which is partially obscured by the central text. Another sheet in the background shows some printed text, including the word 'SEARCH' and some numbers. The overall lighting is bright and even, creating a clean and professional aesthetic.

ӘДІСТЕМЕ

АНА ТІЛІНІҢ ӘДІСІ.

Ана тілінің үйретуі әліб-бйіден басталады. Соңдықтан ана тілін үйрету әдісі туурасындағы әңгімені де әліб-бйй үйретуден бастаймыз.

Жаңа әліб-бйй шыққалы екі жылдай болды. Оны шығарғанда екі түрлі әдіспен оқытуға да болатын етіп шығарған едік.

Ол екі әдістің бірі бұрынғы дыбыс әдісі еді де, бірі Әміркән (тұтас сөз) әдісі еді. Дыбыс әдісімен оқытуға боларлық еткендегі ой бұл әдіс оқытушыларға таныс болған соң, мұнымен оқыту бәрінің де қолынан келер дегендік еді. Әміркән әдісімен оқытуға да боларлық еткендегі ой-мұғалымдар онымен таныс дегендік емес еді. Тек әміркән әдісін білетіндер оқытар, деген ой еді.

Әліб-бйй үйрету әдісі әр тілдің өзіндік қасиетіне, түзелген емлесінің жүйесіне қарай қолайлы, қолайсыз болатыны — үйрету әдісімен таныс адамдарға мәлім нәрсе.

Жаңа әліб-бййді мұғалымдар қай әдіспен жүргізіп жатқанынан қабар жоқ, жана да бұл әліб-бйймен үйрету бұрынғы «Оқыу құралы» деген әліб-бйймен үйретуден қанша ауыр, жеңіл болды. Онан да қабар жоқ. Солай болған соң, ана тілінің әдісін әліб-бйймен таныстырудан бастамай болмайды.

Әуелі, қалай үйрету әдісін айтыудан бұрын, үйрету асылында қандай іс, оның ішінде әліб-бйй үйрету қандай іс, ол іс жүзінде қандай тәсілдер, әдістер жұмсалған, сол жағының тарихынан тамтымдап аз-аздан қабар беріп өту қажет деймін. Олай дейтінім «балмен де болма, балсыз да болма» деген сыйақты тариқпен де болу, тариқсыз да болу жарамайды: тариқпен танысып, тариқ сабағының тәжірйбесін көріп, іс жүзінде пайдалану адам әдісінің негізі болады.

Үйрету деген өнер. Өнердің шені-шетіне ешкім жете алмайды: Өнер артыла береді, жетіле береді. Оны осы күнгі Өнерлі жұрттардың істері көрсетіп отыр.

Үйрету өнер болған соң, ана тілін үйрету бұ да өнер. Олай болса, басқа өнерлерде болған сындар мұнда да болмақ.

Тіл үйрету дегенге оқыу үйретуі, жазыу үйретуі, сөйлеу үйретуі кіреді. Сөйлеуді айрықша үйретпей-ақ, әуелі, ата-анасынан, онан кейін айнала-сынан үйреніп біліп кетеді. Оқыу мен жазыу ондай емес, бұлар айрықша үйретуді керек қылады.

Бұрынғы заманда оқыусыз, жазыусыз күнелтіуге болған. Үйткені

оны керек қылыушы аз болған. Керек болмаған соң, оқыусыз, жазыусыз күнелтіу қыйын болмаған. Бұ заманда оқыу жазыу білетін сауатты адамдар көбейген. Сауатты көбтің ішінде сауатсыздың күнелтіуі қыйын; себебі сауатты көбтің ішіндегі сауатсыз адам құлағы жоқ, тілі жоқ керең-мылқау күйінде болмақ.

Сөйлеп жатқан көптің ішінде керең-мылқау болса, өзгелердің айтып жатқан ойын тыңдарлық құлақ жоқ болса, өз ойын айтарлық тіл тағы жоқ болса, оның күйі жеңіл күй бола ма?

Бұ заманда сауаттаныу кәдірі қанша екенін осынан шамалдауға болады. Сауаттаныу — мылқауға тіл, саңырауға құлақ, соқырға көз бітіргенмен бірдей нәрсе. Байағыдан бері адам баласы жыйған білім қазынасының есігі оқыу арқылы, сауаттаныу арқылы ашылады.

Сондықтан көптен-ақ қалай еткенде оқыу мен жазыуды оңай үйретіу болар екен, кәйткенде білім қазынасының есігін тілегенге тезірек ашып беріуге болар екен деп, шарасын іздеушілер болған. Түрлі тәсілдерді істеген, түрлі әдістерді қолданған.

Біздің заманымызға дейін неше түрлі әдістерді тұтынып көрген. Осы күнгі жаңа әдіс дегендердің бәрі де бұрынғы әдістердің жаңа түрі. Үйлестіріп жаңа түрде құрастырғаны ғана болады.

Тіл — тіршілік құралы. Тіл үйретіу (оқыу, жазыу, сөйлеу үйретіу мағанада) сол тіршілік құралын жұмсауды үйретіу. Олай болса, тіл үйретіу өнері тұрмыс өнері болмақ. Тұрмыс өнері өзінің тұрмыстағы байласқан нәрсесінің түріне қарай тұрмыспен бірге өзгермек.

Тұрмыс өзгеріуі дегеніміз — тұрмыс өнерінің тәсілі өзгеріуі болады. Оның мыйсалы машыйнаның тетігі. Жаңадан табылатын машыйна тетігі аз болады. Жаңа машыйна дегенде оның тетігінің көбі-ақ бұрынғы тетіктерді жаңа түрде жанастырып, жаңа түрде үйлестіріп, құрастырыу болады.

Тіл үйретіу тұрмыс өнері болған соң мұның да тәсілдері машыйна тетіктері сыйақты тұрмыс керек қылыуынша өзгеріп тұрады. Бірақ өзгергенде бүтіндей тәсілдерінің бәрі жаңаланбайды. Жаңасы аз болып, көбі бұрынғы тәсілдердің жаңадан жанастырып, үйлестіріуі болады.

Машыйнаның тетігін де, басқа өнердің тәсілін де керектік тұуғызады. Керектік іс істетеді. Іс тәсіл іздетеді. Тіршілік керек қылмаған жерде, тек қыйалмен табылған тұрмыс тәсілі жоқ.

Істі тұрмыс жүзіндегі керектік табады, тәсілді іс жүзіндегі жұмыс табады.

Оқыуды тұрмыс керектігі тапқан. Оқытыу әдісін оқытыу жұмысы

тапқан. Адам баласы оқуды керек қылғаннан бері, оны үйрететін адамдар шыққаннан бері толып жатқан тәсілдер табылған болар, толып жатқан әдістер жұмсалған болар. Олардың бәрімен таныстырудың қажеті де жоқ, олардың көбінің тариқ жүзінде табы да қалған жоқ. Біздің анық білетініміз — бергі замандарда болған, тариқы мәлім, қатта шет жағасын өзіміз көрген әдістер. Солардың бәрі болмағанмен, басты-бастыларымен мұғалымдарды таныстырып өтуді керек деп білемін. «Алдын дарыйа, артын жар» қылып қамаған сыйақты бір ғана әдіспен таныстырып қоймай, керек орында түрлі жолмен өрлеп шығарлық еткен сыйақты, әдіс жолының талай тарауларымен таныстырып өту керексіз нәрсе болмас деймін.

Сондықтан келесі әңгімеміз, әуелі, әліб-бій үйретіу әдісінің жалпы түрлері тақырыпты, онан кейін жалқы түрлері тақырыпты. Солардан соң барып, қазақ әліб-бійін қалай үйретіу тақырыпты болмақ.

Байағыдан бері адам баласының тұтынған үйретіу әдістері толып жатыр. Солардың әншейін түрі қаншама көп болғанмен, негіз түрі көп болмайды. Негіз түрінің басқалығына қарай үйретіу әдістері былай бөлінеді:

1) кей әдістердің негізі қосыу, жыйнау болады. Барша ол негізді әдістер жалпылау (синтез) немесе жыйылыңқы әдіс деп аталады;

2) кей әдістердің негізі талдау, айырыу болады. Ол негізді әдістердің бәрі жалқылау, (анализ) немесе айырыңқы әдіс деп аталады;

3) кей әдістердің негізінде қосыу да, талдау да болады. Ондай әдістер жалқылаулы-жалпылау немесе айырыңқы-жыйылыңқы деп аталады.

Енді осы әдістердің әрқайсысының негізімен де, әр қайсысында болған тәсілдер түрлерімен де жақынырақ таныстырып өтейік.

Жалпылау әдісі.

Бұл әдістің басқалардан айырылатын негізгі жасы — ұсақтан ірілетіу. Ана тілін алсақ, үйретіу әріптен не дыбыстан басталады, онан әрман бұуын жасалады, онан әрі бұуындарды қосып, сөз қылып шығарады. Немесе бірден-ақ бұуыннан бастайды, сонан соң бұуындарды құрап сөз қылады.

Жалпылау әдісі — үйретіу әдісінің ең ескі түрі. Бұл әдіспен бұрынғы гректер, үрімдіктер үйреткен. Арабтың да үйретіу әдісі осы болған.

Бұл әдіспен үйреткенде, әуелі, әріптердің атын жаттатып, түрін танытып алады. Мәселен, (әліб), (бій), (ти)... арабша а (аз), б (буки), в (веди)... орысша. Сонан соң арабтар аст, үст үтір қойып, бұуын жасайды, орыстар дауысты дыбыстардың әріптерін қосып, бұуын жасайды. Сөйтіп, әріп біткеннің бәрінен бұуын жасап үйреткеннен кейін бұуындарды құрап сөз

қылып оқыуға түсіреді. Бұл әдісше үйреткенде сауаттаудың 3 дәуірі болған: әліб-бій, ежік, сүре.

Бұлайша оқыу өте қыйын болған. Ежік оқыуы қандай қыйын болғанын бәріміз болмағанмен, көбіміз-ақ білеміз; үйткені сонымен оқыған адамдардың көбі әлі тірі. Жаурыша жұртыңда жалпылау әдісі 19-ғасырдың орта шамасында жоғалса да, біздерде ежік оқыу жоғалмастан 20-ғасырға дейін келген.

Ежік оқыу бізде ғана қыйын болып, басқаларда оңай болды деп айта алмаймыз. Орыста, мәселен, біздің ежігімізден де қыйын болған. Басқа жаурыпалықтарда да орыстікінен оңай болып жарымаған.

Сондықтан бергі замандарда ежік оқыуын жеңілдетіу үшін түрлі тәсілдер істелген. Арғы заманда да, мәселен, үрім жұрты сыйақты өнері жетілген жұрттар әліб-бій жаттатыу ісін жеңілтіу үшін балалар асық орнына ойнайтын сүйек әріптер қолданған. Ағашқа қыйып орнатқан сондай сүйек әріптердің үстінен балалар шыбық жүргізетін болған. Ойнап жүріп әріптердің түрін танып, атын жатқа біліп алыу әншейін әліб-бій әріптерін жаттаудай балалардың ішін пыстырмаған, мыйын ашытпаған. Әріп үстінен шыбықпен жүргізгеннен көз түйімі мен құлақ түйіміне тән түйімі мен қыймыл түйімі қосылып, әріптердің сүгіреті балалардың жәдіне тез бекіуге көп көмек болған.

Бергі замандарда сүгірет басыу тәсілі табылғаннан кейін, әліб-бій үйретіуді сүгіретпен жеңілдеткен. Аты әліб-бій әрпінен басталатын нәрселер алынған. Кітапқа сол нәрселердің сүгіреті салынған. Мәселен, «әліб» үшін арбаның, айнаның, араның сүгіреттері, «бій» үшін балтаның, балғаның, ботаның сүгіреттері салынған. Немесе дыбыстары әріп дыбысына ұқсас нәрселердің сүгіреті салынған. Мәселен, дыбысы «с» дыбысына ұқсас болғандықтан, жылан сүгіреті, дыбысы «р» дыбысына ұқсас ит сүгіреті, дыбысы «м» дыбысына ұқсас болғандықтан сыйыр сүгіреті салынған. Не болмаса, жаттайтын әріптер басына келетін сөздерден құрастырып өлең шығарып, соларды әліп кітаптарының айағына тіркеп қойған. Әріпке ұқсас нәрсенің сүгіретін салып та жеңілдетіушілер болған. Әріп дыбысы жәдінде сақталыу үшін кейбіреулер әріпті әңгіме арқылы үйреткен. Мәселен, біздің бұрынғы үстінде мәті бар әліп әрпімізге әңгіме әдісін істесек, балаларға былайша үйретер едік. Мектепке келе жатып, бағанға көзім түсті деп баған сүгіретінің орнына бір тартып, тайақша жазады. Бағанға қарай құс ұшып келе жатыр екен. Құс бағанға қонбастан айналақтап ұшты да жүрді деп, әліп үстіне мәтін қояды. Кәйтер екен



деп қарап тұрып едім, айналып жүріп «а» деді де, кетіп қалды. Сендер де кітапта осы бағанға ұқсас әріп көрсендер, құстың даусын естеріңе түсіріп, «а» (1) деңдер.

Бұл тәсілдердің бәрі де оқыу үйрету жұмысын жеңілдетуге себеп болған. Бірақ шыбық соқпай үйретерлік етіп жеңілтеген. «Кәріге тайақ жүріуге қандай керек болса, балаға тайақ үйреніуге сондай керек» деген пікірді тастата алмаған.

17-інші ғасырда ағылшын данасы Лоқ⁷⁷ деген адам қамшы мен шыбық үйрету үшін жұмсалмау керек, олай болыу үшін оқыуға үйрену жұмыс түрінде болмай, ойын түрінде болыуға керек деген пікір таратады.

Ойыншықтар текшешік түрінде болсын. Оның алты жанарына алты әріп жапсырылсын. Текшешіктермен ойнап жүріп, үстіндегі әріптерді көре-көре көздері қанып, айрықша жаттаусыз, айрықша ежіксіз балалар әріптерді танып, оларды қосып сөз қылып оқыйтын болады деген.

Лоқтың пікірі дұрыс болып шыққан. Текшешіктермен ойнап жүріп балалар әріптерді де, әріптерді қосып бұуын етуді де, бұуынды қосып, сөз қылып оқыуды да оңай үйренетін болған.

Лоқ текшешіктері ойыншық орнында мектептерде қолданбағанмен, ошақ басы үй ішінде осы күнге дейін жас балаларға оқыу үйретуге жұмсалады.

Лоқтың жолын қууаттаушылар оқыудың ойын жағын да күшейткен. Ойнайтын нәрселерін де түрленткен. Мәселен, балалар жейтін тәтті нандардың түрлерін әріп түріне салып пісіртіп, балаларды сондай нанмен ойнатып, әрпін танып болғаннан кейін немесе әріптерді қосып бұуын не сөз жасайтын болғаннан кейін нан-әріпті жеуге ұрықсат еткен. Бұл пікірдің иесі- Базедіп⁷⁸ деген әр мектептің жанында сондай нан-әріп пісіретін дүкен боларға керек деген ойға де келген.

Әріине, бұл нан-әріптер ойын оқыудың «сақалын бойау» мысалды түрге айналғандағысы болады. Ал, жоғарғы тәсілдердің қайсысын алсақ та, әліб үйрету жұмысына бәрі де жеңілдік келтірген.

Кей бала бапкерлер әріп атауын жеңілдетіп, әліб, бій, тій деп атаудың орнына а, бе, те... деп ататып үйрету керек деген. Бұ да әріптерді қосқызғанда бұрынғыдан гөрі жеңілдік келтірген.

Атақты¹⁷³ Песталотсый⁷⁹ әріптен бұрын оқыуды жатқа үйрету қолайлы деген. Әріп орнына әріптердің атауларын алып қосып, бұуын жасауды, сөз жасауды білгеннен кейін әріп көрсету керек деген. Солай еткенде бұуын

⁷⁷ Лоқ 1632-1704 жылдарда болған адам.

⁷⁸ Базедіп 1723-1790 жылдарда болған адам

⁷⁹ Песталотсый 1746-1827 жылдарда болған адам

жасау, сөз жасау балаларға таныс болып, тек әріп түрін таныу ғана жұмысы қалады деген.

Кей оқытушылар бұуын жаттатыу тәсілін қолайлы көрген. Әріп қосып ежікпен үйренген адам оқыуды шапшаң жүргізіп оқый алмаған. Сол кемшілікті жоғалту үшін әріпті қосып, бұуын жасатып үйретпей-ақ бірден бұуын жаттатыу қолайлы деушілер болған. Ол үшін дауысты дыбыстардың әрпін бір бөлек, дауыссыз дыбыстардың әрпін бір бөлек танытып алып, сонан кейін қосқызбастан дауыссыз дыбыс пен дауысты дыбысты қатар қойып, бұуын түрінде жаттатқан. Мәселен: *ба, та, па, жа...* дегізіп жаттатқан. Сонан соң сол бұуындардан сөз жасап, оқытқан. Мәселен, *бата, бапа, бажа...* деген сыйақты.

Бұл тәсіл шапшаң оқыуға сеп болған. Бірақ бұуындар не үшін олай айтылатынын білмей жаттау — мағынасыз жаттау болып, балаларды жалықтырыу жағынан қолайсыз болып шыққан.

Қалайда әріпшіл әдіс (әріпке әріп қосып оқыу) ақсаса да, қалмастан 19-ғасырдың ортасына дейін келеді. Дыбысшыл әдісті қолайлаушы пікір, оны қолдаушы адамдар ерте заманда-ақ шыққан. Бірақ әріпшіл әдіске үйреніп қалғандықтан, оған көпке дейін жол тіймеген.

Дыбысшыл әдіс тұралы сөз көтеріуші — неміс тіл құралын шығарған Йкелзамер деген адам. Йкелзамер 16 ғасырдың адамы. Оның дыбысшыл әдісті құуаттағанда айтатыны мынау: «Оқыу деген әріптерді атау. Мұны бірақ әріптерді *бе, те, се...* деп атаушылар түсінбейді, үйткені — олардың үйдеп атайтындары әріп емес, бұуын. Әріптерді олай бұуын түрінде атап оқыу үйреніу көп уақыт алады. Үйреткенде әріптің атымен үйретіу керек емес, сол әріптің дыбысының затымен үйретіу керек. Дыбыстың затын танытыу үшін қай дыбыс қалай шығатын жолын түсіндіріу керек. Мәселен «б»мен «п»-ны айтыу үшін ауызды жұмып, бірінде ерінді бір-біріне босырақ қосыу, бірінде қаттырақ қосыу. «Т» мен «д»-ны айтыу үшін тілді тістің етіне апарып қосыу, басқаларын да сол іреуішті түсіндіріу керек» дейді.

Йкелзамерше үйретіу сөздердің дыбыстарын айырыудан басталарға керек, сонан кейін әріптер сол дыбыстардың белгісі түрінде көрсетілерге керек.

Йкелзамер әдісі нағыз дыбысшыл әдіс болғандығы, онымен оқытыу ежіктетіп әріп қосқызып үйретіуден көп жеңіл болатындығы да көрініп тұр. Бірақ заманында әріпшіл әдіс дәуірлеп тұрғандықтан, жұртты ерте алмаған; сол күйінде қалып қойған. Онан кейін 300 жыл өткеннен соң барып, дыбысшыл әдісті балабапкерлер Йкелзамерсіз өз беттерінен тапқан.

18-асырдың айағынан бастап дыбысшыл әдіс жұртты өзіне қарата ба-

стайды. Әліпшіл әдісті сырып бірте-бірте істен шығара бастайды. Дыбысшыл әдістің қууаттанып, дәуірлеуіне заманында Германияде ашылған семенеріелерден шыққан жақсы әдіскерлер себеп болған. Семенеріелерде түрлі әдістер қаралып, іс жүзінде сыналып, тәжірибелер жасалған. Соңдықтан онан шыққандар жақсы әдіскер болып шығатын болған. Бір заманда үйретіу әдісінің үлгісін жұрт біткен Германияеден алатын болған.

Ең әуелі, дыбысшыл әдістің асылын анықтап, түсіндіріп, артықтығын көзге көрсетіуші Істепаны⁸⁰ деген кісі. Бұл бұрынғы әдістердің мінін айта келе қойатын бір кінәсы мынау:

Бұрынғы үйретіу әдістерінде дыбыс, әріп, әріп-аты айырылмаған. Мұның үшеуі өз алдына үш нәрсе деп танылмаған дейді де, әрқайсысын байандап түсіндіреді.

Оның түсіндіріуінше, дыбыс — дауыс түрлері. Әріптер — сол дауыс түрлеріне арналған белгілер. *Әліб, бій, тій...* — сол белгілердің аттары. Дыбысты айтыуға болады. Айтыуға болған соң естіуге де болады. Әріптерді айтыуға да, естіуге де болмайды, тек көріуге болады. Оқығанда әріптердің атын айтпаймыз, көрсетіп тұрған дыбысын айтамыз. Оқыу күй есебінде, ауыз домбыра есебінде, әріптер нота есебінде. Қай пернені басыу керектігін ғана көрсетеді дейді.

Істепанше оқыу үйретіу былай болыу керек. Мұғалым, әуелі, дауысты дыбыстардың әріптерін алып, әр қайсысын көрсетіп, қайсысы қалай айтылатынын білдіреді. Ол үшін әріпке сәйкес дыбысты өзі айтады. Айтқанын балаларға да айттырады. Дауысты дыбыстардан кейін дауыссыз дыбыстарды, айтыуға жеңіл-ауырына қарай топтап береді. Алдыңғы тобына шала дауыстылар кіреді, екінші тобына дауыссыз дыбыстар, үшінші тобына дауыссыз дыбыстардың жазыуға қыйындары кіреді.

Балалар бір табымен танысып болғаннан кейін оларды дауысты дыбыстардың әріптерімен таныстырып жатықтырады. Қосыуын мұғалім айтып бермеске керек. Балалардың өздері қосыу керек. Мәселен, екі әріпті қосып, бұуын жасау керек екен. Мұғалым соңғысын басып тұрып, алдыңғысын созып айтқызады. Созыуын соңғы әріпті ашқанша қоймайды. Созыудың өзі де бір ғана ірет емес, бірнеше ірет істелмек. Әуелгі іретте ұзақ, онан соң қысқарақ, онан кейін алдыңғыдан көрі қысқарақ, ақырында тіпті қысқа. Оны Істепаны сызықпен былайша көрсетеді:

М- - - а

М- - - а

⁸⁰ Степаны 1761-1850 жылдарда болған адам.

М- - а

М- а

Егерде әріп созыуға келмейтін дыбыстікі болса, мәселен *б, п, т...* сыйақты. Ондайдың дыбысын бала соңғы әріпті ашқанша қайта-қайта айта бермек.

Бұуынды оқый білгеннен кейін сөз оқыуына түспек. Осымен жалпылау әдістің тариқын тоқтата тұрып, келесі жолы басқа әдістердің тариқын сөйлеп өтпекпіз.

ЖАЛҚЫЛАУ (АЙЫРЫҢҚЫ) ӘДІС.

Жалқылау әдіс — жалпылау әдіске қарсы жөндегі әдіс. Жалпылаудың асылы ұсақтан ірілетіу болса, жалқылаудың асылы іріден ұсақтатыу.

Жалқылау әдістің жалпылау әдістен артықтығын қууаттайтын пікір XVIII ғасырдың айағында тұады. Бастап тұуған жері — Франция. Бастап қууаттаушылар бұл әдістің артықтығын былайша дәлелдеген: Бір нәрсемен баланы таныстырғанда, оның бөлімдерінен бастап таныстырмаймыз, тұтас тұрған тұлғасында таныстырамыз. Мәселен: Шапанмен таныстырғанда жеңінен, жағасынан, етегінен, өңірінен бастап таныстырмаймыз, шапанның өзін алып көрсетіп таныстырамыз. Оқыу үйреткенде де сөздің әріптен, бұуынынан бастамай, сөздің тұтас тұрған тұлғасынан бастап үйретіу керек дейді.

Бұларша оқыу үйретіу үшін әліп-бій кітабы болсын, басқа кітаптар болсын — бірі де керек емес. Түсінікті сөздерді алып, балаларға көрсетіумен балалар сөздерді танып, оқып кетеді. Мағынасыз әріптерді, ежіктерді жаттаудан мағыналы сөздерді жаттау балаларға жеңіл де болады, көңілді де болады дейді.

Францияда мұндай пікір тұуып тарай бастағанда, немістерде де осы пікірге келіушілер болды.

Неміс әлімі Гедике⁸¹ деген жалқылау әдісін қууаттаушының бірі болып пікір тартады. Ол қууаттағанда былай дәлелдейді: Дүние танып, білім біліуіміздің бәрі жалқылау әдіс жолымен болады. Дерексіз заттан деректі затты бұрын таниймыз, мүшелерінен тұтас тұлғасын бұрын таниймыз. Балаға оқыу үйретіуде сол жолмен болыу тийіс, оқыу үйретіу балаларға түсініксіз әріп сыйақты дерегі кем нәрседен басталмай, түсінікті тұтас сөзден басталыу керек дейді.

⁸¹ 1775-1803 ж. шамаларында болған адам.



1791 жылы Гедике тұтас сөзбен үйрететін әліп-бій кітабын шығарады. Бес жасар қызын сонымен үйретіп, үш айда сауатын ашып, кітап оқыйтын етеді. Үш айда сауат ашып, кез келген сөзді оқый білерлік етіу — о заманда болмайтын оқыйға.

Бір әріпті үйретіу үшін бір Гедике неше сөз алады.

Мәселен, «а»-ны үйретіу үшін бізше болғанда мынадай сөздерді алған: *Ар, азық, аргын, ас, ақыл.*

Кітаптың бірінші бетіндегі бірінші жолдағы сөздер осылар болмақ. Басқа жолдарындағы сөздер басқа болмақ, бірақ олардың ішіндегі «а» әрпі болмақ. Бұлардың «а»-сы басында келмейді, орәлімитасында, айағында келеді. Басында «а» келетін атау сөздер өз алдарына бір жол болып, екі-үш жолдан кейін қайта-қайта келіп отырады. Елеулі болыу үшін «а» әрпі бірде қызыл, бірде қара бойаумен басылған. Үйретіу тұтас сөзді оқюдан басталады. Мұғалім 1-ші жолдағы сөздерді бір-бірлеп көрсетеді, оқыйды; Балалар көрсеткеніне қарап мұғалім айтқанын олар да айтады, солай етіумен балалар әлгі алған бір жолдағы бес сөзді әбден танып көрсеткенде айтарлық, айтқанда көрсетерлік даражаға жеткенде, сөздің бұуынын айырыуға түседі. Онан әрі бұуынның әріптерін айырыуға түседі.

Оны былай істегені мұғалім бірінші сөзді алып, «а-р» деп екеуін қоспай, жіктерін ашып айтады да, неше бөлініп, айтылып тұр деп сұрайды, сонан соң әр бөлімін бөлек айтқызады. 2-інші, 3-інші, 4-інші, 5-інші сөздерді де солай етеді. Бәрінің де басындағы дыбысы бірдей болып, басқаларынікі ондай болмаған соң, «а» дыбысы айрықша болып шығады. Сонда бұл дыбыстың әрпі мынау деп, «а» әрпін көрсетеді. Басқа сөздерге де басқа әріптермен таныстырғанда істейтін тәсілі осылай болған. Балалар бір беттегі сөздерді танып, оқырлық даражаға жеткенде, 2-інші беттегі сөздерге түскен.

Мұның тәсілі жеке балаларды оқытыуға жараса да, мектепте көп баланы оқытыуға жарамсыз болып шыққан. Негізгі кемшілігі сөзді жаттатыу, сөз әріптен, бұуыннан мағыналы, балаларға түсінікті болғанмен, не үшін былай «ат» етіп сызған нәрсе ат болып оқылыуға тийістігі, онысы балаларға түсініксіз, сондықтан бұл әдіс те іске асып жарымайды, бірақ жалқылау әдіс пікірі өшпейді.

Жалпылау әдіске жан беріп, күшейткен атақты француз оқытыушысы Жакото⁸².

⁸² 1770-1840 жылдарда болған адам.

Жақото үйретіу — асылында үйреніуге дағдыландырыу дейді. Баланың үйреніу талабын қоздырса, білімнің бәрін басқаның көмегінсіз өзі-ақ алады. Балаға талаптылық тәрбиіе беріу үшін басынан табыйғат жолымен үйретіу керек. Табыйғат жаратқан нәрсесін тұтас түрінде жаратады. Табыйғат нәрсесін адам да әуелі тұтас түрінде түйеді. Бала оқытыушы осыны дәйім есінде сақтау керек. Балаға ән үйретпек болсақ, әуелі дауыстың түрін (нотасын), дауыстың даражасын (тонын), сонан соң барып әнді үйретер ме едік. Әуелі әннен бастап үйретер ме едік дейді. Баланы өсімдікпен таныстырсақ, гүлінен, жапырағынан бастап таныстырамыз ба? Айуанмен таныстырсақ, сүйегінен бастап таныстырамыз ба? Тұлға түрінде алып таныстырамыз ғой. Бала үйреткенде сол жолмен үйретіу керек. Нәрсенің бөлшегінен бастап үйретпей, тұтас тұлғасынан бастап үйретіу — дерексіз заттан бұрын деректі қатты алып таныстырыу дейді.

Мұның да дәлелі алдыңғылардікіндей, бұ да әліп-биі кітабы керек емес дейді. Бала үйретіуге айрықша кітаптың керегі жоқ, кез келген кітап жарайды. Кез келген кітаптың бір бетін алып, ішіндегі сөйлемдерді оқытып, оларды сөзге бөліп оқытып, сөздерді бұуынға бөліп оқытып, бұуындарды әріпке бөліп таныстырса, сонымен бала оқыуды үйреніп алады, үйткені әліп-биі әрпінің бәрі кітаптың бір бетінен табылады дейді.

Жақотоның әдісін өзгертіңкіреп осы күнде де қолданып отырғандар бар. Әмерійкан әдісі деп айтылып жүрген әдістің негізі Жақотонікі.

Жақотоша үйретіу реті былай болмақ:

Кітаптың алған бетіндегі әуелі келетін, мәселен, мынадай сөйлем екен — «Қалаға жақын жердің бәрі жыйын».

Осы сөйлемді мұғалім кеспе әріптен жасап, тақтай бетіне тізіп қойып, дауыстап әр сөзін қолымен көрсетіп оқыйды. Сонан соң оны балалар оқығанда,

бәрі дауыс қосып көптеп те, жеке де оқыйды жана да қалыпты ретпен оқымай, сөзді есе қосып былайша оқыйды:

Қалаға

Қалаға жақын

Қалаға жақын жердің

Қалаға жақын жердің бәрі

Қалаға жақын жердің бәрі жыйын.

Осылай оқыу балалар сөйлемнің ішіндегі кез келген сөзді танып айтатын болғанша істеледі.

Сонан кейін мұғалім басындағы сөзді алып, кеспе әріптен бұуынға бөлген түрде бөлек шығарып қояды да бұуын-бұуынына белгілеп оқыйды. Балаларға да солайша оқытып, сөз неше бөлініп айтылатынын айтады. Сөздің бәрін солай оқытып, солай айттырып болғаннан кейін, пәлен бұуынды, түген бұуынды көрсет дейді. Пәлен бұуын қай сөзде, түген бұуын қай сөзде деп сұрайды. Пәлен бұуыны бар, түген бұуыны бар сөзді көрсет дейді. Пәлен сөздің бас бұуыны, айақ бұуыны қайсы деген сыйақты сұраулар болады.

Сүйтіп, бір сөйлемнің өзінде балалар бұуынның бірнеше түрлерімен танысып қалады.

Әріппен таныстырыу үшін де істейтін тәсілі осы. Бір бұуынды алып, мәселен, «ла»-ны алып, екі арасын ашып қойып, арасын бөліп оқыйды, балаларға оқытады. Неше бөлініп айтылатынын сұрайды. Басындағы, айағындағы әріп әрқайсысы не деп аталатынын айтады, оқығанда қалай айтылатынын айтады. Сонан соң білген әріптерін басқа сөздерден тапқызады. Сонан әрпі екінші, үшінші, тағысын тағы бұуындарды алып, істейтін ісінің реті бәрі осылайша болады.

Бір сөйлемді солайша үйреніп болғаннан кейін басқаларын алып, бұлайша үйретеді. Жалғыз қойылатын шарт — 1) Балалар үйренген нәрсесін нық біліу, ол үшін оқыу сабағын дәйім басына бірінші сөйлемнен бастап отырыу. 2) Жаңа сөйлемді оқытуға алғанда ішінде келетін бұрынғы таныс бұуындармен таныс әріптерді балалардың өздері көрсетуі керек.

Сүйтіп, он шақты сөйлемді оқый білген кезде, балалар бір жағынан әріптерді, бір жағынан бұуын түрлерін танып алып, бір жағынан оқыуға жаттығып, әрмен қарай өз беттерінен оқыуға жараған.

Жакото оқытуға ұста, әдісінде шеберлік толық болғанмен, Гедикенің әдісіндегі кемшіліктен бұ да құтыла алмаған. Ол кемшілік — оқыған сөздерін балалар неге солай оқылатынын білместен жаттау. Ол кемшілігіне қарамай Жакотоның әдісі тәуір-ақ жайылған. Немістер Жакото әдісінің мәнісіне түсінгеннен кейін, Жакотоның әріпті әдісін дыбысты әдіске аудару шарасын қарастырады. Сүйтіп, бір заманда дыбысты жалқылау әдіспен дыбысты жалпылау әдіс — екеуі қатар өркендеп күшейген кезі болған. Онан әрі барып екеуі қосылып, бір әдіс түріне түскен, онысы — жалқылау-жалпылау әдіс. Ол келесі жолы сөз болмақ⁸³.

⁸³ Тұтас сөз — сөйлем әдісінің негізі осы мақалада айтылған болса бұл күнде басқаша ұсталатын кездері де бар. Ақаңның жалқылаулы-жалпылау әдісі дегені осы тұтас сөз сөйлем әдісі. Мұның бүге-шігесі келер санда басылады.

ЖАЛҚЫЛАУЛЫ-ЖАЛПЫЛАУ ӘДІС.

Бір жерде жалпылау, бір жерде жалқылау әдісі жүріп, ақырында екеуі жалқылаулы-жалпылау әдісі болып бірігеді.

Бұл әдістің өзі қолданыу жүзіндегі баспалдақтарына қарай бірнеше түрге бөлінеді.

I. «Шағын сөзді» деген түрі. Мұның асылы балаларға шағындап алған әр сөздің оқыуы мен жазуын білдіріу. Мұны әуелі қолданыушылар: Погел, Томас, Белме деген неміс оқытыушылары, сонан басқалар алып түрліше қолданады. Бірақ бәрінің негізі мынау болады:

Әліп-бій кітабы болмақ. Ол кітаптың ішінде: 1) Сүгіреттер болмақ. 2) Сүгіреттегі нәрселердің атын көрсететін баспа да, жазба да сөздер болмақ. 3) Сол сөздерге ұқсас басқа да сөздер болмақ. 4) Үйретілген әріптерден жасалған сөздер, сөздерден жасалған сөйлемдер, сөйлемдерден жасалған қысқа-қысқа әңгімелер болмақ. 5) Түгел күйінде әліп-бій ретімен жазылған әріптер болмақ. Бұл соңғысы үйретіу үшін емес, әріп біткеннің бәрі үйретіліп болғандығын көрсетіу үшін қойылады.

Осылайша шығарылған әліп-бій кітаптары бірінен-бірі негізгі жағынан емес: 1) Шағындап алған сөзінің сандары жағынан. 2) Сөздерінің түрлері жағынан. 3) Сөздерінің орналасыуы жағынан. 4) Оқыуға алынған әңгімелері жағынан алынады.

Үйретіу көшесі былай:

1. Әліп-бій кітабының 1-і бетінде тұрған сүгіретті оқытыушы тақтайға салады да, сол нәрсенің жайынан әңгіме қозғайды. Әңгіме балаларды қозғайды. Балалар мен оқытыушы әңгімелесе-әңгімелесе барып, сол нәрсе тұурасындағы жұмбақтар, өлеңдер сыйақты нәрселерді айтқызады немесе өзі айтады. Бұл әңгіменің пайдасы — алынған нәрсені балаларға анық танытып білім береді, сөйлесіуге бойын да, тілін де үйретенді.

2. Салынған сүгіретті балалар дәптерлеріне көшіреді. Бұл көшіріу балаларды сүгірет салыуға үйретіу емес, салғандары ұқсасын, ұқсамасын әркім әлінше салса болғаны. Мұның пайдасы — сүгірет салыуға балалар әуес болғандықтан, сүгірет салғандарына мәз болып өздері рақаттанады, қарындаш ұстауға қолдары үйренеді.

3. Сүгіреттегі нәрсенің атын көшіріу. Оқытыушы сөзді тұтас күйінде тақтайға жазады. Балалар дәптерлеріне көшіреді. Дәптерлеріне көшіріуден бұрын былай етіу керек дейді: Оқытыушы тақтайға жазып жатқанда, балалар қарап, бағып отырады. Жазып болған соң, балалар орнында отырып,

оқытылушының жазылуына еліктеп, жазған сыйақты болып, сұқ қолдарымен тақтай бетіндегі жазылу бойымен жүргізеді. Сонан соң барып қарындашпен дәптерлеріне жазады.

4. Сөздің дұрыстарын айырыу. Ол үшін оқытылушы тийісті сөзді алады да, дыбыстарын анық етіп ашық дауыспен айтады. Әсіресе, кезінде үйретуге керек болып тұрған дыбысты айқындата айтады.

5. Сөзді әріптен бұтарлау. Ол үшін оқытылушы әріп араларын ашығырақ жазады. Балалар соның ішінен үйретіп жүрген әріпті танып алып, бірнеше рет жазады. Солай бірнеше әріпті танығаннан кейін оқытылушы енді әр әріпті жеке күйінде алып тақтайға жазып, бұл қай сөзде, қандай орында тұр деп сұрайды. Балалар әліп кітабынан жазылған әріпті сөздің ішінен танып көрсетеді.

6. Әріптерден сөз жасау. Балалар 4-4 әріпті таныйтын болғаннан кейін солардан құрап, сөз жасайды.

7. Баспа таныу. Ол үшін жазба сөздің астына баспа сөз қойылып, екеуінің әрпі салыстырылады.

Шағын сөзді алдыңғы әдістерше не әріп жаттатып, не сөз жаттатып, балалардың басын қатырып жалықтырыу жоқ. Жұмыстың бір ұшы оқытылушыда, бір ұшы балаларда болып, бұлардың басы білім құйатын тек ыдыс есебінде болмай немесе бір жағы адамша, бір жағы машыйнаша істемек, екі жағы да зер салып істейтін болады.

Мұнысы алдыңғы әдістерден артық бір жері болмаса, екінші бір артық жері — аз сөзді оқып біліумен балалар көп сөзді оқып кетуге жарайды. Сондай артықтығы болғандықтан, бұл әдіс мәдениетті жұрттардың бәріне де жайылады. Жұрт өзінің тілінің, емлесінің жүйесіне қарай түрліше ыңғайлап қолданады. Сондықтан пәлен әдіс, түлен әдіс деп түрлі атпен аталады. Атына қарамай, затына түптеп қарағанда бәрінің негізі бір болып шығады. Орыстарда түрлі атпен аталған әліп-бій кітабы үйрететін әдістер, татарлардан, мәселен, түрлі атпен аталған әліп-бій кітабы үйрететін әдістер, біздің қазақта да әліп-бій кітабымен үйрететін, олардың бәрі де шағын сөз әдісінің негізінен құр емес.

II. «Жазылу-оқылу» деген түрі. Былай деп біреулер жазылу мен оқылу екеуін қабат үйретуді айтады, біреулер оқыуды жазылу арқылы үйретуді айтады. Әдістің затына соңғы мағынада айтыулары дұрыс келеді. Үйткені — бұл әдісті қолданылушылар оқылу үйретуді оқыудан бастау дұрыс емес, жазыудан бастау дұрыс дейді.

Мұны былай дәлелдейді: «Жазыу жоқ кезде оқыу жоқ. Оқыудан жазыу дүниеге бұрын келген. Оқыуды жазыу туудырған» дейді.

Оқыу білмейтін адамды үйреткенде, жазыу мен оқыудың пайда болған жолымен жүріу керек дейді.

Бұл әдістің өзі онша дүниеге көп жайылмағанымен, өзге жайылған әдістерді түзетіуге дақылы болды. Мұнан бұрын оқыу алда жүріп, жазыу сонда жүріуші еді. «Жазыу-оқыу» әдісі шыққаннан кейін оқыу мен жазыу екеуі қатар жүретін болды. Оқытыушылар үйретіуді оқыудан бастаса, әдістер оқытқанын жаздырып отыратын болды. Жазыудан бастаса жаздырғанын, не жазғанын оқытып отыратын болды.

Бұл «жазыу-оқыу» әдісін орыстар, орыстан үлгі алған Ресейдегі басқа жұрттар көп қолданады.

III. «Дыбысты әдіс». Дыбысты әдіспен үйреткендегі істелетін істің негізі бес түрлі:

1. Балалармен әңгімелесіу.
2. Оқыу үйретіуге де дайарлайтын жұмыстар.
3. Сөзден дыбыстарды айырып шығарыу.
4. Әріптермен таныстырыу.
5. Білген әріптерінен сөз құрау, соны оқыу.

Әңгімелесіу. Бұл балалардың бойын үйретіу үшін істеледі. Әңгімелескеннен кейін балалар оқытыушыға үйір болады, оқытыушы балалардың жайларын біледі. Әңгіме арқылы балалар мектептегі нәрселердің аттарымен, жүріу-тұрыу жүзіндегі тәртіптерімен танысады.

Оқыуға дайарлайтын істер. Бұл — әуелі, «сөз» деген ұғым мен «дыбыс» деген не нәрселер екенін білдіріу. Екінші, сөздің ішіндегі дыбыстарды айыртуу.

«Сөз» деген ұғымды танытыу үшін оқытыушы балаларға бір нәрсені атады. Оның атаған нәрсесі тұралы өзі бір нәрсе айтып, неше сөзбен айтылып тұрғанын сұрайды. Мәселен, балалар «тақтай» деген болса, оқытыушы «тақтай үлкен» дейді де, балалардан неше сөзбен айтылып тұр деп сұрайды. Сол жөнмен бірнеше рет сөздер, сөйлемдер алынып, сұралып өткеннен кейін «сөздің» немене екенін біліп кетеді.

«Дыбыс» ұғымын танытыу үшін істелетін тәсіл екі түрлі болады. Біреуі былай: Оқытыушы бір дыбысты айтады да, айтқаным не дыбыс деп сұрайды. Балалар естіген дыбысын айтады. Тағы бір дыбыс алып, тағы солай сұрайды, балалар сұрағанын айтып береді. Солай бірнеше рет істегеннен кейін балалар «дыбыс» деген нәрсенің не екенін ұғады. Екінші тәсіл бы-

лай істеледі: Балалардың көзін жұмғызып қойып, оқытушы бір нәрсені сылдырлатады немесе тықылдатады. Бірақ не істесе де балалардан «не естідіңдер?» деп сұрайды. Балалар естігенін айтады. Сонан оқытушы бір дыбысты айтады. Мұны да не естідіңдер деп сұрайды. Балалар естігенін айтады, солай бірнеше ірет істеп, бірнеше ірет сұрағаннан кейін «дыбыс» деген немене екенін балалар ұғады.

Дыбыс айырту үшін оқытушы өзі не балаларға бірдеме айтқызады. Сонан бір сөзді алады да, соны әуелі бұуындап, бөлектеп айтады. Бұуындап, бөлектеп айтқанда бұуын жіктері ашылып, әр бұуын бөлектеп естіледі. Солай бірнеше сөзді алып айтқаннан кейін балалардың құлағы сөз бұуынын айыратын болады.

Бұуынды айыра білгеннен кейін дыбыстарын айырыуға түседі. Ол айырыуға қолайлы бұуын табылатын сөздерді алып, әуелі бұуынға бөледі де сонан өзінің керек қылған бұуынын алып, дыбыстарын бөлектей айтады немесе әнге салған сыйақты созып айтады. Балалардың тез айырып үйренуіне соңғысы қолайлы. Бұуынды созып айтқанда, оның ішіндегісі нендей дыбыс екені біліне қалады. Мәселен, «ара» деген сөздің «ра» деген бұуынын алып, әр дыбыспен созып айтса, әуелі «р», сонан соң «а» естілетіндігін құлақ қазір айырады. Мұндағы бір керек нәрсе, ол — алғашқы кезде алған бұуындардың әріптері созылатын болуы тийіс: ол дыбыс айырыу жұмысын көп жеңілдетеді.

Дыбыстарды айыра білгеннен кейін оларды қоса біліуге кіріседі. Дыбыстарды қосып бұуын жасап, бұуыннан сөз жасау керек дейтіндер де бар, оның керегі жоқ дейтіндер де бар. Керек деушілердің пікірі де екі бөлінеді: Біреулері әріп көрсетіуден бұрын балалар сөзді дыбыстан құрап жасай біліу керек дейді, екіншілері — дыбыс құрастыру әріптермен таныстырып, соларды құрастырып, сөз қылып, қосар жерде істелуі керек дейді. Әуелі, бұл үш түрлі пікірдің дыбысын құрастыру керек емес дейтіндер дұрыс емес. Дыбысты әдіс болмаса керек десе, онда жөн, ал дыбысты әдіс болса, онда дыбыстарды қостыру болмаса, ол шала болмақ. Екінші, әріптерді құрастырып оқыр кезде істелуі керек деген пікір де дұрыс емес. Онда кеш болады, ол жерде еш пайдасы тіймейді. Олай болғанда сөздің дыбыстарын айыртып үйретудің де қажеті жоқ, оны жазу кезінде істетіуге болады.

Сөздің дыбыстарын айыра біліу — соңыра жазуға керегі бар нәрсе, дыбыстарды құрастырып сөз қыла біліу — ол соңыра оқыуға керегі бар нәрсе. Дыбысты дыбысқа қосыу әріпті әріпке қосыудан

жеңіл болады. Үйретіу жеңілінен басталуы керек. Ол үйретіудің негізгі дабыл жолы.

Әріптермен таныстырыу. Сөздің дыбыстарын айыра білгеннен кейін түрлі дыбыстарды қосып сөз қыла білетін болғаннан кейін әріппен таныстырыуға түседі. Әріппен таныстырыу іреті әріптердің әліп-бій кітабындағы тұрған іретінше болады. Әліп-бій кітабының басындағы бөлек әріптер немесе сөздің ішіндегі әріптер, мәселен «а», «с» болса, сол әріптер бар сөзді алып, дыбыстарын айыртады. Сонан соң пәлен дыбыстың таңбасы мынау деп әрібін көрсетеді. Дыбыс таңбасы әріп деп аталатынын да айтады. Сонан кейін жаздырады. Басқа әріптердің арасынан іздеп таптырады.

Сонан кейін танытқан әріптерінен құрастырып, сөз қылып оқытады. Дыбыстарды айыртыу, құрастырып сөз қылыу дұрысталып істеліп, балалар әбден әдісін алған болса, сол дыбыстардың әріптерін құрастырып, сөз қылып оқыуға балалар қыйналмайды. Бір-екі сөзді әріптеп құрап оқығаннан кейін тез әдісін алады. Алғашқы кезде сөзді ылғый бұуындап қостырып оқытады. Сонан бұуындап оқып әдеттенеді. Бұуындап оқыу жаттыға бара қалыпты оқыу түріне түседі.

Анығында Еуропа жұрттары соңғы кезде қолданып жүрген әмерійке әдісі деген жалқылаулы-жалпылау әдісінің «тұтас сөзді» тағы бір түрін айтып, сонымен әдіс жалпы тарихын айақтайық.

Бұл — ескі емлелі жұрттың шығарған, ескі емлелі жұрттардың қолданып отырған әдісі. Ағылшын, француз жұрттарының емлелері араб емлесі сыйақты ескі болады, ескі емлемен жазылған сөздің жазыуы мен оқыуы бір-біріне сәйкес болмайды. Мәселен, арабтар «тырқы» деп жазып, «тараққый» деп оқыйды. Ағылшын мен француз емлесі онан да сорақы: біз олардың емлесінше жазатын болсақ, «жой» деп жазып, «жұуа» деп оқыр едік. Ондай емлесі бар жұртқа дыбыстың құны шамалы. Сөзді сүгіретін жаттаумен танып оқыйды, әріп тек сүгірет мүшесінің орнына жүреді.

Бұл күнде бұл әдісті әр жұрт өз тілінің, емлесінің ыңғайына қарай әртүрлі тұтынып отыр. Нағыз өзінің шыққан жері Әмерійкеда тұтыныуы былай:

Жылдың ортасына дейін кітап қолданыу жоқ. Балалар оқытыушының тақтайға жазғанын ғана оқыумен барады. Оқыу әріптен, не дыбыстан басталмайды, тұтас тұрған сөздерді оқыудан басталады. Мәселен, бір бала шегіртке ұстап әкелген екен.

Оқытыушы: «Не әкелді?» — деп балалардан сұрайды. Балалар: «Шегіртке әкелді», — дейді. «Шегіртке әкелді» деген сөйлемді оқытыушы тақтайға жазады. Өзі оқыйды, балаларға оқытады.

Сонан соң «шегіртке» деген сөзді кірістіріп, басқа сөйлемдер алады. Оны жазады, оқыйды, оқытады. Сүйте-сүйте «шегіртке» деген сөздің жазылуы қайта-қайта ұшырап, балалардың жаттарында қала-қала барып, әбден таныс болып, бірден таныйтын болады. Бірден таныйтын болса, бірден оқыйтын болғаны. Басқа сөздердің де оқылуын сол іретше үйретеді.

Солдай етімен жарты жылдың ішінде 125 шамалы сөзді танып оқыйтын болады. Екі айдай сөздің дыбыс жағына жоламайды. Онан әрі ғана, балалар бірсыпыра сөздің оқылуын енді біліп болды ғой дегенде барып, сөздің дыбыстарын айырта бастайды.

Дыбыс айыртыуға тұқымдас сөздер алынады. Тұқымдас сөздердің дыбыстарының көбі бірдей болады. Дыбыс айыртыуға түсерде жаңа үйретілген сөздер тұқымдастығына қарай сұрыпталып, бірінің астына бірі сатыланып жазылады. Соларды көре-көре, оқый-оқый жүріп сөздердің бәрінде де ұшырайтын ортақ дыбыстардың үнін де, әрпін де айыратын болады.

Әмеріиканың жазыуға үйретіуді де оқыуға үйретіу сыйақты әріптен басталмай, бүтін сөздің жазылуынан басталады. Бірақ жеңілдік үшін бастапқы кезде әрпі аз сөздер алынады.

ҚАЙ ӘДІС ЖАҚСЫ?

Жалғыз әліп-бiй үйретiудiң өзiнде толып жатқан әдiс бар. Сол әдiстердi әр әдiсқой өзiнше өзгертiп қолданған түрлерiн сөз қылсақ, әдiс түрлерiн айтып түгесе алмас едiк. Бүтiн Жаурыша әдiсқойларының тұтынған әдiстерiн түгендемек түгiл, жалғыз орыстың ғана әдiсқойларын алып сөз қылар болсақ, оның өзi әлденеше сан жұрнал бетiн аларлық сөз болар едi, сөз созылып ұзарыуынан қашып, орыс әдiсқойларының бiрiн де өткен сандарда сөз қылмай өтiп кеттiк.

Бұған дейiн сөз болған әлiп үйретiу жүзiндегi әдiстердiң негiзгi түрлерiн алып, солардың қайсысы жақсы деп сауал қойар болсақ, оған ешкiм мынасы жақсы, мынасы жаман деп кесiп айтып, тура жауап бере алмайды.

Орыс данасы Лев Толстой: (бала оқытып тәжiрiйбе жасаған адам) «Жақсы дерлiк те, жаман дерлiк те бiр әдiс жоқ. Олақтықтың белгiсi — бiр ғана әдiстi болыу; шеберлiктiң белгiсi — түрлi әдiстi болыу; керек орында жоқ әдiстi табыу да қолынан келiу. Мұғалiм әдiстi көп бiлуге тырысыу керек; оларды өзiне сүйенiш қолғабыс нәрсе есебiнде қолданыу керек»⁸⁴ дейдi.

Толстой олай десе, өзгелердiң де тәжiрiйбе жасағаннан кейiн келген қарары онан алыс емес. Әдiс турасындағы басқалардың да пiкiрлерiн қорытып қысқасынан айтқанда, әр әдiс өз орнында жақсы деген пiкiр болып шығады.

Бұл не деген сөз болады?

Әдiс — керекшiлiктен шығатын нәрсе. Әдiстiң жақсы-жаман болмағы жұмсалатын орнының керек қылыуына қарай. Мәселен, сауаттау әдiсiн алсақ, бiр жұрттың сауаттау iсiне қолайлы болған әдiс екiншi жұрттың да сауаттау iсiне қолайлы боларға тiйiс деп айтуға болмайды. Екеуiнiң тiлiнiң заңы, емлесiнiң жүйесi бiрдей болса, бiрiне қолайлы болған әдiс екiншiсiне де қолайлы болыуы мүмкiн. Егер де тiлiнiң заңы, емлесiнiң немесе әрпiнiң жүйесi басқа болса, онда бiрiне жақсы болған сауаттау әдiсi екiншiсiне де жақсы болады деп ешкiм айта алмайды.

Кей жұрттар жазыу үшiн әрiп алмаған, таңба алған. Кей жұрттар жазыу үшiн әрiп алғанмен, әрiптерi тiлi өзгергендiктен бұл күнде тiлiндегi дыбыстарына сәйкес келмейтiн болған. Кей жұрттардың әуелде дыбыстарына әрiп арнауында шатақтық бар болғандықтан, сөздерiнiң жазылыуы

⁸⁴ Лев Толстой. «Үйретiу әдiстерi туралы».

мен айтылуы екі басқа, кей жұрттардың тілінің шартына қарай дыбысына сәйкестеп әріп белгілеуге болмайды. Сондықтан оның да сөзінің жазылуы мен айтылуы арасында басқалық болады. Кейбір жұрттардың тіліндегі дыбыстары мен әріптері екеуінің арасында сәйкестік күшті болғандықтан, сөзінің жазылуы мен айтылуы арасында да сәйкестік күшті болады.

Жазыу үшін әріп алмай, таңба алған жұрттың бірі, мәселен, қытай. Мұның жазылуы біздің таңбамыз түрлі. Бізде ○○ (арғын), // (қыпшақ), ψ (төре). Қытайда = (ауыз) Λ (ит). Ауыз таңбасы мен ит таңбасы қатар тұрса, мәселен, былай = Λ «үреді» деген сөз болады. Біздің жазыуымыз әріпше болмай таңбаша болса, біз де арғын таңбасы мен төре таңбасын қатар қойып |○○ψ| «арғын төресі» деп оқыр едік; қыпшақ таңбасы мен төре таңбасын қатар қойып | // ψ | «қыпшақ төресі» деп оқыр едік.

Қытай жазыу жүйесінің мысалы осы бұл жазыуша сауаттағанда, мұғалімнің дыбыспен де, әріппен де жұмысы жоқ. Әр сөзге арналған таңбаны танытса, сол таңбаларды қойдыра білсе, қытайша оқуды да, жазуды [да] біліп сауаттанғаны.

«Ауыз» деген, «ит» деген, «үреді» деген — үшеуінің жазылуын оп-оңай үйреніп алдық. Қытайша хат біліу (сауаттаныу) қыйын дейтіні қайда? Қыйын жазыу ұшыраған кезде, «қытай жазыуы» деп мазақтайтындары қайда?

Жоғарыда мысалға келтірген 2-3 сөздің таңбасын таныу да, таңбасын қойыу да оп-оңай емес пе? Қыйындығы қайда?

Мұның оңай болып тұрғаны — алған сөздің аздығынан. Қытай тіліндегі сөздің саны 10, 20, 30 болса, хатта 100 болса да, қытайша сауаттаныу оңай болар еді. Ондай болса, сөз саны. 10 мың, 20 мың, 30 мың болса, ондай көп сөздің әрқайсысына арналған таңбасын таныуға көп уақыт керек. Ондай көп таңбаны ұмытпай баста сақтау үшін, басты көп әурелеу керек. Қытай тілінде 50 мың таңбасын жатқа білгенде ғана қытайша кәміл сауатты адам болмақ. Ойы жаттау [дың] оңай-жеңілін «Жаңа мектеп» жуурналының оқыушылары шамалай жатар, басқа жүйелі жазыулардың әңгімесіне көшейік.

Жазыу үшін әріп алғанмен, ол әріптері тіліндегі дыбыстарына сәйкес келмейтін ағылшын, әмерійкан сыйақты жұрттар. Бұлардың сөздерінің жазылуы мен айтылуы айырылып, алыс кеткендігі сонша, «ит деп жазып, шошқа деп оқиды» деген мақал болған жазыу жүйесі нақ осылардікі.

Олардікінен гөрі тәуірлеу жазыу жүйесі француздікі. Бірақ тәуірлеу дегенмен, мұның да оңған жері жоқ. Мұның әуелінде дыбыстарына әріп арнауында шатақтық көп. Французда әріп басына жасалған толып жатқан ереже бар; толып жатқан қосымша белгілер бар. 26 әріптің 100 шамалы ережесі бар. Ол ережелері бойынша бір әріп түрлі орында түрлі айтылмақшы. Кей әріптер тұрған орнына, қарай жазылғанмен, тіпті оқылмай да қалмақшы. Кей әріптер басқа дыбыстармен қатар келген жерде, тіпті дыбысынан айырылып қалмақшы. Анықтық үшін азырақ мысал келтіріп көрсетелік.

«Бе ау» (veau) деп жазады, оны «бо» деп оқыйды.

«Орейлле» (oreille) деп жазады «орей» деп оқыйды.

«Мой» (moi) деп жазады, «мува» деп оқыйды.

«Коин» (coin) деп жазады «кувек» деп оқыйды.

«Айгүйлле» (aiquille) деп жазады, «егуй» деп оқыйды.

Тәуірлеу деген жазыу жүйесі мынау болса, мұнан жаманның жазылыуы мен айтылыуы арасындағы сәйкестігі қандай болмақ.

Бұл сыйақты жүйелі жазыумен сөздің ішіндегі дыбыстарын айырып, дыбыстарына қарап жазыуға болмайды.

Олай болса, сөздің дыбыстарын айыра біліудің қажеті жоқ. Мәселен, «егуй» деген сөзді «айгүйлле» деп жазатын болса, «мува» деген сөзді «мой» деп жазатын болса, ол сөздердің дыбыстарын айырыудың керегі не?

Сондықтан ағылшын, Әмерйіке, пырансүз (француз) жазыуларының жүйесі әріпті болғанмен, мағынасы таңба жүйелі жазыуға жақын. Мұнда да сөзді дыбыстарына қарай әріптерін қойып жазбайды, тек әріптерден құрап сөздің таңбасын салады. Мұндай жазыулар мен қытай жазыуының арасындағы айырмасы тек таңба сүуретін құрауында ғана: қытайлар сөз таңбасын әріп деп ат қойылмаған сызықтардан құрайды, ағылшын, әмерйікан, француздар сөз таңбасын әріп деп ат қойылған сызықтардан құрайды.

Тілінің шартына қарай дыбысына сәйкестеп әріп арнауға болмағандықтан, сөзінің жазылыуы мен айтылыуы бөлектенген жұрттың мысалы — орыс халқы. Орыс тіліндегі дыбыстарға сәйкестеп әріптер белгілеу мүмкін емес: «сақал» орысша «барада» (борода), «сақалдар» дегенде «бороды» (бороды) дейді, «тырма» орысша «барана» (борона), «тырманы» дегенде «борыну» (борону) дейді.

Бізде көпше жалғау немесе басқа жалғау қосылғанда, тек жалғау

қосылғаны болмаса, сөздің басқа тұлғасы мен тұрпаты өзгермейді. Орыстікінде ондай емес: тек жалғау қосылып қана қоймайды, бүгін тұлғатұрпаттарында өзгеріс кіреді. «О» дыбысы «а» дыбысына, «а» дыбысы «ы» дыбысына орыста айналып кете береді.

Сөздің дыбыстары сондай өзгергіш болған соң, орыс тіліндегі сөздердің дыбыстарына сәйкестеп әріп алыуға болмайды. Дыбысқа сәйкестеп әріп алынбаса, сөздің жазылуы мен айтылуы бөлектенбей қала алмайды.

Мұндай жазылуы бар жұрттың кей сөздерін дыбыстарына қарай жазыуға болады, кей сөздерін дыбыстарына қарамай, тек жатталған түрінде ғана жазыуға болады. Мәселен, орыстың бір сөзін дыбыстарына қарай жазсаң, он сөзін жатталған түрінде жазасың. Солай болған соң орыс жазылуы сыйақты жазыуларға сөздің дыбысын айыра біліудің керектік жағынан керексіздік жағы басым болып шығады.

Дыбыстар мен әріптер арасында сәйкестік күшті болғандықтан, сөзінің жазылуы мен айтылуының арасында да сәйкестігі күшті. Жазыудың мысалы біздің қазақтікі мен қырғыздікі. Бұлардың тіліндегі дыбыс басына арналып әріп алынған, әріп танылған дыбыстан қайда тұрса да айрылмайды. Сөздері жазылғанда көбінесе-ақ сөзінің ішінде естілетін дыбысына қарай жазылады. Орыста бір сөз дыбысына қарай жазылып, он сөз дыбысына қарамай жазылатын болса, қазақта он сөз дыбысына жазылып, бір сөз ғана дыбысына қарамай жазылады.

Солай болған соң бізде сөздің ішіндегі дыбыстарын айыра біліу өте керек. Сөздің дыбыстарын дұрыс айыра біліп, оларға арналған әріптерді қойа біліудің өзімен де үйренуші емлеміздің аз болса 60-70%-ін біліп қалады.

Біздің жазыу жүйемізбен ағылшын, әмерійке, француз жазыу жүйесінің арасы алыс. Олардікі қытайдың таңба жүйелі жазыуына жақын. Он сөзінен бір сөзінде де болса сәйкестік бар, бізге біртабан жақын жүйелі жазыу орыстікі. Онан да гөрі бізге жақын жүйелі жазыу италийанікі дейді (оның да сөзінің жазылуы мен айтылуы арасында сәйкестік көп деп айтылады).

Сүйтіп, жоғарыда айтылған сөзден мынадай нәрсе байқалады: Әуелі, жазыу екі негізді екендігі: 1) Таңба негізді. 2) Әріп негізді. Екінші, әріп негізді жазыулардың емле жүйелері түрлі-түрлі болатындығы. Үшінші, емле жүйелеріне қарай, әріп негізді жазыулардың таңба негізді жазыуға жақыны да, алысы да бар екендігі.

Осы күнгі қолданып отырған емлелердің бәрі төрт жүйеге бөлінеді: 1) Таңбаша жүйе. 2) Дағдыша (тарихша) жүйе. 3) Туысша жүйе. 4) Дыбысша жүйе.

Таңбаша емле — таңба негізді жазыумен тәртіптес, негіздес емле, мәселен, қытайдікі.

Дағдыша емле — байағыдан бері жазып келе жатқан қалыпты қолданып отырған емле, мәселен, ағылшынша.

Туысша емле — сөздің тек басына қарамай, басқа түбірлес, туыстас сөздердің де айтылыуына қарайтын емле, мәселен, орысша.

Дыбысша емле — сөз дыбыстарының естілуінше жазыу жолын қолданатын емле, мәселен, италийанша, немісше, қазақша.

Бұл айтылған емле жүйелерінің бәрі де өріп негізді жазыулардың емле жүйелері. Бұлардың біреулері таңба жүйелі жазыуға жақын болатыны көрініп тұр. Сөздің айтылыуы мен жазылыуының арасы алыстаған сайын емле тәртібі таңба негізінен жақындамақшы. Сөздің айтылыуы мен жазылыуының арасындағы сәйкестік күшейген сайын емле тәртібі таңба негізінен алыстай бермекші.

Емле тәртібінің жүзіндегі жақындық, алыстық сауаттау әдісінің жүзінде де болмасқа мүмкін емес.

«Ауыз» деген сөзді мынадай (=) таңбамен жазатын қытай дыбысты әдіспен үйретер ме?

Ондай таңба салмағанмен, «ит деп жазып, шошқа деп оқыған» сыйақты «мой» деп жазып «мува» деп оқыйтын емле тәртібі бар. Ағылшын, әмерйқан, француз сынды жұрттарға дыбысты әдісті қолданыу қолайлы бола ма?

Олар түгіл, «борода» деп жазып «барада» деп оқыйтын емле тәртібі бар орыс сыйақты жұрттарға да дыбысты әдісті қолданыу қолайсыз болатын орындары көрініп тұр.

Солай болған соң бұлардың бәрі де сөзді таңбаша жазып отырған соң немесе таңбаша жазыуға жақын түрде жазып отырған соң, таңбаша үйретіу әдісін қолданып отыр, «Тұтас сөз» әдісі деген сол «таңбаша үйретіу» әдісі болады: бұл әдісше әріппен жазылған сөз таңба мағынасында көрсетіліп, таңба есебінде үйретіледі.

«Сақал» деп жазып, «сақал» деп оқыйтын, «тырма» деп жазып, «тырма» деп оқыйтын дыбысша емлесі бар қазақ, қырғыз сыйақты жұрттарға дыбысты әдісті қолданыу тийістігіне дау болмасқа керек еді, үйткені басқа да дыбысша емлесі бар жұрттар дыбысты әдісті қолданып отыр. Мәселен, италийан жұрты.

«Тұтас сөз» әдісін не мәніспен қолданып отырғандарына назар салмай, тек басқалар қолданып жатқанда, бізге де қолдану керек деушілер бар. Рас, «тұтас сөз» әдісін бізге қолдануға болады. Бірақ біз ағылшын, әмерійқан, француздарша шарасыздықтан, ең болмағанда орыс қадары мұқтаж болғандықтан, оны қолданбаймыз, дыбысты әдіспен үйретіуден «тұтас сөз» әдісімен үйретіу қолайлырақ, оңайырақ болса, қолданамыз. Олай болса, әуелі қайсысы қолайлы деген сауал қойып, соған берілген жауапқа қарай қайсысын қолдану тйісті болатындығын айтыу жөн.

Сауаттауға қайсысын қолайлы десек те қолайлылығын сыйпаттайтын тйісті дәлелдері боларға керек.

Сауаттауға әдістерін тексеріу үшін, әуелі, сауаттылық дегеннің не нәрсе екенін, оның негіздік жағы қайсы, негіздік емес жағы қайсы, онысын ашып алыу керек.

Сауатты адам деп қандай адамды айтамыз? — Оқый да, жаза да білетін адамды айтамыз.

Сауаттылық негізі оқыу ма, жазыу ма — мұны ашсақ, сауаттау әдісі қайсысынікі болатынын да ашамыз; үйткені — сауаттылықтың негізі не нәрсе болса, сауаттау әдісі де соныкі болыу керек.

Оқый біліп, жаза білмейтін адам бола ма? — болады. Ескіше үйренгендердің көбі-ақ оқый біліп, жаза білмейтін. Ондай адамдарды толық сауатты деуге бола ма? — Болмайды. Ондайлар шала сауатты адамдар.

Жаза біліп, оқый білмейтін адам бола ма? — Жоқ. Жаза білетіндер оқый да біледі. Олай болса сауаттылық негізі оқыу бола ма, жазыу бола ма? — Әрйіне, жазыу болады.

Сауаттылық негізі жазыу екендігін сауаттылықтың шыққан жолы да көрсетеді. Сауаттылықты оқыу мұқтаждығы тудырмаған, жазыу мұқтажы тудырған. Мұқтаждық жазыуды тудырған, оқыу жаза біліумен бірге қосыла біліп кететін қосалқы күйдегі асылы жазыу болып, оқыу соның бетіндегі нәрсе болып шығады.

Осы айтылғандардың бәрі сауаттылық негізі оқыу емес, жазыу екендігін сыйпаттайтын дәлелдер.

Сауаттылық асылы оқыу болмай, жазыу болса, сауаттау әдісінің де асылы оқыудікі болмай, жазыудікі болыу керек.

Ол не деген сөз болады? Ол — сауаттау әдістерін сынағанда, оларға оқыу үйрететін әдіс деп қарамай, жазыу үйрететін әдіс деп қарау керек деген болады, жаза білдіруге қолайлы әдіс — оқый білдіруге де қолайлы

болады, үйткені негіздік нәрсе, жазыу, оқыу жаза білумен бірге қосыла біліп кететін қосалқы күйдегі нәрсе.

Жаза білу үшін тілдегі дыбыстарды таный білу керек. Ол дыбыстарға арналған әріптерін таный білу керек. Таныған әріптерін жаза білу керек. Жазған әріптерін дыбысымен атай білу керек.

Әріптердің бәрін шапшаң жазыуға жарағанда, жазған әріптерін атауға жарағанда, екінші түрде айтқанда — шапшаң жаза білген де, шапшаң оқығи білгенде, сауаты ашылды, сауатты адам болды дейміз.

Сауаттау әдісі дегеніміз — соны білдіруге жұмсалатын түрлі әдістердің шұумағы болады.

Жазыу — әріптердің сүгіретін сала тізыу; Оқыу — әріптердің дыбыстарын айта тізыу.

Әдісін алғанша қай істе болса қыйын болады. Әдісін алған соң, қайсысы да болса оңайланады. Істің шапшаң істелу күйге жетіуі, қайта-қайта істеліп, дағдыға айналған кезде болады.

Сауаттаныу жас балалардың жүріуге үйренгені мысалды: Бастапқы кезде балалар айағын бір басып, бір тұрады, онан соң апыл-тапыл басып жүріуге жарайды. Онан кейін ақырын да болса кәдімгідей жүретін болады. Онан әрі жүгіруге жарайды, жүгіруге жарағаннан әрі жарысқа түсіп, жүрісті өнер есебінде қолданыу даражаға жетеді.

Балалар түгіл үлкендерді алсақ, олардың да бір нәрсемен жүріуге үйретіу жолы нақ әлгідей. Шій-айақпен⁸⁵ сырғанақ тебіуге үйренгенде, үрелікпен⁸⁶ немесе белетсепетпен⁸⁷ жүріуге үйренгенде, бірден сырғытып кете алмайды. Бастапқы кезде жүріу әдісін алғанша, олар да балалар секілді өз денесін өзі бійлей алмай, мүшелері өзіне көнбеген сыйақты, өзі жұмсаған жағына жүрмеген сыйақты болып, әр ісін бөлек-бөлек андап, әр қозғалысын бөлек-бөлек алып, санап істеген сыйақты болады. Әдісін алғаннан кейін батылырақ қыймылдайтын болады, онан әрі батылырақ жүретін болады, онан соң қалай болса, солай жүретін болып әбден төселеді, төселгеннен әрман (қарай) басқалармен жарысып өнер салыстырарлық даражаға жетеді.

Сол сыйақты сауаттанарда балаларға болсын, үлкендерге болсын әдісін алғанша сөздің ішіндегі дыбыстарын танып, айырып шығарыу да қыйын, бөлек-бөлек дыбыстарды құрап-қосып, сөз қылып айтыу да қыйын.

Әдісін алғаннан кейін айырудың да, қосыудың да қыйындығы

⁸⁵ Коньки.

⁸⁶ Ролик.

⁸⁷ Велосипед (Құраст.)

жоғалады. Онан әрі тек жаттығыу, төселу ғана қалады. Жаттығыу, төселу үшін істін қайта-қайта істелуі ғана шарт.

Жазыу да, оқыу да бір істеліп қана қойылатын іс емес, мектепте күнде керек болып, күнде істеліп отыратын іс.

Сондықтан мектептен шыққанша жазыу мен оқыуға балалар төселмек түгіл, әрі барған сайын қайсысын да болса өнер түрге айналдырып, әдемілеп жазыу, безендіріп оқыу қолынан келетін болады.

Сауаттау әдісінің қызметі жазыу мен оқыу әдісін алғанша бастапқы кезде болатын қиындықты кеміту, не жоғалтыу үшін, жүріуге үйренгенде балаларға беретін сүйеніш арба сыйақты, шій-айақ тебіуге үйренгендерге беретін сүйеніш шана сыйақты көмек беріу.

Енді үйретіу табыйғый жөнімен жүріп, үйреніу әдісінің жолымен жүріп отырып, дыбысты әдіс пен тұтас сөзді әдістің жолдарына келейік.

Дыбысты әдіспен үйретіу жолы — әлгі айтылған үйреніушіге сүйеніш арба, сүйеніш шана беріп үйретіу жолы. Мұнымен үйренетіндер жүріу әдісін алмай тұрғанда, бойын бійлей алмағандықтан арбамен, шанаға сүйеніп қозғалған сыйақты жылжыйды. Соларға сүйеніп жүріп бойын үйретіп, мүшелерін жаттықтырып әдісін алыу сыйақты болады. Бірақ айағын бір басып, екі басып, ақырын жылжыса да, өздігінен өз мүшелерін жұмсаса, өз денесінің қуатымен жылжыйды. Бұлай жылжыған уақыт әр қыймылды мүшелері өзі істеп, өз басынан кешіріп сезіп, түйіп отырғандықтан, қыймыл тетігін тез аңдап, әдісін тез алады.

Дыбысты әдіспен үйретіу жолы — мысалмен түсіндіріп сұуреттегенде, осы болып шығады.

Тұтас сөзді әдіспен үйретіу жолына келсек, ол — арбаны өзіне беріп, соған сүйендіріп, өзін қозғалтып, өзін жүргізіп үйретіу емес, арбаға тіркеп, біреу сырғытып жүргізіп, жіберіп отырып үйретіу сыйақты. Немесе шанаға тіркеп, біреу сырғанатып жіберіп отырып үйретіу сыйақты. Өз күшімен жылжымай, басқаның күшімен бара жатқан соң, сырттан қарағанда жүре білмейтін баланың жүрісі жүре білетін баланың жүрісі сыйақты көрінеді. Шій-айақ тебе білмейтін адамның сырғанағаны тебе білетін адамның сырғанағанындай болып көрінеді. Бірақ жүргізіп жүрген қууат біткен жеріне дейін барады да, одан әрі жылжымай тұрып алады, жылжыу үшін әрдайым біреудің күшін керек қылады.

Үйткені, әрбір жүріп келген жеріне өз денесінің қуатымен жүріп келмейді, біреудің жүргізген қуатымен келеді. Мұнда дайым біреу жүргізіп, басқаның қуатымен қозғалып отырған соң өз санасының ісімен

жұмысы өз денесінің құуаты аз қатысқандықтан, қыймыл тетігін тез аңдап, әдісін тез ала алмайды.

Тұтас сөзді әдіспен үйретіу жолы — мысалмен түсіндіргенде осы болады.

Осындай мысалға келтірген жүріуге, сырғанақ тебіуге үйретіу әдісінің екі жолын сауаттау әдістерінің мысалына алмай, жас баланы жүріуге, үлкенді шій-айақ тебіуге үйретіудің әдісі болған нақ өз қалпында алып сынға салсақ, жүріумен сырғанақ тебіуді үйретіуге жоғарғы екі әдістің қайсысы жақсы дер едік?

Әрйіне, алдыңғысы жақсы екендігіне дау жоқ. Солай болған соң алдыңғы әдіске ұқсас дыбысты әдісті, соңғы әдіске ұқсас тұтас сөзді әдісті екеуін де ешбір тілге, емлемен әліп-бій жүйелеріне матастырмас-тан өз алдына оңаша тұрған күйлерінде алып тек қана асылын тійісінше тексеріп қарасақ, дыбысты әдіспен үйретіу жолының артықтығы да даусыз нәрсе болып шығады.

Егерде тұтас сөзді әдісті дыбысты әдіспен төмен бола тұрса да, керек қылатын болсақ, онда басқа жұрттардікіндей тіліміздің, емлеміздің, әліп-бійіміздің жағдайына қарай, шарасыз керек қылатын орнымыз боларға керек.

Ондай шарасыз керек қылатын орнымыздың бар-жоғы қазақша сауаттау әдісін көрсеткен кезде білінбекші.

Келесі әңгімелеріміз қазақша сауаттау әдісі тұуралы болмақшы.

Басқарма. Жазыушының дыбыс әдісі мен тұтас сөз әдісін сынаған ойларына, көзқарасына басқарма қосылмайды. Ол ойларын бір жақты жаңылысы бар деп біледі. Мұндай мәселе әлі қазақ оқытыушыларына соны болғандықтан, бұл мақала пікір алысыу ретінде басылып отыр. Әдіс жұмысымен таныс адамдар, педагогтар бұл туралы пікірін жазыуын өтінеміз. Басқарма соңғы нөмірлердің бірінде өз ойын да жазбақшы.

The background is a grayscale, slightly blurred photograph of a desk. In the upper right, there is a fountain pen and a pair of round-rimmed glasses. Below them, several sheets of paper with handwritten text are scattered. The overall aesthetic is that of a writer's workspace.

ПУБЛИЦИСТИКА

ТӨҢКЕРІС ЖӘНЕ ҚАЗАҚТАР

Қазақтар үшін ақпан төңкерісі қаншалықты түсінікті болса, қазан (әлеуметтік төңкеріс) оларға соншалықты түсініксіз көрінді. Бірінші төңкерісті олар қалай аса қуанышпен қарсы алса, екінші төңкерісті солай аса үреймен қарсы алуға тура келді. Қазақ халқын білетіндер үшін бұл төңкерістерге олардың осылайша қарауы табиғи әрі түсінікті. Қазақтардың бірінші төңкерісті дұрыс түсінуі және оны қуанышпен қарсы алуы, біріншіден, ол патша үкіметінің езгісі мен зорлығынан құтқарса, екіншіден, олардың өзін-өзі басқаруға деген түпкі армандарына деген үмітін нығайтты. Қазақтар үшін екінші төңкерістің түсініксіз болуы оңай түсіндіріледі, себебі қазақтарда капитализм, таптық дифференциация болған жоқ; тіпті басқа халықтардай меншіктің өзі де бөлінбеген, көптеген тұтыну заттары бұқараның ортақ игілігі болып саналады. Қазан төңкерісінің сыртқы көріністері қазақтарды қатты үрейлендірді. Қазақтар үшін Ресейдің орталық бөліктерінде большевиктік қозғалыстың қалай өтіп жатқаны беймәлім болатын. Ал алыс аймақтарда ол зорлықпен, тонаушылықпен және диктаторлық билікпен, қысқасын айтқанда, алыс аймақтарда негізінен ол төңкерісті емес (қалыпты түсініктегі), барып тұрған анархияны көрсетті. 5-13 желтоқсанда Орынбор қаласында Қазақ өлкесін автономды деп жариялаған және халық милициясын құрған жалпы қазақ сиезі өткізілді. Сол кезде 15 қазақ өкілінен тұратын, төрағасы Бөкейхан (барша қазақ өлкесіне белгілі қоғам қайраткері) болған Алашорда уақытша үкіметі сайланды. Уақытша үкіметтің тұратын орны болып Семей қаласы белгіленді. Орынбор қаласындағы өзінің бірінші мәжілісінде Алашорда мүшелері 1918 жылдың 10 қаңтарында Семей қаласында тағы да кездесетін болып тарқасты.

Белгіленген мерзімде Алашорда үкіметінің мүшелері әртүрлі себептерге байланысты жинала алмады. Сол екі арада Қазақ өлкесінің барлық қалаларын, оның ішінде Семей қаласын да кеңестік ұйымдар өз қолына алды, олардың арасына большевиктер атын жамылған әртүрлі авантюрист қазақтар да кіріп алып, Кеңес үкіметі атынан бейбастықтар жасады. Мысалы, қазақ қайраткерлерінің әрекеті заңсыз деп жарияланып, тіпті олардың басына 25 мың сом тігілді. Осындай жағдайда Алашордамен тығыз байланыстағы қазақ зиялылары тобына Кеңестің орталық үкіметімен байланысу мүмкіндігі шектелді, ал арағайындар арқылы келіссөздер жасау әрекеттері нәтиже бермеді. Алашорда мүшелері орталық үкіметпен 1918 жылдың наурызында тікелей байланысқа шықты, бірақ Алашор-

да ұсынған келісім жобасының талаптарына жауап толық үнсіздікке ұласқандықтан бұл келіссөздер тоқтап қалды. Бұл келісім жобасында Кеңес үкіметі жариялаған Ресей халықтары құқығы Декларациясы шегінен шығып кететіндей ештеңе де болмағандықтан Кеңес үкіметінің толық үнсіздігі Алашорда үкіметі үшін түсініксіз және бұл бағытта әрі қарай әрекет жасау мүлдем үмітсіз еді.

Көктемнің тууымен бірге большевиктерге қарсы күрес басталды және алдымен Сібір үкіметі, одан кейін бүкілресейлік құрылтай жиналысы мүшелерінің Самара комитеті құрылды. Жалпы қазақ сиезінде қабылданған негізгі бастамаларға тұрақтылық таныта отырып, жаңадан құрылған Сібір үкіметіне Алашорда Сібір автономиясы мен Қазақ өлкесі арасында бірін-бірі өзара мойындау жөнінде ұсыныс берді. Өзінің алғаш пайда болғанынан бастап Сібір үкіметінде буржуазиялық-империялық тенденция, яғни Ресейді Қазан төңкерісіне дейін қандай болса, солай қайта құруға тырысқан тенденцияны ұстанған оларға Алашорданың ұсынысына келісу оңай соқпады және соған байланысты екі үкімет арасындағы келіссөздер ұзаққа созылды. Сол екі арада демократиялық бағыттағы және бүкілресейлік билікке ұмтылған жаңа үкімет — Самара үкіметі пайда болды. Алашорда өкілдері жаңа үкіметтің тұрпаты мен бағытын білгеннен кейін Сібір үкіметімен келіссөздерін тоқтатты да, Самара комитетімен келіссөздерге барып, оларға Қазақ өлкесі автономиясын мойындауды ұсынды, бұған комитет ықыластана келісті. Осыдан кейін бес адамнан тұратын директорияның Уфа мәжілісі өткізілді. Арасында қазақтар да бар Мұсылман өкілдері Мәжілісте меньшевиктермен бірге жүрді. Директория өзінің құларының алдында жұмыс істеп тұрған жергілікті, яғни облыстық, уездік ұйымдарды қалдырып, Алашорданың орталық билігін таратты.

Алашорда автономиялы үкіметінің таратылуы және сосын «жоғары басқарушы» Колчактың пайда болуы қазақтарға осының барлығы неге апара жатқанын анық көрсетті. Күні кеше ғана патшаның қолшоқпары болған Колчак қазақтардың алдында әскери диктатордың бар айбарымен және халық жадынан әлі кете қоймаған патшалық заманның барлық белгілерімен көрінді.

Мен, осы жолдарды жазушы қазақ зиялыларының жоғарыда айтылған тобында болып, патша үкіметі тұсында қазақ ұлттық саясатына басшылық еттік және онымен күрестік. Патша тұсында қазақтардың қандай күй кешкенін біз кім-кімнен болса да артығырақ білеміз. Өмірлік жағдайлардан туындаған қазақтардың өзіндік социализмі және коммунизмі болғандықтан, сондай-ақ таптық дифференциация мен меншіктенудің қатаң межесі

болмағандықтан қазақ халқы социалистік құрылыстың айрықша қажеттігін әлі де сезінбеген еді. Тіпті, патша үкіметі тұсында орыстың жұмысшылары мен шаруалары пайдаланған азаматтық құқықтарға іс жүзінде ие болмаған оларға теория жүзіндегі идеалды социализм мен коммунизм туралы ойлау мен армандаудың өзі де мүмкін емес болатын. Қазақтардың барлық азаматтық құқықтары декларативті түрде мойындалғанымен, іс жүзінде олар әлі де бұрынғы билеп-төстеушілердің езгісі мен зорлық-зомбылығынан құтылған жоқ. Егер бұрын патша шенеуніктері деп аталатын адамдар тобы қазақтарды ешқандай жауапсыздықпен езіп-жаншып, зорлық-зомбылық жасап келсе, аймақтарда большевик-коммунистердің атын жамылған топ тура сондай әрекеттерді көрсетіп бағуда. Патша билігіндегі осындай жағдаймен бұрындары да келіспеген мен және менің мүдделестерім әлгіндей әрекеттер Кеңестік Ресейдің барлық жерінде болып жатыр деп ойлағандықтан қазір де оған келісе алмадық, сөйтіп Кеңес билігін мойындауға қарсы болдық. Дегенмен монархиялық билікке ұмтылған Колчактың пайда болуы, бізді бұл билік туралы да, ол билік туралы ойлануға мәжбүр етті де, қазақ халқының түпкілікті арманы оң жақтан емес, әйтеуір сол жақтан орындарына сенгендіктен, жергілікті большевиктердің әрекеттері бізге аса ұнай қоймаса да, Кеңес билігі жағына өтуді жөн деп білдік.

Кеңестік Ресейдің орталығына Алашорданың Торғай тобының делегаты ретінде орталық үкіметпен келіссөздерге жіберілген мен барлық жерден жалпы мемлекеттік бей-берекетсіздікті байқап, сондай-ақ қазақ ұлттық мәселесінің Ресей халықтарының құқықтары Декларациясында жарияланған негіздерге сәйкестігін көріп, өзімнің серіктеріме колчак үкіметінің орнына Кеңес үкіметін таңдағанымыздың қате болмағанын шын жүректен айтамын және олардың көңілдіремін жайландырамын. Аймақтардағы жалған большевиктердің жасап жатқаны орталықтағы большевиктердің ұмтылыстарына рухы жағынан да, мақсаты жағынан да мүлдем қарсы. Қазіргі кезде Мәскеуге келген мен және басқа да қазақтар осыларды көре отырып, қазақ және орталық үкімет өкілдерінен тұратын Қазақ төңкерістік комитеті құрылып, Қазақ өлкесі автономиясын жүзеге асыру жұмыстарының орталықтан басталғанын дұрыс деп санайды. Сонымен, жалпы қазақ сиезі шақырылғанға дейін кеңес билігі тарапынан жарияланған Ресей халықтарының мұқтаждықтары декларациясына сәйкес қазақтар өз қалауынша тағдырын өздері шеше алады, қазақ өкілдері және Кеңес үкіметі бір-біріне бауырластықпен көмектесіп, қазақтарды жауапсыздықпен басынып келген езушілерден еңбекші қазақ халқын құтқарады.

ҚАЗАҚ ҚАЛАМ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ ЖАЙЫНАН.

Орынборға шақырған қазақ қайраткерлерінің сиезі адам аз келгендіктен сиез есебінде болмай, кішкентай ғана кеңес түрінде болып өткені озған нөмірлерінде жазылды. Орынборда отырғандар, о жақ, бұ жақтан кез келгендер болмаса, сиезге атын атап шақырған адамдар келмеді. Келмеу себептерін түрлі жоруға болады.

Келмеулеріне бір жағынан жол қаражатына қаржы жоқтығы себеп болған шығар; екінші жағынан Жүсіпбек жолдас сияқты керексіз сиез деушілік те себеп болған шығар; үшінші жағынан, қазақ қайраткерлерінің Орынбор қаласынан қараңғы үйден жаман қашатындығы да себеп болған шығар; төртінші жағынан, өзгеріс уақытында қайрат жолы өзгеріп, қарқын беті қайтқаны себеп болған шығар. Бұл көп «шығардың» ішінде көбінен себеп болатыны екі «шығар».

Сиезге келуге ынталы адамдар болса қаржы да табылады, керексіз сиез деп айтпайды. Мұның бұлай болуы келуге ынталы адамдар болмағандықтан, Орынборды көруге табиғаты шапшаңдықтан болып отырған қал. Бұрын Орынбор қазақтың пікір құбылысындай болған заманда, сиез түгілі жайда Орынборға келіп, бас қосып, қазақтың қамын ойласып, қайғысына дауа қарастырып қайтатын ел азаматтары енді еріншектік етіп келмей отыр деуге болмайды. Мұның мәнісін әрірек, тереңіректен іздеу керек.

Қазақ қалам қайраткерлері қайдан туған, қашан шыққан деп сұрау қойылса, жауап қиын емес.

1). Қазақ қалам қайраткерлері орыстың қорлық көрген, таяқ жеген, орыстың табанында езілген жұрттан туған.

2). Қазақ қалам қайраткерлері қазақ басына қиын-қыстау зар заман түсіп, үстін торлап, қайғы бұлты қаптаған шақта шыққан.

Құл болған халықтан туып, құлдықтың қорлық, зорлығын көріп отырып, қазақ қалам қайраткерлері қаламын ұлтының ауырын жеңілту, ауырын азайту жолына жұмсамасқа мүмкін емес; кемшілік көрген жұрттан туып, кемшіліктен құтқаруды мақсат етіп, ылғи сол жолда жұмыс қылған қазақ қалам қайраткерлері жұртшыл, ұлтшыл, йағни, халқына жаны ашитын, халқының жаны ауырғанда жаны бірге күйзелетін, бауырмал болмасқа тағы мүмкін емес. Олай болмаған болмаса, оңда табиғат заңының тысқары, адамнан шошқа, шошқадан күшік туған сықылды болып шығады.

Қазақ баласы ұлтым, жұртым, бауырым деп үйреніп қалған қазақтың бауырмал қалам қайраткерлері өктәбір өзгерісі болғанда бірден интернатсіянал

(бейбауырмал) болып өзгере алмады, өзгелердей «алымсақтан бері» кәммүнист, интернатсианалист едім деп айтуға аузы бармады. Сондықтан бей-бауырмалдық жолға қызмет қылып, басшылық қыла алмады. Бауырмалдық жолында қаламмен қайрат етуін бейбауырмалдық жолындағы үкімет қош көрмейтін болды. Сөйтіп, қазақ қалам қайраткердерінің халінде дағдарыс болып, өзгерістен бұрынғы қарқындары қайтып, тартыңқырап қалды. Сол қайтқан қарқын әлі күнге қайта келіп жеткен жоқ. Бұрынғы қалам қайраткерлерінің бәрі де өзгерістен кейін қалам қайратына әлі белсеніп онша кіріскен жоқ.

Бұл айтылған себептің үстіне жамалаған екінші себеп болды. Ол Қазақстанға ұлық болған адамдардың лағу-төңкеріс болса істің бәрін өзінен өзі істеліп, өзінен өзі өзгеріп кететіндей көруі. Қалыпты өзгертетін адамның ісі, йағни, жұмсайтын күші, қайраты, ісі, білімі екендігін ойламады. Төңкеріс болды, патша үкіметінің орнына саует үкіметі орнықты: қазақты билеген, патшаның оң қолы болып кәммүнистер қазақты билейтін болды. Елдің төбесі өзгерді, төресі өзгерді. Онан былайғысын өзгертуге көп күш, көп іс, түрлі еңбек, қайрат керек, йағни, істей білетін түрлі адамдар керек.

Қазақтың оқығаны аз, оның ішінде халық ісіне қатысып, жұрт үшін жұмыс қылғандар өте аз. Бірақ, аз да болса, қазақта қызмет қылып ысылған, төселген адамдар, қазақтың ісіне қатыспақ түгіл қарасын көрмеген, атын есітпеген жат жұрттың адамдарынан гөрі, қазаққа көбірек пайда келтіретіні шексіз.

Ескі үкімет тұсында, қазақтың басына қаптаған қара бұлттай қалың пәле торлаған заманда, жұрт үшін, ұлт үшін қызмет қылған, қиналған адамдарға «жұртшыл», «ұлтшыл» деген таңба басылып, олар қораға жолатпайтын қотыр мал сықылды шетке шығарылып, әлеумет жұмысынан аулақ ұсталды. Қазаққа жаны ашып, қазақ сөзін сөйлеген адам болса, оны ұлтшыл деп әдепсіздік еткен сиырдай қылатын болды.

Төбелеске шығатын адам сияқты, төсін ұрып, тұлданып «Жасасын бейбауырмалдық!» деген қазақ болса, қошемет айтып, қол шапалақтап, төбесіне көтеретін болды. Қазақтың көрген қорлығын, зорлығын айтатын адам болса, ауызға қағып сөйлетпейтін болды. Қазақ өзгеріс үшін құрбан болса, несі құрайды деуші болса, арқаға қағып, дұрыс пікір осы дейді. Солай болып тұрғанда қазақтың жұртшыл, ұлтшыл, бауырмал қалам қайраткерлері қалайша белсеніп, қалам қайратына кіріспек? Қалайша қаламды қолға алуға көңілі шауып, ықыласы түспек?

Қалам қайраткері — жолын тастап, көрінген жолаушыға ере беретін бұралқы ит емес. Бауырмал болып қалған қазақ қалам қайраткерлері, йа

бойаумен түсін өзгертіп, йа түленмен түгін өзгертіп бейбауырмал болмаса, нақ ішін өзгертіп бейбауырмал бола алмайды. Жалғыз қалам қайраткерлері емес қазаққа жаны ашитын, басқа азаматтар да қазақтың басқалардан көрген кемшілігін айтпай тұра алмайды. Оны айтып отырса, бауырмал деген сөзден құтыла алмайды. Солай болған соң, иа бауырмал деген сөзден қашып, бейбауырмал үкіметтің ыңғайымен болып, қазақты басқалар пісіріп жесін, шикі жесін үндемей қарап отыру керек: не бауырмал деген сөзді басқалар ауыр мағынада айтса да, қазақ азаматтары ауырламай, қазақтың сөзін қаймықпай сөйлеуі керек. Енді осыған жеттік.

Қазақ деп ауызға алмай, не болса о болсын, қараға қостық, не көрсе көппен бірге көрер деп отыруға болар еді, егерде қазақ мәдениеті қасындағы халықтармен бірдей болса. Қазақ қасындағы халықтар: орыс, неміс, ноғай, жәуіт, ғайрилар.

Бұлардың бәрінің де мәдениеті қазақ мәдениетінен жоғары. Мәдениеті жоғары халық — мәдениеті төмен халықты аз-көбіне қарамай жем қылатыны айдай анық, күндей жарық ақиқат. 200 міліён (бұдан әрі — миллион) үнді халқын 50 миллион ағылшын жем қылып отырғаны, 500 миллион Қытайды өзінен он есе аз жұрттар әжуалап отырғаны — адам баласының теңдігі — кемдігі мәдениетіне қарай екендігін сыпаттайды.

Қазақ мәдениеті жәуіт, неміс, орыс, қатта ноғай мәдениетіндей болса да, «қазақ» «қазақ» деп айыра сөйлеп, ауыз ауыртып, әуре болмай-ақ, көпшен бірдей көрер деп қойар едік. Қазақ айрықша сөз болатын қалі айырықша болғандықтан.

Қазақ мәдениеті қасындағы жұрттардан кем екенін біле тұра, мәдениеті зор халыққа жем екенін біле тұра, қазақты жемтік есебінде жей бер деп қазақ азаматтары тастай ала ма? Оны қазақ азаматтары істей алмайды. Олай болса, бауырмал десін, қазақшыл десін, ұлтшыл десін, оған құлақ ауыртып ауырламасқа керек.

Қазақ қасындағы жұрттардың қатарына жетіп теңелуіне керек ісімізді қолға алып, қанаттамасақ, қазақ күнін қараң қылатын бейбауырмалдық адам арасына жік салады, бауыр керек емес, «жасасын бейбауырмалдық!» деп айқайлағанмен адам баласының арасындағы құр айқаймен жоғалатын көрінбейді. Мәдениет жігін жоғалтпай өз жігін жоғалту оңай жұмыс емес. Бұл айқайдың қолынан келмейтін іс екендігіне көз жетті.

Алдымен бауырмалдық жігін жоғалту керек деп адасқандар адаса берсін, қазақ азаматтары мәдениет жігін жою жолындағы жұмысқа күшін, ісін, сарп ету керек. Басқалармен мәдениеті теңеліп, жарыса, жармаса күнелтуге

қазақ жеткен күні, қазақты қасындағылар қыңсылатуын қойады, қазақ азаматтарының қазақ үшін айырықша қайғыруы, қаны қызуы жоғалады, бауырмалдық өзінен өзі жоғалады.

Мәдениет алға басуы тірнек ісі шеберленуімен, сана-саңылау күшейуімен болады. Тірнек ісінен шыққан шеберлікті өнер дейміз, сана-саңылау күшінен шыққан білімді ғылым дейміз. Бұл екеуі де іштен адаммен бірге туатын нәрсе емес, үйренумен табылатын нәрсе. Үйрену дегеніміз — оқу. Сөйтіп, мәдениет жүзінде халықтың алға басуы, алдағы жұрт пен арттағы жұрт арасындағы мәдениет жігі жоғалуы оқуға келіп тіреледі.

Қазақта оқу ісі қалам қайраткерлеріне қарап тұрғаны, олар не істеуге керектігі өткен нөмірлерде басылған сиезге арналған мәселелерде айтылды. Мұнда айтайын дегеніміз: қалам қайраткерлерінің бас қосып бақыршылығын сөйлесуі. Қалам қайраткерлерінің иіуін сиезіне «топалаң уақытындағы той» емес, топалаң келмеуіне амал қарастырайық деген ой еді.

Сиез иіуінде болмады деп қойыу керек емес, иіуіннен басқа да айлар, күндер көп, әлі де болса бас қосып сөйлесу, қалам қайраткерлерінің ұйымын жасау керек. Жазушылармыз бытыранды болмай, ұйымдасып, бірлесіп іс істесе, бәлкім істері берекелі, өнімді болар. Өзгеріс болғанымен өзгермей тұрған қазақта қалып көп, қашаннан бері, қазақ ішіне сіңіп, орнығып қалған қалыпты өзгерту оңды нәрсе емес. Бас өзгерді, бастық өзгерді, төре өзгерді, басқасы әлі қарап тұр. Қазақ көрген қорлық пен зорлық көбеймесе, кеміген жоқ. Жеуге жеңіл тұрғанды жеу — табиғи іс. Тіске жұмсақ болған соң, қай уақытта да жеуге қазақ жеңіл болып тұратыны мағлұм. Қазақты бұрын жегендер әлі жеп отыр, бұрын зорлық қылғандары әлі де зорлық қылып отыр. Өзгеріс кімге жағымды, кімге жағымсыз болып шыққаны көзі бар адамдар көрерлік, есі бар адамдар білерлік болды. Өзгерістің негізі тартыс, талас болған соң тіршілікке қайым біткен қайраттыларға, күн көруге ептілерге, дүние жыйыуға құмар адамдарға жағымды болғанымен, момындарға, ақ көңіл, анайы, аңқауларға жағымсыз болғаны шексіз.

Ақкөңілділік, анайылық, аңқаулық табиғаттан да болады, тәрбиеден де болады, йағни мәдениет жоғары-төмендігінен де болады. Көбінесе мәдениеті төмен жұрт ақкөңіл, анайы, аңқау келеді. Сондықтан да мәдениет жоғары жұртпен араласқан жерде алдауына, арбауына түсіп жем болады. Қазақ жеріндегі халық көбіне қазақ пен орыс. Қазақ мәдениеті орыстан кем болған соң жем болатыны шексіз. Ол жем болудан мәдениеті жетілгенше құтылмайды. Қазақ жем болудан түбінде декірет қуатымен құтылмайды, мәдениет қуатымен құтылады.



Үкімет тарапынан қазақтың кәзіргі күтетін көмегі — мәдениеті жетілгенше басқалардың зорлығынан қорғау, мәдениеті көтерілуіне қолдан келген жәрдемін аямау. Солай болған соң қазақ үкіметі құр декіретін көбейтумен бола бермей, қазақтың мәдениетін күшейту жағына көз салып, көбірек күшін жұмсау керек.

Мәдениет күшейеді өнер-білім күшімен, өнер-білім күшейеді оқумен. Оқу ісі сабақтас әдебиетпен. Оқу әдебиетті күшейтеді, әдебиет оқуды күшейтеді. Оқу мен әдебиет бірін-бірі қолдап, бірін-бірі көтермелеп, бірін-бірін сүйрейді. Оқусыз әдебиеттің күні жоқ, әдебиетсіз оқудың күні жоқ, қазақта оқу да, әдебиет те жаңа ғана көктеп көзге ілінген күйде тұр. Оның өсіп, үлкейіп, гүлденуі үшін көп іс, көп күш керек. Сол көп істі қолынан келгенше істейтін, сол көп күш шамасынан келгенше сарп ететін қазақ қалам қайраткерлері.

Ол қалам қайраткерлері бұл күнде өз жұмысында емес, өзге жұмыста жүр. Оларды өзге жұмыстан алып, өз жұмысына салу қазақ үкіметінің міндеті: қалам қайраткерлерінің жұмысы — әдебиет, әдебиетсіз оқу қуаттану жоқ, оқусыз мәдениет қуаттану жоқ, мәдениет қуаттанбай қазақ қорлықтан, зорлықтан құтылу жоқ. Орыстан қазақтың көріп отырған отаршылығы, омыраулығы қазақ мәдениеті орыс мәдениетінен төмен болғандықтан. Азаттық асылы мәдениетте, мәдениет күшейуінің тетігі — оқу мен әдебиетте.

Ғылыми түсініктемелер

«Оқу құралы. Усул сотие жолымен тәртіп етілген қазақша әліфба» — алғаш рет 1912 жылы Орынборда жарық көрген оқу құралы. Балалардың сауаттылығын қалыптастыруға арналған алғашқы оқулық. Кітаптың әріп үйретер бірінші бетінің үстіңгі оң жағына Құран сөзі: «Би исми-иллаһи-рахмани-рахим» эпиграф ретінде орналастырылған. Әрі қарай қазақ әріптері төте жазу жолының ретімен, әрбір әріптің тұсына таңбасы және оның атауы беріледі. Автор баланың әр әріпті жетік меңгеруі үшін оған сол әріптен басталатын сөздерден мысал келтірген. Сондай-ақ оқу құралының соңында баланың қабылдауына жеңіл болатын әртүрлі тақырыптарды қамтитын кейбір сөздер мағыналық топтарға бөлініп ұсынылған. «Оқу құралы» негізінен қазіргі орфографиямен терілді. Кей жерлерде оқулықтың сол кездегі жазу нормасы, сақталып, оларға сілтеме берілді.

«Тіл-құрал» — 1914 жылы Орынборда жарық көрген оқулық. Қазақ тілін пән ретінде үйретуге арналған, үш бөлімнен тұрады. «Тіл-құралдың» 1914-15 жылдары фонетика саласына арналған I бөлімі жарық көреді. Оқулық 1925 жылы түзетіліп, қайта басылып шықты. Мұқабасында *«Дыбыс заңы һәм түрлері. I-інші жылдық тіл танытқыш кітап»* деген тақырып арқылы оның қазақ тілінің қай саласына арналғаны жазылған. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесін құрайтын дыбыстарды түгендеп, олардың таңбаларын, дыбыстардың бір-біріне үндесімін, буынның ара-жігін мысалдармен дәлелдеп түсіндірген. Кітаптың *«Сөйлем жүйесі мен түрлері»* деген тарауы синтаксис саласына арналған. Осы тарау 1927 жылы Қызылордада қайта түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен бесінші рет жеке кітап болып басылып шыққан. Ғалымның «Тіл-құрал» оқулығы қазақ тілінің дыбыстық құрамының классификациясынан бастап, сөз таптарын ажыратып, сөз тұлғаларының түрлерін көрсетуде де сөздердің өзгеру (тәуелдену, жіктелу, септелу) тәртібін танытуда да, сөйлем түрлерін ажыратуда да — қазақ тілі фонетикасы мен грамматикасын талдап-танытуда күні бүгінге дейін осы негізде сақталып, беріліп келеді. «Тіл-құралдың» Орынбордан 2024 жылы шыққан нұсқасы қазіргі орфографиямен теріліп, таңдамалыға енгізілді.

«Жазу тәртібі» — «Айқап» журналының 1912 жылғы 4-5- сандарында жарық көрген мақала. Еңбекте араб әліпбиінің қажеттілігін негіздей келе, ондағы әріптердің қазақ сөздеріндегі дыбыстарды таңбалауға жетпейтінін және оларды жеткізуге болатын амалдарды көрсетеді. Автор тіліміздегі

дыбыстардың жүйесін айқындай келе, олардың әрқайсысына арналған өз әріптері болған жағдайда тәртіпті, жүйелі жазу қалыптасатын алға тартады. Соңдай-ақ, жазу тәртібі дұрыс сақталғанда ғана баланың қабылдауына жеңіл оқу құралдарын әзірлеуге болатынын жазады. *Мәтін автордың алты томдық шығармалар жинағының IV томынан алынды.*

«А.Б. Байтұрсынның орфография туралы баяндамасы» — 1926 жылдың 26 ақпан — 6 наурыз аралығында Баку қаласында өткен I Бүкілодақтық Түркітанушылар сиезіндегі баяндамасы. Баяндамада ғалым қазақ орфографиясына қажетті басты принциптерді айқындап, мысалдармен дәлелдеп береді. Мәтін жинаққа 2011 жылы Баку қаласында жарық көрген «Первый Всесоюзный Тюркологический съезд» атты кітаптан алынды. *Мәтінді орыс тілінен қазақ тіліне аударған филология ғылымдарының докторы, профессор Ж.Жақып.*

«А.Б. Байтұрсынның қазақ терминологиясының принциптері туралы баяндамасы» — 1926 жылдың 26 ақпан — 6 наурыз аралығында Баку қаласында өткен I Бүкілодақтық Түркітанушылар сиезіндегі баяндамасы. Баяндамада ғалым қазақ тілінде термин жасаудың тәсілдерін, қағидаттарын негіздейді. Оның жалпы түркі тілдерімен байланыстарына тоқталады. *Мәтін жинаққа 2011 жылы Баку қаласында жарық көрген «Первый Всесоюзный Тюркологический съезд» атты кітаптан алынды.* Мәтінді орыс тілінен қазақ тіліне аударған филология ғылымдарының докторы, профессор Ж.Жақып.

«Байтұрсынұлы Ақыметтің араб әліппесін жақтаған баяндамасы» — Қызылорда қаласында 1927 жылы жарық көрген «Әліппе айтысы» атты жинақта жарияланған баяндама. Мұнда араб және латын әліпбилерінің ерекшеліктері, олардың оқылым мен жазылымдағы қолайлығы сипатталып, қорытындысында араб әліпбиінің артықшылығы дәлелдеген. *Мәтін жинаққа алты томдық шығармалар жинағының IV томынан алынды.*

«Әдебиет танытқыш» — 1926 жылы Қызылорда-Ташкентте жарық көрген. Қазақ әдебиеттану ғылымындағы тұңғыш оқулық. Мұнда көркем сөз өнерінің табиғаты, жанрлары, дәуірлері, жазба әдебиеті және ауыз әдебиетінің ерекшеліктері мысалдар негізінде дәйектелген. Еңбекте автор ұлттық фольклор мен әдебиеттанудың қазіргі қолданыстағы көптеген терминдерін ұсынды. *«Әдебиет танытқыш» автордың алты томдық шығармалар жинағының I томынан алынып, түпнұсқасына сәйкес өңделіп берілді.*

«Қазақтың бас ақыны» — «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 43,44-санда-

рында жарияланған әдеби сын мақала. Мақалада автор Абайды «Қазақтың бас ақыны» деп бағалап, ақын өлеңдері тілінің ерекшелігі, сөз кестесінің шеберлігі, жаңалықтары туралы алғаш рет толымды баға берген. *Мәтін автордың алты томдық шығармалар жинағының I томынан алынды. Қазіргі орфографиямен берілді.*

«Ана тілі әдісі» — «Жаңа мектеп» журналының 1927 жылғы 9-нөмірінде жарық көрген мақаласы. Мақалада автор ана тілін үйрету үшін алдымен әліпбиден бастап оқу қажеттігін ескертеді. Сондай-ақ, ғалым тіл үйретуде қолданылатын әдіс-тәсілдердің көп болғанымен, олардың ішінен тек негізгілерін сұрыптаған. Мақаланың сол кездегі орфография мен стилистикасы сақталған нұсқасы енгізілді.

«Жалпылау әдісі» — 1927 жылы жарық көрген мақала. Мақалада автор бұл әдістің шығу тарихына, оны іс жүзінде қолданған тілші-ғалымдардың тәжірибесіне шолу жасап, танымдық тұрғыдан түсіндірген. *Мәтін 2013 жылғы «XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» атты кітаптан алынды.* Мақала автордың сол кездегі орфография мен стилистикасына сәйкес берілді.

«Жалқылау (айырыңқы) әдіс» — «Жаңа мектеп» журналының 1927 жылғы 11-12 нөмірлерінде жарық көрген мақала. Мұнда неміс және француз ғалымдарының тіл үйретуде жалқылау әдісін қалай пайдаланған, ол әдістің артықшылығы мен кемшілігі қандай деген өзекті мәселелерге кеңінен тоқталған. *Мәтін жинаққа алты томдық шығармалар жинағының III томынан алынды.* Мақала сол кездегі орфографиясы мен стилистикасы сақталған нұсқасында енгізілді.

«Жалқылаулы-жалпылау әдіс» — «Жаңа мектеп» журналының 1928 жылғы 1-нөмірінде жарық көрген мақала. Мақалада автор екі әдіс бірігіп, ортақ бір мәнге ие болғандығына тоқталады. Ғалым бұл әдістің 3 түріне және олардың қолданылу ерекшеліктеріне сыни тұрғыдан баға берген. Мақаланың қорытындысында бір әдіс әртүрлі атауға ие болғанымен, бәрінің беретін негізі бір дегенді дәйектейді. *Мәтін жинаққа алты томдық шығармалар жинағының III томынан алынды.* Мақала сол кездегі орфографиясы мен стилистикасы сақталған нұсқасында енгізілді.

«Қай әдіс жақсы?» — «Жаңа мектеп» журналының 1928 жылғы 4-нөмірінде жарық көрген мақала. Мақалада автор әлем тілдері оның ішінде қытай, ағылшын, француз, италиян, орыс, қазақ тілдерін үйрететін негізгі әдістерді сипаттайды. Сондай-ақ, аталған тілдерде сөздердің жазылуы мен айтылуындағы басты ерекшеліктерді айқындап көрсеткен. *Мәтін*

жинаққа алты томдық шығармалар жинағының III томынан алынды. Мақала сол кездегі жазу ережелері сақталған нұсқада енгізілді.

«Төңкеріс және қазақтар» — Мақала 1919 жылы сол кездегі РСФСР Ұлт істері жөніндегі комиссариятының «Жизнь национальностей» журналында жарияланған. Алғаш рет қазақ тіліне аударылып, ұсынылып отыр. Еңбекте А.Байтұрсынұлының төңкерістер тұсындағы саяси оқиғаларға көзқарастары қамтылған. Бұл мақаланың маңызы — ұлт қайраткерлерінің алмағайып кезеңдегі әрекеттерінің өрістеу эволюциясын көрсете алуында. Түпнұсқада сол кездегі қолданыс бойынша берілген «қырғыз» сөзі «қазақ» сөзіне алмастырылып ұсынылды. Мәтін жинаққа К.Нұрпейісұлының «Алаш ақиқаты» кітабынан алынды. Мәтінді орыс тілінен қазақ тіліне аударған — филология ғылымдарының кандидаты Е.Тілешов.

«Қазақ қалам қайраткерлері жайынан» — «Еңбекші қазақ» газетінің 1922 жылғы 29-санында жарық көрген мақала. Бұл бағдарламалық сипаттағы мақалада қазақ зиялыларының қазақ төңкерісінен кейінгі саясатқа байланысты дағдарысы және олардың ұлттық санада қалуы жөнінде айтылады. Автор қалам қайраткерлерінің төңкеріске дейінгі орныққан пікірі өзгере салмайтынын және оның табиғи екендігін негіздеген. Халықтың басқа халықпен теңесуі үшін ең алдымен мәдениет пен білімінің күшеюі қажеттігін дәйектейді. Мәтін жинаққа алғаш рет Т.Кәкішұлының «Егемен Қазақстан» газетінің 2000 жылғы 5 ақпанда жарияланған санынан алынған.

МАЗМҰНЫ

| | |
|----------------------------------|---|
| Ұлттық руханият реформаторы..... | 3 |
|----------------------------------|---|

ТІЛТАНУ

| | |
|---|-----|
| Оқу құралы. Усул сотие жолымен тәртіп етілген қазақша әліфба..... | 8 |
| Тіл-құрал. Дыбыс заңы һәм түрлері..... | 48 |
| Сөйлем жүйесі мен түрлері..... | 91 |
| Жазу тәртібі..... | 137 |
| А.Б.Байтұрсынның орфография туралы баяндамасы..... | 142 |
| А.Б.Байтұрсынның қазақ терминологиясының принциптері туралы баяндамасы..... | 144 |
| Байтұрсынұлы Ақыметтің араб әліпшесін жақтаған баяндамасы... | 150 |

ӘДЕБИЕТТАНУ

| | |
|-------------------------|-----|
| Әдебиет танытқыш..... | 173 |
| Қазақтың бас ақыны..... | 191 |

ӘДІСТЕМЕ

| | |
|-------------------------------|-----|
| Ана тілінің әдісі..... | 200 |
| Жалқылау (айырыңқы) әдіс..... | 207 |
| Жалқылаулы-жалпылау әдіс..... | 211 |
| Қай әдіс жақсы?..... | 217 |

ПУБЛИЦИСТИКА

| | |
|--|-----|
| Төңкеріс және қазақтар..... | 227 |
| Қазақ қалам қайраткерлері жайынан..... | 230 |
| Ғылыми түсініктемелер..... | 235 |

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

Таңдамалы шығармалары

Техникалық редактор — Ә.Сергібаев
Корректорлар — С.Сапина, Г.Төкенқызы
Компьютерде беттеген — С.Тілеміс
Дизайнер — С.Ақылов

Теруге берілген күні 16.09.2022 ж.
Басуға қол қойылған күні 20.09.2022 ж.

Пішімі 70x100 1/16
Есептік баспа табақ 15,0
Шартты баспа табағы 19,35
Таралымы 1000 дана.
Тапсырыс №

ISBN 978-601-7504-60-1



"Полиграфкомбинат" ЖШС басылды.
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.